

КӘСІПТІК ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК

ӘОК 8. 08

АҚПАРАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ

Абдурахманова Г. А. оқытушы,
Оразамбетова Н.Б. (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Ақпараттылық технология терминін алғаш рет В. М. Глушков енгізді. Ол ақпаратты өңдеу (қайта өңдеу) процесімен байланысты деп анықтаған. Ал ғалымдардың анықтауы бойынша “Ақпараттық технологияны оқыту” түсінігі былайша түсіндіріледі: оқытуда компьютерді және аудиовизуалды құралдарды дидактикалық материалдарды, жаңа педагогикалық нәтижелерге жетуге бағыттау; оқыту мерзімін қысқарту, интенсификациялау және оқу тәрбие процесіндегі дердестік; оқыту-танымдық шығармашылығындағы белсенділік және оқушылардың интеллектуалдық даму қабілеттілігі; сонымен қатар пәнді терең түсіну жетістігі және т. б.”

Біздің зерттеуіміздегі оқушыларды оқытуда ақпараттылық технологияны қолдану үшін, біздің ойымызша, “Ақпараттылық технология” және “Ақпараттылық технологияны оқыту” ұғымын мақсатқа сәйкес орынды қолдануымыз керек.

Ақпараттылық және компьютерлік технологияны оқуда және тәрбиеде адам қабілетінің дамуына оның ақыл-ойының, барлық танымдық үрдістердегі негізгі біртұтас құралы болып табылады. С.И.Архангельский әділ түрде былайша белгілеген: Оқытуда автоматтанған техниканы пайдалану “оқушыларды интеллектуалды еңбектен босату емес, ал бұл еңбекті әлдеқайда жоғарғы сатыдағы шығармашылық қызметте ойлауға, автоматталған техникалық құралдарды пайдалану сапасын күшейтуге қолдану”.

Білімділік технологиялары.

Білімділік қызмет ұйымын жүйелі түрде қамту: жалпы мақсаттық және мазмұндық бағыттағы ұйымдасқан құрылым мен түрін, мемлекеттік бағдарламада пайдалану және білім стандарттарында және біртұтас білім стандартының даму стратегиясын қамтып көрсету, жоспарланған жалпы мақсаттар және олардың нәтижелеріне байланысты, негізгі кезеңдер, білім мен тәрбие процесіндегі тәсілдер мен ұйымдастыру түрлері, жоғарғы квалификациядағы мамандарды даярлау бағытында болады.

Педагогикалық технология білім технологиясын іске асыруда әдістерді қамтып көрсетеді. Оқу тәрбие процесінің жалпы ерекшелігін және өзіне тән заңдылығын іске асыру процесін, өзіне әр түрлі арнайы технологияларды – жаңа ақпараттылық технологияларды, электронды, полиграфиялық және т. б. құрайды.

Оқыту технологиялары.

Оқыту технологиялары таңдалған педагогикалық технологияны және анықталған пәнді, оның тақырыбын, сұрағын нақты ұғымға қарай игеру жолын қамтиды.

Соңғы жылдары жаңа технологияның рөлі өмірде әлемдік қауымдастықта өсті: барлық саладағы адам қызметі оның еңбектегі алып фактор ретінде пайдалану интенсификациясы болып табылады. Материалдық базаның дамуында ғана емес, кәзіргі заманға сай технологиялардың деңгейін интеллектуалды

қоғамда анықтау үшін, оны жаңа біліммен толықтыру, пайдалану, меңгеру үшін аса қажетті.

Бұлардың барлығы еліміздегі білімнің даму деңгейі және білімді ақпараттау мәселерімен тығыз байланысты. Қазақстан ғалымдарының тұжырымдарындағы ақпараттылық технологияларды жеке аспекті ретінде қолдануды қарастырады: компьютерлік технологияларды оқыту жағдайында танымдық қызметінің белсенділігі ретінде ұсынады (Ж.А. Қараев).

Бүгінгі білім беру жүйесіне белгілі бірнеше ақпараттық технология негізіндегі еңбектерді атап көрсетуге болады. Олардың бағыттары мынадай: жоғарғы оқу орынындағы студенттердің оқу бағдарламасындағы дидактикалық материалдарды енгізу және жасау (Г.Д.Ұрыстаева), ақпараттылық мәдени сұрақтарды қалыптастыру (Д.М.Жусупалиева), кәсіби білімде ақпараттылық технологияны пайдалану (В.В.Егоров, Г.С.Шрайманова, С.М.Ударцева, Г.О.Тажигулова), орта кәсіби педагогикалық білім жүйесінде оқушылар әрекетін зерттеу ақпараттылығы (Р.Ч.Бектурганова). Электрондық оқулықтарда дидактикалық жағдайларды туғызу (Г.К.Нургалиев, А.И.Тажигулова), студенттерді оқытудағы дидактикалық ақпараттылық технология негіздері, ақпараттылық технологиялары көркемдік-конструкторлық білімдердің, бейімділік дағдыларын сәндік-қолданбалы өнер бойынша қалыптастыру.

Негізгі педагогикалық мақсаттардағы ақпараттылық технологиялардың ерекшеліктерін құрайтындар: оқушының шығармашылық дамудағы потенциялы, даму қабілеттілігінің қимыл қатынасы, эксперименталды-зерттеу ісіндегі білімділіктерін дамыту. Оқу-тәрбие процесіндегі барлық деңгейдегі сапасын және тиімділігін күшейту: әлеуметтік тапсырыстарды іске асыру, қазіргі қоғамдағы ақпараттылыққа жағдай жасау (ақпарат және есептеу технологиясы мамандарын дайындау саласында, ақпараттылық технологияларын және т.б. пайдалану құралдарын даярлау). Жоғарғы мектептерде жаңа технологияларды жоғарғы мүмкіншілікте пайдалану, тәрбие міндетінің шешілуі. А.К.Мынбаева атап көрсеткендей, шынайы табиғи әлемдегі және адамзат қатынасында өздігінше үздік шыққан әлемдегі, шынайы әлемді үздіксіз көмек берумен қатар байыту.

Үздік әлемдік күш маңызды бола бастайды, қатынастағы өзгеріс солай болғандықтан, өмірлік маңызы мен мақсаттары үздік әлемге айналады.

Үздік шыққан әлем – бұл ойымыз қиялымыз, кітабымыз, кино және т.б. үздік әлем компьютеріне бірігуі, қосылуы “Педагогтардың үздік шыққан әлемді мойындауы, олардың адамның кәсібі үшін” аса ерекше қажеттілікті анықтау.

Күрделі потенциалды білімді меңгеретін интернеттерді ақпараттылық қорды мәдени және білім хабарлары бағытында тарату – бұл электронды кітапхана, анықтауыштар, үздік мұражайлар т.б. Ғалымдардың мәлімдерінше, мәдени, гуманитарлық ой-өрісін кеңейтуді интернетпен біріктіре, ұштастыру әлдеқайда ұмытылыспен өтуде.

Сөзсіз түрде, интернет кең көлемдегі артық хабарларды, қосымша әдебиеттердің сапасын педагогикалық ұтымды қолдануды қамтамасыз етеді.

С.И.Архангельский бекіткендей, оқытудың сенімділігін көтеретін белгілі бір, қолайлы, үйлесімді жағын, артық хабарларға енгізу болып табылады. “Артық (ақпараттық) хабарды, есептерді терең ойлап шығаруға, пәнді кең көлемде білуге және оқытылатын пәнді меңгеруді жылдамдатады”.

Негізгі (басты) технология негізі, педагогикалық және ақпараттылық технологиялар интеграциясында негізі қаланды, автоматты оқыту жүйесі (АОЖ). АОЖ – оқу-әдістемелік, ақпараттылық, математикалық және ЭВМ негізінде техниканы функционалды өзара байланысын жүйелі алуды қамтамасыз ету.

Оқу процессіндегі негізгі және көмекші функция бағытында кең көлемде іске асыру. Оқытудағы бірізділік, өзіндік даму дағдысын қалыптастыру, өздік жұмыстары, өздік зерттеу істері, өзіндік тексеру, өз еңбегінің нәтижелерін қалыптастыру, жауаптылық және жалпы оқыту нәтижесін көтеруге әкеледі.

- автоматты тексеріс негізінде, ерекше мүмкіншілігі жақсы (тиімді) әдістермен білімін бағалау, оқу процесі барысында, өз пікірінше факторларды болғызбау, ақпараттарды (хабарларды) толық қабылдауға мүмкіндік тұғызады.

- Психологиялық өсудің жүктемесі және ақылды жағдай бойынша бірізділеу, мүмкіндігінше, білім қызметінде кез-келген оқыту жүйесі жергілікті учаскесін рефлексті басқаруды өзіндік тексеру мүмкіндігі.

- Электронды қолдауыштың мазмұның өзгерту, маңызды материалдарды шығынсыз және т.б. толықтыру мүмкіндігі.

Жаңа рухани, эстетикалық және тәжірибелік құндылықтардың пайда болуын танымдық эволюция анықтайды. Ақпараттылық әлемді қоғаммен шынайы байланыс сапасын толықтыруды қолдану, потенциалды ұштастыру жүйесін кеңейтеді, тұлға – қоғам жүйесінің дамуын көрсетеді. Бұл жоспарда Ю. А. Левада әлеуметтік ақпаратты көрсету жорығында үлкен құндылық танытқан. Оның анықтауынша, қоғамдағы жеке бастың қабылдау белгілерін 3 түрге бөлуге болады, құрылымдық ақпаратты, іргелілік ақпараты, амалды ақпарат болып бөлінеді.

Құрылымдық ақпарат.

Социализация бастапқы сатыдағы дара (жеке) меңгеруді дәстүрлік қатынас қоғамының көмегімен (отбасындағы жеке-аралық қатынас, шағын топтарда, мектепте) өзіндік ядро құрылымдық жекелігін құрайды; сендіру, орнату, құндылықтан хабары болу, білім ақпаратының қабылданған нақты түрімен байланысы болу, біздің зерттеуімізде институттан тыс қарады.

Отбасындағы тәрбиенің негізгі құралы болып ана тілі саналады. «Ана тілі – дейді К.Д.Ушинский әділ, дәл анықтап - “балаға табиғатты түсіндіреді, оны ешқандай жаратылыс зерттеушісі түсіндіре алмас еді: қоршаған ортадағы адамдардың мінез-құлқын, қоғаммен, ол тұрған ортаны, оның тарихымен және оның талпыныстарын бірде-бір тарихшы, олай таныстырмас еді, халық сенімін халықтық поэзияны бірде-бір эстетик енгізе алмас еді, осындай ойлау ұғымын және пәлсапалық көзқарастарын, бірде-бір философ балаға хабарлап айта алмас еді.” Ж.Ж.Наурызбай дәл белгілеп көрсеткендей, адамдардың негізінен өз халқының мәдениетінен шеттеуі, өз ана тілін білмеуі болып табылады, - деген.

Беріктік (іргелі) ақпарат.

Қоғамда адамды болашақта тұрақтылықты жарыққа шығаратын хабары болуы тиіс, мамандыққа жекелей тарту, ғылымға, өнерге, адамның артықшылығына, арнайы қатынас жолы арқылы және білімді қалыптастыру, жеке тұлғаның мінезіндегі қызығушылығының қаншалықты өзектілігін, ақпараттың осы түрінен қабылданған білім байланысын, біз институттың білімге қатысын қараймыз.

Біздің зерттеуімізде, этнокөркемдік білім, жоғарғы оқу орнының арнайы тәртібінің мазмұнының жаңаруымен іске асады, мысалы: тарих өнері сияқты, сәндік қолданбалы өнер, этнопедагогика, дизайн негізі, сонымен қатар өзі өтетін қалаған пәнін алуға болады. Біздің зерттеуімізде тәртіп сапасы, жартылай таңдау арнайы курсы «Қазақстанның ою өнері жаңа технология әдісімен» және арнайы семинар алынған. Этнокөркемдік білім негізінде студенттердің ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктері жоғары.

Амалды ақпарат.

Амалды ақпарат - әр тұлғаның моральдық этикалық, құқықтық, идеологиялық және бүгінгі қоғамдағы басқа да ережелері: бұндай ақпараттық таратушы ерекше канал болып массалық қатынас жолы саналады.

Берілген ақпарат түрі педагогикада салыстырмалы түрде жаңа пайда болу көзқарасы «медиа білім» деп аталады. "Медиа білім" ұғымының бірнеше түсінігі бар. Атап айтқанда, педагогикаға бағыт, массалық қатынас заңдылығын оқытқаны үшін алға басу" (радио, кино, видео және т. б.).

"Ақпарат құралдарды пайдалану дағдысын меңгеру және СМИ – дің тарихтағы дамуы туралы қажетті білімнің құны және қоғамдағы өмірде оның рөлі", сонымен қатар кәсіби дайындық университеттер мен арнайы колледжде оқыту нәтижесінде оқытылатын мынадай курстарға, компьютерлік білімге, жалпы қатынас саласындағы курстарға, ақпарат мәселесіне арналған.

Қоғамдық пікірді құруда жалпы ақпараттық шешуші рөл атқарады. Солай болғандықтан, олар жалпы аудитория саналады. Мәдениет және қоғамдық келісім министрлігі берген ақпарат бойынша қазақстандықтар күнделікті теледидардан 80,1% хабар алады, периодтық басылымнан оқу арқылы 40,6 % хабар алады. Жалпы ақпаратты құралдардан басқа медиа білім құралының өзекті жүйесі интернет болып табылады. Интернетті бүгінгі күні Республика тұрғынының 2,9 % ғана пайдаланады, ғалымдар интернетті жалпы ақпарат құралы деп қарайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймуханов Б., Караев Ж.А., Тульбасова Б. Дидактические особенности использования информационных технологий обучения. Высшая школа Казахстана, № 6, 2000.

2. Шкутина Л. А. Интеграция педагогических и информационных технологий в профессиональном образовании. Киров: ВГПУ, 2001.

3. Архангельский С. И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе. М, "Высшая школа" 1976.

4. Федотова Л.Н. Массовая информация стратегия производства и тактика потребления. М, МГУ, 1996.

5. Наурызбай Ж. Ж. Этнокультурное образование. Алматы: Ғылым 1997.

6. Солодовиченко Л. Н. Дидактические основы композиционного компьютерно – графического моделирования в подготовке студентов. Караганда, 2001.

7. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. Алматы., 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ақпарат құралдарды пайдалану дағдысын меңгеру және СМИ – дің тарихтағы дамуы туралы қажетті білімнің құны және қоғамдағы өмірде оның рөлі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается компьютерная грамотность как повседневный инструмент информационных знаний.

ӘОК 371. 035.3

ЖАҢАШЫЛ ЖАС ҰРПАҚҚА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ

Ақылбекова Ш.Д., Орымхан Ж., доцент-
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақстан Республикасы өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін, жастарымызға жан - жақты сапалы білім, саналы тәрбие беру керек. Ол үшін біріншіден, бір тұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден ұлттың этнопедагогика мен этнопсихологиялық дәстүрлеріне сүйене отырып, жеткіншектер санасына туған халқының мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай – ақ ұлттық салт – дәстүрді меңгерту, тілі мен әдебиеттің, тарихы мен өнерін қастерлеу тарихи қажеттілік болып отыр.

Ұлттық тәрбие мен өнерінің қалыптастыруымен дамуы сан ғасырлық тарих илегінен өтіп, бүгінгі таңда қоғамымызда өтіп жатқан саяси экономикалық өзгерістерге байланысты, жаңа талаптарға сай оқушыларды қолөнерге, көркем әдебиетке тәрбиелеу, олардың политехникалық ой өрісін жетілдіріп, эстетикалық талғамдарын ұлттық өнерден сусындырып, қалыптастыруға келешектің біздің алдымызға қойып отырған басты міндет. Сондықтан, қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан – ұрпаққа, әкеден – балаға, анадан – қызына сабақтасып, әдет – ғұрпымен, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген – қолөнері.

Қазақ халқының қолөнерінің сала – саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі – ою - өрнек өнері.

Олай болса, айтайық деп отырғанымыз өткен өмірімізбен бірге, өшпей мұра болып, материалдық мүліктерімізбен қатарласып, сабақтасып келе жатқан ою - өрнек өнері туралы болмақ. Қазақ ою -өрнегінің мыңдаған ғасыр тарихы бар басы, біздің жыл санауымыздан бұрынғы 5-3 ғасырлар аралығында Алтай өңірінен Қара теңіз төскейіне дейінгі сайын даланы қоңыстаған түркі халықтарының түп атаулары – байырғы сақ, ғұндар әлем мәдениетінде өнердің өшпес асыл мұраларын, ою -өрнек өнерін қалдырған. Аталмыш өнер кезеңіне академик Әлкей Марғұлан «Аңдабы мәнер» деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған «Алтын адам» киімі осы аңдабы мәнерінде жасалынған өрнек.

Міне, қазақ халқының ою - өрнек өнері осылайша түркі жосығымен, ол жосық ежелгі сақтар өнері, зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады. Біз оюмен ой айтқан елміз дегендей, халқымыз молшылықты дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне теңеді. Әсемдікті аң құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою - өрнекке түсіріп, дамытты. Оның нақты айғағын «Алтын адам» киімдеріндегі, алтын ою - өрнек әшекейлерінен Қарғалы обасынан табылған диодемадан т.б. Қазақстан жерлеріндегі обалардан кездестіруге болады.

Әрине, қазақ халқының ою - өрнек өнері күні бүгінге дейін жан – жақты толығымен зерттеле қойған жоқ. Дегенмен, бұл өнер саласының белгілі бір дәрежеде жүйеленуіне бірқатар ғалымдар мен өнертанушылар, тарихшылар мен этнографтар атсалысқанын да атап өткеніміз орынды болмақ. Яғни Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, М.Мұқанов. Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, т.б.

Ою - өрнек өнерін әлі де ғылыми тұрғыдан терең зерттеу қажет. Өйткені ою - өрнек өнері осы уақытқа дейін белгілі бір жүйеге келтірілген жоқ. Өрнектің семантикасы, даму тарихы, жасалу әдістері, қай ою қандай бұйымға қолданылады, т.б. көптеген сұрақтар өз жауабын күтуде.

Ою - өрнектің өркендеуіне ата – бабаларымыздың сезімдік – талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жердің қасиетті топырағы мен шикізат байлықтары да қатты ықпал етті.

Қазақ халқы ою - өрнек өнерінің ерекшеліктерін балаларына үйретуде ауыз әдебиеті шығармашылығын кеңінен пайдаланды. Мәселен, «Өнердің күші» ертегісінде ақылды қыз Дүрияның ханның баласы Ыдырысқа: «қолынан ешнәрсе келмейді, қолөнерінің бір түрін үйренбесең мен саған күйеуге шықпаймын. Бірде – бір қолөнер, ою - өрнек өнерін үйренбеген адам – ол бақытсыз. Адам қолөнерін меңгергенде ғана асқар шыңға көтеріліп, ағынға қарсы жүзе алады...» - деген екен. Дүрияға үйленгісі келген Ыдырыс бас киім тігу өнерін үйренеді. Кейіннен Дүрия Ыдырысқа бас киімге ою салуды көрсете отырып, әрбір ою белгісі бір әріпті, сөзді білдіретінін түсіндіріп, бұл ою - өрнек өнерінің бір күндерде бәрібір қажет болатынын айтады.

Айтса – айтқандай-ақ, Ыдырыс бірде қарақшылардың қолына түсіп қалып қиналғанда «Мені өлтірмеңдер. Мен сендерге бас киім тігіп беремін. Соны ханшаға апарсандар 2 мың ділдә береді», - деп жалынады. Олар көнгеннен соң Ыдырыс қалпақ тігіп, сол қалпаққа «қарақшыларға тап болып қалғанын» оюмен бейнелеп беріп жібереді. Ою - өрнектен не жағдай болғанын түсінген Дүрия Ыдырысты барып өлімнен құтқарып алады.

Міне бұл ертегі арқылы үлкендер балаларына қолөнерінің адам өміріндегі ролін және әрбір ою - өрнектің сөйлей білетінін, яғни әр өрнекте символдық мән жататын ұғындырмақ болған. Демек ою - өрнек өнері тек әшекелеу ғана емес, белгілі бір ойды жеткізу мақсатында қолданылғанын түсіндірген. Ертегінің ең басты идеясы – ою-өрнек өнерінің адам өмірін сақтап қалуға себепші болғанын, жалпы «өнерлі өлмейді» деген түйінді көрсету.

Сондықтан біз мұндай қазақи ертегілерді теледидар бағдарламаларынан көрсетсек, ою-өрнек өнерінің қаншама тәлім тәрбиелік тұстары байқалып отырады. Жан – жануарлар, аң, құсқа байланысты ұғым–түсініктерді ауыз әдебиеті үлгілерінен естіп, тыңдап, біліп жүрген балалар, сол бейнелерді санасына әбден сіңіріп өседі, яғни олар осы ою өрнектерден эстетикалық әсер алып қана қоймай, бейнеленген ұғымдарға дұрыс көзқарасы қалыптасады.

Сондықтан ою өрнекті жастайынан білуі керек, яғни ол отбасынан басталып, бала бақшада жалғастырылып, мектепте оқытылуы тиіс. Өйткені ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік әр саладан хабары бар, шебер болады.

Қазақ халқы жер, су, өсімдіктерге қатысты да қасиетті ұғымдарды ою-өнек өнерінде бейнелеу арқылы балаларының суды ластамауын, шөпті жұлмауын, талды сындырмауын т.с.с. тәртіптілікті талап еткен. Күнделікті өмірде тұрмыстық заттарға қатысты ою - өрнектер ең мәнді қастерлі ұғымдарды көрсететін заттардың бейнесі. Олай болса, балалар күнделікті өмірде көріп жүрген заттарының бейнесін ата- бабасының қолымен жасалынған бұйымдардан көріп, оның әсемдігіне бір тамсанса оның өзі екінші бір затты сәндеп тұрғанына тағы бір сүйсінеді. Ру, ен таңбаларына қатысты ою-өрнектерді үйрену нәтижесінде балалардың тарихқа деген қызығушылығы артып, ақыл ойы дами түседі, адамгершілігі молаяды. Ою-өрнектерді үйрену балалардың іскерлігі, шеберлігі артады. Өйткені бұйымға оюды түсіруден бұрын қай өрнекті бұйымның қай

жеріне орналастыруды, қай тұста, қай өрнек әдемі көрінетінін алдын ала ойластыруы тиіс. Мұның өзі қаншама білімдарлықты талап етеді.

Яғни, бүгінгі таңда тәрбиенің негізгі мақсаты «Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, еңбекқор, іскер, мәдениетті бойында басқа да қаситтер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» болып табылады.

Қорыта келе, қазақ халқының өткен тұрмыс тіршілігіне көз жүгіртсек, ою - өрнек қалыптаспайтын саланы табу қиын. Ою-өрнек элементтерін біз қазақ халқының үй жиһаздары мен киім кешегіненде, зергерлік бұйымдары мен құрал саймандарынанда, ер тұрман әбезелдері мен қару жарақтарынан да молынан табамыз. Ал бүгінгі таңда тоқтап, қоршаған ортаға көз жүгіртейікші, пәтеріміздің керегелеріне, жатақ орнымызға, тіпті әрі кетпей-ақ еденге төселінетін паластарда қазақ оюларын кездестіреміз бе? Осының бәрінің жоғалуына не себеп болды? Қайтадан қалпына келтіре аламыз ба? Қайтадан қалпына келтіреміз десек, не істеуіміз керек?

Халық аузынан қалған ұшқыр сөз,

Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер?

Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер?

Тілі жоқ, өнері жоқ қазақ қайтіп күн көрер? -

дегендей ою-өрнек тек қана отбасында, балабақшада, мектеп қабырғасында қалып кетпеу үшін, күнделікті тұрмысымызға оралу үшін мынадай ойымызды ортаға салғымыз келеді.

Мемлекеттік деңгейде мәдени мұра бағдарламасы бойынша қамқорлық жасалынып оқушыларға, студент жастарға қол өнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қол өнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық. Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылса, оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді.

Қазіргі өмір талабына сай мектеп оқушыларының формаларына ою салған жөн болар еді деп өзіміздің ойымызды ортаға салып отырмыз. Мысалы, жеңнің ұшына, жағаға т.с.с. қазіргі кеңсе бұйымдарына яғни дәптерлердің беттеріне ою - өрнектерді, қазақтың ұлттық киімдерін көп қолданса, ол Қазақстан Республикамыздың болашақ азаматтарымызды – дәлдікке, есепке, сүйкімділікке, салт-дәстүрге, ақылдылыққа, құштарлыққа, көңіл-күйдің жақсылығына, шабыттыққа, икемділікке баулиды, тәрбиелейді. Балалардың психологиялық процесіне дұрыс ықпал жасайды. Патриоттық сезімді оятады, Отанды сүюге тәрбиелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан халқына жолдауы». Егемен Қазақстан 7 ақпан. бейсенбі 2008ж.
- 2.Х. Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. -Алматы 1987ж.
- 3.Ш. Байділдаұлы. «Қазақтың ою-өрнектері».
- 4.Қ. Әмірғазин. «Қазақ қолөнері». -Алматы 1994ж.
- 5.С. Қасиманов. «Қазақ халқының қолөнері». -Алматы 1994ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ою-өрнек өнерін қазіргі бұйымдарға қолдану арқылы оқушыларды ұлттық тәрбиеге тәрбиелеу мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль эстетического воспитания подрастающего поколения через орнаментальные мотивы казахского декоративного искусства.

ӘОК 391.984

КИІМДІ КӨРКЕМДЕП СӘНДЕУГЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Асқарбекова Ғ.И. оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Студенттердің шеберлігін машықтандыру бірден келмейді, ол жылдар асып, үнемі жүйелі түрде жинақталған тәжіберлік және ізденіс еңбектің нәтижесінде ғана келетін қабілет. Шеберлігін дамыту еңбектің орта белдегі нәтижесі. Студенттер белгілі бір шеберлікке жету үшін, оның шығармашылық қабілетін дамытып, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады, әр іс-әрекетіне көңіл бөледі. Киімді көркемдеп сәндеуге студенттердің шығармашылық қабілетін жетілдіру жолдары қарастырылады. Шығармашылық еңбек бірнеше кезеңдерге бөлінеді:

1. Ұйымдастыру шаралары. Тақырып бекіту, жұмыс орнын белгілеу, т.б.

2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, еңбекті ғылыми негізінде ұйымдастыру.

Зерттеу объектісі: киімді көркемдеп сәндеу туындыларының шығу тарихы мен жасалу технологиясын зерттеу;

Киімді көркемдеп сәндеуге үйретуде студенттің шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде төмендегі міндеттер орындалуы керек:

- көркемдеп сәндеуді тәжирибе жүзінде меңгерту;
- сәндеу әдістерін зерттей отырып, оқу-тәрбие үрдісінде оларды тиімді пайдалану;

- киімді сәндеуді оқытудың әдістемесін құру;
- студенттердің ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ұлттық санасын қалыптастыру;

- ұлттық нақышта сәндеудің тәрбиелік маңыздылығын айқындау;
- қазақ қолөнер түрлерін қолдану арқылы ата мұраны қалыптастыру, мәдени дамуымызға үлес қосу;

- ұлттық өнертануға баулу;
- өз шығармашылық еңбегін жүйелеу мен оны белсенді түрде тұрақты жүргізу;

- жұмыс барысында әдістемелік ғылыми іс-шаралар ұйымдастырып есеп беру;

- шығармашылық еңбекке талдау жасау;
- дайындалған туындыларын көрме арқылы көрсету;
- педагогикалық ізденіспен еңбек ету;

Біз студенттердің талаптарының шыңдай түсуін, шығармашылықтарын көрсете білуіне және оны жетілдіре меңгеруіне бағыт береміз. Ол үшін оқытушылар студенттерге табиғи нышандарының оянуына, оның ақиқатқа

айналуына көмектесуі қажет. Студенттердің шығармашылығын оны шыңдайтын және ойы оқшау азамат етуге ықпалы мол әдістер жүйесі деп таныған жөн. Студенттерді оқыту үрдісінде ғылым мен еңбекті өнермен ұштастырып, олардың ой-өрісін жан-жақты дамыта отырып, тиянақты ғылыми негізінде білім беру.

Студенттерді киімді көркемдеп сәндеуге тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері.

- студенттердің еңбекке қабілеттілігін дамытып жетілдіру;
- еңбекке машықтандыру арқылы іске икемділігін, іскерлік пен шеберлік дағдыларын қалыптастыру;
- еңбекті табысты шығармашылықпен орындауға, ерікті түрде еңбек етуге үйрету, еңбекке қызығуын арттыру;
- өзін-өзі тану қабілетін жетілдіру және оған ықпал жасау;
- ұлттық санасын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу;
- білім мен тәжірибе негізінде еңбекті сапалы, өнімді етіп жасауға және кәсіби еңбек түрі өнертануға баулу;
- еңбегін ынталандыру және насихаттау;
- бақылау жасау.

Шығармашылық еңбектің маңызды мәселелерін шешу мақсатында мына әдістемелерді қолдану:

- оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жүйелеу;
- еңбекті мақсатына жетуге бейімдеу;
- педагогикалық ізденіс;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары және зерттеу жұмыстарының ұстанымдары;
- зертханалық әдістер, зертхана жұмыстары,
- диагностика,
- талдау.

Студенттерді еңбекке оқытудың негізгі идеясы-теориясы мен тәжірибенің байланысы және ғылыми тұжырым.

Студенттерді еңбекке тәрбиелеу және оқытудағы ең негізгісі - толық білім алуына ықпал жасау. Студенттерді еңбекке оқыту үрдісінде ғылым мен еңбекті өнермен ұштастырып, баланың ой-өрісін жан-жақты дамыта отырып, тиянақты ғылыми негізінде білім беру.

Студенттерді еңбекке оқыту үрдісінде қол еңбекке баулумен ғана шектелмей, қол еңбектің нәтижесінде шыққан қолөнер туындысына ғылыми талдау жасау:

- заттың жасалу технологиясы;
- технологиялық карта;
- шикізат материалдары, техникалық, физико-биологиялық қасиеттерін тану;
- құрал-жабдықтар, станоктар, олармен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері,
- теория негізінде алған білімдерін іс-жүзінде тәжірибеге еңгізу;
- шеберлік дағдыны қалыптастыру;
- заттың құндылығы мен маңыздылығы;
- халықтың тұрмыстық қажеттілігінде атқаратын қызметі және ролі;
- экономика және бизнес, кәсіби еңбек.

Бұл үш әдіс: теория, тәжірибе және ғылыми тұжырым оқытудың белсенділігін арттырады және студенттердің толық білім алуына септігін тигізеді.

Студенттердің бойындағы дарындылық қасиеттің даму үрдістері:

- қолөнерге қызығуы пайда болады;
- іске машықтану арқылы икем мен бейімділігі қалыптасады;

- даму үрдесінде шығармашылық қабілеті артады;
- өз қиялы идеясы қалыптасады;
- шығармашылық ізденесі жетіледі;
- өзіндік еңбек ету қабілеті ашылады;
- шеберлік, іскерлік дағдысы қалыптасады;
- кәсібі шеберлік өседі.

Студенттер өздеріне үлкен рухани азық алып, шыңдалып, одан әрі дамытуға күш-қуат алады. Туындысын дүниеге әкелген соң, оның екінші қабілеті өзінен-өзі ашылады. Ол қабілет — шабыт. Көптеген өнер туындылары осы шабыт үстінде дүниеге келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өстеміров.К.Ө. Кәсіптік оқыту әдістемесі. А. 2006.
2. Технология журналы. № 3. 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттерді еңбекке баули отырып, шығармашылық қабілетін дамыту қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы раскрытия творческих способностей студентов.

ЭОК 687.16

САПАЛЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Бакирова Л.Ш. оқытушы, Джумабаева М.А. оқытушы-
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақстан Республикасының білім жүйесін дамыту тұжырымдамасында «Білім беру жүйесінің мақсаты - қоғамның жоғарғы білікті мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыра аларлықтай білім берудің тиімді ұлттық моделін жасау» деп көрсетілген.

Ал бастауыш және орта кәсіптік білім беруге қатысты мемлекет саясатының негізгі бағыты - нарықтық экономиканың даму қарқынына сәйкес жаңа технология талаптары деңгейіндегі еңбек резервін дайындауда қамтамасыз етуге қажетті жағдайларды туғызу.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі бірінші кезең ретінде кәсіпке дейінгі даярлық іске асырылар, келесі кезеңде кәсіптік орта білім кадрларын даярлау жолға қойылады.

Орта кәсіптік білім беру мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінде білім берудің мазмұнын сапалық тұрғыдан жаңарту негізінде педагогикалық іс-әрекеттің мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Яғни, кәсіптік білім беретін барлық орта оқу орындары сияқты педагогикалық колледждер де нарық және бәсекелестік жағдайында білім беру

қызметін жүзеге асыратын, нарықтық экономика кезеңінің талаптары мен заңдылықтарына сай мамандар даярлайтын білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы болып табылады.

Кәсіптік білім - белгілі бір мамандықты нақты білу. Кәсіптік даярлық дегеніміз – кадрларды кәсіптік даярлау – ол білім беру жүйесінің негізгі саласы. Мамандар мен жұмысшыларға кәсіптік білім беру, оларды мамандыққа даярлау, қайта оқыту, біліктілігін көтеру /2/. Қазіргі заманғы өндіріс салалары, қоғамның рухани өмірі әрбір азаматтан жалпы, политехникалық, компьютерлік білімді ғана талап етіп қоймайды. Сонымен қатар арнаулы кәсіби мамандықты, икемділікті қажет етеді. Кәсіптік білім жеке тұлғаның, яғни әрбір адамның жан-жақты дамуының қажеттілігі болып саналады. Кәсіби бағдарлама көптеген салаларда қолданылады. Ол педагогика, психология, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану т.с.с. салалармен тығыз байланысты.

“Атап айтар болсақ, кәсіптік-техникалық мамандықтарға, мектептерге аса назар аударылып, Білім мен Ғылым министрлігіне 3 жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасау, оған қоса кәсіптік-техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, тиісті білім жүктелген” /3/. Яғни елбасымыздың өзі кәсіптік білім мен даярлыққа назар аударуда және оны ары қарай дамытуға өз үлесін қосуда.

Кәсіби білім алудың өткен тарихына көз жіберсек, мұндай идеялар Шығыста туындаған екен. Орта ғасырлық Шығыстың атақты ойшылдары Ибн Сина, Әл Бируни, Ибн Хальдун және басқалардың оқу орындарының оқу тәрбие жұмысының ең құрамды бөлімінің бірі /3/.

Кәсіби білімге бағыттаудың түрлері мен тәсілдері сан алуан. Кәсіптің жаманы жоқ, мәселе әрбір оқушының сол кәсіп өз қабілетіне сай келсе, маңызды екенін ұғынуында. Кәсіпті жан-жақты игеруі оның қыры мен сырын білуден адамның болашағы анықталды. Бұл жұмыспен төменнен жоғарыға дейін, яғни мектептен бастап, қала мен облыс әкімшіліктері айналысуда.

Кәсіптік білім беру – бұл әртүрлі мамандықтар және сол мамандықтардың адамға қоятын талаптары жөнінде оқушыларды біліммен қаруландыру. Кәсіптік білім берудің негізгі принципі оны өмірмен байланыстыру, басқаша айтқанда, халық шаруашылығы, оның салалары, мамандықтар туралы оқушылардың түсінігін еңбек тәрбиесі, политехникалық білім беру негізінде қалыптастыру. Кәсіптік білім беру барысында жастардың қызығушылығын, бейімділігін, қабілетін, психофизиологиялық қасиеттерін еске алу қажет.

Кәсіптік техникалық білім - халық шаруашылығын барлық салалары үшін қажетті маман жұмысшы кадрларды дайындай мәселесі кәсіптік-техникалық училищелерде жүзеге асырылады. Бұлар кәсіптік және жалпы орта білім беретін оқу мекемелері.

Білікті жұмысшылар дайындау жоғары кәсіптік-техникалық лицейлер мен техникалық гимназияларда іске асады. Бұл оқу мекемелерінде өз мамандығын шеберлікпен меңгере алатын, қазіргі заманғы өндірістің, ғылым мен техниканың талаптарына сай келетін жас мамандар даярланады.

Білім беру барысында жеке адамның таным іс- әрекеттері дамиды, ой- өрісі кеңіп, еңбекке дұрыс көз қарасы және мәдени деңгейі артады. Білім беру адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін ұрпақ тәрбиелеу және оны оқыту үрдісі болып табылады. Ол білім беру ісін жетілдіруге, сақтауға және оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету мақсатында мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеп,

жеке тұлға мен бүкіл қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық және физикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Оқушылардың білім деңгейі мен кәсіптік деңгейін ұдайы арттырып отыруды қажет ететін факторларға: ғылымның, техниканың, практиканың дамуы нәтижесінде ғылыми ақпарат көлемінің шұғыл өсуі, жаңа білім салаларының дамуы, жаңа мамандықтар мен мамандандыру түрлерін енгізу және басқаруды ғылыми негізде жетілдірудің қажеттілігі жатады.

Елімізде кәсіптік білім берудің екі сатысы бар: олардың біріншісіне, орта мамандар даярлайтын арнайы оқу орындарын, ал екіншісі жоғарғы білімді мамандар даярлайтын оқу орындарын жатқызуға болады.

Арнайы орта және жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру мазмұны бір-бірімен өзара байланысты үш бағытта құрастырылады.

1. Жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық ғылымдардың негіздерін меңгеру.

2. Мамандыққа байланысты теориялық білім беретін арнайы пәндер.

3. Тәжербиелік білім – кәсіптік шеберлікті меңгеру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарыдың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген.

Олай болса, жалпы білім берумен қатар кәсіптік білім беру саласының алдында тұрған міндеттердің де аса ауқымды, сан - саласы, өте маңызды екені баршаға мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2. “Технология” журналы
3. “Қазақстан мектебі” журналы.
4. Қазақ Совет энциклопедиясы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта кәсіптік білім беру және жалпы білім беру мекемелерінде білім берудің мазмұнын сапалық тұрғыдан жаңарту негізінде педагогикалық іс-әрекеттің мүмкіндігін қамтамсыз ету жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы качественного изменения содержания образования в средних профессиональных и общеобразовательных учреждениях.

ӘОК 371.012

ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Дарменова Р.А. п.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қарқынды дамып келе жатқан егеменді Қазақстанның және қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік өркениетте өзіндік орын алуы оқу-тәрбие процесінің, жалпы білім саласының жетістік деңгейіне тікелей тәуелді қалыптасады.

Ұлттық тәрбиенің түп қазығы мектепте екені белгілі. Ал эстетикалық талғамды дамытуды, ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыру керек.

Себебі шығармашылық еңбек, әсем өнер арқылы эстетикалық талғамын дамытудағы білім, іскерлік, ептілік, шеберлік дағдыларының жиынтығын жан-жақты қалыптастыруға көңіл бөлінген жағдайда ғана студенттің кәсіби шеберлігі, рухани-эстетикалық талғамы білім саласының әлемдік кеңістікке еніп отырған арнайы стандартына сай қалыптасады.

Саналы еңбекке негізделген мәдениет пен өнердің бірізділігі мен маңыздылығы Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заң жобасының бірінші тарауының 4-бабында «Азаматтарға эстетикалық тәрбие беру мәдениет саласындағы негізгі міндет болып табылады, себебі мәдениет пен өнер егіз, қолөнер – мол өнер» делінсе, бесінші тараудың 28-бабында «Өнер дәстүрлерін игеру және оны сабақтастықпен дамыту негізінде жүзеге асырылатын, әсемдік мақсатындағы шығармашылық еңбек негізінде жасалатын көркемдік бұйымдардың қолдану қажеттілігі» көрсетіліп, еселі еңбекке негізделген ұлттық өнердің тәрбиелік мәнін айқындады.

Сондықтан А.Байтұрсыновтың «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» және «білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деген ойы түсінікті. Сондай-ақ ұстаздарға арнаған сөзінде ұлы бабамыз Әбу Нәсір әл-Фараби «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсініп, көзімен көріп, құлағымен естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын ешнәрсені ұмытпайтын жандар. Ұстаз – алғыр, аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек». Бұдан ғұламалардың бірауыздан ұстаз жұмысын жоғары бағалағаны көрініп тұр.

Ұстаздың тынымсыз еңбекқор, психолог, ізденімпаз ғалым, терең қазыналы білімпаз, жан-жақты шебер, жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шыққан тәлімгер деп дәріптелуі нарықтық қатынасқа көшіп, білім саласын дамытуда әлемдік кеңістікке енген Қазақстан жағдайында әбден орынды. Олай болса жоғарғы оқу орнындағы ұстаздардың өздері заман талабына сай жаңа педагогикаға негізделген теориялық қағидалардың әдістемелік жолдарын, практикалық іс-шараларын стандартқа сәйкес жаңа педагогикалық технология талаптарының инновациялық тәсілдерін жетік меңгеруі қажет.

Педагогикалық үрдісті басқаруда инновациялық көзқарас тұрғысынан жас ұрпақты тәрбиелеу, оқыту мәселесі сөз болғанда оны тек біліммен қаруландыру ғана емес, сан мен сапа бірлігін теңестіру, яғни білім құрылымын жетілдіру қажеттігі туындайды. Міне, осындай кешенді түрде қолданылған әдіс-тәсілдер

технология сабақтарының практикалық сапасын, тәрбиелік мәнін, қажеттілік деңгейін биікке көтереді.

Қазақстан Республикасының Білім заңында ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жас тұлғаны еңбекке баулып, оның кәсіби шеберлігін шыңдауға, оның білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және де басқа жан-жақты өзіндік мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектті байыту, азаматтық пен ұлтжандылыққа, өз Отанына сүйіспеншілікпен қарап, мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, халық дәстүрлерін қастерлеу жүктелген.

Бұл жүктелген мәселенің нәтижелі болуы студенттердің болашақ мұғалімдердің білім саласындағы іскерлік қабілетін, ептілігін және жоғары оқу орнында жадына түйген білімдерін саналы түрде саралап, мектеп қабырғасында технология пәндерін оқытудың инновациялық жолдарын оңды пайдалана білуіне және әдістемелік іскерлігі мен жаңа педагогикалық технологияны жете меңгеруіне тікелей байланысты. Қай халықтың болса да оның рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні де мәлім. «Тек өнер ғана ұлтқа тән ерекшелікті жан-жақты айқындап көрсете алады».

Технология сабағының басты міндеті жеке тұлғаның бойында эстетикалық талғамды дамыту. Ал, талғамның өзі «жеке тұлғаның ойлау қабілетін технологиялық процестерді логикалық жүйеде қарастыру мүмкіндігін адам баласы жасаған материалды құндылықтарды арттырып, көркем дүниелердің қажеттігін пайымдап, одан асқақтық ләззат алып сұлулықты сезініп бағалай білу қабілетін анықтайтын психологиялық категория» болып табылады.

Осы эстетикалық талғамды дамытудың педагогикалық шарттары: оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы теориялық қағидаға, практикалық нәтижеге негізделген әдіс-тәсілдердің логикалық жүйелігі деп білеміз.

Басқа сабақтарға қарағанда технология сабақтарының өзіндік ерекшеліктері оқу әдістемелік тәсілдерінің бар екені белгілі. Дәстүрлі оқыту технологиясымен салыстырғанда әдіснамалық оқыту технологиясы қазіргі заманда нарықтық көзқарасты дамытуға, мәдени қарым-қатынас пен сыни ойлауды қалыптастыруға, жағдайды дерексіздіктен нақтылыққа шығаруға, түсініктерді схемалық бейнелеу түрінде көрсетуге, шындық пен ақиқатты толық дәлелдеуге бағытталған. Мысалы, жаңа материалды түсіндіріп, оның теориялық қағидасын ғылыми тұрғыдан толық дәлелдегеннен соң осы деректі фактілермен түсіндірілген материал нақты тәжірибемен дәлелденуі қажет, яғни, алынған білім негізінде оқушылардың жадында логикалық ой, сарамандық шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру ісі ескерілуі тиіс. Осылай мектеп қабырғасында өткізілетін технология сабақтарының теориялық идеяларын практикалық іс-тәжірибеге ұластыру мақсат етіліп қойылуы қажет. Себебі, стандарт және бағыт-бағдар бойынша теориялық материалдардың міндетті түрде практикалық іс-шаралармен байланысы негізінде пайдалы еңбекпен ұштасуы көзделген. Сондықтан да технология сабақтарының сабақтастығы негізінде әрбір элементтің дидактикалық мәні мен технологиялық бірізділігінің инновациялық жолдарын жан-жақты қарастырып, кеңінен пайдалануы қажет.

Халық қолөнері ежелгі дәуірден ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, дамып келе жатқан рухани және материалдық мұралардың бірі болып табылады. Халық қолөнерінің ең бір үлкен арнасы- сәндік-қолданбалы өнер.

Қолданбалы қолөнер пәнін оқытудағы мұғалімнің негізгі мақсаты – қолөнердің шығу, даму тарихын, халық шеберлерінің өмірін, олардың бұйым

жасаудағы құпиясын оқушыларға жеткізу, бұйымды жасап шығарудың технологиялық тәсілдерін үйрету, тақырып таңдай білуге жетелеу олардың эстетикалық талғамын дамыту, сондай-ақ шығармашылық шабыттарын өсіріп, еңбек ету қызығушылығын арттыру. Еңбек процесінде берілетін осындай сабақтар балаларға шығармашылық бағыт береді, яғни мектеп бітірушілердің, жеке тұлға ретінде қалыптасуына жан-жақты әсер етеді.

Қолданбалы қолөнер негіздерін үйрету барысында келесі принциптерді басшылыққа алған жөн:

- іскерлік пен дағдыны дамыту;
- кеңістікті адамның белгілі бір іс-әрекетіне арналған орта деп қабылдау;
- әр түрлі техникалық әдіс-тәсілдерді, практикалық іс-әрекеттің түрлерін (жазықтықта, көлемде, кеңістікте) пайдалану.

Қолданбалы өнер – халықтың сәндік, әшекейлік, көркемдік, қажеттік өнер туындылары. Қолданбалы өнер пәні – оқушылардың халық шеберлерінің рухани байлығы туралы білімдерін жетілдіріп, көркемдік эстетикалық талғамының дамуына әсер ететін, еңбекке деген ынтасын қалыптастыратын, оларды техникалық біліммен қаруландыратын шығармашылық оқу түрі.

Қолданбалы қолөнердің әр түрімен айналысу- еңбекке деген қызығушылығын арттырып, бастаған ісін аяғына дейін бітіруге бейімдейді.

Қолданбалы қолөнер бұйымдарының ерекшелігі – оларды тек әдемілік ретінде ғана емес, тіршіліктегі қажетті материалдар есебінде де қолданады.

Мұндай туындылардың өн бойында өндірістік технология мен қолжұмыстары эстетикасының үндестік табуы – еңбек пен эстетиканың бірізділігінің көрінісі. Шығармашылық қол жұмыстарының негізі – халықтың көркем сурет саласы. Бұл біздің бүгінгі күнімізге жеткен еңбек формасы.

Декоративтік тұлғамен жұмыс істеу оқушылардан бақылауды, логикалық ойлауды, тұжырым жасауды, көркем шеберлікті игеруді талап етеді. Олардың декоративтік суреттерді бейнелеуде қиялдау фантазиясы өседі, қолдарының бұлшық еттері, күшейіп, ритмикалық қымылы жеделдейді, көз қырағылығы артып техникалық білімі тереңдейді.

Қолданбалы қолөнер бұйымдарын шығару процестерінің құндылығы, ерекшелігі сонда, ол оқушылардың соңғы нәтижесін көруге ынтықтырып, дайын бұйымды көз алдына елестетіп бітіруін асықтырады.

Оқушы бұйымды жасау үшін өз ісін жоспарлайды, себебі бір операцияны бітпей жатып, екіншісіне өту мүмкін емес. Міне, осылар оқушыларды мәдениеттілікке, жинақтылыққа үйретеді және кез келген жұмысқа кіріспес бұрын жоспарлап соңғы нәтижені болжау қажеттігін ұғындырады.

Сәндік бұйымдардың сапасын бақылау – екі жақты процесс. Бір тараптан мұғалім оқушының жеке жұмыс жасау процесін тексереді, ал екінші тараптан оқушы оқушының жұмысын тексереді. Ол басқалардың жұмысына өз ойын айта алады. Оқушылар өзін-өзі бақылауы да мүмкін. Мұндай жағдайда, олар үлгі бойынша жұмыс істей отырып, салыстыру және талдау арқылы бұйымның сапасын анықтау жұмыстарын жүргізеді. Мұның өзі оқушыларды дәлдікке, жинақтылыққа, тәртіптілікке үйретеді және шығармашылық қиялының ұшқырлана түсуіне әсер етеді.

Қолданбалы қолөнермен айналысу оқушыларды жалықтырмайды, өйткені белгілі бір еңбек әрекеттерін жүзеге асыру кезеңдері өзгеріп отырады. Сондықтан да бұлшық еттердің бір ғана жағдайда тұрақты жұмыс істеуі ұзаққа созылмайды. Мұғалімнің бұл кезде берілген тапсырмаларының күрделілігі қандай дәрежеде және қаншалықты оңай және қиын екендігін байқауына мүмкіндік туады.

Қолданбалы қолөнер бұйымдарымен жұмыс істеу оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады.

Олай дейтініміз еңбек ету, соның ішінде матаны көркемдік өңдеу барысында оқушылардың қабілеттерінің жан-жақты ашылуына мүмкіндік туады.

Олар өз бетімен еңбек етуге және әдемі және әсем көз тартарлық бұйым шығаруға талпынады. Нәтижесінде оқушылар шығармашылық тұрғыдан шабыттанып, эмоциялық әсер алады.

Оқушылардың эстетикалық, еңбек және политехникалық білімдері тереңдейді, олардың еңбек мәдениеті жөніндегі арнайы ұғымдары қалыптасады, мамандықтарға деген қызығушылығы пайда болады.

Оқушылар қолданбалы қолөнер пәнін оқу негізінде техникалық әдіс-тәсілдерді меңгереді, алған білімдерін өздерінің бала қиялдарымен ұштастырып, пайдалы және сәнді де, әдемі бұйымдар жасап шығаруға талпынады.

Оқушылардың қолданбалы қолөнер бұйымдарын шығару кезеңіндегі іс-әрекеттерінің жиынтығын (шығармашыл) творчестволық жұмыс деп атаймыз. Өйткені онда тақырып таңдаудан бастап орындау, әшекейлеу әдіс-тәсілдеріне дейін сұрыпталынып, ойдан өткізіледі.

Оқушыларды еңбек операцияларына алдын-ала өлшеу немесе есептеулер жүргізгеннен соң ғана бұйымды дайындауға жоспар құрады.

Жұмыстың жоспарын мынадай бірізділікпен құрған жөн:

- бөліктердің барлық түрлерін дайындау (негізгі, бекіту және пішу, кесіп алу, таңдап алу және рет-ретімен қою);

- дайын болған бөліктерді өңдеуге және жинауға даярлау (бүгілу сызықтарын белгілеу, бөліктердің бір-біріне дәл келуін тексеру, керекті тесіктер, қиықтар, саңылаулар жасау, бөліктерді өңдеу);

- дайындықтың барлық кезеңінен өткеннен соң бұйымның бар бөліктерін жинау;

- бөліктердің соңғы рет өңделуі, бұйым сапасын тексеру, (егер бар болса) кемшіліктерін жою.

Технология сабақтарына қойылатын талап деңгейі өте жоғары. Өйткені, технология сабақтары нақты материалмен, бұйыммен, оқу құралдары-станок жабдықпен қауіпсіздік жағдайды қатаң сақтай отырып, теория мен практиканың қатар жүруімен және көптеген логикалық операциялар жүйесімен ерекшеленеді. Осындай күрделі талапты мұғалім сабақ үстінде орындап үлгеруі керек. Технология сабақтарында «дидактиканың алтын заңы – көрнекілік» қағидасы толығымен сақталады. Өйткені, еңбек сабағын көрнекіліксіз өткізу сабақтың мақсатына толық жеткізбейді. Мұғалімнің өзіндік білімі, сөйлеу мәдениеті, әдептілік деңгейі М.Жұмабаев көрсеткендей, өз дәрежесінде болуы қажет.

Сонымен мектеп қабырғасында технология сабақтарын өз дәрежесінде атқару болашақ мұғалімдердің кәсіби деңгейіне, олардың педагогикалық қызметке деген компоненттік дайындығына тікелей байланысты екендігіне көз жеткіздік. Сондықтан ұстаздық қызметтің қызықты, тартымды жақтарымен қатар оларға қызмет барысында мектеп қабырғасында кездесетін қиындықтардан, кез-келген күтпеген ыңғайсыз жағдайлардан да ұтымды түрде шығу жолдары түсіндірілуі қажет. Оқу-тәрбие процесіне деген болашақ мұғалімнің теориялық, практикалық даярлығы ұстаздық қызметті атқаруға бағытталған ынта-ықыласы, құштарлық әрекеті, педагогикалық, психологиялық мүмкіндігі мен ерекшелігі институт қабырғасында белгіленіп анықталады және олардың дидактикалық әдіс-тәсілдері ғылыми тұрғыдан педагогикалық талапқа сай сараланады. Сонда ғана студенттердің барлығы институт бітіргеннен соң мамандық бойынша бір кісідей

пайдалы қызмет атқарады. Себебі, институтты бітірген студенттердің 3 пайыздан астамы басқа мамандыққа әлі де болса ауысып кетуде деген қауесеттің де жаны бар. Институт қабырғасында жас маманды педагогикалық жұмысқа дайындау, бұл мамандықтың ұтымды жақтарын түсіндіріп, олардың қызығушылық қабілетін арттырып, оқытудың дидактикалық әдіс-тәсілдерін түсіндіру, сөйтіп өз дәрежесінде кәсіби шеберлікке баулу – кезек күттірмейтін проблема. Оқыту процесі екі жақты процесс бола тұра, оқушы мен болашақ мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі процесс. Оқыту – мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу — баланың өзінің танымдық, әрекеті. Сондықтан ең алдымен болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын арттыру үшін оларды оқыту процесінің заңдылықтары туралы психологиялық тұжырымдармен, белгілі теориялармен қаруландыру қажет. “Педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынадай дидактикалық қабілеттер болуы шарт” - деп көрсетті педагогика ғылымдарының докторы, профессор, белгілі дидактик Т.Сабыров өзінің «Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру» атты кітабында: “Оқыту процесін жоспарлай білу, оны мақсатты түрде ұйымдастыра білу, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындай білу қажеттігін көрсетеді”

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Х. Арғынбаев «Қазақ халқының қолөнері» - Алматы, «Өнер» 1987 ж.
2. М.С. Муканов Казахские домашние художественные ремесло Издательство «Казахстан» Алма-Ата 1979 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Технология» пәнін оқытуда жастарды ұлттық тәрбиеге тәрбиелеу мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается национальное воспитание молодежи при изучении предмета «Технология».

ӘОК 371.035.3

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Иманқұлова Л.Б. магистрант, Асқарова Ж.А. п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында жас ұрпақтың өмірге дайындығы бүгінгі мұғалімнің кәсіби білімінің мазмұнына байланысты екендігін айтып кеткен /1/. Міне, осы жас кезеңіндегі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде терең білімді, балаларға деген жүрек сезімі мол, өз ісіне берілген педагог маманын дайындауға талаптар қойылуда. Педагогикалық үрдісте орын алып отырған өзекті мәселелерді тиімді жолмен шеше алатын, кәсіби білімі қалыптасқан кадр дайындау жоғары оқу орындарының міндеті.

Жоғары оқу орнының түлегі мектептегі қазіргі инновациялық өзгерістерге бейім, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдерін ізденуге бағдарланған және оқушылармен шығармашылықпен ізденіс жұмыстарын жүргізе алатын болуы керек.

Жоғары оқу орнының алдында тұрған ең басты міндет - болашақ мамандарды кәсіби тұрғыдан кәсіби білімін қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі таңда, жоғары оқу орнын бітіруші түлектер дербес еңбек жолында бірқатар қиындықтарға жолығатындары тәжірибеде анықталып отырғандықтан, кәсіби білімін қалыптастыруда оқытудың жаңа жолдарын, түрлерін барынша жаңа мазмұнды, жүйелі жүргізу міндеті қойылып отыр.

Кәсіби білім – бұл кәсіби іс-әрекеттегі субъектінің үнемі өсу үстінде болатын өзін-өзі дамыту үрдісі. Осыдан келіп, кәсіби біліктілікті іс-әрекеттегі субъектінің жеке интегративтік қасиеттердің мінездемесі ретінде қарастырудың өзектілігі туындайды.

Қазіргі білім беру саласында жүріп жатқан ізгілендіру бетбұрыстардың барлығы еліміздің егемендік алуына байланысты болып отыр. Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамның алға апаратын күш тек білімде ғана.

Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым – қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда:

- білім мазмұны жаңа үрдістік бірлестіктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен баии түсуде;

- ақпараттың түрлі әдістері ауызша және жазбаша, қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

- педагогикалық технологияның кеңінен қолдануына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беру Концепциясындағы білім берудің негізгі мақсаты білім, білік және дағдылардың жай ғана үйлесімділігі ғана емес, сондай – ақ оларға негізділген жеке, әлеуметтік және кәсіби жетік білім - өз бетінше ақпаратты таба білу, талдау және тиімді пайдалану, өзгеріп тұратын әлемде өмір сүру және еңбек ете білу дағдылармен анықталады /2/. Білім беру үрдісі, үздіксіз білім беру саясаты бүгінгі студент, ертеңгі маманның жоғары оқу орны қабырғасында өз бетімен білім алуға даярлығымен талабын қажет етіп отыр.

Мамандар мен жоғары оқу орнын бітірген жастардың алған білімдері ХХІ ғасырда жұмыс істеуге жеткіліксіз екендігі белгілі болып отыр. Мұның өзі барлық саладағы мамандардың өздігінен білім алуының, өз бетінше білім алу біліктері мен дағдыларын үнемі арттырып отырудың қажет екендігін аңғартады.

Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” Заңында жаңа ақпарат хабарларды жастар өздігінен дұрыс қабылдау және бағалай білуді, кез – келген теориялық және нақты жағдайды өз бетінше талдай білуді, нарықтық қатынастар жайындағы өмірдің түрлі салаларында өз бетімен еңбек етуге даярлықты іске асыруды алған міндет етіп қойған /1/.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздігінен білім алу мәселесін С.Архангельский, И.Лернер, В.Беспалько, т.б. қарастырды. Ғалымдардың зерттеулерінше студенттердің өзіндік жұмысы келешек маманның шығармашылық ойлауын, ғылымға қызығуын, кәсіби қарым – қатынас қажеттілігін туғызатын оқыту әдісі, таным үрдісі, студенттің өз бетімен жасайтын іс-әрекеті, студентті өз бетімен білім алуға дайындаудың жолы ретінде сипатталады.

Жастардың өз бетінше оқып, білім алуы мен дүние тануын жетілдірудің әдіснамалық негіздері М.А.Данилов, Ю.К.Бабанский, Л.Я.Зорина, М.Н.Скаткин, А.В.Усова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалпы педагогикалық аспектіде қарастырылған.

Онда өздігінен білім алудың мәніне, рөліне, құрылымына талдау жасалып, оған қызықтыру жолдарын іздестіру, жетілдіру, шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру қарастырылған.

Демек, дидакт – зерттеушілер де, педагог – практиктерде студенттердің өздігінен білім алуы өте маңызды процесс екенін анықтауға, оны зерттеп, өзіндік мәнін ашуға, өздігінен білім алуды айқындауға өз үлестерін қосты.

П.И.Пидкасистыйдың айқындауынша: “өздігінен білім алу – студенттің өз бетінше жасайтын іс-әрекеті”. Ал В.П.Беспалько: “өздігінен жұмыс” ұғымын адамның өз бетімен, ешкімнің көмегінсіз орындауын айтады.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстары теориялық тұрғыда жан – жақты қарастырылып, зерттелгенімен практикада тек үстіртін қолданылып жүр. Білім беруде студенттерге өз бетінше оқып білім алуы, оларға өзіндік жұмыстарды орындаудың әдіс-тәсілдері үйретілмей келеді. Бұл қиындықтар оқыту процесінде студенттердің өздігінен оқу ісін ұйымдастырудың теориялық негізделуінің жеткіліксіздігімен бүгінгі маманға қойылатын талаптардың арасындағы қарама – қайшылықты күрделендіре түсуде.

Кредиттік оқыту жүйесінің 2/3 бөлігі студенттің өз бетімен жасайтын жұмысынан тұрады, яғни білімнің негізін студент өз бетінше іздену, білуге деген қызығушылыққа бағыттай отырып қалыптастырады.

Студенттің өздік жұмысы білім беру кезіндегі дидактикалық тапсырмаларды орындау процесінде, білуге, қызығушылығын қалыптастыратын және белгілі ғылым саласы бойынша білімін толықтыратын ерекше оқыту түрі.

Өзіндік жұмыс – тек жекелеген пәндерді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оқу, ғылыми, кәсіби іскерлік, жауапкершілікті сезіне білу, дербес жұмыс істеуге үйрену. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуға, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу мәдениетін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс істеуге және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Өзіндік жұмыспен бекітілмеген білім адамның рухани байлығына айналмайды. Сол себепті де жоғары оқу орнында оған үлкен мән беріледі. Өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығушылық т.б.) қалыптасуына әсер етеді.

Өзіндік жұмыстың мақсаты мен мәнін, маңызы мен қажеттілігін саналы түрде, бар ынта – ықыласы мен түсінген студент оны қызыға орындайды.

Өзіндік жұмыстар студенттің ақыл – ой еңбегінің жоғары сатыда болуын қамтамасыз етіп, біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру нәтижесінде оқу үрдісінде жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Өзіндік еңбек студенттің бойында ұйымдасушылық, тәртіптілік, еріктілік, мақсаткерлік, іздемпаздық, белсенділік сияқты қасиеттерді дамытады. Студенттердің өзіндік жұмыстары әрі күрделі, әрі жан-жақты. Ол танымдық іс-әрекеттің балық жағдайын қамтиды: мәселен, жүйелі түрде оқылатын лекция курсының тыңдау және лекция материалын жетілдіру, дипломдық жұмысты дайындау, оны қорғау, керекті әдебиеттерді іздеу, өз бетімен оқылатын сұрақтарды түсіне білу, проблемаларды қоя білу және оларды шығармашылық түрде шеше білу. Бұл студенттердің әртүрлі жағдайларда аудиторияда, кітапханада, лабораторияларда, архивтер мен мұражайларда т.б. орындайтын жеке жұмыстары.

Жоғары оқу орындардағы оқу – танымдық жұмыстарды педагогикалық шарттары мен ерекшеліктеріне қарай 5 топқа жіктеуге болады:

1. Жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар;
2. Жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар;
3. Білім және дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстар;
4. Шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстар;
5. Алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар.

Кәсіптік түрде бағытталған және педагогикалық тұрғыда ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар студенттердің кәсіби дайындығын дамытуға тиімді жағдайлар жасайды /3/.

Өзіндік жұмыс оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан, оны екіге бөліп қарастыру керек:

1. дәрісханалық өзіндік жұмыс;
2. дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыс.

Дәрісханада орындалатын өзіндік жұмыстарға дәрістік, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар кіреді. Ал дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстарға дәріс материалдарын толықтыру, семинар сабақтарына дайындалу, реферат жазу, курстық, диплом, жұмыстарын жазу т.б. жатады. Өзіндік жұмысты бұлай бөлуге тиімді. Өйткені, өзіндік жұмыстардың өзі дәрісті тыңдау және оны жазу, мәтінмен жұмыс істеу, тезис, конспект жазу, семинар сабақтарына дайындалу, үйірмелерге қатысу, ғылыми жұмыстармен айналысу сияқты бөліктерден тұрады. Студенттердің өзіндік жұмыстарының ішінде курстық және дипломдық жұмыстардың орны ерекше.

Университетте студенттердің білімін арттырудың бір жолы – олардың өз бетімен ғылыми ізденістерге баруына жол ашу болып табылады. Яғни кез келген пән бойынша бір немесе екі семестр аралығында өтетін сабақ барысында шәкірттің білуге деген қажеттілік талабын оқытушы қанша тырысқанымен қанағаттандыра алмайды. Оған уақыттың жетпейтіні де белгілі. Жақсы дайындалған лекцияның өзі белгілі сағаттарға сәйкестендіріліп, ықшамдалып алынады. Лектор ең қажетті, өз бетімен оқығанда түсінуге қиын болады-ау деген мәселелерді қамтуға күш салады. Білімнің терең қыры мен сырына студент өзі ізденіп, талаптану арқылы ғана жетеді. Өз бетімен іздену үстінде студент ойланып жұмыс істеуге, оқыған-тоқығанын жаттап алып қана қоймай, ол туралы әр түрлі қисынды ой қорытуға жаттығады, бір дерек пен екінші деректі, бір пікір мен екінші пікірді салыстырып, дұрысы мен бұрысын ажыратуға қол жеткізеді. Мұның әрине, ғылымға ден қоя бастаған жас жеткіншек үшін маңызы зор.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін іргелі реформалар жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда Республиканың барлық жоғары оқу орындары білім берудің кредиттік жүйесіне көшуде. Кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі - әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып, елімізге қажетті

мамандарды сапалы дайындап шығару. Мұнда бұрыннан қолданылып жүрген оқытудың әдіс-тәсілдермен қатар, студенттің ізденуіне, сапалы білім алуына жағдай туғызу, яғни студенттің өз бетімен жұмыс істеуі.

Білім жүйесінің алуан түрлілігі және оларды тәлімгерлерге жеткізудің уақыт өткен сайын күрделенуі жоғары мектепте маман дайындау үрдісін жетілдіруді талап етеді. Аталған үрдістің ең маңызды бөлігі студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Егер жеке тұлға білімді тек дайын күйінде қабылдамай, оны өзінің іс-тәжірибесіне, ойлау қабілетіне сүйене отырып өздігінен меңгерсе ғана аталған білім жүйесі берік болады.

Студенттердің өзіндік жұмыстары болашақ мамандарды даярлаудың аса маңызды жолдарының бірі, жас тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, қалыптастырудың міндетті шарты екендігін ескерген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” Заңы.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Ғылым, 1990.
- 3.Бейсембаева З. Өзіндік жұмыс-кәсіби біліктілік көзі //Қазақстан мектебі, 2003, №9 14-15б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіби білім беру жүйесінде студенттердің өзіндік жұмысының маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль самостоятельной работы студентов в системе профессиональной образования.

УДК 687.16

СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

Құралбай Қ.Д., преподаватель
(г. Алматы, Казгосженпи)

Педагогическая технология – это научно обоснованный выбор характера воздействия в процессе организуемого учителем взаимодействия с детьми, производимый в целях максимального развития личности как субъекта окружающей действительности. Педагогическая технология есть некоторая проекция теории и методики воспитания на практику воспитания, сфокусированный в одной точке, краткой по времени, едва уловимой по способам, индивидуализированной в силу широчайшего многообразия персональных особенностей личности учителя и ученика.

Слово “технология” применительно к воспитанию вошло в лексикон педагогической науки тогда, когда внимание специалистов обратилось к искусству воздействия на личность ребенка. В энциклопедическом словаре дается

такое определение технологии: “ ...Задача технологии как науки – выполнение физических, химических, механических и др. закономерностей с целью определения и использования на практике наиболее эффективных и экономических производственных процессов ”.

Между тем это слово, пришедшее к нам от греков, если судить по составляющим его корням, было рассчитано на более универсальное использование технос – искусство, мастерство, логос – учение.

Педагогическая технология выявляет систему профессионально значимых умений педагогов по организации воздействия на воспитанника, предлагает способ осмысления технологичности педагогической деятельности.

Историческое начало педагогической технологии.

Когда педагог строит воздействие на ребенка, он должен учитывать множество параметров: эмоционально-психологическое состояние, общий уровень культурного и возрастного развития, сформированность отношений, духовное и интеллектуальное развитие и др. В итоге на основе внешних проявлений формируется первоначальное представление о личности ребенка, которое во многом определяет характер педагогического воздействия.

Внешняя выразительность как источник познания личности интересовала ученых и философов с древних времен. Такие, как Гиппократ, Аристотель предлагали использовать мимику и пластику для определения темперамента. Диалоги великого философа Сократа с учениками содержат множество примеров искусного прикосновения к личности, когда ему удастся не только повлиять на отношения своих собеседников, но и стимулировать работу мысли, включая их в дискуссию, научить производить самокоррекцию.

Чешский мыслитель-гуманист Я.Коменский тоже занимался проблемой прикосновения к личности ученика: “ Можно и нужно каждого учителя научить пользоваться педагогическим инструментарием, только тогда его работа будет высоко результативной, а место учителя самым лучшим местом под солнцем “.

Идеи воспитания, высказанные в античности, в средневековье, получили свое дальнейшее развитие в трудах педагогов более позднего периода.

Шацкий С.Т., Используя влияние среды на воспитанника, расширил горизонты педагогической технологии, хотя и не пользовался этим термином. Рассуждая о специфике школьных занятий, Шацкий С.Т. отмечал необходимость совершенствования и повышения их воспитательного значения путем “наполнения ценностью” любой деятельности, организуемой на уроке.

А.С.Макаренко в своих работах уже свободно использовал термин “педагогическая техника” и использовал понятие “педагогическая технология”. В деле воспитания, как он замечал, сохраняется период, при котором успех зависит только от мастерства и энтузиазма педагога: “ Воспитательное дело есть дело кустарное, а из кустарных производств – самое отсталое” (“Педагогические сочинения”, т.3).

В.А.Сухомлинский делал ставку на “индивидуальное своеобразие каждой личности”. Всякое воздействие на личность, должно развивать ее, поэтому педагогу надо избегать наказания детей, школа и унижение ребенка несовместимы.

В 60-е годы педагогическая технология обретает статус официального существования. Особый вклад в изучение педагогической технологии внесли Коротков В.М., Лихачев Б.Т. С точки зрения педагогической технологии, принципиальные положения эти ученые сформировали в общих правилах применения метода педагогического воздействия:

сочетание требований с уважением к детям;

1 разумность и подготовленность всякого педагогического воздействия;

2 доведение этого воздействия до конца.

Дальнейшее развитие педагогической технологии связано с определением компонентов педагогического мастерства. Учебное пособие по теории и методике коммунистического воспитания указывает на компоненты педагогического мастерства:

1 психолого-педагогическую эрудицию;

2 профессиональные способности;

3 педагогическую технику.

Педагогическая техника понимается здесь как “разнообразные приемы личного воздействия учителя на школьников”.

Воспитание как явление можно рассматривать с разных точек зрения: социальной, профессиональной, методической и т.д. Социальная позиция ставит комплекс ценностей, которые необходимо передать ребенку. Для этого требуется специальная подготовка учителя, чтобы он мог оперировать этими ценностями, чтобы он сам был их носителем.

Методический взгляд на воспитание- приобщение воспитанника к культуре.

Профессиональный подход рассмотрения этой проблемы говорит о теоретически возможной модели педагога на основе его личных качеств, а также знаний, умений и навыков.

При использовании термина “технология” практически все педагоги отмечают сложность педагогического порядка. Сегодня в педагогике и педагогической литературе широко используются термины “педагогическая техника” и “педагогическая технология”.

Современные педагогические технологии

Педагогическая технология как система научного знания должна оптимизировать и обеспечить воспитательный процесс. Воспитание- это объективный процесс, который совершается в обществе независимо от воли и желания педагога. Развитие личности не прекращается ни на минуту. Задача педагога заключается в том, чтобы направить воспитательный процесс в сторону “восхождения” ребенка к человеческой культуре, способствовать самостоятельному освоению опыта и культуры, выработанных человечеством за многие тысячелетия. “Если воспитание- постоянное восхождение к культуре и повседневное воссоздание культуры во всех жизненных актах, то назначением воспитания является формирование личности, которая бы приобрела в процессе развития способность самостоятельно строить свой вариант жизни, достойный Человека. Очевидно, что ознакомление с различными вариантами жизненного устройства не исчерпывает проблему воспитания. Таким образом: - развитие ребенка происходит тогда, когда он сам, проявляя активность, взаимодействует с миром; - характер этой активности определяется субъективно свободным отношением личности; - педагогическое влияние должно ориентировать воспитанника на определенное отношение к социальным ценностям; - взаимодействие педагога и весь процесс взаимодействия с ребенком должен производиться на уровне современной культуры и в соответствии с целью воспитания.

Взаимодействие педагога и учащихся в высоком значении этого слова предполагает нечто большее, чем взаимное влияние друг на друга. Для осуществления взаимодействия необходимо принятие собеседниками друг друга как равноправных субъектов этого общения, что на практике в системе “учитель-

ученик” встречается не так часто. Педагогическое воздействие, выступающее как короткий миг общения или продолжительное влияние, обеспечивает реализацию функций в соответствии с воспитательной целью. При анализе педагогического воздействия следует исходить из его назначения как начального момента взаимодействия учителя с учеником. Иными словами, основное назначение педагогического воздействия заключается в переводе ученика на позицию субъекта, отдающего себе отчет в собственной жизни.

Реализация этих функций педагогического воздействия обеспечивается педагогической технологией, которая научно обосновывает профессиональный выбор воздействия педагога на ребёнка в его взаимодействии с миром, формирует у него отношение к этому миру. Сущность педагогической технологии выявляется через систему необходимых и достаточных элементов, связанных между собой и имеющих внутреннюю логику.

Чтобы определить слагаемые педагогической технологии, необходимо ответить на ряд вопросов: - какие элементы составляют педагогическую технологию; каково их необходимое и достаточное присутствие; в какой взаимосвязи они находятся; какие общие и специфические функции каждого элемента.

Педагогическое общение, имеющее направленность на “открытие ученика в общении” через создание психологически комфортных условий для раскрытия его как личности. Педагогическая оценка, обеспечивающая функции “внесения образа” на уровне социальной нормы, стимулирования деятельности и коррекции отклонений, возможна на фоне воплощения оценки, не воспринимаемая учеником как оценка, а осуществляемой скрытым порядком.

Педагогическое требование - ещё один технологический элемент. Посредством него осуществляется восхождение субъекта на уровень современной культуры. Получение в результате приучение к социальной норме является его индивидуальность в поведении.

Разнообразие операций-воздействий подлежит обобщению. Их можно описать, ими можно овладеть, однако их нельзя предписать для конкретной ситуации, их нельзя предлагать в качестве решения педагогических задач. Разнообразие технологических операций неизбежно предполагает творческий выбор воспитателем одной из них в сложившихся обстоятельствах. Это не избавляет его от творческого усилия в момент влияния на ребенка. Анализируя характер учащегося, его состояние как объекта – но объекта, который является либо потенциально способен стать субъектом.

Основное назначение педагогического воздействия в том, чтобы инициировать потенциально заложенную в школьнике способность стать субъектом. Ни корректирование поведения, ни нормативная оценка, ни подавление воли не выступают в качестве воспитательного результата. Стратегия операционного влияния – в преобразовании ученика из объекта среднего влияния в субъекта, производящего сознательно выбор в каждый отдельно миг своей жизнедеятельности в русле социокультурных ценностей современного общества.

Владение педагогической технологией обеспечивает учителю возможность организации педагогического воздействия в соответствии с его основным назначением – переводом ребенка в позицию субъекта. Уровень овладения педагогической технологией может быть элементарным и профессиональным.

ЛИТЕРАТУРА

1. Верб М.А., Куценко В.Г. Педагогическая техника (Теория и методика коммунистического воспитания в школе) – М., 1974.
2. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения – М., 1955.
3. Леви В.Л. Искусство быть собой – М., 1977.
4. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М., 1993.
5. Лутошкин А.Н. Как вести за собой – М., 1986
6. Макаренко А.С. Педагогические сочинения – М., 1986.
7. Новицкая Л.И. Уроки вдохновения – М., 1984.
8. Педагогика. Учебное пособие (Под ред. Пидкасистого П.И.) – М., 1996.
9. Питюков В.Ю. Что такое педагогическая технология. (Воспитание школьников) – М., 1995.
10. Политехнический словарь – М., 1989.
11. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. Педагогическое воздействие в процессе воспитания школьников – М., 1992.
12. Лукашонок О.Н. Конфликты в работе педагога с детьми – Калуга. 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі заман педагогикалық технологиялары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются современные педагогические технологии.

ӘОК 373.60

СӘНДІК ҚОЛӨНЕРДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МӘНІ

Қыдырбаева И .Т – магистрант Асқарова Ж. А. – п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиясында, барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты жолдауында қазіргі кездегі әлемдік бірлестіктерді интеграциялауда бірнеше стратегиялық қадамдар туралы айтылған. Саяси, экономикалық, мәдени жүйенің өзгеруі әсерінен Қазақстанның нарықтық экономика жағдайында демократиялық жолмен дамуы білім моделіне де өзгертулер енгізді /1,4/.

Қазіргі кезде көптеген қиындықтарға қарамастан мәдени процестері, педагогикалық, этнопедагогикалық бағыттары өз дамуының айрықша кең жолына шықты. Мұның өзі рухани өмірдің барлық құрылымдық бөлшектері мен бір сарындылықты жеңуге мүмкіндік береді. Осыған орай кәсіптік білім жүйесіндегі сәндік қолданбалы қолөнер бұйымдар жасатып, оны оқу процесіне мүмкіндігінше жоғарғы дәрежеде ендіру болып отыр. Өйткені, олардың жоғарғы оқу орнында арнайы пәндерден алған, теориялық білімдерін шығармашылықпен және білім беру саласымен тікелей байланыстырады. Оның үстіне бүгінгі нарық жағдайында өндіріс, өнеркәсіп өнімдерінің сапалы да өтімді және бәсекеге қабілетті болуы – болашақ мамандардың озық білімдері мен кәсіби іскерліктерін қажет етеді.

Қазақ халқы бұрын ғылым, білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, толғай да білген. Шеберлер көкірегінде қастерлей сақтап, меңгеріп,

біздің дәуірімізге ұштастырылған. Халқымыз сонау, ерте заманда да он саусағынан өнері тамған таңғажайып шебер болып есептеледі.

Қолөнердің Қазақстан территориясында ертеден кең дамығаны мол деректерге сүйене сөз болады. Оның өркендеуі, біріншіден, қазақ халқының күнделікті тұрмысына пайдалану қажеттігінен туса, екіншіден, халықтың өнерді құрмет тұтып, жоғары бағалауынан туған жағдай екендігі нақты мысалдармен баяндалады /3, 18 б/.

Халықтық педагогиканың тәуелсіздікке шығуы мен жылдан-жылға көктеп келеді. Әр ұлт өз халқының педагогикасымен сусындап, жастардың ұлттық намысын оята отырып, оларды бүгінгі күн талаптарына сай жалпы білім беретін мектептерінде оқушыларға технология сабағында қазақ халқының қолөнерінің тиімді меңгерту деңгейін жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі таңда өркениетті қоғам мен құқықтың мемлекеттің гүлденуіне өскелең ұрпақтың байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби білімі мен білімділігін талап етеді. Осы талапқа сай, білім беру саласының жаңару жағдайы - бүгінгі таңда ерекше назарға алынып отыр.

Сәндік қолданбалы қолөнер - біздің ұлттық мәдениетіміздің құрамды бөлігі. Оны дамыта отырып, халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпақтарға насихаттау, қолөнері бұйымдарының сапасын арттыра беру аса қажет.

Мәселен, сәндік-қолданбалы қалыптастырудың шығармашылық дағдыларының педагогикалық тәрбиесін қалыптастыруын зерттей келе, төмендегідей ережелерді көрсетуге болады:

- студенттердің шығармашылық қарым-қатынасында екі тенденцияны байқауға болады, бір жағынан, қарым-қатынас шеңбері кеңейеді, екінші жағынан, студенттер жекелеген шығармашылық жұмыстармен айналысуға ұмтылады. Жалпы екі тенденция да студенттің өздігінен ізденіс жұмыстарына әсерін тигізеді.

- сәндік-қолданбалы қолөнерде шығармашылық тартымдылық қасиеттерімен ерекшеленеді, олар өнерге деген қажеттілікті қалыптастыруға әсер етуде қолайлы педагогикалық жағдай жасайды.

- сәндік-қолданбалы қолөнер түрлерін сұрыптау белгілі педагогикалық талаптарға сай болуы керек, олар арнайы білім мен біліктілігін меңгеру процесін жеңілдетеді.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы кәсіби дайындық барысында студенттердің шығармашылық белсенділігі танымдық және даму тұрғысындағы сәндік-қолданбалы қолөнер міндеттерді саналы түрде қалыптастыру мәселелеріне ұласады. Бұл қолөнер саласындағы тәжірибенің танымдық жеке қызығушылығын нығайтады.

Жалпы педагогикалық көзқарас бойынша сәндік-қолданбалы қолөнер пәнінен шығармашылық жұмыс ең алдымен оқу процесіндегі теориялық және практикалық сабақтардағы алған теориялық білімдердің пайдалану, және де шығармашылықтың дәстүрлі халық кәсібі мен қолөнерін жаңғырту жолдарын іздестіру. Сәндік-қолданбалы қолөнерден шығармашылық жұмыс студенттердің құштарлығын, ықыласын жалпы дайындығын, жеке бейімділігі мен қабілетін ескеру мүмкіндігі туады /4,41 б/.

Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы қолөнер өзіндік дағдыларын қалыптастырудағы шығармашылық жұмысты жетілдірудің міндетті шарты өзіндік дербес танымдық белсенділігі болып табылатынын атап айтқан жөн. Сондықтан сәндік-қолданбалы қолөнерде өзіндік жеке шығармашылық жұмыстардың әр түрлі материалдық объектілері көрсетеді.

Сәндік-қолданбалы қолөнер шығармашылық жұмысы халық шеберлерінің рухани байлығы туралы білімдерін жетілдіріп, көркемдік, эстетикалық талғамының дамуына әсер ететін еңбекке деген ынтасын қалыптастыратын, оларды техникалық біліммен қаруландыратын оқу түрі.

Сәндік-қолданбалы қолөнердің әр түрімен айналысу – еңбекке деген қызығушылығын арттырып, бастаған ісін аяғына дейін бітіруге бейімдейді.

Сәндік-қолданбалы қолөнер бұйымдарының ерекшелігі – оларды тек әдемілік ретінде ғана емес, тіршіліктегі қажетті материалдар есебінде де қолданады. Мысалы, гоблен, кілем, ши – сәндік үшін де, тіршілік үшін де қажетті бұйымдар.

Мұндай туындыларында өн бойында өндірістік технология мен қол жұмыстары эстетикасының үндестік табуы – еңбек пен эстетиканың қабысуының көрінісі. Шығармашылық қол жұмыстарының негізі – халықтың қолөнер саласынан туындайды /5,84 б/.

Сәндік-қолданбалы қолөнері бойынша шығармашылық жұмыспен айналысу студенттерден бақылауды, логикалық ойлауды, тұжырым жасауды, көркем шеберлікті игеруді талап етеді. Олардың бұйымды тоқуда қандайда бір затты бейнелеуде қиялдау фантазиясы өседі, қолдарының бұлшық еттері, мықтылығы күшейіп, ритмикалық қимылы жеделдейді, көз қырағалығы артып техникалық білімі тереңдейді. Сәндік-қолданбалы қолөнер бұйымдарын шығару процестерінің құндылығы, ерекшелігі сонда, ол студенттердің соңғы нәтижесін көруге ынтықтырып, дайын бұйымды көз алдында елестетіп, бітіруін асықтырады. Студент бұйымды жасау үшін өз ісін жоспарлайды, себебі бір операцияны бітпей жатып, екіншісіне өту мүмкін емес. Міне осылар студенттерді мәдениеттілікке, жинақтылыққа үйретеді және кез-келген жұмысқа кіріспес бұрын жоспарлау қажеттігін ұғындырады. Сәндік-қолданбалы қолөнермен айналысу студенттерді жалықтырмайды, өйткені белгілі бір еңбек әрекеттерін жүзеге асыру кезеңдері өзгеріп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан 2030. Білім баспасы, 1998 ж.
2. Тхоржевский Д.А. Гетта В.Г. Внедрение проблемного обучения на уроках труда // Школа и производство. -1997. -№4. – 6-10с.
3. Гетте В.Г. Профессионально-педагогическая технология обучения в профессиональных учебных заведениях. - СПб, 1995.-46с.
4. Фридман Л.М. Маху В.И. Проблемная организация учебного процесса /Методическая разработка. – М., 1990. – 234с.
5. Шырынбаева Г.Қ «Қазақ халқының қолөнері». Оқулық. А- 2004 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ мамандардың қолданбалы қолөнердегі шығармашылық жұмыстың мәні жайлы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается сущность творческих работ будущих специалистов декоративно-прикладного искусства.

ӘОК 373.60

ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСІ

Мұратқызы Г. 4-курс студенті, Асқарова Ж.А п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

«Білім беру саласының басты міндеті – 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың саналы қызмет көрсету аясын кеңейту.

Үкіметке мемлекеттік холдингке облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырамын» - деп, елбасының 2008 жылғы халыққа жолдауында айтылған /1. 2-3 б/.

Қазақ халқының қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне заманнан басталады. Оған бұрын соңды Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған мәдениеттің үлгілері дәлел болады. «Шебердің қолы – алтын» - дейді атам қазақ. Сөзге шебер, іске ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қолөнері.

Қазақ халқының қолөнері ғасырлар бойы көркем ой, халық талғамымен үздіксіз дамып, жетіліп келеді. Халқымыздың ұлттық қолөнерінің ішіндегі көрнекті өнерінің бірі - кесте тігу өнері. Кестелеп тігу өнерінің мәні зор болған, себебі: күнделікті тұрмыста кестемен тігілген заттарды кездестірмеу мүмкін емес, ең қарапайым мысал күнделікті киетін киім-кешектен бастап тұтқышқа дейін /2. 25-37 б/.

Қазақ қолөнері ежелден келе жатқан мал бағу, құрылыс және сәулетшілік, қыш-құмырашылық, ұсталық, зергерлік, ағаш ұқсату, сүйек пен тас өңдеу, тігу, тері өңдеу, т.б. кәсіптермен тығыз байланыста өмір сүріп келеді.

Осы саладағы зерттеушілердің айтуынша, қолөнерінің түрлері көп болған және олар уақытпен таласа отырып, ғасырдан ғасырға өткен сайын жетіліп келген. Халық өнерінің жанашыр зерттеушісі С.Қасиманов қолөнерді мынадай түрлерге бөліп көрсеткен: ою-өрнек, жүн және одан жасалған заттар, киіз басу және одан жасалған заттар, өрмек, кілем тоқу өнері, қолмен тоқу, арқан, жіп есу, мал терілері мен аң терілерін өңдеу, қайыс өру өнері, былғары өңдеу, ши орау, сүйек пен мүйізді ұқсату өнері, ағаш ұқсату, ер қосу, зергерлік, кесте және көркемдеп тігу, тас өңдеу өнері. Олардың әрқайсысы бірнеше түрлерге жүктеледі және өзіне ғана тән технологиялары, еңбек құралдары, кәсіптік атаулары, ерекшеліктері бар /3. 86-91 б/.

Елбасымыздың халқына жолдауындағы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу үшін, туризм саласын дамыту үшін елімізде көптеген іс-шаралар қолға алынып жатыр. Елбасымыз біздің елге келген туристер сувенир үшін қолөнер бұйымдарын өте қызығушылықпен сатып алатынын, осы заттар біздің халқымыздың мәдениеті мен қолөнерін дүние жүзінде танытып қана қоймай елімізді алдыңғы қатарлы елдердің мәдениетіне жетелейтінін айта келе, өкінішке орай осы естелік бұйымдардың тек 20 пайызы ғана өз елімізде жасалатынын, қалған үлестері Қырғыз, Өзбек, Қытай елдерінің еншісінде екеніне көңілі толмайтындығын атап айтты. Енді осы келеңсіздіктен шығу үшін қолөнер шеберлерінің басын біріктіріп шағын кәсіпкерлікпен айланысуды ұсынды. Шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыру мақсатында жуықта Астана қаласында қолөнер шеберлерінің басын қосқан «Қазақстандағы кәсіпшіліктің қайтаөрлеуі мен дамуы» атты халқаралық конференция өтті. Бұл конференцияға Ұлы-Британия,

Польша, Өзбекстан, АҚШ, Қырғызстан мемлекеттерінің өкілдері қатысып, өз елдеріндегі кәсіпкерлік пен үкімет арасындағы байланыстар туралы баяндамалар оқылып, тәжірибе алмасты. Осындай мәдени шараларға қарап отырып, мынадай ұсыныстар қойғым келеді:

- әр обылыстардағы қолөнер шеберлерінің басын біріктіріп, жеке шағын кәсіпорындар ашу;

- қазіргі заманның талабына сай ұлттық қолөнерімізді дамыту және қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдарын насихаттау;

- шеберлер мектебін ашу секілді ұсыныстар.

Баяндама соңында жеке шағын кәсіпорындарды басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып халқымыздың ұлттық нақышына сай етіп ашу біздің алдымызға қойылған үлкен мәселенің бірі. Осындай кәсіпорындарды көптеп ашу барысында елімізде сатылатын сувенирлердің тек 20 пайызын ғана емес түгелдей өз елімізде өндіре алуға қол жеткіземіз. Екінші жағынан еліміздегі жұмыссыздықты жоюға өз үлесімізді тигізеріміз анық .

Қай заманда болса да адамзат алдында тұратын басты міндеттерінің бірі – есті де еңбек сүйгіш қайрымды ұрпақ тәрбиелеу. Кім де кім өнерсіз болса, ол өнегесіз. Оның ешкімге пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ сиықсыз ағаш тәрізді. Өзіне де өзгеге де пайдасыз болады. Сол үшін де өнерге ұмтылып таңдай білу керек.

Әр елдің ұлттық мектебі, педагогикасы, ұлттық тәрбие, оқулығы болу керек. Халықтық тәрбиесіз бүгінгі жас жеткіншектерді өз елін, халқын, тарихын мәдениетін сүйуге тәрбиелеу мүмкін емес. Көптеген халық шеберлерінің аттары белгісіз болып қалғанымен олардың асқан дарынды, үлкен өнер иелері болғаны анық. Ол шеберлер ғасырлар бойы үй тұрмысында қолданылатын әртүрлі бұйымдар жасап оларды көркемдеп, сәндеумен болған. Ол бұйымдардың әдемілігіне, шебер жасалғандығына қазір де қарап көз тоймайды. Халық өнерінің шығармаларын жинап, зерттеуде, оларды насихаттауда Қазақстанның музейлерінің де еңбегі зор.

Мұражайдың археологиялық жинағындағы көркем заттар ерте заманда Қазақстан жерінде мекендеген тайпалардың мәдениетін, тұрмыс-салтын сипаттайды, ал ол тайпалар қазақ жұртының қалыптасуына негіз болғаны белгілі. Міне, осындай құнды мұраларымызды сақтап, оны ары қарай дамыту бүгінгі күннің еншісіне берілді.

Біз осы жұмысымызды: «Жас күнінде өнер қусаң, тоқтасқанша толығарсың. Тоқтасқан соң өнер қусаң, толыққанша зорығарсың» деген дана халқымыздың сөзімен аяқтағанды жөн көрдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауы» // Алматы ақшамы №15, 7 ақпан 2008ж.
2. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері»
3. Т.Қоңыратбай «Кәсіп және мәдениет», 2000ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының қолөнері және оның жастарға беретін тәлім-тәрбиесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории казахского декоративного искусства и ее роли в воспитании молодежи.

ӘОЖ 373.522

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІНЕ
КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Өтепбергенова З.Д., ізденуші
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақстан Республикасының Конституциясында, “Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңына, “Қазақстан — 2030” Жолдауында және Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “... білікті жұмысшы кадрларын, техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандарын даярлауда кәсіптік білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын жаңарту” керектігі айтылған еді. Мұндай кәсіптік білім беру мен тәрбиелеудің құралының бірі мектеп оқушыларын ауыл шаруашылық еңбегіне баулу болып табылады. Соңғы жылдары елімізде ауыл шаруашылық саласында шағын өндірістің дамуы қарқын алып, ауыл шаруашылық мамандарына көп сұраныс туып отырғаны белгілі. Сондықтан қалпына келтірілген ауыл шаруашылығының ары қарай дамуына үлес қосатын болашақ ауыл кәсіпкерлерін мектеп қабырғасында ауыл шаруашылық білім беру желісіндегі оқыту арқылы ауыл шаруашылық өндірістік жұмыстармен қатар таныстыра жүргізу, бүгінгі күн талабына сай дәрежеге көтеру, болашақ ауыл шаруашылық мамандарын даярлау басты міндет.

Қазіргі кезде әрбір азамат ата-бабамыздың ғасырлар бойы қалдырған жер мұрасын иеленіп, өзінің таңдаған кәсібімен еңбек ете жүріп, мол тәжірибе мен тәрбиені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қажеттілігі туындап отыр. Ауыл мектептерінде оқушыларға кәсіптік бағдар берудің негізгі бір түрі ауыл шаруашылық еңбегіне баулу, оларды ауыл шаруашылық кәсібінің қажеттілігін түсіндіру кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Осыған байланысты оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыл шаруашылық білім беруді жүзеге асыру жалпы білім беретін мектеп алдына қойылған міндет.

Осы міндетті орындау мақсатында, бүгінгі күні экономикамыздың өсу-өркендеу жағдайында, озық тәрбие теорияларына және озат тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеріп, қоғам алдына өзінің жауапкершілігін сезінетін, ұлттық санасы жоғары, биік парасатты, білімі зор тұлғаны тәрбиелеу деп белгілеуімізге тура келді.

«Еңбек - бұл күрделі құбылыс, онда адам өмірінің мазмұны, ақыл-ойы, эстетикалық, психологиялық, шығармашылық мәні, тәрбиесі, өзіндік тәрбиесі ашылады.» деп айтқан. В.Сухомлинскийдің сөзінен тек қана еңбекте ғана адам өз-өзін адам ретінде, жеке тұлға ретінде, Отанның болашағы ретінде көрсете алатынын ұғамыз.

Еңбекті және еңбек адамдарын сүюді үйрету - бұл оқу - тәрбие жүйесінің аса маңызды бөлігі. Кеңес кезінде мектепте балаларды біртіндеп үлкендердің нұсқауымен шамасы келетін жұмысты орындауға, өндірістік ауыл шаруашылығы еңбегіне тарта бастайтын. Уақыт өтуі барысында олар жеткілікті тәжірибелі бола тұра, жеке отбасы шаруашылығына қажеттің бәрін еске салусыз өздері атқаратын. Ауыл шаруашылығы еңбегіне балаларды үйретумен отбасында үлкендер мен ата-аналар айналысты. Ал қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының саласы бойынша ауыл шаруашылық өндірістің дамуына байланысты, жеке шаруашылықтардың бой көтеруі оқушыларды ауыл шаруашылық еңбекке үйрету мәселесін қайта қолға алуға ықпал ете түсті.

Біз зерттеу жұмысымызды халық шаруашылығының барлық саласының ілгері дамуына зор еңбек еткен, қарапайым, дана, үлкен істерді еш арқаусыз алып шыққан адамдар туралы олардың ерен еңбектері жәйлі, “Тауды биік демендер, талаптансаң шығарсың” демекші, үлкен еңбек ер иелерін зертеуімізге арқау еттік.

Халқымызда “Ер жігіт үйде туып, жорықта өледі” деген сөз бар. Қазіргі заманның жорығы – еңбек. Адамды ер атандыратын — еңбек. “Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар” деген. Өмірді осылай түсініп, балалық шағынан еңбекке араласып, осы ұлы жорықта адам болып қалыптасуға талпынған еңбек ерлері туралы айтуды жөн деп ойладық.

Еңбек қуған қазынаға жолығады дейді. Сол қазынаға жолыққан еңбек ардагерлері, қант қызылшасының бабын тауып, дүние жүзін таң қалдырған ер Нұрмолда Алдабергенов, Зылиха Тамшыбаева; Сыр сүлейі, дала академигі, ақ күріштің атасы атанған Ыбырай Жақаев, күріштің әр гектарынан 170 центнер өнім алып, дүние жүзілік рекорд жасады. Бүкіл елімізде жоғары сапалы жүгері тұқымын өсіріп, шаруашылықтың барлық саласын ілгері дамытқан еңбек ері Н.Н.Головацкий, аты әлемге әйгілі тары өсіруші Ш.Берсеев; техника тетігін жетік меңгерген майталман механизатор К.Дөнентаева сынды еңбек адамдарының өмір жолы, еңбектегі жасампаздығы жоғары сынып оқушыларын өмір жолын таңдауға тәрбиелейтін қымбат қазына.

Жер жомарт, оның байлығын одан әрі молайту үшін еңбек етуге құлшыныс білдіретін жастарға тәрбие беру жолдарын айқындауға кәсіби білім беру қажет. Себебі, жоғары сынып оқушыларын ауыл шаруашылық еңбекке тәрбие беру дегеніміз – ол қазіргі заманғы қоғам мүддесі мен жеке адамдардың мүддесінің қажеттілігінен туындайтын тәрбие үрдісі. Оны біртіндеп қолға алудың тәсілі – мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде жоғары сынып оқушыларын ауыл шаруашылық еңбегіне баулу. Сондықтан да еңбекке баулитын тәрбие үрдістерін оқыту үрдісімен бір арнаға жинақтау, мол тәжірибелерді толық пайдалану ісі мол нәтиже берері сөзсіз. Қайсібір істің батыл бастаушысы, қалтқысыз қолдаушысы болуға тиісті дегендей, еңбекке тәрбиелеу мәселесін терең зерттеуде Республика ғалымдарының Оспанова Б.О “Оқу процесіне оқушыларға ауыл шаруашылық еңбекке кәсіптік бағдар беру”, Қазақстан ауыл мектептерінің ауыл мектептерінің материалдары бойынша ғылыми еңбек “Оқушыларды еңбек бірлестіктерін дамыту” деген тақырыпта А.С.Иманғалиевтың еңбегі, Н.Г.Наумовтың “Солтүстік Қазақстан облысы жағдайында оқушылардың өндірістік бригадаларында еңбекке тәрбиелеу” ғылыми еңбегі, Е.А.Ушуровтың оқу-өндірістік кешенді құру арқылы ауыл мектеп оқушыларын жалпы еңбекке және кәсіптік бағдар беруге дайындау туралы жазған еңбегі, С.А.Кульчанованың ауыл оқушыларын мал шаруашылығы еңбегіне дайындаудың педагогикалық шарттары туралы ғылыми еңбегі, К.Тоқтарованың жоғары сынып оқушыларын ауыл шаруашылық менеджерлерді дайындау туралы жазған еңбектері оқушыларға кәсіби бағдар беру туралы қажеттіліктерінен туындайтын мәселелерге жауап беретіндей.

Ал ауыл шаруашылық еңбек атадан балаға мұра етіп қалдырылған кәсіп түрі болғандықтан оны орындау жолдары мен әдістері жайында мәліметтер беріліп қана қоймай, ол ғылымның жаңа жетістіктерімен толықтырылып, мазмұны байытылып, оқушыларды белгілі кәсіпке баулуда, бағыт- бағдар беру үшін агрономиялық білімдер тәжірибе іс көрсету барысында қажеттілігі байқалды.

Ауыл шаруашылық еңбекке баулу барысында оқушының еңбекке ықыласы артып, қоғамға пайда келтіретіндей жігерлендіруіміз арқылы оның болашағын айқын елестетуіне көмек береміз. Сондықтан балаларды ең алдымен бүкілхалықтық байлық әкелетін жердің құнарын арттыру, бау-бақша, жүзімдіктер

өсіру, орман-тоғай үшін ағаштар отырғызу, шаруашылық құрылыс пен мәдени-тұрмыстық құрылыстар, жолдар салуға үйретуіміз келелі маңызды мәселелерді шешеді. Сондықтан біз, оқушылардың басты назарына агрономия ғылымын үйрету арқылы оның ауыл шаруашылық кәсіптеріне баулимыз. Агрономия - («жерді пайдалану» грекшеден аударғанда) ауыл шаруашылығы өндірісінің ғылыми негізі, яғни ауыл шаруашылығының барлық саласы жөніндегі білімнің жиынтығы. Агрономия деп агрономиялық ғылымдар комплексі ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің іс жүзінде қолданылатын тәсілдерін (жалпы егіншілік, агрохимия, агрофизика, өсімдік өсіру, селекция, тұқым өсіру, фитопатология, ауыл шаруашылық энтомологиясы, ауыл шаруашылық мелиорациясы т.б) түсіндіреміз.

Агрономия ғылымының негізгі буыны – егіншілік туралы ғылымды мектеп оқушылары сарамандық сабақтар арқылы танып біледі. Бұл топырақтың құнарлылығын қалпына келтірудің, өсімдіктердің қоректенуін жақсарту түсудің, ауыл шаруашылық дақылдарының түсімін үздіксіз арттыра берудің агрохимиялық шараларын үйретеді. Бұл жұмыстарды жоғары сынып оқушылары мектептің жеке шаруа қожалықтарында, іс-тәжірибелік учаскелерде атқаруына болады. Жоғары сынып оқушыларымен ауыл шаруашылық кәсіптік білім беру жөніндегі жұмыстар – оқушылардың ауыл шаруашылық еңбекке даярлығын дамытудың жаңа сапалық кезеңі. Оның өзі жалпы білім беретін мектептер мен өндірістердің барынша тығыз байланыс жасауымен сипатталады.

Жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмысқа ауыл шаруашылығындағы өз ісін жетік білетін мамандар мен “іскер” мұғалімдерді көптеп жұмысқа тарту оқушыларды ауыл шаруашылық еңбекке баулу мен ең басты ауыл шаруашылық кәсіптермен және қазіргі заманғы ауыл шаруашылық өндіріс технологияларымен таныстыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық бағдарламасы жоғары сынып оқушыларының белгілі бір ауыл шаруашылық мамандығын алуына қажетті білімі мен іскерлікті жан-жақты терең меңгеруіне, өндіріс қызметіне деген талпынысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал ауыл шаруашылық кәсібі өмірімен етене танысу, бұл еңбекте өз күшін сынау оқушылардың саналы түрде ауыл шаруашылық кәсібін таңдауына, ой-танымын қалыптастыруына көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қаленов О.Б. Қазақ мектебі – ауыл өмірінің айнасы //Ауыл мектебі дамуы болашағы .Конференция материалдары Алматы 2002.
2. Құдышева Б. Формирование профессионально ценностных ориентаций старшеклассников основной общеобразовательной школы // Кан. дис.-Алматы – 1996. с125.
3. Педагогика. Абай атындағы ұлттық педагогикалық университет. Дәрістер курсы. – Алматы «Нұрлы әлем» 2003.
4. Профессиональная ориентация старших школьников в процессе трудового обучения /Под ред.. Полякова В.А: - М, 1972/.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары сынып оқушыларына ауыл шаруашылық еңбегіне кәсіби бағдар беру, жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі анықталуы, еңбек ету мәдениетінің қалыптастырылуы туралы мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Целью организации сельскохозяйственного труда в школе является развитие у школьников культуры труда и межличностных отношений, трудовой функциональной грамотности, обеспечение возможностей для сельскохозяйственной деятельности и профессионального самоопределения.

ӘОК 371.042.3

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨРКЕМ ТӘРБИЕДЕГІ ОРНЫ

Рахимов Е.М., оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Келе жатқан жас ұрпақты, эстетикалық-көркем тәрбиелеуде, біздің елімізде өте көңіл бөлініп, жағдай жасалған. Әсіресе ұлтымызда, эстетикалық-көркем тәрбиелеуде өнер саласында үлкен мәні бар. Өнердің маңызды ерекшелігі - шындықты көркем образда көрсету, жасау, адамның сана-сезімін ояту, өмірге деген көзқарасын, болып жатқан өзгерістер арқылы заманға лайықты етіп тәрбиелеу, терең түсініп ойлауға көмектесу. Өнер арқылы терең біліп көру, әр түрлі өзгерістерді, ерекшеліктер арқылы тәрбиелеу. Өнер туындылары өз идеялық мағанасымен өте бай, өзіндік көркемдік формада әр түрлі ағымдық талғам қалыптасады, оның өзгерістерін түсіну, білу, ажырату, өте әдемілігін бағалау тек өнерде ғана емес, айналадағы қоршаған табиғатта не күнделікті өмір тұрмысынан көруге болады. Кез келген көрнекті өнер туындысында мағанасы терең ой салатын, адамның көңілін аулайтын, көрерменді баулап қана қоймай, өзіндік көркемдік образдық ерекшелігімен байыта түседі. Өмірде болып жатқан құбылыстарды ажыратып, тұтас көру - көркем образдың ең де бір басты мақсаты болып келеді.

Қазіргі кезде жастарымызды патриоттық, эстетикалық-көркем тәрбиелеудегі маңызы өте зор. Ұлтық кескіндеме мектебі Қазақстанда 50-70 жылдары өз ағымымен қалыптасты. Осы мектептің алғашқы жолын салған, негізін қалаған суретшілердің бірі болып Қ.Телжановты айтамыз. СССР халық суретшісі, СССР Суретшілер академиясының корреспондент мүшесі, республикалық Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты Қ.Телжановтың шығармашылық өнері, туындылары өмірге тән ерекшеліктері бар, ой-өрісі кең айқын көрініп, азаматтық денгейі жарқын лиризмде, ұлттық интонацияда көрінеді. Өзінің шығармашылық туындылары туралы Қ.Телжанов былай деп жазды: «Менің шығармашылығымдағы басты тақырыбым халық және революция». Оның өнер шығармашылығындағы өсу жолдары 2 жанрда дамыған, тарихи және өмір тұрмысы болып келеді. Оның тақырыптық туындыларында Қазақстанның атақты суретшілері сияқты алдына қойған мақсаты Амангелді образы болды, қазақ халқының жаңа өмірге, бостандық үшін күрестің символы болды. 50-70-жылдарда қазақ халқының бейнелеу өнерінің дамуында жеке өзіндік көркем мектеп қалыптасып республикамызда Қ.Телжанов осы кезеңнің үлкен маңызды бір бөлігі болды. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері, Қазақстан республикасының мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ағымсал Дүзелханов кескіндемелерінен әдеттегі түр-түстердің үйлесім құрлыстарын іздеудің керегі жоқ. Ол өз туындыларында импрессионистік талап қоймайды, біреуге ұқсауға тырыспайды. Өзі оқып шыққан орыс өнері мектебінен де алшақ. Дұрысы қазақ бейнелеу өнері мектебінің бір көрінісі десек те болғаны, кәсіптік мүмкіндіктерінің ұлттық келбеті. Түр-түсті сезіну мен қолдануы да қазақша деуге болады. Композициялық құрылым жасауда өте шебер, ұлттық ойдан туындайды.

Ағымсал Дүзелханов қаламынан көркемдік тапқан әр жылдарда шыққан қырықтан аса балаларға арналған кітаптар бар. Ж.Сымақов «Тамаша», Р.Шотпаева «Алып», Д.Шварц «Мен ауырғанда ойнамаймын», М.Жалилов «Бұршақ», «Жыл он екі ай» атты. 1986 жылғы арналған әдеби күнтізбе, халық ертегісі «Ай астындағы Айбарша» солардың аз ғана тізімі. Осы кітаптардағы суретші қолынан шыққан кейіпкерлердің басты көркемдік қасиеті ұлттық ерекшеліктерден тұратын классика, мінез-құлық, киім-кешек халық өнерінің тұрмыстық үлгілері.

Шығыс жекпе-жекін білегінде, қылқаламын жүрегінде жасырған біртуар перзент Бексейіт Түлкіевтің бейнелеу өнеріндегі шығармашылық орны бөлек. Бейнелеу өнерінде «Сұрбойдақтың арманы», «Күнге бет алған керуен», «Сәйгіліктер», «Жекпе-жек», «Шыбын жан», «Әке», «Қасқа су», «Ұйқтап жатқан бала» атты тамаша туындылары мен «Ұлы көш» атты әйгілі эпопеялық туынды қалдырған қылқалам шеберінің әлі де берер дүниесі мол еді. Палитра бетіне жағылған сансыз бояудың ішіндегі кара бояу өміріне нүкте болып таматынын сезді ме екен есіл ер?

Суретшілердің өнер саласындағы шығармашылық туындылары ұлтымыздың келешектегі жастарға деген эстетикалық-көркем тәрбиелеуде маңызы өте зор. Көрермен қауым өзі көріп қабылдаған туындыны терең ұғуына біліп, ой-өрісін кеңейтіп, оның өмірге деген көзқарасының дұрыстығын аша түседі. Көрермендерге бейнелеу өнері тек эстетикалық-көркем тәрбие беріп қана қоймай сонымен қатар, адам сезімін өз ойлағаның жаңа бағытта, қоршаған ортамен өзгерістерді салыстыра алады. Бейнелеу өнері көрерменнің шындықты қабылдау көру қабілеттілігінің көркем образы болып табылады. Әр түрлі түрлі-түсті бояулармен, пластикалық суретте суретші кеңепке өз ойын туындап, әдемі де күшті адам образын әкеледі. Бейнелеу өнері өте ертеде алғашқы қауымда пайда бола бастады. Бұл кезеңдерде бірінші жартас суреттері, аңшылық көрністері, құс, жан-жануарлардың мүсіндері, сүйектен, тастан қашап жасалған еңбек құралдары, әшекейлі ою-өрнектер, үй тұрмысына қажетті құралдар, саймандар болғаны анық.

Ертеден адамдар өз ойларын, көрген білгендерін бейнелеп, суреттеп мүсіндеп, ою - өрнекте көрсете білген. Бейнелеу өнерінде бір ғана мезгілді көздеп, туындыны көркемдік образда ашып жеткізе білу керек. Суретші өз ойын шешуде сюжетін шығара отырып динамика арқылы бере алады. Кескіндеме, графика, мүсін, архитектура, декоративті қол өнері – бейнелеу өнерінің түрлері, бәрі бірдей бір мағаналы орталық спецификалық маңызы бар бейнелеудегі ұғым.

Қазақ бейнелеу өнерінде кәсіптік еңбек ету басталғаннан бері өсу-өркендеу дәуірлерінің саны көп болғанымен, сапа жағынан сөз етерлік болымысы ерекше шығармалар аз емес. Уақыт талабына сай тәуелсіздіктің таңы атқалы бері тарихшыларымыз бен археологтарымыз қазақ тарихын қайта қарастырып жатқаны белгілі. Осыған орай бейнелеу өнерінде де тарихи тақырыпқа бой алдырған суретшілер баршылық. Суретшілер шығармашылығы Ә.Қастеев дәстүріндегі

кәсібіне адал етіп, дүниетанымдары ұлттық философиядан нәр алатын ұлт жанды еуропалық өнер мен мәдениетті керегіне қарай сiңiруде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мастера изобразительного искусства Казахстана. Издательство «Наука» Казахской ССР. - Алматы 1984г.
2. Атимсал Дүзелханов «Альбом» Өнер баспасы 2005ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кескіндеме мектебінің тарихы, суретшілердің еңбектері және ұлттық тәрбие беру мәселелері қарастырылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история школы живописи, творческие работы художников и проблемы национального воспитания.

ӘОЖ 391.7

ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРДІ ЖОБАЛАУҒА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ

Тастанбек Д.М., магистрант (Алматы қ, Қазмемқызпи),
Рысқұлова Б.Р. т.ғ.д., профессор (Алматы қ, АТУ)

Қоғам талаптарына сәйкес киімнің физика-математикалық, физика-геиеналық, эстетикалық, ұлттық мәдени қасиеттерін және дизайнды меңгеру маңызды. Сондықтан, қазақтың ұлттық киімдерін компьютер технологиясымен көркемдеп жобалауды жоғары оқу орындарындағы 050120-«Кәсіптік білім» мамандығы студенттерге меңгерту керек. Компьютермен жобалауға үйрету болашақ маманның костюм композициясы туралы білімін толықтырып, киім әзірлеудегі шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға әсер етеді, киім стилі мен сән ұғымы жөнінде мәліметтер беріп, жаңа үлгідегі модельдер мен киім жиынтығын әзірлеуде, шығармашылық іс-әрекеттің негізгі қағидалары және киім жобалау ерекшеліктері жөнінде білім береді.

Ұлттық киімдерді компьютермен жобалауға оқытудың мақсаты болашақ мұғалімге киім кию мәдениеті және дәстүрлі киім үлгілері жөнінде білім беру, көркемдік талғамын қалыптастыру, алған білімдерін жалпы білім беретін мектептер мен мектептен тыс мекемелердің оқу тәрбие үрдісінде қолдана білуге үйрету болып табылады.

XX-ғасырда ұсынылған жобалау әдісі немесе жобалау тәсілі білім беру саласында көп жетістіктерге жетті. Бұл әдіс мұғалімнен қалыптасқан оқыту жүйесіне жоба пәнін және әдісін ұйымдастыруды үйренуді талап етеді. Білім беру мекемелерінде жобалау әдісін қолдану спецификасы түрлі пән мұғалімдері үшін әлі де шешімін таппаған мәселе болып отыр.

Кез-келген педагог теориялық білімді практикалық тәжірибемен ұштасқанда ғана жетістікке жететінін біледі. Жобалау - көптеген әдіс-тәсілдің өзара байланысты болуының бір түрі.

Білім берудегі жобалаудың практикалық құндылығы туралы И.Г.Пестолоции, И.Ф.Дистерверг, К.Д.Ушинскийдің шығармашылық еңбектерінде педагогикалық белсенділік идеялары дидактикадағы бетбұрысқа жол ашып, оқушының білім алуында өзін-өзі дамытуы ретінде көрсетеді.

Қазіргі замандағы ғалымдар П.Д.Джеймс, М.И.Гурьевичтердің ойынша «Жобалау тәсілі» терминін жекелеген білім беру салаларында әр пәнде жаңаша қабылдайды. Студенттерді сабаққа белсенді болуға, зерттеу жүргізуге, эксперимент жасап, ойлануға және сараптай білуге үйретеді, ал тігін бұйымдарын жобалауда олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіре түседі /1/.

XIX-XX ғасырда жаппай өндірістердің дамуы нәтижесінде кәсіпорындар саласында, өзіндік шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде дизайн пайда болды. Ол өнер мен техника саласын бір-бірімен өзара үйлестіре білді. Дизайн жобалау іс-әрекетімен және жаңа мәдениет саласымен байланыста болып – жобалау мәдениеті ғылыми-техникалық және гуманитарлық мәдениетімен тұтас байланыста болды.

Дизайн – шығармашылық жобалау іс-әрекеті, оның мақсаты үйлесімді заттық ортаны құру, әрі адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Дизайн материалды объектілерді жобалау болып табылады, яғни адамның қажеттілігін қанағаттандыратын тұтынушы бұйымдарын жасау өнері /2/.

Дизайнер – дизайн саласында жұмыс істейтін адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін, сонымен қатар жоғары тұтынушылық қасиеті мен бұйымның жоғары эстетикалық сапасын қамтамасыз ететін маман.

Дизайн объекті – түрлі өнеркәсіп бұйымдары мен қала құрылымдарының жүйесі мен элементтері, өндірістік және тұрмыстық орта, визуальді ақпараттар болуы мүмкін. Сол сияқты киім мен оның элементтері дизайн объектісі болып табылады.

Киім дизайны – бұл іс-әрекеттің бір бағыты, оның басты мақсаты заттық ортаның жеке элементтерінің бірі киім үлгілерін жобалау болып табылады.

Дизайнер жаңа мәдени бұйымдарды жасайды немесе ескі заттардың «көркемдік» вариантын дайындайды. Сондықтан да киім дизайнері адамдардың тұрмыстық кейпін өзгерту және қажеттілігіне сай жаңа функция мен қасиетке ие бұйым үлгілерін жобалауға бағытталуы тиіс, ол дәстүрлі формаларды әшекейлеумен айналыспайды жаңа үлгілерді шығарады. Сондықтан дизайнерлер бұйымның төмендегідей функцияларын ескереді:

Жаңа бұйым процесі мынадай жүйеде құрылады: айқындау – жобалау – бағалау – жобалау - өндіру – тираждау – тапсыру – тұтыну. Дизайн саласында талдау мен синтездеу әдістері ретімен қолданылады.

Жоба алдындағы талдау жобаны іздестірудің алғашқы этаптарында жүргізіледі. Талдау синтездеу тәсілдері арқылы интеграциялануы нәтижесінде құрылымы қалыптасып, объект үйлесімді бола түседі.

Халықтың тұрмыс жағдайының арқасында, сонымен қатар мәдениеттің көркейуі негізінде киім дайындайтын суретші мамандардан киімнің эстетикалық сапасын, көркемділігін арттыруды талап етеді.

Басқа да қолөнер саласы сияқты киімді модельдеу барысында өзіндік композиция заңдылықтары мен ережелері бар. Композиция – «құрастыру, шығару» деген мағынаны білдіреді /3/. Киім композициясы ережелеріне сәйкес өндіріс орындарында, шағын тігін шеберханаларында, тігін сән ательесінде түрлі киім үлгілері дайындалады. Суретші-модельер өнер туындысын әзірлеуде өз ойын толық жеткізу үшін осы композиция заңдылықтарын меңгеруі қажет. Бұл

заңдылықтар бойынша көркем шығарманың барлық құрамдас бөліктерінің гормониялы тұтастығы, сонымен қатар функциональдылығы мен конструктивтігі және киім формасының кейіпкерлігінің өзара үйлесімділігі ескеріледі. Мұндай тұтас композиция заңдылығы бар туындыны шығару кәсіби көркемдеп жобалаушының басты міндеті болып саналады.

Әдебиеттерге шолу жасау нәтижесінде композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелеріне мыналар кіретіндігі анықталды:

- композициядағы барлық құралдар киімнің қолдануына сай келіп оны айқындай түсуі қажет;
- композициядағы барлық элементтер мен бөліктер бір-біріне мөршерлес және өлшемдес болуы керек;
- міндетті түрде композициялық орталық болуы тиіс;
- композиция тұтас болуы қажет.

Бірінші заңдылыққа байланысты бірнеше ережелерді атап көрсетуге болады:

- киімнің қолданылуына байланысты оның формасының сай келуі және біртұтас үйлесімділігі оның практикалық маңыздылығын арттыра түседі;
- материалды қолдануда дайындалатын киім моделінің тұтыну мақсатына орай киім матасының сай келуін ескеріп, оны дұрыс пайдалана білуді қажет етеді;
- киімнің формасының және матасының тұтыну мақсатына орай сәндеу элементтерінің сай келуі. Киімді композициялауда кез-келген сәндеу элементтерін қолдануда, оның түрі мен атқаратын рөлін айқындау қажет, сәндеу элементтері матаның қасиетіне, фактурасына, қолданылуына және формасына қайшы келмеуін ескеру.

Екінші заңдылығы бойынша композицияның барлық элементтері мен бөліктері бір-біріне мөршерлес және өлшемдес болуы қажет.


Үшінші заңдылық бойынша киімді композициялауда ең басты нәрсе киімдегі композициялық орталық болып саналады. Киімдегі назар аудару орталығы сәндеу элементтері немесе киімнің жағасы, иініші сонымен қатар киім матасының түсі, пішімі, екі-үш түстің үйлесімі болуы мүмкін. Барлық жағдайда да негізгі басты дақ композицияның басқа элементтерін толықтырып оны айқындай түседі.

Төртінші заңдылығы – киімнің композициялық бірегейлі тұтас болуы, ондағы басты элементке жеке элементтердің бағынышты болуында. Киім композициясының тұтас болуы ойды толық жеткізуіне әсер етеді, жеңіл қабылданады. Киімнің барлық бөліктері, аумағы, пішімі, түсінің өзара сай келуі және қосымшаларымен үйлесімді болып, адаммен бәсекеге түспеуі қажет.

Композиция заңдылықтары мен ережелері жөнінде алған білімді студенттер практикалық жұмыстарды орындауда басшылыққа ала отырып, композициялық шешімі дұрыс табылған ұлттық киім моделдерін дайындауға болады. 1-суретте Corel DRAW бағдарламасымен жобаланған бешпеттің конструкциялық сызбасы көрсетілген.

Әшекейдің өзі сәндік және пайдалы мәнге ие. Киімде бірнеше әшекейлер түрін қолдануда олардың композициялық үйлесімділігін шешуді қажет етеді.

Композицияның мақсаты - қолдануға тиімді және функционалды, конструктивті, эстетикалық құндылыққа ие, киім үлгілерінің формасын шығару.



1-сурет. Corel DRAW бағдарламасымен жобаланған бешпеттің конструкциялық сызбасы.

Киімнің қолданылуына, пішіміне, адам тұлғасына, материалдық қасиетіне, өңделу тәсіліне, қолданылатын талаптарына байланысты киім пішімін мода ағымына қарай түрліше жіктеуге болады. Киім үлгісін жобалауда белгілі бір тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Олар: ұқсастылық, контрасты, нюанс; масштаб, масштабтылық; симметрия, асимметрия; статика, динамика.


Композицияның мұндай күйлерін мынадай түрлерге жіктеуге болады:

- тұрақты статикалық, барынша тұрақты және ешбір бағытсыз күй;
- тұрақсыз статикалық, ішкі қозғалыс жоқ, дегенмен қатаң реттілік байқалмайды;
- тұрақты динамикалық, қозғалыс күйді білдіргенімен сыртқы құрылымды жоймайды;
- тұрақсыз динамикалық, өзінің белсенді бағыты қозғалысымен назар аударту.

Белгілі бір композицияда статика мен динамика бірдей кездесуі мүмкін. Киімнің функционалдық міндетіне қарай статика мен динамикалық қасиеттердің бірін күшейтіп көрсетуге болады /4/.

Адам өзі қоршаған ортаны өз қалпында қабылдай бермейді, заттардың бейнесін адам сырт қарағанда сол заттардың шын бейнесін әр уақытта дұрыс көре алмайды, модельдеу барысында модельерлер көз бояушылық білімін қолданады. Киімді көркемдеп жобалаудағы негізгі міндет - адам тұлғасындағы кейбір кемшіліктерді көрсетпей, әдемі, сұлу етіп көрсету болып табылады.

Жобалаушы киім үлгісі арқылы көрерменге белгілі бір ақпаратты жеткізуге ұмтылады. Суретші модельер шығармашылық еңбек ету барысында шынайы өмір мен қиял дүние туындылары арқасында азамат қоғамындағы әрбір аспектіні дизайнер санасында көркем образды шығаруға, туындатуға талпынады. Дизайнер осы ойды бұйым үлгілерін жобалауда қолдану арқылы тамаша жетістіктерге жетеді. 2-суретте Corel DRAW бағдарламасымен жобаланған ұлттық киім үлгісі көрсетілген.



2-сурет. Corel DRAW бағдарламасымен көркемдеп жобаланған ұлттық киімдер үлгісі.

Көркем шығармалардың басқа заттардан айырмашылығы анық өзіндік образды болуында. Образ – метафориялық ой, ол белгілі бір құбылысты айқындайды. Көркем образ адамның қоршаған ортадағы шындықты тану арқылы ойдан көкейінде топшылау арқылы ойдан шығарған көрініс. Заттың кейіпін жасауда тек оның сыртқы параметрлерін басшылыққа алмайды, мұнда «адам-бұйым» жүйесін басшылыққа алғанымыз дұрыс. Суретші қаншалықты дәрежеде өзі жоспарлайтын киімнің тиімділігін, оған қойылатын талаптарды есеріп, қолдану мақсатына, ақпараттық қызметіне байланысты жоспарлайды. Себебі, суретші модельер ол киімнің тек тамаша көркемдік шешімділігін табуы көздемей, оның образды шешімділігін, адамға қолайлығын, тиімділігін ескеру қажет. Мұндай киім үлгілерін жобалауда киім матасын түрлендіре отырып, бірнеше киім ассортименттерін шығаруға болады. Жобалау процесінде киімді қабылдауда психологиялық әдістерді қолдану арқылы киімнің әсерлік саласын

жетілдіруге болады. Эсер алу жеке ғылыми парадигма болып саналады, оны меңгеру және ескеру барысында киімді жобалауда пайда болады. Объект жөнінде эсер алу түрлі салаларды қабылдау процесінде қалыптасады, мысалы көзбен көру арқылы эсер алу және объект пен информация хабар жөніндегі мәліметтерді қабылдауда іске асады. Сонымен қатар киімнің формасы, контуры, құрылымы, элементтері, түсі, материалы, өрнектермен әшекейлеп-безендірілуі жөнінде эсер алады.

Халық шеберлері алғашында киімдегі ою-өрнектерді түрлі нанымдарға байланысты салып отырған. Біздің ата-бабаларымыз да осы өрнектерді киімге салу арқылы тіл көзден, бәле жаладан сақтайды деп санаған. Қазақ өрнектерін қазіргі киімдердің мата суретіне байланысты таңдау үшін суретші-моделерлер мыналарды ескеруі қажет:

- киімнің функционалдық пайдалануын, яғни ол күнделікті тұрмыстық не сәндік, үйге, демалуға арналған киім екенін анықтау қажет;
- киімнің жас шамасына лайықтығын, яғни түрлі жастағы балаларға, жастарға немесе қарияларға арналған киім түрлері;
- жыныстық ерекшелігін, ерлерге немесе әйелдерге, тіпті екеуіне бірдей унисекскиімдерді ;
- моделдің ерекшелігі мен конструкциясын, киімдегі сызықтар мен бөлшектерді, конструктивті сәнді детальдарды, матаны қиғаш пішу мүмкіндігін;
- мата суретінің қазіргі заман мода ағымына, мерзіміне сай келуін ескеру.

Киімдегі өрнектер тек мата суреттері арқылы берілмейді, олар әртүрлі сәндік әшекейлер арқылы: кестелеу, аппликация, арнайы бояулар, батик, тоқыма баулар, бисер тастар арқылы да өрнектеуге болады.

Студенттерді киімді жобалауға оқыту барысында мына міндеттер орындалуы қажет:

- жаңа үлгідегі киім түрлерін дайындауға, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне жетекшілік жасауға дайындау;
- киімді жобалау мен көркемдеп сәндеудің негізгі қағидаларымен, әдістерімен таныстыру;
- қазіргі заман сән ағымын талдап, зерделеп, белсенді түрде меңгеруге, халық дәстүрін қолдана білуге жағдай жасау;
- мәдениет пен тұрмыстық жағдайға сәйкес, жаңа киім үлгілерін әзірлеуге кәсіби білімі мен дағдысын қалыптастыру;
- белгілі кейіпкерді ойлап шығаруға шығармашылық қабілетін, эстетикалық, көркемдік талғамын дамыту және жетілдіру.

Киімді компьютер технологиясымен жобалауда студенттер костюм композициясы мен көркем кейіпкерді құрастыру ерекшеліктері, форманың кеңістікте қабылдануы, костюм графикасы мен компьютерде сурет салу ерекшеліктерін үйренеді.

Ұлттық киімдерді жобалауда студенттер киімнің тарихын, пішімдік ерекшеліктерін, композициялық заңдылықтарды, жобалау әдістері мен тәсілдерін, безендіру, сәндеу элементтерін, ою-өрнектерді дұрыс қолдана білу керек. Шығармашылық қабілеті өсуі үшін студент мәдениетпен, өнермен тығыз байланыста болуға тиіс. Студенттің жоғары білімді шебер маман болуына, осы заман талабына сай сұранысқа ие киімді жобалауға үйретуде біз жаңа технологиялар мен әдістерді оқытуды ұйымдастыруды басшылыққа алуымыз керек. Компьютерлік сыныптарда Corel DRAW, Adobe Photoshop бағдарламаларымен жобалау жұмыстары сапалы, жылдам және шырмашылықпен орындалады. Кәсіптік білім мамандықтары бойынша қосымша үйірме

жұмыстарында компьютерлік графика туралы тереңірек білімдерін жетілдіруге болады. Киімді жобалауға үйрену барысында студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттері дамып, эстетикалық тәрбиелерінің жоғарылауына әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бейсенова А.А. Оқыту процесін пән аралық байланыс негізінде ұйымдастыру. – Алматы, Мектеп 1993. -160б.
- 2.Берник Т.О., Неклюдова Т.П. Дизайн костюма. – Ростов-на-Дону, 2000.
- 3.Жолдасбекова С.А. Костюм композициясының практикумы. - Шымкент, 2005 ж.
- 4.Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. – Іле халық баспасы, 2006 ж.
5. Ковтанюк Ю.С. Corel DRAW 12. – Киев.: «МК-Пресс», 2006 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың ұлттық киімдерін жобалауға оқытудың ерекшеліктері, дизайн өнері, композициялық заңдылықтар, ою-өрнектерді киімде қолдану және Corel DRAW бағдарламасымен киімді конструкциялық, көркемдік жобалау әдістері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены особенности преподавания и проектирования казахского национального костюма, искусство дизайна, законы композиции, нанесение орнамента на одежду и конструирование, художественные методы проектирования с помощью программы Corel DRAW.

ӘОЖ 758.1

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Төлегенова А.С., оқытушы
(Алматы қ. Қазмемқызпи)

Қазіргі ХХІ ғасырдағы әлеуметтік – экономикалық қарым-қатынастарға сай жастарға білім беру мен тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру қоғамдағы өзекті мәселелер қатарына жататындықтан, қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты республикамыздың жоғары оқу орындарындағы студенттердің білім сапасы мен тәрбиелеу жолдарына жаңа талаптар қойылуда. Мұның өзі мәдени ортада жаңа құндылықтарға жаңаша көзқарас тудырады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жастар арасындағы тәлім-тәрбие тұжырымдамасындағы “Ұлттық мәдениет пен өнер және қолөнер негезінде жастарға жан-жақты көркемдік тәрбие берудің бір бөлігі – эстетикалық мәдениетті қалыптастыру: сұлулыққа, тазалыққа үйрету; мәдениеттілікке баулу; адамзат қоғамында бұрын – соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани ізгіліктерді бағалай білуге

тәрбиелеу” қажеттігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген /1/. Осыған байланысты, болашақ мамандық иелерінің іс - әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, тұлғасының дамуы көзделеді. Бұл орайда, әсіресе, жас ұрпақтың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады.

Адамзаттың көркем мәдениетін қалыптастырудың негізі - көркем тәрбие беруден бастау алады. Эстетикалық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі шығармашылық мәдени жұмыстарын арнайы ұйымдастыратын арна, ақиқат, шындықты эстетикалық тұрғыдан меңгерту тәсілі, сонымен бірге эстетикалық сапа және дағдыны қалыптастыру әрекеті.

Студент жастардың эстетикалық тәрбиесі – біздің қоғамның негізгі бір міндеті. Сондықтан да қоғамдағы реформалау жағдайы тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы мәселесіне айрықша маңыз беруде. Себебі, көркем тәрбие тұлғаны жан-жақты қалыптастырудың, соның ішінде этикалық, эстетикалық, саяси сенімдері, патриоттық, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудің нәтижелі құралы.

Эстетикалық тәрбиенің әлеуметтік мәдени мәні оның негізгі методологиялық және әдістемелік принциптері. Оның идеялық мазмұны мен практикалық маңызының бірлігін; тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу, білім беру және кәсіби дайындықтың бірлігін; тәрбие міндеттерін шешуде жүйелік, бірізділік және дифференциалдықтың болуын; тәрбие ықпалының шығармашылық белсенділік және өзіндік әрекеттің дамуы мен жеке-дара және ұжымдық, біртұтас және дифференциалдық тәрбие формаларымен байланысын анықтайды.

Адам сезімін тәрбиелеу мәселесі көп жақты факторлармен шешімін тауып, оның ішінде өнер басты роль атқарады. Көркем өнер арқылы адам өзінің шынайы көңіл-күйін білдіреді, өнердің өзінен үйрене отырып, оның қиын, күрделі тілін түсіне білуге ұмтылады, рухани жан дүниесін эстетикалық талап тұрғысынан тәрбиелейді. Өнердің құндылығы сонда, адамның адамгершілік құндылығының қалыптасуына бағытталған нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болып, көркемдік талғамын қалыптастырады.

Оқу тәрбие үрдісінде бейнелеу өнері рухани мәдениетті байытуға оның ішінде көркемөнер мәдениетін дамытуға, отаншылдық, патриоттық сезімді оятуға негіз бола отырып, эстетикалық тәрбие беретін маңызды пәндердің бірі болғандықтан жоғары оқу орнындағы студенттерге “Қазақстан бейнелеу өнері тарихы” пәнін оқыту арқылы көркем талғамын қалыптастыра отырып, тәрбие берудің жалпы мақсаты – болашақ маманның жоғары дәрежедегі тұлғалық эстетикалық мәдениетін қалыптастырып және шығармашылық әрекетін дамыту. Оның еңбекке, табиғатқа, ғылымға, өнерге, қарым- қатынасқа көзқарасын дамыта отырып тәрбиелеу, тұлғаның шығармашылық күш-қайратының қалыптасуына белсенді ықпал ету болып табылады.

Жоғары оқу орнының жастарға эстетикалық тәрбие беруде мектепке қарағанда маңызы жоғарырақ. Мысалы, мектеп жасындағы балаларда әдемілік сезімдерін ұғыну процесінде өзіндік ерекшеліктеріне қатысты жақсы мен жаманды, шындық пен өтірікті тану қабілеттеріне шектеу болады. Ал студенттер – болашақ зиялы қауымның өкілдері, белгілі бір қоғамдық мәдениетті меңгерген әлеуметтік топ ретінде табиғатты, өнердегі әсемдікті танып-білу қабілеттерінде ондай шектеу болмайды. Міне, сондықтан да студенттердің үнемі өздерінің әсемдік жайлы сезімдері мен қажеттіліктерін дамытып отырумен қатар отаншылдық, патриоттық сана-сезімдерін де айтуына мүмкіндік мол.

Студенттерінің көркем талғамдарының қалыптасуына, білімдерінің дамуына көркемөнер шығармалары маңызды рөл атқарады. Себебі олардың эстетикалық білімдері, көркемөнер жайындағы түсініктері оның сезімімен тікелей байланысты. Яғни жеке тұлғаның бейнелі ойлауы мен қиялының дамуында және эстетикалық қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдік талғамның қалыптасуы көркемдік біліктіліктер мен дағдыларды игеруге ғана сайып қоймай, жеке тұлғаға шынайы өмір құбылыстарын, қоғамда болып жатқан үрдістерді іріктеу мен оларға өзіндік көзқарасы тұрғысынан баға берудің ішкі өлшемдері қызметін атқаратын тұлғаның рухани – адамгершілік әлеуетінің одан әрі дамуына бағытталуының қалыптасуы болып табылады /2/. Осыған байланысты Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы ЖОО теориялық тұрғыда оқыту әдістерін жетілдіру жолдарын барынша іздеу мен жоғары мектептегі оқыту үрдісін толығымен қазіргі заман талаптарына сай берік ғылыми негізге қоя отырып, эстетикалық тәрбие беруді жоғары деңгейде ұйымдастыру басты назарда болуы тиіс.

Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі студенттердің білікті де білімді, іскер де тәрбиелі, саналы да салауатты болып қалыптасуы жоғары мектептегі білім берудің сапалы ұйымдастырылуына байланысты. Студентке жан-жақты сапалы терең білім беру желісін жетілдіру – оны барынша ізгілендіруді, келер ұрпаққа адамгершілік тұрғыдан тәрбие беруді, қол жеткен табыстарға сын көзбен саралай отырып бағалауды, жастардың шығармашылық потенциалын дамытуды талап етеді.

“Қазақстан бейнелеу өнері тарихы” пәнін оқытуда көркем тәрбие жүйесінің нәтижелі болуы көп жағдайда оқытушыға да байланысты. Яғни, ол студент бойына эстетикалық қасиеттерді сіңіруде, тұрақты көзқарасы мен санасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сондықтан да ұстаз өз шәкірттерін бейнелеу өнерінің даму тарихын оқыту арқылы екі түрлі жағдайды басты назарға ала отырып қарастыру керек. Олар:

- теориялық білім берудегі меңгерту қажеттілігінің дамуы;
- пайдаланудың практикалық жетістігі.

Жоғарғы оқу орнында “Қазақстан бейнелеу өнері тарихы” пәнін оқыту барысында студенттердің шығармашылық қабілеті мен белсенді ой еңбегін дамытуды ұйымдастыру – оқыту үрдісіне жаңа құралдар мен әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Оқытудағы болатын мұндай өзгерістер педагог еңбегін жетілдіруді және әрдайым психологиялық педагогикалық талдауды талап етіп отырады.

Қазақстан бейнелеу өнері негізінде көркем талғамды қалыптастыра отырып тәрбие беру арқылы студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастырудың тиімділігі төмендегідей шарттарға байланысты артатынын ескеру қажет.

- студенттердің көркем тәрбие арқауы ретінде бейнелеу өнерінің маңызын саналы оймен түсінуі;
- бейнелеу өнері арқылы көркем талғамды негізге ала отырып, тәрбие беру мүмкіндіктерін студенттердің жетік меңгеруі, отаншылдық сезімдерінің оянуы;
- студенттердің бейнелеу өнері саласынан өздігінен білімін жетілдіруі, дербес шығармашылық ізденіске бағыттталып, бағдар алуы және т.б.

Студенттердің біліктілігі мен машықтылығын жетілдіре отырып, олардың ойлау қабілеттері мен көркем, әдемі сөйлей білулерін дамыту мәселесін де естен шығармау жағын да қарастырып отыруымыз керек. Себебі бүгінгі студент жастар – ол келешек ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін болашақ педагог маман. Сондықтан да жоғары оқу орнында оқып, дәріс алып жүрген студенттердің әдістемелік

даярлық яғни, білімдік сапасын жетілдіру жолдарын да үнемі ескеріп отыру керек. Оқытушы студентке болашақ маман ретінде қарай отырып, сөз сөйлеу мәдениетін шыңдаумен қатар өз ойын дұрыс және толықтай жеткізе білуге үйрету, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанырларын ажырата отырып, жоғары дәрежеде баға бере білу сапасын арттыруға үнемі себепші болып отыруға міндетті.

Бейнелеу өнері терең мазмұнымен, көркемдік дәрежесінің биіктігімен, эстетикалық келбетінің ауқымдылығымен сипатталады. Демек, жоғары оқу орнындағы студенттерге бейнелеу өнерін оқыту арқылы эстетикалық тәрбие беруді негізге ала отырып оқытуда, оқыту үрдісінің дәстүрлі түрде түрлі ұжымдық нысандарда, дәрісханаларда, семинарларда, тәжірбиелік және лабораториялық сабақтарда, оқу жұмыстары мен ғылыми – зерттеу жұмыстарын орындау кезінде, аудиториядан тыс уақыттағы өзіндік жұмыстармен қатар, мұражайларға жиі апарып отыруды қажет етеді. Себебі студенттер суретшілердің көркем шығармаларын түпнұсқадан көре отырып ерекше әсер алады. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы артып қана қоймай, рухани жан дүниесі байи түседі.

Қорыта айтқанда жоғары оқу орындарында Қазақстан бейнелеу өнері тарихын тереңдете оқыту студенттердің біліктілігін арттырырумен қатар, оның өзіндік көзқарасы мен эстетикалық талғамын дамытып, өнер жолында өз бағытын табуға мүмкіндік бере отырып, бүгінгі педагогикалық білімді ізгілендіріп, жана сапаға көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Үркімбаева Д. Студенттердің эстетикалық мәдениетін сәндік қолданбалы қол өнер арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Автореферат. – Алматы, 2006. 26- бет.
2. Төкенова Қ. Болашақ мұғалімнің көркемдік талғамын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Автореферат -Алматы, 2006, 26-бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындарында “Қазақстан бейнелеу өнері тарихы” пәнін оқыта отырып студенттерге эстетикалық тәрбие берудің маңыздылығы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности эстетического воспитания студентов высших учебных заведений на основе изучения истории изобразительного искусства Казахстана.

ӘОЖ 391.9

ҚОЛӨНЕРДІ ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Умирбекова С.Т., магистрант, Әбдіқадырова З.Д., х.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазақ қолданбалы қолөнері сонау алғашқы қауымдық кезеңде, тіпті одан бергі сақ, қыпшақ қимақ, түрік мәдениеті өн бойында тұтас сақталып ол бүгінгі күнге дейін жеткен халықтық өнер. Қолөнер санау ескі заман тарихымен ескі біте қайнап келе жатқан бай қазына.

Қазақ қолөнері ескі заман дәуірінен сөнбес мұра боп, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жалғасып беріліп отыратын ұлттық мұра. Біздің көптеген шеберлердің аттары белгісіз болып қалғанымен олардың асқан дарынды үлкен өнер иелері болғаны анық.

Олар ғасырлар бойы үй тұрмысында қолданатын әр түрлі бұйымдар жасап, оларды көркемдеп, сәндегені анық. Әдемі, шебер жасалған қолданбалы қолөнер бұйымдары қазірде баршылық.

Қазіргі заманда дүние жүзіндегі өзгерістерді, келер ғасырдың өмір сипаттарын аңғармау мүмкін емес. Өйткені жер бетінде сан алуан халықтардың өзара ой толғаныстары мен қол созған үміттері осыны байқатады. Тамаша өзгерістердің қозғаушы күшіне айналып отырған Республикамыздың келбеті бүкіл жер шары халқының алдында мерейі өсіп, нұрлану тиіс /2/.

Қазақ жерінде дүниеге көзқарасы, рухани және материалдық мәдениеті жайлы айтқан кезде есте боларлықтай қазақ мәдениетінің өрісі зор. Белгілі ғалым Л.Н.Гумилев көшпелілер жайлы былай дейді:

«Біздің дәуірімізге дейінгі ғасырдағы көшпенділер мәдениеті ерекше дараланады. Оның үстіне XVIII-XIX ғасырлардағы көшпенділер тайпалар мәдениетімен көп жоғары болған». Қазақстан үшін ғасырға жуық Ресей қол астында болғандықтан қолөнеріміздің дамуы тоқтап, көптеген қолөнерлерімізді ұмыта бастаған едік. Бұған қазақ халқы кінәлі еместігі анық, сол кездегі қоғам себепші болды /1/.

Еліміз егемендігін алып, ел болғаны қолөнеріміз дамуына кері әсер тигізбейді.

Халық өнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек.

Белгілі философ А.Х.Досымжанов: «Қайта жаңару уақыты туды. Ол рухани тамырларымызды зерттемей, ұғынбай көпке асуы мүмкін емес. Іздену, ұғыну, өткенге құрметпен қарау, бұл халықтың іштей түлеп, өзін-өзі тану жолының түсуі, өркениетті қоғамдағы озық халықтардың қатарына терезесі тең қатарға қосылу. Халықтың тарихи мұрасының өрлеуі ұлттық сана-сезімінің өсу процесінің негізгі белгісі болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының дәстүрлі қолөнері ең жоғары даму баспалдағына көтеріліп, өнерде өз орнын ала білді. Қазіргі кезде біздің пікірлерімізбен қазақ халқының қол өнерінің, жан-жақты зерттеу ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Біздің ойымызша бүгінгі күн талабы ұлттық мәдениетті зерттеу, танып білу. Қолөнер болғандықтан, қолөнер шеберлерінің дәстүрлі талабына да жан-жақты

зерттеу болашақ жас ғалымдардың ісі. Қолөнер - бұл баға жетпес, өшпес бағалы мұра. Оны біз қолдай да, қорғауымыз керек. Қолөнердің болашағы үлкен. /3/

Адам баласының шеберлігі сондай, қолы арқылы өнердегі әр түрлі ашылмаған бұйымдарды және нәрселерді көрсете отырып, өмірде қалай пайдалануға, қолдануға болатынын дәлелдеп отыр. Қолөнердің сонау көне дәуірден бастап өмір тіршіліктерінде пайдаланған. Сондықтан да еліміздің қолөнерін жан-жақты зерттеуіміз керек.

Халық өнері шығармалары Қазақстанның мұражайларында орын тапқан. Мұражайдан көптеген билердің ертеде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың мәдениетін, тұрмысын, салтын, археологиялық жинағында сипаттайды. Археологтар республиканың түкпірлерінен тастан, сүйектен, қола және алтыннан оюлап сәндеген бұйымдар тапқан.

Дәл қазіргі кезде халықтың байырғы көркем өнеріне ұлттық бейнелеу тәсіліне баса, назар аударылып, зерттелініп жатыр. Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп бірге қайнап келе жатқан өте бай қазына. Ол Қазақ халқының ғана емес, туысқан Орта Азия халықтырымен ұлы орыс халқының қолөнерімен де ұштасып жатады/4/.

1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері әдебиетінің он күндігі «Алтын кемер белгі сән, асыл жиһаз елге сән» дегеннің растығын паш еткен үлкен оқиға болды. Жұртшылық қазақтың қолөнер шеберлері жасаған заттардың 1000-нан аса экспонаттарын көргенде қайран қалды. Шығыс Қазақстандық К.Көшкенова, Торғайлық Н.Сарынбаева, Ш.Мустафин қатысты. Парижде 1926 жылы болған халық аралық көрмеге Р.Барлыбаева, Ш.Сейдахметова, Қ.Досымов, халық оюшысы Р.Ильяева және көптеген халық шеберлерінің ою-өрнектеп жасаған бұйымдары аса жоғары бағаланды.

Қазақ қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, иіру, ою сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Осы қол өнер түрлерінің өзіндік әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қолөнер бұйымдарын күнделікті өмірде қолданады.

«Шебердің ісінен танысың» деген халық мәтелі шеберлердің ісін дәлелдегендей қолөнер атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүр. Анадан мұра болып қалған қолөнердің бір саласы пішу тігу.

Қазақтар өзінің күн көріс, мұрасына қажетті үй салуды, азық түлік, киім-кешек тігуді, тоқуды, өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнде тіршілік барысында өз - орнымен пайдаланып, әдемі, сәнді бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат құра білген. Халық шығармашылығының қандай түрі болсын халықтың қоғамдық тарихы мен, күн-көру кәсібі тығыз байланысты болған.

Қолөнер «еркектерге тән» және «әйелдерге тән» деп екі топқа бөлген. Мысалға айтсақ ерлер тастан, балшықтан, сүйек пен мүйізден металл мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеу сияқты ауыр жұмысты атқарған. Ал, әйелдер кесте тігу, жиек жүргізу, өрнек тоқу және ши орау, сырмақ сыру, оюлау, тері киім тігу сияқты нәзік жұмысты атқарған. Тері илеу, киіз басу, ши тарту жұмыстарын еркектер мен әйелдер бірлесіп істеген.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері кең өріс алды. «Өнер түрі елде мол, өнім сыры жерде мол», «Халықты өнер танытады» деген мақалдар осы өнер молшылығынан туған. Осы ғасырларда қолөнер ішінде кесте тігу, өрнек тоқу, киіз басу өріс алды. Кестелердің түр-түрін кестелеп, қыз балалар өзінің сүйгеніне тарту еткен. XIX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің толассыз даму нәтижесінде айтарлықтай жоғары деңгейге көтеріліп, XIX ғасырдың екінші жартысында Ш.Уәлиханов, С.Бабажанов

сияқты қазақ зиялылары халық өмірін этнографиялық тұрғыда қарастырып, бір қатар деректер жазды. Ол еңбектерде қазақ қолөнері туралы біраз деректер беріледі. 1917 жылдан кейінгі қазақ өмірін этнографиялық түрде зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңде жалпы қазақ өмірін зерттеумен, қолөнер туралы деректер жинау, Қазақстанды зерттеу қоғамның үлесіне тиді.

Қазақ халқының киіз үйі туралы академик Ә.Х.Марғұланның көлемді еңбегі, М.С.Мұқановтың альбом кітабы, сондай-ақ қазақ өнерімен қолөнері туралы Н.Нұрмұхамедовтың еңбектері жарық көрді. Х.Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде ағаш, металл, әр түрлі тастар мен шыныларды өңдеп, жасай білген қазақ шеберлерінің тамаша өнерлерін сипаттайды.

Халықтың қолөнері мен ою-өрнек шығармашылығын ғылыми негізінде арнайы жекелеп зерттеу ісі басталғалы 100 жылдан астам уақыт өтті.

Халықтың мәдени дәрежесі жоғарылаған сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтарының сапасына талап қойып, оның әдемі, сәнді, ұнамды болуын қалады. Одан әрмен шығармашылық ізденудің нәтижесінде күнделікті керек заттардың жаңа түрлерін шығаруға талабы да арта түсті. Дами келе техникамен жақсы жабдықталған фабрикалар мен кәсіпшілік артельдеріне кілем тоқылып, кітап сөрелері, төсек, сәнді сандық, киімдер тігіп жасалды. Тігу ісі және кестелеу өнері де арнайы машиналармен орындалды. Зауыттарда көптеген бұйымдарды оюлап, өрнектеліп шығарыла бастады/6/.

Қолөнер айтарлықтай ежелгі халық тұрмысында маңызды деп айту қиынырақ, ендігі жерде онымен шұғылдандудың керегі жоқ деген әсте болмайды. Қазақ халқының қолөнерін сапасы жоғары түрлендіру әдісімен алға қарай дамыту қажет. Төрт түлік малдың халық өмір тіршілінде маңызы зор. Қой мен ешкінің терісінен тон, шалбар, ішік, лақ терісінен ішік, қозымен лақ терісінен тымақ, бөрік, құлақшын тігіп отырған. Теріден тігілген киімдерді кестелі немесе кестесіз матамен тыстап, әдіптейді, жағаларын, жеңдерін кестелеп жұрындайды, сызық жүргізу арқылы әшекелейді.

Қазақтың қолданбалы қолөнерінің халық тұрмысына қажетті бұйымдарын айта кететін болсақ, ол киіз, оюлап киіз басу тек қазақтың ғана тиген еншісінде емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән ортақ нәрсе. Киіз басумен халық түгел дерлік тұрғындары айналысты. Бір өзгешеліктері киіздің жасалуында емес, безендірілуінде, қайталанбас өрнектерінде. Өрнектерінің өзінде әр рудың өзіндік тән ерекшеліктері бар.

Қолөнер ісінің басқа түрлеріне қарағанда ши тоқу әлдеқайда арзанға түседі, әрі төзімді келеді. Ши тоқу ісі-шиді жүнмен орап, оған түрлі өрнектерді тоқу. Қолөнердің басқа да түрлері сияқты сонау ертеден келе жатқан өнер. Ши бұйымы киіз үйдің ішін алған ерекше бұйым.

Қазақ халқының қолданбалы қолөнері ши бұйымын жалпы сырт көрінісіне қарай үш түрге бөледі ақ ши, ораулы ши, шым ши. Ши тарту оны аршу, орау, жүн орап тоқу науқан сияқты, ауыл тұрғындарының бәріне ортақ жұмыс. Тоқылатын ши мал аяғы баспаған, жардың орта шенінде бойлап өскен кезде тартылады. Халық қолөнерінің шеберлері өрнекті шым ши, ораулы ши, ақ шилерді қанат шилер деп атайды. /5/

Өнер түрлерімен танысудағы ең негізгі жетістік - жаңалыққа қызығушылықпен ұмтылу. Өнер даму үшін, адам күнделікті өзін жан-жақты дамытып отыру қажет.

Қолөнер негізінен қойдың мүйізін бейнелейді. 1940 жылдан кейінгі уақытта қазақ авторларының еңбектері, оның ішінде қазақ ою өнерінің шығу тегін туралы Басенова Т.К. «Қазақстан ою архитектурасы» еңбегінен көреміз.

Қазақ оюының негізі, - дейді. Ол сақ-сырматтық өнер дәуірі көп мағыналы мотивтерден "мүйіз" және де "өсулі өнерді" бөліп анықтады. Бұл дәуірде дала адамдарының ою шаруашылығынан айтарлықтай із қалдырған. Негізгі сатысы базис немесе каркас ою системасы /7/.

Қазақтың этнографы Мұқановтың "Қазақтың үйдегі суреттер жұмысы" және "Қазақтың киіз үйі" атты еңбегі шықты.

Үй жабдықтары негізінен киізден дайындалады. Азия халықтары мен Еуропа халқына таныс. Ол даму бастауын түркі халықтарынан алады. Екі жақын қанды халық қазақ пен қырғыз - бұл үй кәсібін ең жоғарғы өнерге жеткізді. Кілем өте құнды бұйым ретінде бағаланады. Кілемді тазалығы мен ашықтығы, таңқаларлық суреттермен мүсінді мәнін аша түсетін. Жақын қанды қазақтар мен қырғыздар көптеген технологиялық әдістер қолданып, әр түрлі кілем тоқуды білетін технология құрылысы жағынан өте қарапайым текемет. Текеметті жартылай дайындалған киізге әр түрлі бояулы жүннен еркін кестелейді. Текеметке квадрат, ромб, айқас сызықтар фигураларын қолданады. Бұл фигуралар, яғни оюлардың үш түрі - XX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы түрі өте көнеде пайда болған.

Бұның негізгі органикалық форма әлемі - өсімдіктер мен зооморфты – бәрі бір құрылысты заңға бағынады. Бұған өте көне спираль тәрізді разетка, дөңгелектерді де жатқызамыз. Оюлардың ішінде өсімдік кестесі екінші топқа жатады. Күрделі геометриялық конфигурациялар мен көп жақты бұрыштар, сатылы ромб, жұлдыз тәрізді фигура, күрделі крест формаларын енгізуге болады. Қазақтың қолөнер жүйесін осындай ою түрлері құрайды. Композициялық сипатының ұйымдасуы ою жүйесінде зерттеу кезінде тек құрылыс теңдігін ғана емес анимизмді де қалайды.

Қазақ арасында ең көп тарағандары сырмақ, текемет, түс киіз, сандыққап, тұтқыш сияқтыларды көбінесе оюлаған әр түрлі басқа заттарды тек өрнектеп сыру арқылы жасайды. Толқынды не сыру, не былғары, не болмаса оюлата бастырып оймақтап тігу арқылы әшекелейді.

Өрнек - әшекейлерді бояуды түсіне қарай оюластырудың зор мәні бар. Әрбір түс белгілі тәртіппен кезектесіп отырмаса, өрнек әрсіз нашар болып шығады. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігіне үлкен роль атқарған. Жүннен киім-кешек, арқан - жіп , әр түрлі төсеніштер , шекпен, мүліктер жасаған.

Күзен жүннен, қозы жүннен киіз басады, текемет, қалпақ, пима, киім-кешектер жасалады.

Ешкінің түбіт жүнінен иіруге, шарф, шұлық, шәлі жеңіл әрі жылы киімдерді тоқуға болады. «Үй жасауы - кілем» - ол әлі сақталып келе жатқан бағалы зат.

Қазақстан территориясында бұдан мың жылдар бұрын қарапайым халық өнерпаздардың ой қазынасынан шығып шебер қолдарымен тоқитын. Қазақстан облыстарында кездесетін киім түрлері: бұқар кілем, жол кілем, жібек кілем, мақта кілем, жолақ кілем, қара кілем, тақыр кілем, түкті кілем, алаша кілем, түркімен кілемі. Қазақ халқының кілем тоқумен ертеден таныс екені және кілемнің әр жерде әр түрлі мәнерде жасалғандығын айғақтайды. Кейінгі кезде фабрикаларда, істелінетін қол өнімдерінің бірі кілем тоқу болды. Кілемді әдемі біркелкі етіп тоқиды. Фабрикада станоктардың көмегімен өте сәнді жасалады. Кілем өрнегінде әр түрлі, түсті бояулар қолданып, сәнді шықты.

Кілем тоқитын шеберлер түстерін үйлестіріп әр түрлі әдістермен көрікті етіп орындады. Қазіргі кезде қолданатын тұрмыстық қажетті жеңіл заттарды, өрнектерді қолмен тоқиды. Іскерлердің қолымен тоқыған заттарын станокпен

тоқитын болды. Қолмен тоқуда ерекше нәрсе, адамның көңіл күйін, іскерлігін, ептігін көреміз. Адамның адамгершілігін, сана-сезімін көреміз. Бұл бұйым үйге көрік беретін бұйым.

Қолмен тоқу өнері өте көп. Оның түрлерін айта кететін болсақ шарф, шәлі, сумка, жағалар, орамал, шілтер, жастық тысы, жапқыштар. Қазақ халқы қолдан жасаған әр түрлі заттарды үйге, іске жаратты. Қазіргі кезде, бүгінгі таңда өмір талабына сай әр түрлі киім-кешек дорба, тондар өндіре бастады. Қолмен өндірмейді, фабрикаларда станоктармен өндіреді.

Бұл заттар адам тұрмысының әр саласында жасалады, күнделікті тұрмыста қажетін өңдейді. Адам өзінің күнделікті өмірінде қолданып жүрген заттардың жай ғана заттар емес, тұрмыс тіршіліктің әдемі бейнесі екенін байқаймыз. Дүниеге өнер кәсіптің келуі халықтың әл-ауқатының жақсарып, талап тілегінің, талғампаздығының артуына себепші болды. Қазақ халқының тарихы терең, қазынаға бай қолөнерін ардақтауға бәріміздің де қосар үлесіміз зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері - Алматы. Өнер, 1987-128 б.
2. Гумилев Л.Н. Хунны в Китае - СПб. Наука, 1994. 271с.
3. Әзілхан Қ. Нұрлы нақыштар: Ұлттық қолөнердің бүгінгі мен болашағы туралы пікір // Егеменді Қазақстан, 1991, 21 желтоқсан.
4. Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы:Қазақстан, 1974, 235 б.
5. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: Кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым, 1999-2006.
6. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. - Алматы: Қазақстан, 1995.-240 б. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. 10-25 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қолөнердің даму тарихы туралы түсініктеме және халық тұрмысында пайдалануы жайлы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история становления и развития прикладного искусства казахов и особенности ее использования в народном быту.

ӘОЖ 391.9

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Умирбекова.С.Т., магистрант, Шагирова К.А., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан–2030» стратегиясында болашақты жасайтын азаматтарды сол ғасыр талабына сай тәрбиелеу қажеттілігіне тоқтала келе: «2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар маманды қажет ететін салаларға көңіл бөле тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі» -

деп атап көрсеткен. ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар (маман) қорын жасақтауымыз қажет, осы заманға сай білім беру жүйесінсіз әрі алыста барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра аламыз. Барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт- деді ел басымыз Н.Ә.Назарбаев/1/.

Біздің әрбір қазақстандықтардың жоғары білім алуға нақтылы кепілдік беруіміз керек. Өзіміздің мамандарды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған кәсіптік білім беруді бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын. Барлық тәлім білікті мамандар мектеп қабырғасынан басталады. Сондықтан біздің 2008 жылдан бастап 12-жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік дейгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруымыз керек. Біз мамандардың беделі мен абыройын көтеруге міндеттіміз. Бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап зерделеудің, нәтижесінде оның айналасындағы жастарға тәрбие мол тәжірибе беруге және тәрбиелеуге қажеттілігін тудырады. Ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүріміздің де тәрбиелік маңызы зор. Сол қазақ халқының бұрынан келе жатқан дәстүрі, үй жабдығы болмасын, барлығыда ою-өрнек арқылы безендірілген, ол салынған әрбір ою-өрнектің мән мағынасы, өте көпте, зор. Сонымен қатар оның ішінде ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі таңда ұрпақтарымыздың тәлім тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып отыр. Қазақтың ұлттық ою-өрнек өнері бойынша толығырақ білім сапасын және оқушыларды тәрбиелеу ісінде пайдалана алу іскерлігі мен қабілетілікті қажет етеді. Ою-өрнектер сырын зерттеген ғалымымыз М.Өмірбекованың пікірінше өзінің еңбегінде, болашақ зергер, мүсінші және суретшілерде әліппесін мектептен-ақ бастайды. Сондықтан мектеп өте күрделі зертхана. Мектеп қабырғасынан алған білім мен тәрбие әрбір оқушының қолындағы қажетті кілт десе де болады және де мектепте ою-өрнек өнерін 3-сыныптан декоративті сурет салу сабағына өткізу әбден мүмкін/2/. Балкенов Ж, Қамақов А, Асылханов Е, Болатбаев Қ, Әмірғазин тағы басқа біздің ғалымдарымыз өз еңбектерінде олардың бастауыш сыныптардың оқу тәрбие процесінде ұлттық колөнер, соның ішінде ою-өрнек дәстүрлерін тиімді жолдарын, пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін тереңдете отырып, күшейтудің түрлерін қалыптастыру.

Қай-қайсысы болмасын өнер түрлерінің яғни қазақ халқының айнала қоршаған бұйым зат, құбылыстарының кез-келгенін алып қарасаң да жасалу болмысына ою-өрнек өнері еніп отырған, оларды әсем де сәнді көрсетіп, мазмұнынды әсерлі етіп отырғаны белгілі. Оюмен ғана ойын толық, мазмұны анық көрінетін қолөнері - қазақ халқының байырғы кәсібі болғаны мәлім. Қазіргі таңда елімізде егеменділік алғаннан кейін өзіміздің ұлттық Наурыз мейрамы тойланып жатыр. Сонымен қатар мектеп қабырғасында еңбек пәніне бұрын немқұрайлы қараса, қазір кезде еңбек пәніне аса көңіл бөлініп, оқушыларымызға қол өнерді жақсы үйретуде. Ұлттық өнеріміздің жоғарғы дәрежеге көтеріле бастағанын осыдан байқауымызға болады. Өнеріміздің өсуіне үлкен сенім, мүмкіндіктер бар, сол өнеріміздің ою-өрнектің жас өспірімдерге тигізер тәрбиелік маңызы өте зор. Абай атамыз айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тапта бар қалан» - демекші осы біздің жас ұрпақты білген түйгенімізбен сусындатсақ артық болмас, оның бәрі өз қолымызда.

Осыған орай біз қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты көрсетілген талаптармен оқушыларды нәтижелі тәрбиелеуге даярлығын жетілдіру. Сондай-ақ

бір қатар оқушылардың адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруда әр ою-өрнектің өзіндік ерекше мағынасы бар екендігін салт дәстүр арқылы үлкендер, ата-апаларымыз балаларына түсіндірген. Қолөнердің адам өміріндегі ролі және әрбір ою-өрнектің мағыналық ерекшелігін өрнектің өзіндік символдық мәнін ұғындырған.

Қол өнер - қазақ халқының материалдық, рухани қажеттерін өтеп қана қоймай, дер кезінде өздерінің балаларына мұра қылып, қыр сырын түсіндірген және ұлттық рухта тәрбиелеуде ою-өрнектің атқаратын ролі өте зор. Ою-өрнек өнері - қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдениет шежіресі, болашақ ұрпақтарға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді және қолөнер, сурет, сәулет өнері мен өндіріс салаларына ендіре отырып, осы біздің өнерді қайта жаңғыртуымыз қажет. Ою-өрнектің атаулары белгілі бір мағына, мән жасырып тұр: мүйіз ою - мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен «мүйіз ою» аталуы сөзсіз. Он саусағынан өнер тамған әжелеріміз түскиіздің шетіне көбінесе қолтықшасына өрнектеген бұл оюдың өзінде ерекше мәні жатыр: «Қош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып дем алыңыз» деген қонақ жайлық мағынаны түсіндірген. Александр Македонский айтқан екен: «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көрем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен тенеуге болады екен» - деп айтқан. Сонымен қатар, омыртқа ою - ол мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, бұл ою қайраттылықтың, ерліктің белгісі екеніне көзі жеткізеді. Бұл ою ер адамның, батырдың киімінің, кейде құралдың шетіне салынады. Осындай көптеген ою-өрнектердің бірнеше түрі бар, мысалы, тау оюын алсақ - қол өнер бұйымдарының жиектеріне салынады, ол - мәңгіліктің, күш-құдіреттің символы. Кезінде қазақтар бағытты, уақытты жұлдыздардың қозғалысына қарай болжап білген. Жыл мезгілдерін, табиғаттан болатын тосын құбылыстарды да алдын ала дәл шамалаған. «Ай туды», «Күннің құбылуы» деген тіркестер осыдан қалған. Қазақтың космогониялық өрнектерінен көрініс тапқандай. Міне олардың өзіндік мағынасы осында жатыр. Қазақ халқының ерте кезден бері әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бойынша, бөтен жерге, алыс ауылға тұрмысқа шыққан қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберуі. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің күйеуге шыққанын кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберген. Салт бойынша тұрмысқа шыққан қыз үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетінде бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған дөп-дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Сәлемдеме қыздың ата-анасы жарт-жұрттыққа ұзатылған баласының «отырса опық, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген. Ал керісінше басқа күйеуге ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған /3/.

Оқушыға айналадағы дүниені таныта отырып ою-өрнек мәнін ұғындыру және тәлім тәрбие бере отыру қажет. Міне осындай ою-өрнек арқылы тәлім тәрбие тек қана еңбек сабағы кезінде ғана емес мысалға: Егеменді алған кезге дейін мектеп қабырғасындағы оқушыларымыз тек қана мектеп формасымен жүрген, қазір оқушыларымыз еркін формада жүргені анық. Қайсы оқушы қайсы мұғалім екенін ажырату қиын. Сол кездегі біздер киген мектеп формасы бір жағынан тәрбиелік жағынан мәні болса, екінші жағынан әдемі, жарасымды да үйлесімді болған көреміз. Бүгінгі таңдағы оқушыларымызға сәл де болса ою - өрнек түскен, жарасымды форма түрін ойластырғанымыз абзал, ою таңдау барысында ұлттық рәміздеріміздегі ою-өрнектерді алсақ қалай болады деген

ойдамыз. Осы ою - өрнектер мектеп формасының бір жерінен орын алса, оқушыларымыздың жанында, жүрегiнiң тұсында жүрсе, Отанға, елге деген сүйiспеншiлiгi арта түсер едi. Әрбiр оқушының жүрегiнде, ол қазақ азаматы екендiгi сезiнедi. Жоғарыда мысал етiп айтқан ою-өрнектердiң мән – жайын әр уақытта түсiндiре отырып оқушыларымыздың патриоттық сезiмiне ұялатуымыз керек. Осы бiз шет ел киiмдерiнiң эмблемасымен тiгiлген киiмдердi мода етiп киiп жүргенше (адидас, пума, т.б.с.с) оданда өзiмiздiң қазақтың ұлттық ою-өрнектерiмен тiгiлген киiмдi неге кимеймiз? Халқымыздың ою-өрнектерiмен көмкерiлген киiм - үлгiлерiн жастарымыздың бойынан көру бiз үшiн бақыт.

Сумоншакпен немесе кестеленген ою-өрнектi түсiрiп неге өз киiмдерiмiзге, сәндiк көйлектерiмiздi әшекейлесек болар едi, олда көзге әдеми көрiнерi хақ.

«Қазақта балаға әкеден гөрi ана көп қарайды, қыздарына үй iшiндегi өнердiң бәрiн үйретедi» -деп қазақ халқының тәрбиелеу дәстүрiн сипаттаған А.Левшин. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пiшер», «Өз үйiнде ою оймаған, кiсi үйiнде сызу да сыза алмас», «Өнерлiнiң қолын ұста, өнегелiнiң жолын ұста» - деген халқымыз өзiнiң ұрпағына осы мәтелдi айта отырып тәлiм-тәрбие берген.

Демек, ою-өрнектiң өзiндiк тәлiм-тәрбиесi осы бiздiң қазақ қыздары мен ер балаларына, тұрмыстық заттарға қатысты ою-өрнектер - күнделiктi өмiрдегi, ең мәндi де қастерлi ұғымдарды көрсететiн заттардың бейнесi: олай болса ұл-қыздарымыз өмiрде көрiп жүрген заттарының бейнесiнен ата-бабасының қолмен жасалынған бұйымдардан көрiп жүргенi белгiлi, оның әсемдiлiгiне бiр сүйсiнетiндегi жағдай және сол өрнектiң мағынасын терең ұғынуы арқылы өз бойында ол затқа деген ерекше құрмет пайда болады. Жоғарыда айтып кеткендей ою-өрнектiң мүйiз және басқа жан-жануар, аң, құсқа байланысты ұғым-түсiнiктердi ауыз әдебиетi үлгiлерiнен естiп, тындап, бiлiп жүрген оқушыларымыз, олардың бейнелерiн қолөнер туындыларынан да көрiп қаныға түседi: сол образдарды санасына әбден сiңiрiп өседi, яғни олар осы ою-өрнектердiң түр-түсiнiң әсемдiгiне сәйкес жып-жинақы орналасуына эстетикалық әсер алып қана қоймай, бейнеленген ұғымдарына аспан белгiлерiн, аспан сырын сол кездегi өздерiнiң дүниетанымдарын түсiндiре отырып, айдың, күннiң және басқалардың бейнелерiн ұғындырған. Үлкендер мұндай өрнектердiң мәнiсiн үйрету арқылы жастардың адамгершiлiк тәрбиесiн жетiлдiре түскен.

Сонымен қатар оқушыларды туған жерлерiне деген сүйiспеншiлiгiн және жер, су, өсiмдiктерiн аялайтын абзал азамат болып жетiлуiн және оған талап ете отыру. Жер су өсiмдiктерге қатысты да қасиеттi ұғымдарға ою-өрнек өнерiн бейнелеу арқылы оқушыларды суды ластамауына, талды сындырмауын, шөптi жұлмауына тағы басқа сол сияқты тәртiптiлiкке шақыру. Яғни, сол өрнектердiң жасалу тәсiлдерiн көрсетiп қана қоймай мазмұнын түсiндiру негiзiнде оқушылардың туған жер табиғатына деген аялы сезiмдерiн оята алу.

Егер шығымдану қорытындыларын соттан тыс тәртіпке қарайтын болса, онда олардың салық төлеушілер үшін оң нәтижелері болады және салық тексеру нәтижелерімен келіспейтін барлық салық төлеушілердің өтініш жасауы үшін көтермелеу болып табылады. Әрине аппиляция қосымша тексеруге әкеп соғады. *Қосымша тексеру* тек салық төлеушінің шағымын қараған кезде ғана тағайындалады және салық төлеушілер арасында туындаған даулы мәселелерді шешу болып табылады. Сөйтіп, қосымша тексеру, ең алдымен, салық төлеушілердің мүдделері үшін объективті және әділетті шешім қабылдау мақсатында жүргізіледі.

Салық органдарының бақылау іс-әрекетіне, салық салу негізіне қатысты қазіргі құқықтық актілерді талдау нәтижесінде, заңды тұлғалардың салықтық төлемдеріне салық органдар бақылауының төмендегідей ерекшеліктері байқалады. *Біріншіден*, салық органдарына тіркеуге тұрумен байланысты. Заңды тұлғалардың салық төлеуші ретінде тіркеуге тұруының ерекшелігі, олар тек қатаң түрде бекітілген заңдағы мерзімдерге сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін салықтық есепке тұруға міндетті. *Екіншіден*, бақылауды жүргізу нысандары мен әдістері бойынша айырмашылығы бар. Мысалы, камералдық салықтық тексеру барлық салық төлеушілерге жасалынатын болса, барып салықтық тексеру жүргізу – тек заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты жүзеге асырылады. *Үшіншіден*, бюджетке төленбей қалған сомаларды төлету тәртібінде де айырмашылық бар. Заңды тұлғалардан қарыз берешектері мен салықтар бойынша өсімпұлдарын салық органдарын қаржы өндіру барысында жедел болуын қамтиды. Бірақ кей кездерде ондай жағдайлар салық төлеушінің заңды құқықтарын және қызығушылығын бұзуға әкеп соғады.

Бақылау салық органының барлық бағытына қатысты. Соған байланысты салықтық бақылаудың мақсаттары мен тактикалық межелері сан алуан түрлі. Салық органдарының алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігі, олардың қызметкерлерінің бақылау шаралары мен құқықтарының аясын кеңейтілуін қажет етеді. Мысалы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге жалданушы шет елдерден заңсыз келуші жұмысшы күшіне төленген еңбекақыларына салық көбіне төленбейді. Тіпті олардың басым көпшілігі салықтық тіркеуге тұрмайды. Бұл сәтте еліміздің жалдаушы заңды және жеке тұлғаларына қатысты олардың арзан жұмыс күшін жалдау кезінде салықтық міндеттемелерге қатысты шаралар ұйымдастырылуы керек. Сонымен бірге шет елдерден ағылып келуші жұмыссыздарға құқық қорғау органдарымен біріге отырып жасалатын шараларды заңдық негіздеп, оларға толып жатқан қыруар қаржылардан мемлекетке тиісті салық сомаларын өндіріп, бюджетті толықтыра түсу керек.

Қорыта келгенде Салық кодексіне бірінші кезекте салықтық тексеру кезеңділіктері бойынша 534-баптың 1-тармағына өзгеріс енгізілуі керек:

а) заңды тұлғаларды кешендік тексеру 3 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта бір рет, ал тақырыптық тексеру жылына бір реттен жиі болмауы тиіс;

б) жеке тұлғаларды кешенді тексеру 5 жылдан 10 жылға дейінгі аралықтан кем болмауы керек те, тақырыптық тексеру тіпті қажеті жоқ. Әрине 534 – баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайлар-дан басқа кездерде;

в) бір мекемелердің тұрақты түрде тексеріліп, ал екінші бір мекемелердің елеусіз, бақылаусыз қалмауын қадағалап отыратын шаралар болуы керек. Өйткені ірі көлемді кәсіпорындарды тек салық органы емес барлық бақылаушы органдар тарапынан тексеру үстіне тексерулер жасалып отырылады да, орта және шағын кәсіпорындарда ашылған сәтінен бастап ондаған жылдар бойы тексерілмеген жағдайлары кездесіп отырады;

г) сонымен бірге Салық кодексіне әрбір салықтық құқық бұзушылықты, салықтық бақылау кезінде анықталған жағдайда, қолданылатын шаралар мен айыппұлдар, өсімпұлдарды есептеу жағын қатаңдау етіп өзгерістер енгізу керек, сол арқылы салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерді өз уақытында және толық көлемде орындап отыруы - өсімпұлдар мен айыппұлдар төлеуден гөрі анағұрлым пайдалырақ екендігін тез түсінетіндей дәрежеге жеткізу керек;

д) Салық кодексіне және басқа да салық заңнамалары мен нормативтік актілеріне әрбір өзгерісті енгізуге негізгі ұсыныстар - ең төменгі сатыдағы салық комитеттерінен басталуы тиіс, өйткені олар тікелей салық төлеушімен жұмыс істей отырып, қандай мәселелердің жиі туындайтындығымен тікелей ұшырасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР «Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер» туралы Кодексі 12 маусым 2001 жылы № 210.
2. ҚР «Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер» туралы Заңы 124.04. 1995 жылғы № 2235.
3. Қ.Р. «Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер» туралы Кодексі 12 маусым 2001 жылы № 210-11 (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).
4. ҚР Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім).
5. ҚР Президентінің жолдауы 2000 жылы.
6. Е.В.Порохов. Теория налоговых обязательств/Учебное пособие «Жеті жарғы». А.: 2001 год.
7. А.И.Худяков. Налоговое Право РК/Учебник «Жеті жарғы». А.: 1998 год.
8. А.И.Худяков. Финансовое Право РК./изд. Қаржы - қаражат, Алматы, 1995 год.
9. Г.Карагусова. Налоги: сущность и практика использования./изд. Қаржы-қаражат. 1996 год.
10. Б.Аймаков. Налоговая система в условиях рыночных отношений // Финансы Казахстана 1996 год, № 9.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ҚР-дағы салықтық бақылауды ұйымдастыру тәртібін жетілдіру мен оның тиімділігін арттырудың заңнамалық және нормативтік мәселелеріне талдау жасалады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье подвергнуты анализу законодательные и нормативные аспекты совершенствования порядка организации налоговых проверок и повышение ее эффективности в РК.

ӘОЖ 378. 14(063)

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ДАЙЫНДАЛУ МЕН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

Бихондиев Б.Б. э.ғ.к., доцент - (Алматы қ., Қазмемқызпи)
Бихондиева А.Б. аға оқытушы- (Шымкент қ., М.О.Әуезов ат. ОҚМУ)

1. Семинар сабақтарына дайындалу және өткізу.

Семинар – оқу процесін ұйымдастырудың күрделі және көп еңбектенуді талап ететін нысаны, себебі оның нәтижелі өткізілуі - тек қана оқытушыларға ғана тәуелді емес, көбінесе студенттердің сабақта өзінше дайындалу дәрежесі мен зор ынта қоюына және олардың белсенділік көрсетуіне тығыз байланыста болады.

Семинар сабақтарында оқытушы студенттермен өзара үнемі қарым-қатынаста болады, оның өзара ғылыми және тәрбиелік тұрғыдан студенттерге ықпалы мен жемісі зор. Семинардың лекциядан ерекшелігі, ол студенттер мен оқытушылар арасындағы байланыстарды күшейте түсуді қамтамасыз етеді. Екі-сағаттық семинар сабағында негізгі талқыланатын мәселелер 3-4 сұрақтардан аспағаны абзал. Егер де семинарда талқыланатын негізгі мәселелер 5-6 сұрақтардан құралатын болса, онда мұндай мәселелерді семинар сабағының шеңберінде талқылау атүсті, асығыс, әрі өз дәрежесінде оларға көңіл бөлінбей өткізілуі мүмкін.

Оқытушының семинар сабақтарына дайындалуы үш құрамдас, әрі өзара сабақтас үш үрдістерден, яғни:

- а) ұйымдастырушылық;
- ә) ғылыми-теориялық;
- б) методикалық үрдістерден құралады.

I. ұйымдастырушылық үрдісі деп семестрдің басында жұмыс істеуге арналған лектер мен топтардың студенттерімен оқытушының алдын-ала танысуын айтады. Студенттерді өз мезгілінде семинар сабақтарының негізгі және қосымша әдебиеттері көрсетілген жоспарымен таныстырып, қамтамасыз ету қажет, онда курс бойынша студенттер үшін арналған баяндамалар мен рефераттарды, есептерді қайдан алып, қалайша орындау жөнінде жазбаша методикалық кеңестер болуы тиіс, бұл студенттердің экономикалық теорияның жекелеген, әрбір тақырыбына дайындалуына өте қажет. Әрбір оқытушы студенттердің өзіндік жұмыстарына байланысты курстың әр түрлі мәселелері бойынша топтық немесе жекелей кеңестерді студенттермен өткізуді қамтамасыз ету арқылы жан-жақты, әрі үнемі көмек көрсетуге міндетті.

II. Ғылыми-теориялық үрдісі деп семинардың атқаратын қызметтеріне сәйкес оның пәндік – мазмұны мен тәрбиелік деңгейін күшейту мақсатындағы оқытушының дайындығын айтады. Бұл жағдайда семинардың мақсаты – қозғалатын проблемалармен өзара үндесіп, оның әрі түсінікті түрде тұжырымдалуы тиіс. Өзекті мәселе бойынша шешімдер қабылдау барысында

жаңа белесті білім алу үшін студент өз білімін орнықты, әрі тиімді қолданатын болды.

III. Методикалық үрдіс деп – семинардың ғылыми-теориялық мазмұнын оқытушының іріктеп және өз ой елегінен өткізіп, оны дидактикалық тұрғыдан өңдеуін айтады. Бұл жағдайда оқытуды жандандырудың қазіргі кездегі құралдары-студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне баулуға қызмет ететін болады. Осыған орай, оқытушының міндеті - семинар сабағында студенттердің өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуіне тірек болатын мәселелерді сұрыптап, таңдап беру болып табылады. Мұны семинарды өткізудің әртүрлі әдістері мен түрлерін, тәсілдерін ұштастыру арқылы жүзеге асыру қажет.

2. Семинардың қызметтері.

I. Семинар ең алдымен білім беру қызметін атқарады, себебі семинар сабағына дайындалу барысында студенттер ғылыми әдебиеттермен және оқу материалдарын өз бетінше оқып үйренуді, семинар сабақтарын талдау кезінде олар оқытушымен және басқа студенттермен еркін өзара араласып, пікір таластырады.

II. Семинардың танымдық қызметі оқытушының жетекшілік етуімен немесе оның көмегімен белгілі бір ұғымдарды студенттің зерттеуге кірісуі арқылы жүзеге асырылады. Осылайша әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды талдау барысында студенттердің бойында дидактикалық зерттеу әдісін пайдалана білу және оның ойлау қабілеттіктері қалыптасады. Нәтижесінде студенттердің білім дәрежесі тереңдеп, нығаяды және танымның жоғары сатысына көтеріледі.

III. Тәрбиелік қызметі – оның танымдық қызметінен туындайды, себебі экономикалық теорияны оқып-үйрену өмірлік көзқарастардың қалыптасуымен тығыз да, ең бастысы, семинарда инабаттық мәселелер, жастарды еңбекке баулу, экономикалық тәрбие беру мәселелері өз шешімдерін табады. Студенттер өздерінің алған білімдерінің нәтижесінде болашақ мамандардың бойында белсенді өмірлік көзқарастарын қалыптастырады.

IV. Бақылау жасау қызметі – семинар сабағында оқытушы мен студенттер арасында қалыптасатын өзара тығыз қарым-қатынастар мен ұзақ байланыстар негізінде пайда болады және ол білім беру, таным және тәрбие беру қызметтерімен өзара сабақтас. Оқытушының семинар сабақтарында студенттердің білімдеріне үнемі талдау жасау және баға беру арқылы “Экономикалық теория” курсы бойынша бүкіл білім беру жүйесін жетілдіруге мүмкіншіліктері мол.

V. Шешендік өнер мен пікір таластыра білуді жастарды» бойына қалыптастыру қызметі семинар сабақтарында “Экономикалық теория” курсы бойынша білім беру процесін мейлінше жандандыру нәтижесінде пайда болады. Семинардың бұл қызметі студенттермен жұмыстарды жіктеп, саралап ұйымдастыруға тікелей байланысты.

VI. Жеке өзіндік жұмыстарды студенттерге орындату және жүзеге асыру арқылы семинар сабағында әрбір студенттің басым және әлсіз жақтарын анықтап, олардың әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктеріне сәйкес, дербес жұмыс істеуге мүмкіншіліктер жасалады. Семинар сабақтарында оның сұрақтарынан басқа проблемалық мәселелерге көңіл аудару қажет.

VII. Проблемалық мәселелерді оқып-үйрену семинардың жаңа қызметтерін туындатады. Осылайша семинар студенттердің өз бетінше тұжырымдар жасауға және өз әріптестерінің пікірлеріне сын көзбен қарауға баулудың мектебіне айналады. Проблемалық білім беру жағдайында жоғарыда аталған семинар қызметтері одан әрі күшейе түседі. Мысалы, семинардың таным қызметі — өсу

проблемаларының шешімдерін табу, тапсырмалармен және басқа да әдебиеттер негізінде проблемалық тапсырмаларды орындау және ғылыми экономикалық сананы қалыптастыру және т.б. арқылы толықтырылады.

3. Семинардың типтері мен методтары

Жоғарыда аталған қызметтері семинардың барлық типтеріне де ортақ.

I. Семинар сабақтарының үш типі бар:

1) Жүйелік-тақырыптың типтегі семинар көп таралған. Бұл лекциялардың тақырыптарына сәйкес, жүйелі курс бағдарламасының әрбір тақырыбы бойынша өткізілетін семинар сабағы болып табылады.

2) «Проблемалық-тақырыптық типтегі семинар» деп курсты белгілі бір бөлімі бойынша, бірнеше тақырыптар мен бөлімшелерден құралып өткізілетін семинарды айтады. Мұндай семинарлар студенттермен жұмыстарды ұйымдастырудың орта мезгілінде немесе соңғы уақытында өткізіледі.

3) Арнайы семинар деп – методикалық сипаттағы мәселелерге немесе белгілі маңызды мәселеге арналып өткізілетін жүйелі семинарды айтады.

Семинар сабақтарының бұл типтері әртүрлі методикалық әдістерді қолдау нәтижесінде семинар сабағында бір мезгілде пайдалануы мүмкін.

4. Семинарды өткізу әдістері.

1. Семинар сабағы өткізуде ең көп таралған жоспар бойынша сұрақ-жауап әдісі болып табылады. Бұл жағдайда аталған әдебиет бойынша берілген сұрақтарға студенттердің барлығы дайындалады. Студенттер өз тілектері бойынша немесе оқытушының шақыруымен жауап береді.

2. Семинар сабақтары рефераттар мен баяндамаларды талқылау әдісі арқылы өткізілуі мүмкін, бұл студенттердің алдынала әдебиеттерді іріктеуіне, рефератты», баяндаманың жоспарын жасап, олардың мазмұнын құрастыруына байланысты оқытушыдан үлкен дайындық жұмыстарын іске асыруды талап етеді. Рефераттар мен баяндамаларды» тақырыптары кафедра мәжілісінде бекітіліп және барлық студенттер топтарына беріледі.

Рефераттар мен баяндамаларды тыңдаудың басты нысандары: біріншіден, академиялық топтың белгілі бір студентіне нақты тақырып бойынша дайындауды жіктеу; екіншіден, белгілі тақырып бойынша бір немесе бірнеше студенттерге рефераттарды бірізгіде жазуды міндеттеу, мұндай жағдайда бір студент негізгі баяндамашы ретінде сөйлейді де, қалғандары пікір айтушы ретінде оны толықтырады; үшіншіден, студент өз қалауы бойынша реферат пен баяндаманың тақырыбын таңдап алады.

Осылайша рефератқа (баяндамаға) дайындалудың үш жолының маңызы бірдей. Академиялық топтың құрамын, дайындық дәрежесін ескере отырып, оқытушы атаған рефераттар мен баяндамаларды тыңдаудың үш түрінің өзіне ұнағанын тыңдауға әрқашанда құқылы.

Студенттерге рефераттың (баяндаманың) тақырыбы бойынша академиялық топтың алдында 10-12 минуттан аспай сөйлесуі тиіс екенін алдын-ала ескерткен жөн. Уақыты бұлайша шектеу, біріншіден, аудитория немқұрайлы тыңдаушыларға айналып кетпес үшін, екіншіден, баяндамашының өз көзқарасын ықшам, әрі дәлірек жеткізуі үшін қажет.

3. Бақылау жұмыстарын орындау және есептер мен жаттығулардың, тест сұрақтарының шешімдерін табу сияқты семинар сабақтарын өткізудің әдістерін пайдалану оның бақылау жасау қызметін одан әрі күшейте түседі.

Әдетте, жазбаша бақылау жұмыстары сабақтың бас кезінде немесе ортасында беріледі, себебі оларды орындауға байланысты қажетті уақыт жеткілікті болуы тиіс. Есептер мен жаттығуларды шешу студенттердің

ықыластарын жұмылдырып және олардың теориялық білімдерін қолдануға, әрі тереңдетуге жол ашады.

4. Семинар сабақтарын өткізу әдістерінің ішінде коллоквиумдарды өткізудің маңызы зор. Коллоквиумның бақылау жұмыстарын орындаумен салыстырғанда бақылау жасау қызметі жоғары.

Коллоквиум жекелеген бір тақырып бойынша немесе бірнеше тақырыптарды жинақтап өткізілуі мүмкін. Коллоквиумге алдын-ала дайындық жұмыстарын жүзеге асыру қажет. Кафедра коллоквиумге қатысты мәселелер мен проблемаларды таңдап, жасап және оларды студенттерге таныстыруға міндетті. Коллоквиум студенттердің тақырыптарды қандай дәрежеде меңгергеніне бақылау жасаумен шектелмейді, әрі лекция және семинар сабақтарының белгілі бір жүйелі білім беру сапасын анықтауға көз жеткізеді.

XX ғ. соңғы жылдары семинар сабағының интерактивтік әдістерін кеңінен пайдалануда.

Интерактивтік әдістердің түрлеріне жататындар:

1. зеректілік таныту;
2. іскерлік пен рольдерді орындау ойындары;
3. дискуссия;
4. дебат;
5. кішігірім топтармен жұмыс жүргізу;
6. көрнекті құралдармен безендіру және иллюстрациялау;
7. тренингілер;
8. өрнекті ара.

1. “Зеректілік таныту” – бұл белгілі бір проблема бойынша ұжымдық талдаудың тиімді әдісі. “Зеректілік таныту” әдісін өз дәрежесінде пайдалану шығармашылықты стандартсыз ойлауды күшейтеді. Оқытудың белсенді нысандары сияқты ойындардың маңызы зор. Ойынның шешімдерін табу студенттердің бойындағы білімдерін жұмылдырып, оларды жедел шешімдер қабылдауға, көбінесе, бұрын болмаған, ойда жоқ жауаптарды тапқырлықпен тауып және жекелеген немесе ұжымдық жарыстарда үлкен нәтижелерге қол жеткізеді.

2. Құрылымы жағынан ойын әдістері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Дидактикалық ойындар және оның элементтері
2. Имитациялық ойындар және оның элементтері
 - а) сюжеттік, рольдерді орындау ойындары;
 - б) іскерлік ойындары;
 - в) иллюстративтік ойындар.

Интерактивтік әдістердің келесі түрі дискуссиялар болып табылады.

3. Дискуссия кезінде даулы мәселелерді қызу талқылайды және студенттерде әртүрлі көзқарастар болады.

4. Дебаттарды өткізу студенттердің өз көзқарастарын анық және дұрыс тұжырымдап жеткізе білуге баулуды тиімді құралы, ол студенттердің өздеріне қажет айғақ дәлелдер мен мәліметтерді тауып, қолдануға көмектеседі. Дебаттар студенттердің қоғамдық пікірлерге әсер ету немесе саясатқа өзгерістер енгізу жөніндегі өз қабілеттіктеріне сенімділіктерін күшейтеді.

5. Интерактивті әдістен маңызды түрі “кіші топтармен жұмыс жүргізу”.

Бұл сабақ үстінде студенттердің қызметтерін ең жақсы пәрменді тәсілі.

Кіші топтармен жұмыс жүргізу:

- топтағы студенттердің өзара бір-біріне жауапкершілік сезімдерін қалыптастырады, себебі бүкіл топтың қол жеткен табысы оның әрбір мүшесінің білім дәрежесіне байланысты анықталады;

- студенттерді ұжымдағы жұмысты жүргізуге үйретеді, себебі топта шешімдерді қабылдау оның барлық мүшелерінің пікірлерін ескеріп, санасу арқылы жүзеге асырылады;

- студенттерді белгілі бір тоқтамға келуге баулиды, себебі әрбір топта дұрыс шешімдерді таңдау үшін оны жеткілікті дәлелдейтін лайықты кандидатты іріктеп алу қажет.

6. Абстракті категорияларды түсіндіруде көрнекті құралдармен безендіру және иллюстрацияларды пайдалану (таблицалар, графиктер, диаграммалар, схемалар) әдісін пайдалану үлкен көмек көрсетеді.

Экономикалық теорияны оқытуда ғылыми-методикалық жағынан дұрыс жасаған таблицалар, графиктер, диаграммалар мен схемалар маңызды роль атқарады.

Көрнекті иллюстрацияларға қойылатын талаптар:

- шынайы ғылыми сипатта болу;
- оқып-зерттелетін материалдарға сай келу;
- шынайы шындыққа негізделу;
- ыңғайлы және жақсы безендірілуі тиіс.

7. Тренингтің көмегімен студенттерді дайын мысалдарға жаттықтыру арқылы есептерді шешуге дайындау іске асырылады.

8. “Өрнекті ара” әдісі студенттердің өз ойларына түйген ақпараттарын бір-біріне оқытушы ретінде жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған интерактивтік әдістерді пайдалану арқылы семинар сабақтарын өткізудің практикалық нұсқауларын талдау, оларды пайдалану жеке адамның дамуына кең мүмкіншіліктер жасайтындығына көз жеткізеді.

Интерактивті әдістердің студенттерге беретін шараптары:

- сабақты тыңдауға және өзара пікірлесуге дағдылану;
- басқа адам үшін жанашырлық жасай білу;
- өз ой өрісінің дамуына баға беру;
- студенттердің мәселелерді іске асыру және шешімдерді қабылдауға қабілетті болуы;
- сын көзбен талдап және ойлау;
- бүкіл экономикалық проблемаларды жүйелі, салдары көзқарастармен тұжырымдауға студенттердің қабілеттерін нығайту.

Бұл аталған семинар сабақтарын өткізудің әдістерінің әрқайсысының өздеріне тән күшті де, әрі нашар жақтары бар, сондықтан олардың барлығы да маңызды.

Майталман оқытушылардың тәжірибелері сабақты өткізу тек бір ғана әдіспен шектелуге болмайтындығын көрсетті. Қалыпты жағдайда семинарды өткізудің әр түрлі әдістерін өзара ұштастырып өткізудің тиімді екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997.
2. Әубәкіров Я. Экономикалық теория негіздері. – Алматы, 1998.
3. Кейне Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Москва, 1978.

4. Макконелл К.Р., Брю С.Б. Экономикс: принципы, проблемы, политика. – Москва. 1992.
5. Маршалл А. Принципы политической экономии. – Москва. 1983.
6. Милль Д.С. Основы политической экономии. – Москва, 1980.
7. Самуэльсон П. Экономика. – Москва, 1964.
8. Смит А. Исследование оприроде и причинах богатства народов. – М., 1962.
9. Фишер С., Дорнбуш Р., Шмалензи Р. Экономика (пер с англ.) – М., 1993.
10. Маркс К. Капитал.
11. Мәдешов Б. Нарықтық экономика теориясына кіріспе. – Алматы., 1995.
12. Бихондиев Б.Б., Ботвич В.Я. Рыноктық шаруашылық негіздері. – Алматы, 1993.
13. Бихондиев Б.Б., Шаромова В.В. Основы рыночной экономики. – ч.1,2,3. Алматы, 1996
14. Семинар сабағын өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар. - Шымкент, ОҚМУ, 2002.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада семинар сабақтарын типі, түрі, формасы, қызметі мен өткізудің әдістемелік нұсқауы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются функции, типы, формы и виды, а также методические указания по подготовке и проведению семинарских занятий.

ӘОК 314.17.(574.54)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІ

Есдаулетова Э.К. магистрант
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Ғылыми әдебиеттерде халық санының өзгеруіне әсер ететін фактор- көші-қон деп келтірілген. Көші- қон адамдардың белгілі бір әкімшілік аумақ шекарасынан асып, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты мекенге қоныс аударуы арқылы жүзеге асады. Табиғи қозғалыс үрдістеріне қарағанда көші- қон халықтың ұлттық құрамына ерекше әсер етеді. Қазіргі көші- қон күрделі әлеуметтік үрдісті көрсетеді. Олар өндіргіш күштердің даму деңгейімен және олардың әр түрлі аудандарда орналасуымен тығыз байланысты. Мамандар «халықтың қозғалыс деңгейі ел экономикасының жалпы деңгейін қамтиды» деп көрсетеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді елге айналған ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап, Қазақстанда көші- қон өзгеше сипат алды. 1990-шы жылдардан бастап бұрынғы Кеңес Одағының басқа республикаларындағыдай, Қазақстанда көші-қон үрдістері күшейді. Бұл көбінесе этностық топтардың тарихи Отанына оралу мүмкіндігінің кеңеюімен байланыстырылады. 1991-2005жж. ішінде халықтың республикалық көші-қон

көлемі 4400,9 мың адамды құрады. Осы кезең ішінде ел ішіндегі көші-қон қозғалыстарында айтарлықтай өзгерістер болды, осы көрсеткіштердің шамасы 1991 жылғы 431,3 мың адамнан 2005ж 298,6 мың адамға азайды, яғни 1,4 есе қысқарды. 1994ж. республика халқының көші-қонға байланысты кемуі ең жоғары болып, 400 мың адамнан асты, көші-қон сальдосының коэффициенті (1000 тұрғынға шаққанда) -25 адамды құрады. 1995 жылдан бастап Қазақстанда оң қозғалыстар басталды, елден тыс кетушілер санының төмендеу көрінісі байқалды. 1991-2005жж. ішінде халықаралық көші-қон бойынша республикаға 1126,7 мың адам көшіп келіп, 3209,8 мың адам көшіп кетті. Осы кезең ішіндегі халықтың көші-қонының теріс сальдосы 2083,1 мың адамды құрады. Негізгі көші-қон ағымдары ТМД шеңберінде, Қазақстан мен Ресей, Украина және Орталық Азия елдері арасында, ТМД-дан тыс елдер шеңберінде Қазақстан мен Германия арасында қалыптасты.

Республикадағы көші-қон ағыны қарқынды жүрген облыстардың бірі- Қызылорда облысы. Ол Қазақстанның оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Жер аумағы 226,0 мың км². Қазақстан жерінің 8,3 %-ын алып жатыр. Тұрғыны 2007 жылдың деректері бойынша 625,1 мың адамды құрады. Орталығы- Қызылорда қаласы. Облыс құрамында 7 әкімшілік аудан, 3 қала бар. Қызылорда облысының табиғат жағдайына тән сипат-оның шөл зонасында орналасуы, шұғыл континентті климаты. Қызылорда облысы әрқашан да республиканың басқа аумақтарымен салыстырғанда табиғи тартымдылығы аз. Радиациялық, температуралық, ылғалдылық, жел және т.б. табиғи-климаттық өлшемдері бойынша облыс аумағы адамдар тұруына қолайсыз болып саналады. Мұндай көзқарас өнеркәсіптің шикізаттық бағытына және инфрақұрылымның нашар дамуына ғана емес, сонымен бірге экологиялық апат аймағына да кіруіне байланысты туындады.

70-ші жылдардан бастап Қызылорда облысынан кетушілер саны көбейді. Әсіресе, 1970 жылдан бастап облысқа келушілер ағыны әлсіз болып, көші-қон сальдосы теріс мәнге ие болды. Ең төменгі көрсеткіш 1994ж байқалды. Кеткендер саны келгендер санынан 12694 адамға артық болды. Ал 1994 жылдан бері көші-қон сальдосының қысқару тенденциясы бет алған.

1-кесте

Қызылорда облысындағы халық көші-қоны (адам)


	1996	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Келгендер	6064	4733	4319	6690	6310	4828	6919	6927
Кеткендер	10821	11775	10898	11420	10586	9882	9954	10525
Көші-қон айырымы	-4757	-7042	-6579	-4730	-4276	-5054	-3035	-3598

Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы. А., 2006. 503-б

Қызылорда облысының әлеуметтік- экономикалық дамуы. Қызылорда. 2007
28-бет

1- сурет

Қызылорда облысындағы халық көші-қоны



1999 жылдан бері облыстағы халық көші-қонында келгендер санынан кеткендер саны артуда. Соған сәйкес көші-қон айырымы теріс мәнге ие болуда. 1970-1995 жж. аралығындағы Қызылорда облысынан халықтың көп кетуін Арал аймағының экологиялық жағдайының нашарлауы мен жұмыс орындарының жабылуы, нәтижесінде басқа аймақтардан жаңа жұмыс орындарын іздеу сияқты факторлармен түсіндіруге болады. Бұл мигранттардың жаңа түрі –экологиялық мигранттардың шығуына әкелді.

1999 жылғы халық санағы бойынша көші-қондық өсім -2631 адамды құрады. Облыстан 6365 адам көшіп кетті және сәйкесінше 3734 адам келді. Барлық көші-қондық өсімде сыртқы көші-қонға 47%, ал республикалық (облысаралық және облыстық) көші-қонға 53% тиесілі болды. 1-сурет бойынша миграциялық өсім 1999ж. көші-қонның барлық түрлері бойынша теріс мәнге ие болды.

1999 ж. облыста басқа аудандардан жұмыс іздеп келушілер ағыны Қызылорда қаласында байқалды. Қызылорда қаласында миграциялық өсім -532 адамға жетті, көші-қонның қарқындылығы -2,75%-ды, облыстық орташа көші-қон қарқындылығы -4,63%-ге жетті.

Қызылорда облысынан халықтың жаппай кету ағыны 1992-1995 жж. аралығындағы кезеңге, жаңа мемлекеттің, жаңа реформалардың және қайта құрулардың қалыптасуының алғашқы жылдарына сәйкес келеді. Халықтың қоныс аударуының көп бөлігін орыстар, украиндер, белорустер құрады.

2-кесте- 2003 және 2006 жылдардағы Қызылорда облысы бойынша көші- қон жағдайы


	Келгендер саны		Кеткендер саны		Көші- қон айырымы	
	2003	2006	2003	2006	2003	2006
Облыс бойынша	6310	6927	10586	10525	-4276	-3598
Облысаралық көші- қон	1711	2207	5989	6479	-4278	-4272
Облыс ішінде	3871	3522	3871	3522	0	0
Сыртқы көші- қон (соның ішінде: ТМД елдері	725	1190	687	514	38	676
ТМД тыс елдер	3	8	39	10	-36	-2

Ал 1996 жылдан бастап облыста халық көші- қоны ағынының біртіндеп азаюы жүрді. Сонымен бірге, 2001 жылдан бастап халықтың ТМД мен алыс және жақын шет елдерге кету ағыны азайды. Ал 2005ж. облысқа келгендер саны 6919 адамды (2000ж. 4733 адам), кеткендер саны 9954 адамды (2000ж. 11775 адам) құрады. 2005ж. көші-қон айырымы -3035 адамды құрады. Бұлардың барлығы миграциялық өсімнің оң мәнге ие бола бастағанын көрсетеді. Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда Қызылорда облысының көші-қондық суреті жеткілікті түрде тұрақты және жаппай сипатқа ие емес.

Қызылорда облысындағы халықаралық көші- қон да өзіндік сипатқа ие болды. Бұл негізінен облыс аумағынан бөлек этнос өкілдерінің тарихи Отандарына оралуымен байланысты. Көшіп кетушілердің көп бөлігін- орыстар, украиндер, немістер құрады.

1999-2006 жылдар аралығындағы халықаралық көші-қон мәліметтеріне талдау жасасак, иммигранттар мен эмигранттардың негізгі бөлігін 16-62 жас аралығындағылар, яғни экономикалық белсенді халық құрайды. Осы жылдар аралығында халықаралық көші-қон айырымы оң мәндерге ғана ие. Бұл кеткендер санының келгендер санынан аз екендігін көрсетеді. Негізінен ТМД елдерінен келушілер мен ТМД елдеріне кетушілер саны тұрақты көрсеткіштерге ие.

Халықаралық көші-қонда 2005ж. Қызылорда облысында иммигранттар 2374 адам, эмигранттар 530 адам болды. Көші-қон айырымы 1844 адам болды.

2-сурет**Қызылорда облысындағы халықаралық көші-қон (адам)**

Көші-қон халықтың жас және жыныс құрылымына да әсер етеді және жалықтың картаюына әкеледі. Себебі, мигранттардың көбі еңбекке жарамды жастағылар болып табылады. Сонымен бірге, қалаларға еркектерге қарағанда әйелдер көп келеді, бұл қаладағы әйелдер санының артуына себеп болады. Сонымен бірге, көші-қон халықтың ұлттық құрамына да өзгерістер енгізді. 1989-1999жж. аралығында қазақтардың саны 87,8%-дан 94,7%-ға дейін өсті. Ал эмигранттар негізінен орыс тілді халық болды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері көші-қон мәселесіне көп көңіл бөлуде. Қазақстан Республикасының 1992 ж. қабылданған «Көшіп кетушілер туралы», «Халықтың көші-қоны» туралы Заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үрдістерінің негіздерін белгіледі. Сөйтіп, өзінің тарихи Отанына қайтып оралатын адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде тіршілік жағдайларын жасау мәселесін мемлекеттік тұрғыда шешу ісі қолға алынды. Шет елдерден ата жұртына көшіп келетін оралмандарға жыл сайын өсіп отыратын квота белгіленіп, олардың орналасуы үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден қаржы бөлініп тұратын болды. Көші-қон квотасы бойынша Қызылорда облысына да соңғы он бес жылда 5 мыңнан астам оралмандар көшіп келді. Облыстық миграция және демография басқармасының мәліметтері бойынша облысқа және соның ішінде Қызылорда қаласына жақын және алыс шетелдерден 1,5 мың жанұя немесе 5,23 мың адам қоныстанған. Олардың көбі көршілес Өзбекстаннан тарихи Отанына оралған оралмандар.

Қызылорда облысында халықтың тұрақты тұрмауының негізгі себептеріне әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайлардың нашарлауы болып табылады. Экономикалық және әлеуметтік көзқарас жағынан көші-қон үрдістерінің даму бағыттарын, қарқындылығын, көлемін және құрылымын анықтау маңызды. Себебі, бұл сұрақтарды зерттеу көші-қон деңгейі мен еңбекке жарамды бөлігін орналастыру деңгейі арасындағы өзара байланысты қалыптастыру үшін қажет.

Сонымен бірге ауылдық жерлерден қалаларға халықтың көші-қон ағынын азайту үшін жалпы демографиялық құрылымға өзгеріс ендіру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нүсіпова Г.Н. Халықтар географиясы: Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті. 2005.
2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы халық санағының талдамалы есебі. /Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі/ Алматы, 2005.
3. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. 01/2007/. Қызылорда облысы статистика басқармасы. Қызылорда, 2007
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2003. 5,6-томдар.
5. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында. 2006 Қ.Р.Статистика агенттігі. Алматы, 2006.
6. Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы. /Қ.Р.Статистика агенттігі/ Алматы, 2006.
7. Региональный статистический ежегодник Казахстана. /Комитет по статистике и анализу/ Алматы, 2005.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қызылорда облысындағы көші-қон мәселесі қарастырылды. 1999 жылдан 2006 жылға дейінгі көші-қон қозғалысына талдау берілді. Облыс ішіндегі және облыстан тыс жерлерге халықтың көші-қонуының себептері анықталды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается миграционная ситуация Кызылординской области. Дается подробный анализ миграционного движения населения за период с 1999г. по 2006 г. В работе анализируются причины миграции населения внутри области и за его пределы.

ӘОК 796.50

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Зиявдинова А.Қ (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Туризмнің шаруашылық саласы ретінде дамуы мемлекеттердің тұрақты даму стратегиясымен тығыз ұласады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы болып табылатын бұл күрделі құрылымды сала табиғатты экономикалық мақсатта тиімді пайдаланудың негізінде адамдар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Қазіргі шақта туризмде ғаламдандыру процесі жүріп жатыр, оған Қазақстан да еніп отыр.

Халықаралық туризм шетел валютасының белсенді көзі болып табылады және де ол мемлекеттің төлем балансына әсер етеді. Халықаралық туризм көптеген елдердің экономикасына ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік-мәдени ортасына, экологиясына да әсерін тигізеді. Ал ол өз кезегінде туристер ағымына әсер етеді.

Халықаралық туризмнің дамуына жәрдемін тигізетін негізгі факторларды статистикалық және динамикалық деп екіге бөлуге болады. Оның біріншісіне жататындар: табиғи-географиялық факторлар жиынтығы. Олардың өзгермейтін және келе бермейтін маңызы бар. Адам оны тек қана өзінің керегіне ыңғайлап, пайдалануға қолайлы етеді. Екіншісіне жататындар: демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, материалдық-техникалық және саяси факторлар. Бұл факторлардың бағасы мен маңызы кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп тұруы мүмкін.

Халықаралық туризмнің дамуының табиғи-географиялық факторлары сұлу, бай табиғат, климат, жер бедерлерінің көрінісінен табылады. Табиғаттың жаратылысы бойынша рекреациялық шаруашылыққа дейін табиғи элементтер мен кешендер алғашқыда рекреациялық іс-әрекеттің жағдайы ретінде болады. Рекреациялық сұраныстың пайда болуының арқасында оларға баға беріліп, технологиялық деңгейге дейін жеткізілінеді, содан кейін туристік-рекреациялық ресурсқа өтеді.

Халықаралық туризмнің өсуінде әлеуметтік-экономикалық факторлардың ерекше маңызы бар. Оның ішінде басты орын алатыны – ұлттық табыс. Ұлттық табыстың өсуі мен саяхаттардың көбеюінің өзара байланыстылығы әбден қисынды және түсінікті. Бірақ та туристік саяхаттың көбеюі – адамның жақсы тұрмысына ғана тәуелді емес, сонымен қатар бос уақыттың ұзақтығына да байланысты. Соңғы 15-20 жылда Еуропа елдерінің көбінде адамдардың бос уақыты едәуір ұзарды. Төленетін жылдық демалыстың ұзаруы қазіргі болып жатқан ғылыми-техникалық революцияға байланысты болып отыр, өйткені онда ақыл-ой еңбегі артады, өндіріске және тұрмысқа ынта қою күшейеді, қоршаған ортаның жағдайы нашарлайды. Міне, осының барлығы адамдарға физикалық және психологиялық қысым туғызады және олардың еңбек қабілетін қалпына келтіруді қажет етеді. Белсенді демалыс туризм арқылы, бұл мақсаттар жылдам және тиімді орындалады.

Халықаралық туризмнің өсуіне әсерін тигізетін әлеуметтік-экономикалық факторларға жатқызуға болатындар: халықтың білімі мен мәдениет деңгейінің жоғарлауы және эстетикалық талғамының өсуі. Әрине, халықтың ондай талғамдары туристік саяхаттар кезінде ғана толықтырылады.

Туристік іс-әрекеттің жиілігі мен белсенділігіне және мөлшерінің көтерілуіне жасалынатын маңызды жағдай - ол халықтың нақты табысының өсуі. Мамандардың талдауына қарасақ, жан басына шаққандағы ұлттық өнімнің жалпы көрсеткіші мен азаматтардың көшіп-қону рекреациясының арасында тура сәйкестіктің байқаймыз. Бұндай зерттеулер елде өмір деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым демалыс кезіндегі саяхатшылар да көп болатындығын көрсетеді.

Халықаралық туризмнің көтерілген шағы XX ғасырдың 30-шы жылдары болды, бұл кезде индустриалды дамыған елдер жалдаған жұмысшылардың еңбек жағдайын реттейтін заңдар қабылдады. Ол адамдардың демалысқа құқығын бекітті.

Туризм үшін ерекше маңызы болғаны төленетін демалыстардың енгізілуі; олар АҚШ-та (1914), Австралия мен Жаңа Зеландияда (1919), КСРО-да (1922) және басқа да бірнеше елдерде енгізілді. Қазіргі шақта 500 млн-нан астам жалданған жұмысшылар, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Америкада, жыл сайын төленетін демалыс алуға құқық берілді, бұл дегеніміз нақты туристік көрсетілетін қызметті тұтынушылардың пайда болуы.

Белсенді туристік іс-әрекет үшін бос уақыт қорының болуы жеткіліксіз. Жаппай туристік қозғалыстың қалыптасуы үшін ең бастысы өмір деңгейінің көтерілуі, ол екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана басталды.

Қоғамның әлеуметтік-кәсіптік құрылымы басқа да факторлар сияқты туризмнің дамуына өзінің әсерін тигізеді. XX ғасырдың басталуына дейін туризмде аристократтық сипат болды. Туризм туралы өте ерте мәлімет Антикалық дәуірге жатады. Ежелгі ерте замандағы гректер мен римдіктер ең алғашқы болып теңіз арқылы да және жер бетімен де саяхатқа шығып тұрды.

Жаңа әлеуметтік топтың әсерімен, әсіресе жастардың бастауымен 60-шы жылдары туристік үлгінің түрі маңызды өзгеріске ұшырады. Хиппи, панки, ал кейінірек "жасыл" және кейбір солшыл мәнді қозғалыстар адамның ойлау қабілетіне және қоғамның тұтыну түріне тура әсерін тигізді.

Халықаралық туризмнің өсуінде материалдық-техникалық факторлардың маңызы зор. Олардың ішіндегі ең бастылары: орналастыру орындары, көлік, қоғамдық тамақтандыру мекемелері, бөлшек саудалар және т. б. Туристерді орналастыру үшін арналған материалдық базасы туристік инфрақұрылымды

құруда ең басты орын алады. Олар қонақ үйлері, пансионаттар, мотельдер, турбазалар, кемпингтер, жеке пәтерлер және т. б.

Туристік саяхаттар кезінде түнеу орнымен қатар туристердің тамағын ұйымдастыру да маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, туристердің көптігіне қарамай жылдам қызмет көрсетуге болатын үлкен мейрамханалар салынғаны жөн. Туристердің тамағын ұйымдастыруда туристік саяхаттардың мезгілдік ерекшеліктеріне байланысты күрделі мәселелер туындайды.

Жаппай туристік ағым жазғы айларға келеді, сондықтан да азық-түліктің кейбір түрлерін жинап, қоймада сақтауға тура келіп тұр. Ол үшін арнайы тоңазытқыш қондырғылары керек.

Көлік – материалдық базаның негізін құрайды. Қазіргі техникалық жетістіктер көлік сферасына елеулі әсерін тигізіп отыр. Қандай бір көлік болмасын оның динамикалық сапасы – жылдамдық. Адамдарды тасымалдайтын көліктердің жылдамдығы 1815 жылы 15 км/сағат болса, ал қазір олардың жылдамдығы 2000-2500 км/сағат. Темір жол көлігі қарқынды дамуда.

Теңіз және өзен жолаушы көліктерінің дамуы мен оның модернизацияландырылуы сумен саяхаттаушы туристерге жақсы жайлылық жасайды.

Автомобиль көлігі өзінің тура байланысу мүмкіндігімен туристік саяхаттардың көбейіп өсуіне мүмкіндіктер жасауда. Тасымалдау бағасының төмендігі, темір жол көлігімен таласа алатындығын көрсетеді. Оның тағы бір артықшылығы: бір экскурсовод 30-50 туристке қызмет көрсете алады.

Соңғы онжылдықта жеке меншіктегі жеңіл машиналар санының өсуі, уақытпен, маршрутпен және қозғалу графиктерімен санаспайтын, жеңіл машинамен туристік саяхаттың артықшылығын асырды.

Мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастың тұрақсыздығы бұндай аудандарға туристік ағымды бірден қысқартады. Елдердің арасындағы екіжақты немесе көпжақты тұрақтылық, бейбітшілік туристік алмасуды көбейтіп, өсіреді. Статистикалық мәлімет бойынша, соңғы екі онжылдықта Еуропадағы халықаралық туризмнің мөлшері жыл сайын өсуде.

Статистикалық есеп туризм зерттеушілерінің ортақ мәселесі болып саналады. Туристік ағымдарға жүйелі есеп жасау XX ғасырдың бірінші жартысынан басталады. 1929 жылы Австрияға 2 млн, Швейцарияға - 1,5 млн, Италияға - 1 млн артық адамдар барды. Туристік қозғалыс кезінде Еуропаның кейбір елдерінде саяхатқа статистикалық есеп жүргізілді. Бірақ ол кезде оның өзіндік маңызы болмады. Мәліметтерді жинау және оны өңдеу ұлттық қауіпсіздік, көшіп-қону процесін бақылауға және салық салу ережелерін сақтау үшін жүргізілді. Туристік мақсат еске алынбады. Туристер басқа да саяхатшылармен бірге есептелінді.

Халықаралық туризмнің статистикасының жаңа даму кезеңі XX ғасырдың 40-шы жылдарының соңы мен 50-ші жылдарының басында басталды. XX ғасырдың 60-шы жылдары Батыстың индустриалды елдерінің үкіметі мен халықаралық ұйымдары барлық назарларын дамушы елдерге аударды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1960 жылы отарланған елдер мен оның халқына бостандық беру туралы Декларация қабылдады және алдағы он жылды "Даму декадасы" деп хабарлады. Кеңесшілер әлемнің үшінші елдерінің артта қалған экономикасын көтерудің бағдарламаларын жасады, онда туризмге елеулі орын берілді. Туризм экономикасының маңызы мен мөлшерінің өсуімен қатар оның статистикасы да дамыды.

Халықаралық туризмнің статистикасы негізінен екі бөлімнен тұрады: туристік ағымдар статистикасы және туристік табыс пен шығын статистикасы. Туристік ағымның негізгі көрсеткіштері — келушілердің (кетушілердің) саны мен болуымың ұзақтығы.

Келушілердің (кетушілердің) саны дегеніміз, қандай да бір елде белгілі бір уақыт ішінде (әдетте бір жылдағы) болған, қоныстанған, тіркеуден өткен туристердің саны.

1950 жыл мен 1999 жылдың арасындағы туристік келушілердің орташа жылдық өсу жылдамдығы 7% болды. ДТҰ әлемнің туристік ірі аймақтарын алтыға бөледі:

1. Еуропалық – Еуропаның Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық және Шығыс елдері, бұрынғы КСРО-ның барлық республикалары, сонымен қатар Жерорта теңізінің Шығысындағы мемлекеттер (Израиль, Кипр, Түркия);

2. Американдық – Солтүстік, Оңтүстік, Орталық Америка елдері, Кариб бассейні территориясының аралындағы мемлекеттер;

3. Азия-Тынық мұхиттық — Азияның Шығыс және Оңтүстік-Шығыс елдері, Австралия және Мұхит аралдары;

4. Африкалық – Африка елдері, Египет пен Ливиядан басқасы;

5. Оңтүстік Азия – Оңтүстік-Азияның барлық елдері;

6. Таяу-Шығыс – Азияның Батыс және Оңтүстік-Батыс елдері, Египет және Ливия.

Әлемнің аймақтары бойынша халықаралық туризмнің динамикасында соңғы 50 жылда елеулі айырмашылықтар байқалады. Жер шарындағы туристік ағымдардың 20 есе өсуіне қарамастан, Еуропа мен Америкадағы оның өсу қарқыны орташа әлемдікке жақын ғана болды. Жаңадан ашылған туристік аймақтар Азия-Тынық мұхит, Таяу-Шығыс және Африка елдері жылдам даму үстінде.

Халықаралық туризмнің территориялық жағынан біркелкі қарқында өспеуі оның аймақтық құрылысының өзгеруіне әсерін тигізді.

XXI ғасырда халықаралық туризмнің территориялық құрылысы одан әрі өзгере түседі, бірақ даму бағытын жоғалтпайды. ДТҰ 2020 жылға болжамы бойынша, Еуропа туризм нарығында өзінің басымдылығын жоғалтпайды - 717 млн келуші. Азия-Тынық мұхит аймағы екінші орында – 397,2 млн келуші, ал Америка алғы үшеудің соңы болмақ – 282,3 млн келуші. Келушілер (кетушілер) саны туристік қозғалыстың негізгі көрсеткіші болады/2;61-62/.

Туристердің болуының ұзақтығы әр елде әр түрлі. Бұндай айырмашылықтар қабылдайтын елдердің туристік мамандықтарына байланысты (іскерлік туризм немесе демалу мен көңіл көтеру үшін саяхат) және оның ішкі нарықтағы баға деңгейіне де, туристік ағымдардың ерекшеліктеріне де байланысты.

Халықаралық туризмнен келетін табыстың мөлшері ұдайы өсуде. 1950 жылдан 2001 жылдың арасында ол 200 еседен артық өсті, яғни 2,1 млрд америкалық доллардан 463,6 млрд долларға дейін. Туризмнен түсетін табыстан Еуропа бірінші орынды алады (230,4 млрд америкалық долл. 2005 ж.), ал Америка екінші орында (122,5 млрд америкалық долл. 2005 ж.) тұр. /2;62-63/.

Халықаралық туризмнен түсетін табыс Солтүстік Американың дамыған елдер тобында (АҚШ, Канада) және Батыс Еуропаның (Франция, Германия, Ұлыбритания), Жерорта теңізінің (Италия, Испания) және Альпі елдерінде (Австрия, Швейцария) шоғырлануда /2;63-67/.

Қазіргі шақта әлемнің 60 елінде шетелдік туристерді шекарада, ал 40 елде орналастыру орындарында тіркейді. Шекарадағы есеп елге келгенде және

шыққанда кеден бақылауында жүргізіледі. Саяхатшылар туралы нақты мәлімет алудың негізгі көздері - олардың келу карточкасы, паспорт пен визасы және басқа да сол сияқты формалар. Олар туристердің жасы, жынысы, азаматтығы және сапардың мақсаты туралы мәліметтер береді. Шекарадағы есеп әдісі АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Ирландия, Испания, Греция, Франция, Үндістан, Алжир және басқа да елдерде қолданылады. Бұл әдіс кең тарағанымен, оның елеулі кемшілігі бар. Туристердің есеп саны шекараны кесіп өткенде кейде қайталанатын, соның арқасында туристік ағымдардың жалпы мөлшері бірнеше есе көтеріліп кетеді.

Сонымен, халықаралық туризм ірі экономикалық маңыздылығымен қатар әртүрлі мәдениет пен дін адамдары арасындағы сенімдік пен бейбітшілік шекарасын кеңейтуде үлкен рөл атқарады.

Туризм мемлекеттің барлық аймақтарының экономикасына белсенді түрде әсер етеді. Туризм аясында шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құрылуы мен жүргізілуі көлік, сауда, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени және медициналық қызметтердің дамуымен тығыз байланысты. Осылайша, туризм индустриясы басқа экономика секторларына қарағанда, анағұрлым күшті мультипликатор әсеріне ие.

Қазіргі кезде туризм әлемдік экономиканың басты рольдерінің біріне ие болып, бүкіл әлемдік жалпы ұлттық өнімнің оныншы бөлігін қамтамасыз етеді. Экономиканың бұл саласы аса тез қарқынмен дамып келуде және де таяу жылдары оның маңызды секторларының бірі болады. ДТҰ-ның болжамы бойынша туризм индустриясына жыл сайынғы инвестиция өсімі 30 % құрайды.

Халықаралық туристік алмасулар әрбір елдің сыртқы экономикасы мен халықаралық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылады. ДТҰ туризмнің қарқынды дамуын болжайды. ДТҰ мамандарының айтуынша, жыл сайын туристер көлемі ұлғайып отырады да, 2020 жылға қарай 1,6 млрд халықаралық келулерге дейін жетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, қазіргі туризмнің экономикасы маңызды экономикалық ғылымның біреуіне айналды, онсыз бүгінгі күні экономика ғылым жүйесінің өмір сүруі мүмкін емес.

Осыдан келе, халықаралық туризм нарығының даму жолдары туралы көптеген маңызды қорытындылар жасауға болады. Қызметтердің барлық аясында жаңа технологиялардың енгізілуі халықаралық туризм нарығының дамуында елеулі орын алады. ХХІ ғасырдың қызметтер ғасыры деп аталуы бостан бос жағдай емес. Әлемдегі саяси, әлеуметтік және қаржылық интеграция сауданың, қонақ үй мен көлік инфрақұрылымының және де туристік нарықтың басқа да ресурстарының дамуына, туризм мақсатында қоршаған ортаны аялап қолдануға, дамыған және дамушы елдерде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсерін тигізеді. Осының бәрі халықаралық туризмнің болашағы зор деген қорытындыға әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алиева Ж.Н. «Туризмология негіздері» Алматы: Қазақ Университеті, 2004 жыл
2. Вуколов В.Н. «Халықаралық туризм негіздері» Алматы: ҚазМУ, 1999 жыл.
3. Боголюбов В.С. «Экономика туризма» Москва: Академия, 2005 жыл.
4. Борисов К.Г. «Международный туризм» Москва: НИМП, 2004 жыл.
5. Вуколов В.Н. «Халықаралық туризм негіздері» Алматы: ҚазМУ, 1999 жыл.
6. Егемен Қазақстан №23, 15 шілде 2002 жыл.

ТҮЙІНДЕМЕ

Халықаралық туризм ірі экономикалық маңыздылығымен қатар мәдениет пен дін адамдары арасындағы сенімділік пен бейбітшілік шекарасын кеңейтуде маңызды орын алады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены основные факторы и условия развития международного туризма.

ӘОК 396.9

ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫ

Қырықбаева Б.Т.- оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазіргі кезде саяси кеңістік барлық азаматтар үшін тең болып жаряланғанымен, әйелдермен салыстырғанда ер адамдар монополиялық иелік етіп отыр. Дауыс берушілердің жартысы әйел адамдар бола тұра, олардың әлем парламенттеріндегі үлесі орташа 10 %, ал ұлттық үкіметтердегі үлесі 6 % тең. Қоғамдағы өзгерістер, әдетте, саяси процесс арқылы жүзеге асатынын ескеретін болсақ, әйел адамдарының саяси мүмкіндіктерінің төмен деңгейде болуы таңқаларлық жағдай емес.

Ежелгі Афинада дүниеге келген халық билігінің идеясы мен тәжірибесі ең басынан, сол уақытта мемлекеттің азаматы болып саналмайтын, әйел адамдар саяси шешімдер қабылданатын жиындарда қатыстырылмаған. Діннің дамуы, ұлы мәдени ренессанс, революциялар, құқық туралы билль ер адамдарға ғана арналды.

Тек ХІХ ғасырдың аяғында әйел адамдарына дауыс беру құқығын беру процесі басталды. Жаңа Зеландия, Австралия әйел адамдарына азамат мәртебесін және 1893 жылдан бастап ұлттық деңгейде дауыс беру құқығын берген бірінші мемлекеттер болды. Дамыған елдердің өзінде әйелдердің сайлауға қатысу құқығының енгізілуі көп уақытқа дейін жүзеге асқан жоқ. Әйелдер дауыс беру құқығын Финляндия мен Норвегияда 1906-1907 жж., Данияда – 1915 жылы, Германияда, Швецияда – 1918 жылы, АҚШ – 1920 жылы, Францияда – 1944 жылы, Италияда – 1945 жылы, ал Швейцарияда – 1971 жылы алды. Осы мемлекеттердің көпшілігінде дауыс беру құқығын алғашында этникалық талаптарға жауап беретін кейбір әйелдер ғана ала бастады. Ал көптеген дамушы елдерде дауыс беру құқығын әйелдер тәуелсіздікпен бірге алды, өйткені, олар еркіндік үшін күреске қатысқандардың бірі болды.

Теңдей сайлау құқығын алуда әйелдер үшін ІІ Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең шешуші болды. 1998 жылға дейін дүниежүзіндегі әйелдер Таяу Шығыстағы бес мемлекеттен (Бахрейн, Кувейт, Оман, Катар, Сауд Аравиясы) және Бруней Республикасынан басқа барлық мемлекеттерде дауыс беру құқығын алды /1/.

1-кесте

№	Мемлекет	Заң шығарушылардың жалпы санындағы әйелдердің үлесі, %
1	Қырғызстан	1%
2	Түркия	4%
3	Герция	6%
4	Өзбекстан, Албания	7%
5	Венгрия, Ресей, Украина	8%
6	Қазақстан	10%
7	Франция, Балгария,	11%
8	Италия	13%
9	Израиль, АҚШ,	18%
10	Тәжікстан	23%
11	Ұлыбритания, Эстония	26%
12	Швейцария	28%
13	Түркмения	31%
14	Испания	35%
15	Германия	36%
16	Исландия	37%
17	Нидерланды, Норвегия Дания, Финляндия Швеция	43%

Хегай М.Н. Глава 3. Гендер и культура. (Уч.пособие.Отв.ред. к.э.н. Хегай)

Әйелдердің дауыс беру құқығын алу уақытына тәуелсіз көптеген мемлекеттерде әйел лидерлігі және саясаттағы әйел-ер адамдардың серіктестік мәселесі әлі де шешілмеген. Мына кестедегі мәліметтер жеке мемлекеттердің парламенттеріндегі әйелдердің үлес салмағын көрсетеді.

Саясатқа белсенді араласатын әйелдердің қатал саясат ойындарында топтар арасын бітістіруші және жұмсақтық пен нәзіктік беретін тұлға ретіндегі өзіндік орны ерекше. Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания, Нидерланды мемлекеттерінде әйелдердің үлкен саясаттағы үлес салмағы басым. 1997 жылдың өзінде әйел-министрлер Швецияда – 38, Финляндияда – 36, Дания мен Норвегияда 26 пайызға жеткен. Ал Скандинавия елдерінде депутат әйелдердің үлесі – 38,9 пайызды құраған.

Көптеген елдердің қоғамдық-саяси саласында әйелдердің аутсайдер болуының себебі тек қана олардың үй шаруашылығында және жанұядағы жұмыс бастылығында және саяси, сайлау компанияларын жүргізу үшін жеткілікті қаражаттардың болмауында ғана емес. Бұл билік тілектері мен олардың орындалуы қаржылардың жиналуы ер адамдардың қолында болғандығында еді. Нәтижесінде әйелдер әлеуметтік дискриминациясында қалды. Әйелдердің лидерлігінің жолында жыныстардың әлеуметтендірілуімен байланысты кедергілер маңызды роль ойнайды: көптеген адамдар әйелдердің төмен саяси мәртебесін әлеуметтік әділетсіздік деп санамайды /2/. Дүниежүзінің әртүрлі елдеріндегі әйелдердің әлеуметтендірілуі олардың карьералық және саяси ұмтылыстарының дамытуға мүмкіндік бермейді. Негізінен әйелдердің өздері саясатпен айналысуды аса қаламайды.

«Саясат» ұғымын әйелдер «интрига», «қару-жарак», «арам ақша» және т.с.с. жағымсыз құбылыстармен теңестіреді. Әйел адамдардың саяси үдерістерге араласуын түсіну үшін «саясат» ұғымын қарастырайық. Саясат – ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін әр түрлі мүдделердің арасындағы келісім жүргізу үрдісі. Саясат барлық деңгейлерде және барлық

институттарда, соның ішінде жанұяда, жергілікті кеңестерде, жұмыс орындарында, Парламентте жүргізіледі. Билік саясатының тенденциясы – билік басындағылардың әйелдердің, кейбір этникалық топтардың және т.б. ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу жолында кедергілерді азайту /1/. Дегенмен, бұл топтар саясатқа қатысатын болса, олар ресурстардың әділетті бөлінуін қамтамасыз ете алар еді. Саясатпен айналысу – бұл берілген мәселені шешудің міндеттерін жаңа салаға өткізу болып табылады.

Әйелдердің парламентке өтуін қамтамасыз етудің әртүрлі әдістері бар. Біріншіден, бұл – заң квоталар, яғни сайлауға түсетіндердің белгілі-бір бөлігі әйелдер болуы тиіс. Мұндай әдіс көптеген мемлекеттерде орындалады: Италияда әйелдер жалпы кандидаттардың 50 %, Аргентинада – 30 % және Бразилияда – 20 % құрайды. Екіншіден, сайлау заңы партиялардан белгілі-бір мөлшерде әйел-кандидаттарды қатыстыруын талап етуіне болады. Мұндай шара Бельгия мен Намибияда жүзеге асады. Ал Аргентинада әйелдерді сайлау кезінде «ұтымды» позицияларға орналастыру ережесі қолданылады. Үшіншіден, саяси партиялар парламенттік орынға әйел-кандидаттар үшін бейресми квоталарды қабылдауы мүмкін. Бұл механизм әйелдердің саяси өмірге қатысуын ынталандыруда жиі қолданылады.

Саясатқа әйелдерді тарту үшін, саяси құрылымдардағы гендерлік балансқа жету үшін әйел адамдардың өздері азаматтық белсенділікті, саяси қызметтегі тәжірибені, лидерлік дағдыларын дамытуы қажет. Ер адамдарға берілген саяси құқықтарды алғанның өзінде әйелдердің үлкен бөлігі саясатты, саясатқа қатысуды, саяси лидерлікті әйел заты үшін екінші орында болуы тиіс деген қоғамдық стереотиптер ықпалында жүреді. Әйелдерге тең саяси құқықтарды бере тұра, ер адамдар оларды саяси процестің мүшесі ретінде қабылдауға дайын болмады. Әйелдер де, ер адамға тең саясат субъектісі болған жоқ /3/.

Жыныстық теңсіздік мәселесіне қоғамның назарын үнемі аударып отыру қажет. Әйелдер өздерінің құқығы үшін күресуде нақты қадам жасаудың орнына қоғамдық салада өздерін көлеңкеде ұстайды /4/. Бұған 2003 жылдың 20 қыркүйегінде өткен және 2007 жылдың 18 тамызында өткен Қазақстан Республикасының облыстық, қалалық және аудандық мәслихат сайлауының нәтижелері мысал бола алады: әйел-лидерлер әйел-дауыс берушілерге өздерінің саяси бағдарламаларын дәлелдей алмады (2 кесте, 3 кесте). Яғни әйелдер әйел қорғаушыны қажетсінебейді, олар ер адамдарға көбірек сенім артады.

2 кесте

**2003 жылғы 20 қыркүйегінде өткен Қазақстан Республикасы
мәслихаттарының депутаттарын кезекті сайлаудың қорытындылары
туралы**

	Сайланған депутаттар						Барлық мәслихат депутаттар ы	%
	Облыстық мәслихат бойынша	%	Аудандық мәслихат бойынша	%	Қалалық мәслихат бойынша	%		
Барлық мәслихат депутаттары	416	100	1894	100	367	100	2677	100
Сон ың іші нде	Ерлер	377	90,6	1563	82,5	288	2228	83,2
	Әйелд ер	39	9,4	331	17,5	79	449	16,8

*<http://www.election.kz/press/> Предвыборные сведения о качественном составе избранных 20.09.03 депутатов областных, городских, районных мәслихатов РК.

2007 жылғы 18 тамызда өткен Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын кезекті сайлаудың қорытындылары туралы

	Сайланған депутаттар						Барлық маслихат депутаттар ы	%	
	Облыстық маслихат бойынша	%	Аудандық маслихат бойынша	%	Қалалық маслихат бойынша	%			
Барлық маслихат депутаттар ы,	550	100	2159	100	644	100	3333	100	
Сон ың іші нде	Ерлер	490	89,1	1785	82,7	489	78,4	2764	82,9
	Әйел дер	60	10,9	374	17,3	135	21,6	569	17,1

Election.kz/pls/portal/url/page/election_kz/election_Maslihat/ - 32k -

Соңғы уақытта саясаттағы әйелдің орыны туралы мәселе өзекті мәселердің бірі болып табылады. Әйел-кандидатқа дауыс берген дұрыс па, жоқ ер-кандидатқа сенім артқан дұрыс па?! Ер адамның да, әйел адамның да өзіне тән нақты қасиеттері пайда болуы мүмкін екенін есепке алу керек, және сол қасиеттерді дұрыс қолдана білуді үйрену керек.

Бұл жағдайдағы қателіктер неде? Біз адамдар туралы ой-пікірді олардың нақты іс-әрекеттеріне, қабілеттеріне байланысты қалыптастырудың орнына, жиі оларды қаржылық жағдайы, сыртқы бейнесі, жынысы бойынша бағалаймыз. Лауазымды қызметтерге сайлау кезінде адамдарды саяси қызметке қажетті білімдері, қабілеттері және сіңірген еңбектеріне байланысты бағалауды үйренуіміз қажет. Дегенмен, қоғам санасында, әсіресе, орта және егде жастағы адамдардың санасында «саясаткер – ер адам» деген стереотиптің қалыптасуы тағы да бір маңызды мәселе болып табылады. Саясатпен айналысатын адамның жеке өмірі оның кәсіптік қызметіне ықпалын тигізбеуі керек. Саяси салада орын алатын адам әйел ме, жоқ еркек пе, айырмашылығы жоқ, қоғам үшін адамның кәсіптік қызметінде алдына қойған мақсаттары және оларды жүзеге асыру үшін жасайтын шаралары маңызды.

Дәстүрлі әйелдер мерекесі қарсаңында XX ғасырдың соңы мен үстіміздегі жүз жылдық тоғысында әлемдік саясат аспанында жарқырап көрінген жарқын бейнелі әйелдер туралы айтуға ниет білдіргенде, әрине, әйгілі «темір ханым» Маргарэт Тэтчер есімі ауызға алдымен ілігеді. Қарапайым отбасында дүниеге келген қаршадай қыздың кейін әлемді аузына қаратқан атақты премьер-министр дәрежесіне көтерілуі, шыны керек, жиі қайталана беретін қатардағы оқиғадан оқшау тұрары анық. Бір замандары қуатты империя болған Британияның басына бұлт төнген ауыр кезеңде барша жауапкершілікті мойнына алып көзсіз батылдық танытқан Тэтчердің тағылымды өмір мектебін білуге деген қызығушылық ешқашан төмендеген емес.

Мыңжылдықтар тоғысындағы қазіргі кезеңде халықаралық саясат сахнасында әйел қайраткерлер қатарының молайып, Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райстың қауырт қимылы, Ангела Меркельдің Германия канцлері болып тағайындалуы, Латын Америкасының тарихындағы сирек оқиға — Чили президенті тағына Мишель Бачелет ханымның отыруы, Филиппин басшысы Глория Арояның өзіне қарсы мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырушыларға тегеурінді тойтарыс беріп, бірқатар беделді халықаралық ұйымдарда әйелдердің белсенді әрекеттерімен көзге түсуі шынында да жаңа бір үрдістің нышанынан хабар бергендей.

Бұл тұрғыдан қарағанда, қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырлардың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогрессивті, жаңа тілмен айтсақ, демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі. Алайда, тарихтың желі теріс соғып, қазақ елі отарлық қамытына тап болған кезеңдерде қалың жұрттың, әсіресе, әйелдің тауқыметі көбейе түсті. Әйел теңсіздігіне қарсы күрес ұлт зиялыларының ұлы мақсаттарының бірі болатын.

Тәуелсіздіктің келуі қазақ халқының көптеген ұл-қыздарының қарым-қабілеті мен талантының түрлі салаларда іске асуына даңғыл жол ашты. Ел аманатын арқалап, алысқа аттанған дипломатиялық мамандар қатарында Ақмарал Арыстанбекова, Бірғаным Әйтимова, Мәдина Жарбосынова сынды қазақ әйелдері шет жұрттарға ұлтымыздың жоғары мәдениетін көрсетуге үлкен үлес қосты. Қазақстанды әлемге танытуға елеулі әсері бар Еуразиялық медиа-форум тәрізді халықаралық іс-шараларды ұйымдастырудың ұйытқысы болып жүрген Мәжіліс депутаты Дариға Нұрсұлтанқызының қайраткерлік іс-қимылы да үлкен үміттерге жетелейді.

Ақыл-ойдың кеменгері Мұхтар Әуезов «Адамдық негізі – әйел» деген әйгілі мақаласында «...адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе» деген болса, бұл сөздің мағынасы тым тереңде жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хегай М.Н. Гендерное неравенство в политике. Глава 3. //Гендер и культура.
2. Рыбцова Л.Л. Общественно-политическая активность женщин. //Высшее образование в России - №4, 2001.
3. Козлова Н. Гендер как инструмент политологического анализа. // Пути и перспективы интеграции гендерных методов в преподавании социально-гуманитарных дисциплин. Материалы научно-практической конференции. – Тверь, 2-4 июня, 2000 - 38-44 бб.
4. Константинова В. Женщины и проблемы политического лидерства. //Женщины и социальная политика (гендерный аспект). М., 1992
5. Темкина А. Теоретические подходы к проблеме политического участия: гендерное измерение. //Гендерное измерение социальной и политической активности в переходный период. СПб, Центр независимых социальных исследований, 1996. С. 13-18
6. Темкина А. Женский путь в политику: гендерная перспектива. //Гендерное измерение социальной и политической активности в переходный период. СПб, Центр независимых социальных исследований, 1996. С. 19-32

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада саясатқа әйелдерді тарту үшін, саяси құрылымдардағы гендерлік балансқа жету үшін әйел адамдардың өздері азаматтық белсенділікті, саяси қызметтегі тәжірибені, лидерлік дағдыларын дамытуы қажет екендігі, ер адамдарға берілген саяси құқықтарды алғанның өзінде әйелдердің үлкен бөлігі саясатты, саясатқа қатысуды, саяси лидерлікті әйел заты үшін екінші орында болуы тиіс деген қоғамдық стереотиптер ықпалында жүретіндігі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена тому, что, получив формально те же политические права, что и мужчины, большинство женщин, тем не менее, продолжают находиться под влиянием общественных стереотипов, утверждающих, что политика, участие в ней, политическое лидерство являются в предназначении женщины вещами второстепенными. Предоставив женщинам равные политические права, мужчины оказались не готовы видеть в них равных участников политического процесса.

АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

Қожабекова А.Д.- т.ғ.к., доцент м.а.
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Соңғы жылдары Қазақстанда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны орнықты түрде өсіп отыр. Және де осы балалардың тек біразы ғана (кейбір деректерге сүйенсек 10 пайызы ғана) ата-аналарының қайтыс болуына байланысты қамқорлықсыз қалған. Қалғандары «әлеуметтік жетімдерге» демек тірі ата-аналарының бар болуына қарамастан жетімдер қатарына жатады. Ата-аналарының тірі кезінің өзінде жетім балалардың санының өсуінің басты себебі – жанұядағы әлеуметтік жағдайдың төмендеуі, оның материалдық және тұрғын үйге байланысты қиындықтары, ұлтаралық шиеленістер, некесіз балалардың көбеюі, ассоциациялық бейнеде өмір сүретін ата-аналардың пайызының жоғарлауы. Осы жағдайдағы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау ҚР-да ең басты мәселе болып отыр.

Халықаралық балалар құқықтарының нормаларының талаптарына сай, уақытша немесе өмір бойына жанұя қамқорлығынан айырылған балалар мемлекеттің ерекше қамқорлығы мен көмегіне құқылы (Бала құқығы туралы Конвенция. 20 бап).

Неке және Отбасы құқығы туралы заңның 13 тарауында ата-ана қамқорынсыз қалған балалардың құқығы мен оларды қорғау туралы жалпы айтылған. Осы тарауда ата-ана құқығынан қандай жағдайда айырылуы көрсетілген;

а) ата-анасының қайтыс болуы, олардың ата-ана құқықтарынан айырылуы, олардың ата-ана құқықтарының шектелуі немесе сот арқылы ата-анасының әрекетке қабілетсіз деп танылуы.

б) ата-аналарының балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруы, соның ішінде ата-аналарының тәрбиелеу, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден өз балаларын алудан бас тартуы

в) ата-аналарының ұзақ уақыт бойы болмауы, ата-аналарының науқастығы немесе басқада жағдайлар (ата-аналарының бас бостандығынан айыру органдарында жазасын өтеуіне байланысты, олардың тергеу жүргізу кезінде қарауылда болуына байланысты, ата-аналарының жоғалып кетуіне, олардың алимент төлеуден жалтару себебімен іздеуде болуына байланысты)

ҚР Неке және Отбасы туралы заңымен анықталғандай ата-аналарының қамқорлығынан айырылған және өзгеде жағдайларда балалардың құқықтары мен

мүдделерін қорғау қорғаншы және қамқоршы органдарға жүктеледі. (ҚР Неке және Отбасы туралы заңы. 106 бап. 14 тармақ)

Қорғаншы және қамқоршы органдардың келесідей нұсқауланған атқаратын міндеттері бар;

а) ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларды анықтайды, осындай балалардың есебін алуды жүргізеді.

б) ата-анасының қамқорынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, балаларды орналастырудың нысандарын таңдайды (осы заңның 102 бабы)

в) оларды асырау, тәрбиелеу және білім беру жағдайларына одан әрі бақылау жасауды жүзеге асырады.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарына – жергілікті өзін-өзі басқару органдары жатады, олар-сайлаулы және басқа да органдар, жергілікті мәселелерді шешуге байланысты өкілеттіліктері бар, бірақ мемлекет иелігіндегі жүйеге кірмейтін органдар. (ҚР Неке және Отбасы заңының 14 тарау)

Неке және Отбасы заңында қорғаншылық және қамқоршылық органдардың құрылымдық жүйесі мен алдына қойған міндеттеріне түсінік берілмеген. Бұл сұрақтардың шешімі муниципалдық білім жарғысында заңға сәйкес көрсетілген. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі өз функцияларын;

- кәмелетке толмағандарға қатысты білім беру мен денсаулық сақтаудың жергілікті уәкілетті органдары арқылы;

- кәмелетке толмағандарға қатысты халықты әлеуметтік қорғаудың уәкілетті органдары арқылы жүзеге асырылады. (ҚР Неке және Отбасы туралы заңы. 106 бап 2 тармақ)

Осылайша жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қай бөлімшесі қорғаншылық және қамқоршылық билігін орнататынын және қорғаншылар мен қамқоршыларға бақылауды жүзеге асыратынын анықтау үшін осы берілген ауданның заңнамасымен, сонымен қатар муниципалды білім жарғысымен танысу қажет.

Осы жағдайларға байланысты Ресей Федерациясында қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметі туралы соның ішінде жетім балалар мен ата-ана қамқорынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы арнайы заң қабылданған (Мысалыға, Мәскеу қаласының "Мәскеу қаласында қамқоршылыққа алу және қорғаншылық бойынша жұмысты ұйымдастыру туралы" Заңының 5 бабы).

Методикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына көмек көрсету міндеті РФ-да білім министрлігіне жүктелген. РФ-да бұндай жұмыстарды сәйкесінше басқармалармен (департаменттер мен комитеттер) РФ-ң білім басқармасының субъектілерімен орындалады. Ендеше Мәскеуде қорғаншылық және қамқоршылық органдарының методикалық басқару жұмыстарындағы балаларды беруге байланысты сұрақтар және ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиеге беру білім Комитетіне жүктелген. Осылайша қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметі басқа да мемлекеттік басқару органдарымен өзара тығыз байланысты жүзеге асырылады.

Неке және Отбасы туралы заңның 100 бап 2 тармағында орнықтырылған. Қорғаншы және қамқоршы органдардан басқа, ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі заңды және жеке тұлғаларды қызметіне жол

берілмейді. Көрсетілген тыйымға балаларды асырап алуға, қамқоршылыққа беруге немесе отбасылық тәрбиеге беруге байланысты делдалдық қызметтер де қатыстырылады.

Жоғарыда және басқадай көрсетілген себептерге байланысты ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды өз уақытында анықтау және тіркеу, оларға сәйкесінше алдын-ала көрсетілген көмек болып табылады. Неке және Отбасы заңының 101 бабына сәйкес балалардың нақты тұрып жатқан орны бойынша осы сұрақтардың жауабы қамқоршылық және қорғаншылық органдарының құзыретінде. Түсінікті жағдай, бұл мақсатта оларда толық және нақты ақпарат болуы тиіс, аталған мәліметтер өз кезегінде әр түрлі мекемелер мен ұйымдарда (мектепке дейінгі білім беру, жалпы білім беру) кәмелетке толмағандардың білім алу орны бойынша, емдеу және басқада мекемелерде тұрып жатқандықтары туралы болуы тиіс.

Неке және Отбасы туралы заңның 100 бабында айтылғандай аталған балалар туралы мәліметтері бар мекемелердің (мектепке дейінгі білім беру, жалпы білім беру, емдеу және басқа да мекемелердің) лауазымды адамдары және өзге де азаматтар олар туралы қорғаншы және қамқоршы органдарға балалардың нақты тұрған жерін хабарлауға міндетті.

Бәлкім кейбір жағдайларда, ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын тәрбиелеу мүмкіншіліктерінің болмауына байланысты (шетел мемлекетіне жұмыс бабымен кетуіне, ұзақ уақыт науқастануына, т.б. байланысты) қорғаншылық және қамқоршылық органдарға балаларын орналастыру туралы өтініштерімен жүгіне алады.

Қорғаншы және қамқоршы органдар осындай мәліметтер алған күннен бастап үш күн ішінде баланың тұрмыс жағдайына зерттеу жүргізуге тиіс (ҚР Неке және Отбасы туралы заңының 13 тарау, 101 бап) Ата-аналарының немесе оның туыстарының қамқорлығы жоқ екендігі фактісі анықталған кезде баланы орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті (олардың мүліктері мен тұрғын үйге иеліктерін қорғауға), сонымен қатар олардың уақытша тәрбиеленуімен орналасу жағдайлары бойынша сұрақтары шешілгенге дейінгі уақытта оларды тек туыскандарына асырап алуға беру ғана емес және де оларды тәрбиелеу мекемелерінде орналастыру мәселесі де қамтылады.

Барлық ата-ана қамқорынсыз қалған балалар оларды анықтағаннан кейін, міндетті түрде есепке алынып, тіркелулері тиіс, ал олар туралы мәліметтер мемлекеттік балаларды орталықтандырылған есепке алу ұйымында есепке алынуы керек (ҚР Неке және Отбасы туралы заңының 101 бабының 3 тармағы). Балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алу ең алдымен аудандық бөлімшелерге бөлініп, қорғаншылық және қамқоршылық органдары арқылы сәйкесінше Қазақста Республикасының атқарушы билік органдарының субъектілерімен білім министрлігімен жүзеге асырылады.

Бірінші кезекте қорғаншылық және қамқоршылық органдарының ата-ана қамқорынсыз қалған балалар туралы нақты жиналған мәліметтері мен зерттеулерінің нәтижелері қорғаншылық және қамқоршылық органдары арқылы заңды түрде алғашқы түгендеу формасы орнатылған журналға тіркеледі. Егер аталған мәліметтер түскен күннен және алғашқы тіркелген күннен бастап бір ай ішінде баланы отбасы тәрбиесіне орналастыру қамтамасыз етілмесе, қорғаншы және қамқоршы органдар оған орнатылған формадағы сауалнама толырып, оның

көшірмесін орталықтандырылған есепке алу үшін осындай бала туралы мәліметті Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік аумақтық бөлінісінің білім беру басқармасының органына жібереді. (ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 101 бап 3 тармақ)

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мәліметтеріне негізделе отырып Қазақстан Республикасының тиісті атқарушы органдары ата-ана қамқорынсыз қалған және республика аумағында тұратын балалар жайлы әкімшілік-аумақтық орталықтандырылған есепке алу мәліметтерін қалыптастырады. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары аталған мәліметтер түскен күннен бастап бір ай ішінде баланы орналастыруды қамтамасыз етеді және баланы отбасы тәрбиесіне беруге мүмкіндігі болмаған кезде, орталықтандырылған есепке алу үшін және кейіннен баланы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдем көрсету үшін, осындай балалар туралы мәліметті тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің білім беру басқармасының органына жібереді.

Балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді (ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 101 бап 3 тармақ).

Ата-ана қамқорынсыз қалған балалар туралы мәліметтер және оларды орталықтандырылған есепке алу Білім Басқармасында қалыптасады, ол тиісті Республикалық атқарушы органдардың қызметіне негізделе құрылады. Білім Министрлігі балаларға тіркеу жүргізіп, сонымен қатар Білім Министрлігіне тікелей жүгініп, отбасы тәрбиесінде бала асырап алуға тілек білдірген азаматтарға оларды беруге мүмкіншілік жасайды және баланың нақты тұрғылықты орнына барып тұруға, оларды отбасы тәрбиесіне беруге байланысты басқада сұрақтар бойынша тиісті республиканың атқарушы билік органдарына бағыт береді. Сонымен қатар Білім Министрлігі республиканың тиісті атқарушы билік органдарының субъектілеріне (олардың сұрақтары бойынша) балалардың орталықтанған есепке алу ұйымындағы ата-ана қамқорынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді пайдалануға береді.

Баланы орталықтандырылған тіркеуге алу уақыты болып, сол баланың нақты тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдарының сауалнама толтырған уақыты есептелінеді.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдары, республиканың атқарушы билік органдары мен Білім Министрлігі ата-ана қамқорынсыз қалған балаларға тиісті алғашқы аудандық тіркеу жүргізетін органдар мынандай қызметтерді: Қазақстан Республикасының азаматтарына, бала асырап алуға кандидаттыққа тұрған азаматтарға, қорғаншылар мен қамқоршыларға, сонымен қатар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ бала асырап алуға тілек білдіруші азаматтарға отбасы тәрбиесіне берілетін балалар туралы мәліметтерді пайдалануға береді.

Ата-ана қамқорынсыз қалған балалар тұратын тәрбие, емдеу және басқа да мекемелердің басшылары, баланы отбасы тәрбиесіне беру мүмкін екендігі белгілі болған күннен бастап жеті күн мерзім ішінде бұл туралы осы мекеменің тұрған жері бойынша қорғаншы және қамқоршылық органдарға хабарлауға міндетті. (ҚР Неке және Отбасы туралы заңның 101 бабы 2 тармағы).

Ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды тіркеу және анықтау міндеттерін орындамаған және олардың орналасу жағдайларын, отбасы тәрбиесіне беруге байланысты бағдармаларын жасырған тәрбиелеу мекемелерінің басқарушылары және атқарушы билік органдарының қызметкерлері мен жергілікті өзін-өзі

басқару органдарының қызметкерлері, сондай-ақ бала туралы көпе-көрнеу жалған мәліметтер бергені үшін лауазымды азаматтар сәйкесінше «Неке және Отбасы туралы» заңының 101 бап. 4 тармағы белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады. Бұдан басқа кәмелетке толмағандарды орналастыруға байланысты заңсыздық қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Сонымен ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша «заңсыз бала асырап алу мен оларды отбасы тәрбиесіне қорғаншылыққа және қамқоршылыққа беруге» тыйым салынады, ал ҚР Қылдымыстық Кодексінің 133 бабы бойынша кәмелетке толмаған балаларды сату – аса ауыр дәрежедегі құқық бұзушылық пен жауапкершілікке әкеледі.

Ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды жоғарыда аталып өтілген отбасыларына немесе мекемелерге тәрбиелеуге орналастырғанға дейінгі (ҚР Неке және Отбасы туралы заңының 101 бап. 3 тармағы) белгіленген уақытта болмаған жағдайда балаларға қорғаншылық және қамқоршылық міндеттерін атқару қорғаншылық және қамқоршылық органдарға уақытша жүктеледі (ҚР Неке және Отбасы туралы заңы 102 бап. 2 тармағы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Конституциясы. 1995 ж.
2. ҚР Азаматтық кодексі. 2003 ж.
3. ҚР Неке және отбасы туралы заңы. 2007 ж.
4. ҚР қылмыстық кодексі. 16.07.1997 ж.
5. Беляков А.М. Охрана прав несовершеннолетних: Пособие. – М., 1983.
6. Джайнатт Х.Дж. Родители и дети. – М., 1986.
7. Ершова Н.М. Опекa и попечительство. М., 1971.
8. Лишенные родительского попечительства. Хрестоматия. – М., 1991.

ТҮЙІН

Мақалада ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау функциясының жүзеге асу жолдары қарастырыла отырып, есептеу және тіркеу тәртібі сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути реализации функции защиты прав и интересов детей, оставшихся без попечительства родителей, а также порядок их учета и регистрации.

ӘОК 340.1(574)

ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ТӘЖІРБИЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Муқалдиева Ж.Б. оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қоғамда және мемлекетте құқықтың және құқық жүйесінің дамуына ықпал ететін факторларды ерекше түрде тану құқықтық сана болып табылады. Моральмен, дінмен, өнермен, ғылыммен қатар, құқықтық сана қоғамдық сананың нысаны болып саналады, оның өмір шындығын көрсететін өзіне тән ерекше объектісі бар.

Құқықтық сананы қалыптастыру арқылы құқықты жүзеге асыру қызметі қоғамдық қатынастар барысында орын алады. Құқықты жүзеге асыру үшін алдымен «құқық» деген ұғымды анықтап көрсету қажет. Қазіргі заманда құқық туралы көптеген ғылыми көзқарастар бар. Осы ғылыми көзқарастарға байланысты ерте заманнан қазіргі уақытқа дейінгі негізгі ойды қалыптастырады. Құқық туралы негізгі бағытта, тарихи тұрғыдан қарасақ, бірнеше ой-пікірлер туындатады. Соның барлығы бірнеше монография, оқулық, ғылыми статьяларда орын табуда.

Құқық -өте күрделі құбылыс болғандықтан, құқықтық нормалар да әр түрлі болады. Бірақ құқықтық нормалар бір жүйеге бірігіп құқықтық жүйе арқылы көрініс табуда.

Құқықты жүзеге асыруда, адам қоғамның дұрыс өмір сүруінің негізгі объективті заңдылықтарының бірі, әлеуметтік нормалардың қалыптасып, қоғамдағы қарым-қатынасты реттеп басқаруы. Әлеуметтік нормалардың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалары қоғамның даму процессінде бірте-бірте құқықтық нормаға айналуы. Мемлекеттік қоғамдық меншіктегі реттеу моральдық-діни нормаларға сүйенеді. Құқық үстем таптың мүддесін қорғаумен бірге, қоғамдағы мақсатты да реттеп басқарып отырады.

Құқық мемлекет шығарған немесе бекіткен мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын, бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағынада қолданылады.

Біріншіден, «құқық» - ресми түрде танылатын жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы: азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы.

Құқықтың түрлі түсінігінің болуы - оның әлеуметтік мәнінің де әр түрлі болуының негізі. Егер құқықты тұлғалармен байланыстырса, тұлғалардың қоғамда құқықтық мәртебесі қандай екенін анықтау, түсіну қажеттігі туады. Азаматтарға сан қилы құқықтар мен бостандықтар беріліп, оларды жүзеге асыру мүмкіндігі жасалынса, онда қоғамда шынайы теңдік орнатылған болып есептелінеді. Ал, объективті құқық туралы сөз болғанда, мемлекетте қалыптасқан заңдар жүйесі әлеуметтік тұрғыдан сипатталады.

Әрине, құқық туралы зерттеушілердің көзқарасы бір жолмен шығып, біртекті деп айтуға болмайды. Негізінен құқықты таптық және жалпы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру ғылымында кең орын алып келеді. Маркстік ілім құқықты, оған байланысты құбылыстарды тек таптық тұрғыдан ғана зерттейді. Бұл ілім бойынша құқық - үстем таптың саяси құралы, тек соның жоғын жоқтап, мүддесін қорғайды. Ал өркениетті тұрғыдағы ілім бойынша, құқық қоғамдағы барлық адамдардың еркін білдіріп, мүдделерін қорғайтын құрал болып саналады.

Қандай ілім болса да құқықтың әлеуметтік мәні бар екенін айтылады. Бірақ маркстік ілім құқықтың әлеуметтік мәнін өте тар тұрғыдан түсіндіруге тырсады. Әрине, құл иеленушілік дәуірде құқық ашықтан-ашық тек құл иеленушілердің мүдделерін қорғап, құлдарды сөйлейтін мүлікке теңегені белгілі. Бірақ бұл көзқарасты барлық қоғамдағы түрлі сатыдағы мемлекеттерге теңеуге болмайды.

Құқық тек үстем таптың еркін білдіретін болса, мұндай қоғамдағы үздіксіз тап тартыс орын алып, ақырында ол құлдырап жойылады. Қазіргі замандағы өркениетті мемлекеттерде құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын мойындау керек. Қазақстан мемлекетінде қалыптасып келе жатқан құқыққа да осындай жалпы әлеуметтік тұрғыдан қарау шындыққа сай келеді десек, қателеспейміз.

Қазақстан Республикасында қабылданған заңдарды талдайтын болсақ, олардың қандай да болсын әлеуметтік топтарды кемсітетін немесе белгілі бір топқа артықшылық жасайтынын таба алмаймыз. Демек, Қазақстан заңдары барлық әлеуметтік топтардың еркін білідіріп, олардың заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған.

Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, «құқық» – ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Осы келтірілген жағдайларда «құқық» түсінігі субъективтік (тұлғалық) мағынада қолданылады /1/.

Субъективтік (тұлғалық) құқық - тұлғалардың мүддесін қанағаттандыру мақсатымен құқықтық нормаларының, құқық тұлғаларына берген құқықтық мүмкіндіктері. Мұндай мүмкіндіктер құқықтық қатынастарға қатысатын тұлғалардың мінез құлқының шегін анықтайды. Тұлғаның құқығы құқықтық қатынасқа қатысушы басқа тұлғаның құқығымен байланысты болғандықтан, екі жақта да құқықтық міндеттер пайда болды. Демек, құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқықпен қатар құқықтық міндеттері де туындайды. Басқаша айтқанда, тұлғаларда құқықпен бірге құқықтық міндет те болады. Мысалы, әр азаматтың оқып, білім алуға құқығы бар. Сол құқықты пайдаланып, оқуға түскеннен кейін азамат оқу орнынның ішкі тәртібіне бағынуға оқу бағдарламасын орындауға міндетті.

Заңды тұлға кәсіпкерлікпен шұғылданып, заңды негізде мүлікке ие болуға хақылы. Ол мүлікті өз иелігі үшін пайдаланады. Сонымен қатар, өз мүлкін пайдаланғанда қоғамның, басқа адамдардың мүдделеріне зиян келтірмеуі керек. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында былай жазылған: «Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам иелігіне де қызмет етуге тиіс» (6-бап) /2/.

Айтылғаннан кейін шығатын қортынды: құқықсыз міндет болмайды, міндетсіз құқық болмайды. Бұл жағдай әлеуметтік әділеттікті баянды етеді.

Субъективтік (тұлғалық) құқықтық міндет - құқықтық мүмкіндік берілген құқық тұлғаның заңды мүддесін (талабын) орындату үшін басқа құқық тұлғасына жүктелген міндет. Бұл міндет құқықтық қатынастарға қатысу нәтижесінде асырылып, мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы (міндетті орындамаған жағдайда) қамтамасыз етіледі.

Екіншіден, «құқық» дегеніміз құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, себебі олардың жасалуы жеке адамның еркіне байланысты емес. Сонымен, объективтік мағынадағы құқық жеке нормаларға бөлінбейтін, тұтас құбылыс болып саналады. Мысалы, Қазақстанның құқығы туралы Конституция былай дейді: «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік - құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады» 4- бап) /2/.

Үшіншіден, «құқық» термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Құқық пәндері түрлі салаларға бөлінеді: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржылық құқық, т.б. Құқық саласы - өзара туыстас қоғамдық қатынастардың жиынтығы болғандықтан, азаматтық - мүліктік және мүліктік емес

қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Қылмыстық құқық - қылмыс жасауға байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Төртіншіден, «құқық» термині тұлғалық құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады. Осыған байланысты «құқық жүйесі» деген түсінік бар. Атап айтар болсақ, қазіргі жағдайда Қазақстанның құқық жүйесі қалыптасуда.

Құқық пәндерін оқып, құқықтық мәнін терең түсінген адам, оның түрлі жағдайда мағанасы әртүрлі болатынын да анықтай алады. Мұның өзі құқықтың өте күрделі әлеуметтік құрылыс екендігін білдіреді.

Құқықтың түрлі түсінігінің болуы - оның әлеуметтік мәнінің де әр түрлі болуының негізі. Егер, құқықты тұлғалармен байланыстырса, тұлғалардың қоғамда құқықтық мәртебесі қандай екенін анықтау, түсіну қажеттігі туады. Азаматтарға сан қилы құқықтар мен бостандықтар беріліп, оларды жүзеге асыру мүмкіндігі жасалынса, онда қоғамдағы шынайы теңдік орнатылған болып есептелінеді. Ал, объективтік құқық туралы сөз болғанда, мемлекетте қалыптасқан заңдар жүйесі әлеуметтік тұрғыдан сипатталады. Әрине, құқық туралы зерттеушілердің көзқарасы бір жерден шығып, біртекті деп айтуға болмайды. Негізінен, құқықты таптық және жалпы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру ғылымында кең орын алып келеді. Маркстік ілім құқықты, оған байланысты құбылыстарды тек таптық тұрғыдан ғана зерттейді. Бұл ілім бойынша құқық - үстем таптың саяси құралы, тек соның жоғын жоқтап, мүддесін қорғайды. Ал өркениетті тұрғыдағы ілім бойынша құқық қоғамдағы барлық адамдардың еркін білдіріп, мүдделерін қорғайтын құрал болып саналады. Қандай ілім болса да, құқықтың әлеуметтік мәні бар екенін айтады. Бірақ маркстік ілім құқықтың әлеуметтік мәні өте тар тұрғыда қалыптастырылуын қарастырады. Дегенмен де, құл иеленушілік дәуірде құқық ашықтан-ашық тек құл иеленушілердің мүдделерін қорғап, сөйлейтін мүлікке теңегені белгілі. Бірақ, бұл көзқарасты барлық қоғамдағы, түрлі сатыдағы мемлекеттерге теңеуге болмайды. Құқық тек үстем таптың еркін білдіретін болса, мұндай қоғамда үздіксіз тап тартысы орын алып, ақырында ол құлдырап жойылады. Қазіргі замандағы өркениетті мемлекеттерге құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын мойындау керек. Қазақстан мемлекетінде қалыптасып келе жатқан құқыққа да осындай жалпы әлеуметтік тұрғыдан қару шындыққа сай келеді десек, қателеспейміз. Қазақстан Республикасында қабылданған заңдарды талдайтын болсақ, олардың қандай да болсын әлеуметтік топтарды кемсітетін немесе белгілі бір топқа артықшылық жасайтынын таба аламыз. Яғни, Қазақстан заңдары барлық әлеуметтік топтардың еркін білдіріп, олардың заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған.

Құқықтың жалпы әлеуметтік мәнін мойындай отырып, оған мынандай анықтама беруге болады. Құқық (объективтік тұрғыдан қарағанда) - адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, ресми құжаттарда анықталған, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Құқық бірнеше бөлшектен тұратын жүйелі құбылыс болғандықтан, оның бір бөлігі - табиғи құқықтың мазмұны адам мен қоғамның табиғатта байланысы осы әлеуметтік - құқықтық талаптармен анықталады. Мысалы, адамның өмірі, денсаулығы табиғи құбылыстар да, оларды сақтауға, қорғауға қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормаларды табиғи құқыққа жатқызамыз. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай деп жазылған: «Әркімнің өмір

сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ» (15- бап) /1/.

Құқықтық жүйенің екінші бөлігі - мемлекеттегі қолданылатын барлық заңдардың жиынтығы. Ал, үшінші бөлігі - субъективтік (тұлғалық) құқықтар. Осы айтылған бөліктер бірімен-бірі табиғи түрде байланысты, бірінсіз басқаларын түсінуге, жүзеге асыруға болмайды. Демек, тек адамның өмір сүруге құқығы бар деп жарияланса, оның жүзеге асырылуы қамтамасыз етілмесе, адамның өз өмірін сақтауға, қорғауға мүмкіндігі болмас, аталған құқық қағаз бетінде ғана жазылып қалаған болар еді. Адам өзіне қажетті рухани және мүліктік игілікті пайдалану үшін өзі белсенді әрекет жасауы керек.

Нормативтік сипат - құқықтық негізгі белгілерінің бірі. Құқық қағидалардан, ережелерден, рәсімдерден тұрады. Қағида - тұлғалардың мінез- құлықтары туралы ереже. Былайша айтқанда, қоғамдық қатынасқа қатысушылар өз іс-әрекеттерін, мінезін белгілі ережеде көрсетілген қалыпқа бейімдеулері қажет. Сондықтан да, құқықтық нормалар-тұлғалардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының үлгісі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 19-бабында атап өткендей: «Тұлғалардың мінез құлқын анықтау арқылы құқық нормалары қоғамдық қатынастарды қажетті арнаға бағыттап жолға салады, реттейді, жөндейді, ұйымдастырады, тұрақтандырады, бассыздықтан қорғайды» -деп атап өтіледі/1/.

Құқықтың тағы да бір маңызды белгісі - формалды анықтылық. Ол құқықтық мемлекетпен байланысты екенін көрсетеді. Құқықты, оны құратын заңдарды басқа да нормативтік актілерді жасайтын, жалпы алғанда, мемлекет органдарынан тұрады. Демек, мемлекет органдары заңдарды жасайды. Заң - ережелер жиынтығы, олар жай ережелер емес, мемлекет атымен жасалатын болғандықтан ресми сипаты бар ережелер. Әрине, ереже қағида заң шығарушының тұлғалардың мінез-құлық туралы ойын анықтап, түсінікті түрде тұжырымдайды.

Құқықтың қалыптасудағы енді бір белгісі, мемлекеттің күшіне сүйенуі. Егер, мемлекет құқық қағидаларының жүзеге асырылмауына, дұрыс қолданылуын қамтамасыз етпесе, олар тек қағаз бетінде ғана жазылып қалған болар еді. Мемлекет, оның органдары тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі, жағдай жасайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша елімізде азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілеген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларына олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі. Егер, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылса, мемлекет оларды қорғайды. Заңды бұзғандар құқықтық жауапқа тартылады. Мүмкіндігінше бұзылған құқық орнына келтіріледі. Сонымен қатар, құқықтың қалыптасуының бір белгісі - адамдардың еркін білдіруі. Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылғандай, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық. Халық билікті тікелей Республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырды. Сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруда мемлекеттік органдарға береді (3 -бап) /1/. Олай болса, Қазақстанда қалыптасып келе жатқан құқық бүкіл көп ұлтты халықтың еркін білдіреді, ойын жүзеге асырады десек, ешбір әбестік болмас еді. Халықтың ойы, еркін мемлекет органдары да тиісті нормативтік актілер қабылдау арқылы жүзеге асырады. Халық президенті сайлайды. Ол халық атынан әрекет жасап, өз өкілеттігінің шеңберінде нормативтік актілер - заң күші бар жарлықтар, жай нормативтік жарлықтар қаулылар қабылдайды. Президенттің нормативтік актілері Қазақстан құқығын қалыптастыратын бастау болып есептелінеді. Құқықты

құратын нормалар тек бір адамды немесе әлеуметтік топтың еркін білдіріп, мүддесін ғана қорғамайды. Ол - халық үшін қызмет істейді.

«Құқық» түсінігі имандылыққа, әдептілікке келіп тіреледі. Құқық имандылық негізінде пайда болады. Иmandылық өзі де адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін күш. Әрине, имандылықтың талаптары заң емес, тек адамгершілікке негізделеді. Иmandылық тек арға, ұятқа сүйенеді, жұртшылықтың пікіріне негізделеді. Ал құқық имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абройы да жоғары болады. Иmandылық әділетсіздікті, жауыздықты, зорлық-зомбылық, ұрлық тағы сондай теріс қылықтарды айыптайды. Бірақ ондай қылықтар үшін жаза қолдануға қажетті құрал жоқ. Иmandылықтың ең күшті құралы - жұртшылықтың пікірі. Құқықта теріс қылықтарға тыйым салынады. Тек тыйым салып қоймайды, кінәлі адамдарды жазалау шараларын белгілейді, сол шараларда қолданылатын мемлекет органдарының күшіне сүйенеді. Сөйтіп, құқық нормалары арқылы мемлекет имандылық талаптарына ресми мағына береді, соның нәтижесінде қоғамдық қатынастарды реттейді. Ал құқық адамдардың іс-әрекетіне мейліше дәл, бұлтартпайтын анықтама беріп, тиісті құқықтық норманың мазмұнына жатқызылады. Бірақ құқық нормаларының талаптары өздігінен жүзеге аспайды. Оларды жүзеге асыру үшін, талаптарын орындау үшін, мемлекет түрлі әдістермен сан алуан қызмет атқарады. Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі адамдарға тиісті шаралар қолдана алады. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі оның күш-қуаты, абройы - мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

Адам қоғамда сан алуан қатынастар мен байланысып, әлеуметтік нормаларды туындатады. Қоғамның әлеуметтік нормалары дегеніміз - қоғамдық қатынастарды реттейтін, қоғамдық пікір күші ықпалымен немесе мемлекеттің мәжбүрлеуімен қамтамасыз етілетін, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрыстары ережелерінің жүйесі. Әлеуметтік нормаларға жататында құқық нормалары, мораль (имандылық, өнеге) нормалары, қоғамдық ұйымдар нормалары, әдет-ғұрып, дін нормалары және т.б.

Әлеуметтік нормалар белгілеу және қамтамасыз ету тәсілдері бойынша ерекшеленеді. Мысалы, құқық нормалары мемлекет белгілейді және қамтамасыз етеді, имандылық, әдет-ғұрып нормалары қоғам өмірімен туындайды және қоғам пікірімен, адамның сана-сезімі арқылы қамтамасыз етіледі. Діни нормалар діннен туындайды және алла тағаланың күшімен, адам сана - сезімімен қамтамасыз етіледі. Әдет - ғұрыптар ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, адамдардың сана сезіміне ананың сүтімен, қауым өмірінің үлгісімен сіңіп, адамдардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін бағыттап отырады. Қазіргі заманда әдет-ғұрыптар әр түрлі дәрежеде сақталған. Негізінде әдет-ғұрыптар отбасы, туыстық қатынастарды реттейді. Құқықпен мораль тығыз байланыста болғандықтан, осы екі құбылыстың жалпылама ерекшеліктері мен айырмашылықтарына тоқтала кету жөн сияқты. Мәселе, құқық мемлекетпен бірге, қатар пайда болып жазылған нормалардан тұрса, мораль мемлекеттен бұрын пайда болып, күрделірек құрылымдардың жазылмаған ережелерінен, талаптарыдан тұрады. Құқық нормативтік реттеу жүйесінде ерекше орын алады. Бұның себебі құқықтың айрықша белгілеріне байланысты. Құқық әділдік және бостандық идеяларын білдіре отырып, әділдік пен бостандыққа адамзат ежелден ұмтылғанын көрсетеді. Әділдік-адамның игілігіне бағытталған жағдай, ол басқа адамның игілігіне бағытталған жағдай,

адамның мүддесіне зиян келтірмейді, қоғамға пайдалы. Осы талаптарға сай келетін адамның әрекеті әділ болып саналады. Ал бостандыққа келетін болсақ, адам лайықты өмір сүруі үшін барлық өзіне тән шығармашылық мүмкіндіктерін аша алады.

Құқықтың нормалары мен мемлекет органдарының арасында қайшылықтар, үйлеспеушілік болуы мүмкін. Заңдарда адамдардың құқықтары мен бостандықтары жарияланғанмен, мемлекет органдары олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етпеуі мүмкін. Алайда, құқық адамның іс-әрекетін реттейді, оның ойына, сезіміне әсер етуі мүмкін. Мәселе, адам заңдарда әділдік пен бостандық баянды тетілетіне көзі жетсе, оларды орындау қажет деп есептейді. Мұндай жағдай да адам өз еркімен заң талабын орындайды. Заң талабын бұзса, кінәліге мәжбірлеу шаралары қолданылады. Сондықтан да құқық заңдар түрінде қалыптасады. Заңдарда адамдардың еркі баянды етіледі. Адамдардың еркін заң шығаратын орган ресмилендіреді.

Құқықтың жүйелілігі - оның тағы да бір қасиеті. Заңдарда жазылған құқықтық нормалар өзара байланысты, үйлесімді болады. Құқықтың нормалары тек осындай негізде жазылып, қалыптасса ғана құқық өзінің борышын орындауға қабілетті болады. Құқықтың бір қасиеті—оның өзгермелілігі. Қоғамдық өмір сіресіп қалмай, құбылып өзгеріп тұрады. Соған сәйкес құқық нормалары да өзгерген қатынастарды лайықты түрде реттеу үшін өзгеріп тұруы қажет. Осыған байланысты ескірген заңдар күшін жояды, жаңа заңдар қабылданады. Құқық біркелкі қалыпты түрде адамдарға қолданылады. Осының өзі құқықты теңсіздіктің баянды етілетінін байқатады. Адамдар әр түрлі біреу әлсіз, біреудің қабілеті мол, екіншісінікі кем, біреудің отбасы бар, біреу бойдақ. Адамдардың мұндай айырмашылығын заң ескере бермейді. Сондықтан заң адамдарды іс жүзінде теңестіре алмайды. Әрине, өмірдің кейбір салаларында, мысалы, саяси құқықтармен пайдаланғанда барлық азаматтардың жағдайы бірдей. Құқықты мемлекет қорғайды. Құқықтың барлық нормаларының талаптарын адамдар өз еркімен орындай бермейді. Соған байланысты мемлекет құқық талабын бұзғандарға мәжбүрлеу тәсілін қолданады. Мұндай қорғау болмаса, құқық жоқ деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы.- Алматы,1998 .- 5-7 беттер.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы,2007
3. Теория государствам права: курс лекций / Под.ред.: Н.И.Матузова , А.В.Малько. -2-е изд.,перераб. и доп.-М.,2003.- с.243
4. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: оқулық /Құрас.. Е Баянов.-Алматы,2003 .-71-124 б
- 5.Баққұлов С. Құқық негіздері: оқулық.-Алматы, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Құқық жүйесі мазмұны жағынан терең болғандықтан, мақалада құқық жүйесі - құқықтық идеялар (құқықтану), құқық қызметі-(құқықтық қатынастар) мен құқық институттары (құқық нормаларын) бір жерге шоғырландыра отырып, құқық қызметінің мазмұнын кеңінен ашу көзделінеді.

РЕЗЮМЕ

Правовая система по своему содержанию шире, богаче, сложнее. Настоящая статья отражает самый общий уровень правовой системы - правовые идеи, (правосознание), правовую деятельность (правоотношения), правовые институты (правовые нормы).

ӘОК 391.9

ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ СӘНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Мусапирова Ұ.К. оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Дүние жүзінің мәдени әлемі біздің дәстүрлі өнеріміздің көркемдік принциптік жүйесіне қызығушылық танытып, оны түсінуге, ұғуға және меңгеруге ұмтылған кезде біз оған менсінбеушілік танытқанымыздың өзінде-бейнелеу өнері мен халықтық дәстүрлі өнер бір-бірінің қақтығысы мен өзара ықпал-әсерінің негізінде дамыды деп тұжырымдай аламыз. Олай дейтініміз бейнелеу өнерінде халықтық, ұлттық негіздер тақырып, сюжет, колорит, пластика, кеңістік және архитектуроналық шешім көріністерінде байқалып отырды.

Қазақстан бейнелеу өнері – басқа елдермен салыстырғанда жас өнер. Сондықтан оның теориялық және практикалық негіздерінде игерілмеген көптеген тың проблемалар баршылық. Осы жағдайда көптеген суретшілер өздері үшін соны тақырып, колорит, пластика, қолтаңба тапқандай болды. Көркемөнер мен мифологияға, фольклорға бай халқымыздың мәдени мұрасы, философиялық ой түйіндеулері, дүниетанымдық түсініктері суретшілер үшін әрі тың, әрі сарқылмас мол қазына еді.

“Бейнелеу өнері” деген түсінік атауының өзі білдіріп тұрғандай ол затты, тұлғаны, табиғатты “бейнелеу” деген сөзден пайда болған.

Жалпы айтқанда бейнелеу өнерінің өткеніне зер салып, қазіргі таңдағы көрінісіне талдау жасасақ және оның болашағына көз жүгіртер болсақ, бейнелеу өнері жөнінде қалыптасқан өзіміз білетін классикалық пікір мен қазақтың дәстүрлі шығармашылығы және осы шығармашылық негізінде пайда болған дәстүрлі халық өнері туындыларының өзіндік табиғатын, бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, олардың өз ара әсері мен жүйелі даму заңдылықтарын ескеруіміз керек.

Қазақ даласында он саусағынан өнер тамған аталарымыз бен аналарымыздың көркемдік мұрасы атадан балаға мирас ретінде жалғасып отырды. “Затты жасап шығару өнерінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы, заттың өзін қалдырғаннан гөрі маңыздырақ”, - деген тұжырым өте дұрыс айтылған. Себебі бұрынғы ұсталардың зергерлердің, тоқымашылардың көркемдік іс-әрекетін, материалмен жұмыс істеу әдісін меңгеру және әсемдікпен, сұлулықпен байланысты бұйымдардағы көркем образды шешімдерді түйсіне білу, оны кәсіби өнер ретінде тану және “реалистік” өнермен тең деңгейде қарастыру, бейнелеу өнерімен салыстыра отырып, дәстүрлі шығармашылықтың өзіндік сипаттық

ерекшеліктерін ашу қолөнерінің көркем-кәсіби мүмкіндіктері ою-өрнектің тарихи маңыздылығында болып табылады.

Ою-өрнектің тарихына тоқталатын болсақ, Египетте ою салуда, оның жиегін әр түрлі заттарда жуан немесе тереңдетілген сызықтармен жүргізген. Грецияда заттың негізгі формасын ою-өрнекпен ерекшелік қасиетін көрсете отырып, жалпы тұтастық заңдылықты қолданып, үлгі ретінде қалдырған. Римляндар гректердің ою-өрнегін көшіре отырып, пайдалы жағына ден қойып көңіл бөлген. Өмірдегі сымбаттылықтан гөрі практикалық жағына көп көңіл бөліп, комфорт пен байлықты көрсетуде кеңінен қолданған. Қытайда ою-өрнек арқылы сәулет өнерін дамытуды мақсат етіп қойған. Сонымен қатар, ою-өрнектер өнеркәсіпте қолданылып, натуралистік мотивте, нақтыланған живописьте жазылған, ал жапондықтар ою-өрнегі геометриялық негізде, сызықтық комбинацияда берілген. Сонымен, қытай мен жапондықтар өмірге фарфор ыдыстарын эмальдік живописьте әшекейлеуді ендірді. Индия өнершілері бір түрлі инкрустацияны енгізіп, ою-өрнектерді күміс немесе алтын фольгалардан жасаған. Персиялықтар монументалды құрылыста ою-өрнектерді қолдануды ендірген. Барлық ою-өрнек сюжеттері өсімдіктер, фауна, жануар т.б. құрастырылып, табиғатпен тілдесе, оған жақын бейнелеген. Қазақтардың өрнегіне тән ерекшелік көрінісін береді, ол сызықтар мен иректер және оның тегіс етіп салынып боялуында.

Ол үшін біз бір жағынан бейнелеу өнерінің өрбу аумағын қамтитын заңдылықтарына назар аударамыз. Оның реализм шеңберіндегі көріністері мен даму тарихында орын алған көркемдік, стильдік, жалпыхалықтық сипаттағы бет-бейнесін анықтап алуға тиіспіз.

Әр халықтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзіне тән ерекше мәдени мұралары бар. Ал қазақ халқының мәдени мұраларының бірі сәндік-қолданбалы өнері әлеуметтік-экономикалық сатыдан өтіп, сәндік-қолданбалы өнерінің небір ғажайып үлгілерін қалдырған.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ол өзінің өрісі биік, сән-сапалы өскелең мәдениетіне бір күнде, бір ғасырда жеткен жоқ. Қазіргі кезге дейін жеткен тас бетіндегі суреттер, тас мүсіндер, сәулет мұралары, қолөнер туындылары өздік стильде айрықша орын алды.

Дегенмен адамдардың өзін қоршаған ортаны танып, табиғат заңдылықтарының сұлулығын симметрия, ырғақта байқап, оны ою-өрнекке айналдырып, өзінің сана-сезімінің қандай дәрежеге көтерілгенін байқатады.

Демек, тарихтың тереңінен шым-шымдап сыр тартатын осындай туындыларынан оқушыларға эстетикалық тәрбие беретін болашақ мұғалімдердің рухани сезімін оятып, қазақ халқының дүние танымдық мұрасының молдығын байқатамыз. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнерін пайдалануға студенттерді даярлауда XVIII-XIX ғасырлардағы сәндік-қолданбалы өнерінің ұлттық дәстүрде дамығандығымен кеңінен таныстырамыз.

М.М.Мұқанов қазақтың сәндік-қолданбалы өнері және ою-өрнектердің тарихи түп тамыры, эстетикалық мәні және маңызы, символикасы, қолданылуы мен бейнеленуі, жасалу әдіс-тәсілдері, классификациясы жөнінде көп қарастырған. Ө.Жәнібеков символдар туралы мәліметтер беріп, қол өнер туындыларына сипаттама берген. С.Қасиманов ұлттық қол өнерінің мүйіз өңдеу, өрнек тоқу, арқан, жіп есу, қайыс өру түрлерінің өздік ерекшеліктеріне тоқталып, ою-өрнек түрлеріне де ерекше көңіл бөліп, оның 200-ге жуық түрін атап, белгілі атауларға кеңінен тоқталады. Қазақтың ою-өрнек үлгілерінің мазмұнына, мағынасына қарай топтап жіктейді. Кейбір ою-өрнектерге байланысты аңыз, әңгімелер туралы айта келіп тәрбиелік мәнінен құнды мағлұматтар береді.

А.Касимов «ұлттық сәндік-қолданбалы өнер» деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады.

Бейнелеу өнерінде эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әсемдік атаулыны бағалап, қастерлей білуге үйретеді. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының және ою-өрнек, символдардың тәрбиедегі мәнділік маңызын талдап, танып білуге баулиды. Өздік көзқарастарын қалыптастыруға бағыт, бағдар береді. Эстетикалық тәрбиенің бірі-эстетикалық сезімді және эмоционалды қабылдауды тәрбиелейді, өмірдегі, өнердегі сұлулықты сезу, көріп қабылдау адамдарда да әр түрлі болады. Сондықтан болашақ мұғалімдерге сәндік-қолданбалы өнерін оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде пайдалануды дұрыс жолдармен жүргізуі үшін, оны тұтас педагогикалық процестің бір саласы негізінде жүйелі тұрғыда игерту керек. Студент оқушы емес, оқушы әр ою-өрнекті сезініп қабылдап, оның суретін салу үшін, әуелі не бір сызық түрлерін меңгеруі қажет. Солай белгілі сатыда жайдан күрделі қағидаларға сүйене отырып, материалдар игертіледі. Ал студент болса сәндік-қолданбалы өнерінен теориялық негізде білім алып, практикалық тұрғыдан игеріп, келешекте өзінің қоғамға үлес қосу барысында кеңінен қолдануды мақсат етіп қою керек. Негізінде баланың 5-9-10 жасқа дейін қызығушылығы артып, бәрін білсем деп талпынса, ал одан кейінгі жаста салған суреті дұрыс болмай, шимай-шатпақ болып жатса, ол бала әрі қарай сурет салуды тоқтатады. Өйткені есі кірген балаға шимай-шатпақ сурет салу ерсі болып көрінуі мүмкін. Содан барып балада еліктегіш қасиет пайда болды. Осылайша эстетикалық тұрғыдан баланың дамуы тежеледі.

Сәндік-қолданбалы өнер халық творчествасымен тығыз байланысты. Мұндай өнер туындыларына: жиһаз, кілемдер, ыдыс-аяқтар, киім-кешектер, тұрмыстық заттар және ойыншықтар т.б. жатады. Әрбір бейнелеу өнерінің түрлерінің өзіне тән ерекшеліктері мен стильдері болғандықтан, олар бірнеше бөліктерге бөлініп отырады. Ол бөліктер жанр деп аталады. Енді жоғарыда айтылған тіршілік өнері мен көркем өнерін жанрларға бөліп қарастырамыз.

Сәндік қолданбалы өнер деп тек қана практикалық жағынан емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған өндірістік немесе қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды-жасауларды айтады. Сәндік қолданбалы өнер заттары көбіне ұлттық сызбалармен көзге түседі. Осы арқылы біз халқымыздың ерекшелігін көре аламыз.

Қазақ ою-өрнектерінде жан-жануарлар өрнегі, ғарыштық өрнек, өсімдіктер өрнегі және геометриялық өрнектер айқын көрініп тұрады. Бұл өрнектер бір-бірімен қиысып, жарасымды үйлесіп жатады. Мысалы, өрмекші өрнегінің элементтері геометриялық өрнекке ұқсайды.

Жануарлар өрнегі де қазақ ою-өрнектері арасында кең тараған. Бұл дөңгелек шеңбер сызықтар емес, жалғыз мүйізге ұқсас қошқармүйіз атымен аталған ою-өрнектерді құрайтын мүйіз, қос мүйіз, сынық мүйіз, сонымен қатар жануарлардың әрбір мүшелерін: табан, түйе, мойын, құсқанат мойын, қаз мойын және т.б. ою-өрнек атауларын атауға болады.

Қазақстан ерте дәуірдегі бейнелеу, сән және қосалқы өнері оқшау сипаттағы өнер туындылары болып табылады.

Көп ұлтты Қазақстан үшін қазақ халқының аса құнды сәндік, көркемдік мұралары талантты шеберлер қолынан шыққан көркемөнер шығармасы ғана емес, сонымен қатар халық өнерін одан әрі қарай зерделеп, өнерді оқып үйренуге қажетті материал ретінде қазіргі заманғы, қоғам талабына сай дамыту үшін кеңінен пайдалануға жол ашады.

Халықтың қолданбалы өнерінен үйренеріміз көп, ол әмбебап, өзіндік ерекше қасиетке ие өнер. Бұл қасиетті қазақ өнерімен таныс емес шетелдіктер де бір қарағанда түсініп, бағалайды. Халық өнерінде графикалық, сәндік өнердің сызықтық, түстік шешімдері және бейнелеудің жазықтықта орналасуының орынды мысалдары көрініс тапқан.

Қазақтың халықтық колөнерінде әрбір қазақ қызы, әйелі өзінің тұрған үйін, яғни киіз үйді безендіре білген. Олардың шебер де қамқор қолынан киіз басу, кілем тоқу, құрақ көрпе-төсек, қоржын мен ыдыс-аяқ қаптары, құрақ жастықтар және тағы басқа жасау келеді.

Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері мен атауларына назар аударсақ, әр ою-өрнектің қолдану аясы, орны бар екенін аңғарамыз, әр оюдың өз мағынасы, өз бастауы бар екенін көреміз.

Осы ою-өрнектерге нәр беріп, мағынасын анықтауға түстердің де орны ерекше. Бұл бояулардың қызметі ерекше, олар-шебердің биік талғамынан пайда болып, жоғарғы талапқа ие болып, ұлттық талғамға ие болған өнер туындалары.

Сонда кімде-кім қазақ ою-өрнектерінің мағынасын білгісі келсе, осы бояулардың шартты белгілерін білуі керек.

Мысалы, көк түсті - аспандағы ғарыш әлемін білдірсе, кейде су мен мұздың ұғымын береді. Ақ түсті – адалдықты, пәктікті, қуанышты білдірген, ал қызыл түсі – от пен күн белгісін берсе, жасыл түсі – көктемді, жастықты білдірген, кейде береке мен молшылықтың ұғымын аңғартады. Сары түсі – от пен күннің жылуын берсе, кейде данышпандық ұғымын білдірген.

Бабалар ойын, аналар сырын түсіну үшін жас ұрпақ өз ұлтының бай мұраларын қорғап, өздері әрі қарай жалғастыра бермек.

Жалпы адамзатқа ортақ ойлар, белгілер, таңбалар, ортақ шартты ұғымдар бар. Адам баласы өзін қоршаған ортаны түсіну үшін, әр заманда осы шартты белгілер көбейе берген, олардың бәрі де айналадағы құбылыстарды танып, білуге көмектескен.

Мысалы, шеңбер бір нәрсенің сыртқы пішіні, дөңгелек Күн мен Ай – түн мен күн, өмір мен өлімді, жарық пен көлеңкені, ыстық пен суықты, жақсы мен жаманды білдіреді.

Тамшы белгісі – суды, дәнді, жапырақты білдірсе, тор белгісі – егін алқабы мен абақтыны меңзейді.

Құйын, иірім – дауыл-дүлей күшті білдірсе, ромб – табыс пен лауазымды аңғартады.

Қосу белгісі – адам пішінінен хабар берсе, кейде бағытты меңзейді. Осы қосу белгісі Хуан тайпасының көсемі Аттиланың (Еділдің) туынды да болған екен. Ол Рим империясын күйреткен соң, I ғасырда пайда болған Христиан дінінің таңбасына айналған. Тек қана төменгі жағын созып өзгерткен екен.

Нүкте - әр нәрсенің бастауы, тегі, төркіні. Мысалы, алғашқы қадам адымнан басталады, су бастауы – бұлақ болса, өмір мен өлімде осыны аңғартады. Өмір – қозғалыстың белгісі болса, өлім тоқырау.

Тік сызық - өсіп тұрған ағаш, тік тұрған адам, олар өседі, құлайды, шаршайды. Бұл самғауды білдіреді.

Көлбеу сызық – шаршау, жату, құлауды меңзейді.

Ирек сызық – қарама-қарсы күштердің кездесуі, өзен жағалауы, араның жүзі т.с.с.

Толқын – қозғалысты, тазалықты, ішкі күштің буырқанған күші ретінде берілсе, кейде судың тынысы, демі ретінде де танылады.

Үш бұрыш – тау белгісі, көтерілу, биікке шығу, төмен түсу.

Ерте кезде қазақ жерін мекедеген әр басқару аймақтарында ою-өрнектер түрлері әр кезде әр түрлі дамыды. Мысалы, оңтүстіктік елдерде - өсімдік оюлары орын алса, орта жүзде – “қошқар мүйіз”, “түйенің ізі” деген оюлар көп кездессе, батыс өлкелерде “сыңар мүйіз”, “сынық мүйіз”, “өрмекші”, “құмырсқа” оюлары ерекше орын алған.

Әр аймақтың шеберлерінің өз қол таңбалары болған, ол ру белгісімен анықталған.

Қазақ ою-өрнектері би өнеріндегі қимыл-қозғалыстарда да жиі кездескен. Мысалы, қол мен аяқ қозғалысы арқылы қошқар мүйіз бен гүлді аңғартса, би қозғалысында толқын мен су белгілері де көрініс тапқан.

Қазақтың ою-өрнектері батырлар жыры мен дастандары сияқты немесе “Ақжелең күйі” тәрізді әр шебердің өнер лабораториясында көбейіп, терең мазмұнға, ұлттық мақтаншқа айналғанын аңғарамыз.

Ою-өрнектеп жазылған шеберлердің хатын ұрпаққа үйретіп отыру үшін, үкімет тарапынан қолдау тауып, ұлт тілегі, бүгінгі күн талабы орындалар деп сенеміз.

Ғалымдардың айтуы бойынша жеке адамдардың ғана емес, әр халықтың жасы да болады екен. Мысалы, орыс халқы қазір 60 жаста болса, қазақ елінің жасы 25-те ғана көрінеді.

Сонда біздің халықтың болашағы әлі алда екенін байқаймыз. Сонда үшінші мыңжылдық қазақ елінің толысар шағы, бүкіл адамзат мәдениеті мен ғылымына зор үлес қосады деп ойлаймыз.

Тағы да біз символдық белгілер, таңбалар туралы ой қозғалық.

Белгі, айғақ, таңба, ен таңба, елтаңба атауы адам баласының тарихына серік болып, айналасын қоршаған табиғат әлемін шартты түсіну үшін қажет болған. Символды белгілерге ден қою арқылы ғылыми зерттеулер жеке адамнан бастап жеке қауымға дейін, жеке ұлттан бастап, мемлекетке дейін әрбір тарихи кезеңдердегі таным-түсінікті, наным-сенімді, талғам-талапты анықтайды.

Символдық белгілер ғарыш ғасырында да, тіпті ХХІ ғасырдағы компьютер заманында да адам қоғамына қызметін көрсете бермекші.

Жол тәртібінің ережелерінің шартты белгілерінен бастап, мемлекеттік елтаңбасына дейін адамдардың таным-түсінігіне, талғам-талабына әлі де жауап беріп, әлемдік қозғалыс пен қоғамдық өзгерістерге өз қызметін көрсетіп келеді.

Міне, осындай таңбаларды көне түркі елінен бастап, олардың бүгінгі ел жалаулары мен таңбаларынан көруге болады.

Қорыта айтқанда, ою-өрнек – ежелден келе жатқан халықтық өнердің бір түрі. Оның шығу тарихы тереңде. Ал сюжеттік мазмұны мен түрлері атаулары, мағыналары әр дәуірдің тыныс-тіршілігіне, тұрмыс салтына орай өзгеріп, дамып, жетіліп отырған. Бүгінгі күні халқымыздың ою-өрнегі қайта түлеп бай мазмұн мен жаңа түр тауып, материалдық және рухани қазынамызға айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Болатбаев Даналар сөзі - өнердің көзі. //Қазақпарат -Алматы, 1999ж.
2. Б.Байжігітов Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. //Өлке – Алматы, 1998ж.
3. К.І.Құдабаева Сәндік – қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. –Қарағанды, 2005ж.
4. Т.Тілеубекұлы Ғасырлардан жеткен ою-өрнектер //Халық шежіресі журналы

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жас ұрпаққа білім беруде сәндік қол өнер және бейнелеу өнерінің оқытылуын дұрыс жолға қойып, болашақ ұрпақтың көркемдік мәдениетін эстетикалық тұрғыда қалыптастыру және творчестволық қабілетін одан әрі дамытып, ұлттық колөнер тарихының тәрбиелік маңыздылығын оқыту қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования эстетического вкуса и творческих способностей, а также особенности эстетического воспитания будущих поколений.

ӘОК 894.342

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӨЗІМДІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ

Насимова Ә.Б., аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)
Философия және әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдар кафедрасы

Шәкәрімнің жан тазалығы, ар тазалығы, туған халқы, бүкіл адамға деген таза махаббаты - қазақ руханиятының қорындағы ең құнарлы құндылық. Өзінің шығармаларында адам үшін ең қажеттісі тек тұрмыстық игілік қана емес, ұлттық мәдениет, рухани бостандық, тіпті генетикалық бірлік, бауырластық деген ойларды қозғады. Қоғамның рухани жағына көз жіберіп, адамдықтың, кісілік, кішілік, ізеттілік, мейірбандық, рақымшылдық, түсінушілік, сабырлылық сияқты қасиеттерге сызат түсе бастағанын сезіп, ағайын арасындағы қатынастың суынуы, тасбауыр, қатыгездіктен сақтандырып, қазақтың дәстүріндегі үлкен - кішісіне ортақ мінез - төзімділікке шақырды.

Шәкәрімнің шығармаларын зерделей отырып, өзінің философиялық көзқарастары мен ағартушылық құралы - өлеңдерінен ұлт қамы, алдыңғы қатарлы елдердің білімін меңгеру, адамгершілік тәрбиесі, діни - рухани мәселелерінің жан - жақты қамтылғанын көреміз. Өзі өмір сүрген қоғамдық мәдени ортаның сұраныс деңгейін, өзгерістердің оңды жақтарын тіршілікте адам мен адамдар арасындағы қарым - қатынас арқылы көптеген дүниелік мәселелердің шешілуіне орайластыра насихаттады. Кемеңгер ақын қазаққа тән қасиет - адамдарға жақсылық жасау деп түсіндірді. Әсіресе, қазақ халқының бойындағы қонақжайлылық, тіпті ең соңғы затына дейін беру арқылы тіршілікті өзі үшін де, басқа үшін де маңызды ететініне тоқталады.

Ойшыл ақын Шәкәрім басқаларды түсіну арқылы өзінің өзіне терең бағдарлай біл, өзіне қарап адамды таны, мәнді өмір сүр дейді. Адам мен адам арасындағы қатынас қоғамдық екенін, сондықтан басқаның ой-пікірін, оның көзқарасын, мақсат-мүддесін ұғына, түсіне отырып, әркім өз-өзіне сынмен қарап өз жағдайын түсінуге мүмкіндік туғыза алады. Басқаны түсіну, ұғыну, оның

көзқарасына талдау жасау қандай қиын болса, өзінді түсіну сондай болғаны деп, Шәкәрім төзімділікке, сабырлыққа шақырады.

Тауып айтса мінді деп,
Жоғалтып бақ мініңді.
Өз етінді жұлып жеп,
Ашпа алашқа сырыңды /1/.

Зерделей қарасак, Шәкәрім шығармаларында адамтану, оны түсіну, қадірлеу, және адамды буып - матаған қайшылықтардан шығу жолдары төзімділікте деп қорытындылайды. Шәкәрім дүниені ой елегінен өткізе отырып, дәстүрлік мұрагерлік жолына көз тігеді. Өзіне дейінгі болмысты түсіну, ұғыну оны бейнелеу арқылы адам жанын, мәнін тануға талпынды. Сөйтіп, тарих, қоғам сабақтасып жатады да өзі шеше алмаған мәселелер келер ұрпаққа, келесі дәуір үлесіне тиеді деп сенді. Түбінде заманның түп – тамырымен өзгеруі сөзсіз және ол оң өзгеріс болады деп болжады. Шәкәрімнің ойынша ұлт намысы, рух тамыры - таусылмайтын тақырып. Өзіне дейінгі ойшыл ғұламалардың рухани мұраларынан өзі қалай сусындаса, болашақта халқының руханият қазынасынан тиесілі орын алу мүмкіндігіне шек келтірмеді. Қазақ қауымына арнап жазған шығармаларында өз дүниетанымын халқына ұғынықты түсініктермен беріп, халық санасынан алшақтап кетпей, әлеуметтік құбылысты бейнелей алатын ұғым жасады. Өзінің көрген – түйгендерін шебер қиюластырып, ашынса да Абайша ашық айтып, тұрмыс тауқыметінен бұрын адамды адам түсіну жағдайларында төзімділік, мейірімділік, ұғымдарына үстеме мағына беріп, мәдени философиялық деңгейге көтерді. Төзімділік құбылысын бүгінгіміз бен келешегіміз үшін де маңызды деп даналықпен көріп болжаған. Адамның рухани болмысы қалай қалыптасып, оған қандай факторлар қаншалықты әсер етеді, адамның құнды қасиеттері қандай, оның адам, қоғам үшін маңызды рөлі туралы мәселелер ғасырлар бойы көптеген ойшылдарды толғандырып келді. Оған байланысты Шәкәрімнің көзқарасы – рухани әлемнің тірегі - төзімділік деп санайды. Рухани әлем аясына ақ жүректен шығатын мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық және адал еңбек, арлы ақылды сыйғыза отырып, осылардың барлығы адамдардың жақсы өмір сүріп, тату тұруының негізі деп көрсетеді. Шәкәрім өзіне дейінгі өмір сүргендердің тәжірибесіне қарап, өмірдің - өзі тіршілік талабы, ол аумалы-төкпелі, бір-біріне ұқсамайтын жаратылысынан өзгеше әр түрлі құбылыстар бейнесі. Сол жаратылыстағыдан өзгертіні адам болса, оның басты негізіне не жатады? Шәкәрім «Үш анықта» дін жолындағы, ғылым жолындағы анық нәрсе ар-ұждан мәселесін ұсынады да ұждан түсінігі - нысап, әділет, мейірім ұғымдарының жиынтығы, ол - адамды нұрландырады деп ой қорытады. Абай дүниетанымында да осы ой айтылған. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті; нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», - дейді Абай. Егер, бұл ойларды Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, тіпті бүкіл түрік әлемі ойшылдарының ақыл, парасат, білім, ғылым, таным, тағлым туралы пайымдаулар айтқанын ескерсек, уақыт кеңістігінің әркелкілігіне қарамастан көзқарастарындағы, дүниетанымы бойынша өзара үндестік, сабақтастық байланысын аңғарамыз. Олар өз замандастарының тынысын өте нәзік сезінген - ойшыл, ғұлама адамдар. Адамдар арасындағы түсініспеушілік, талас - тартыс, ұрыстардың, жанжалдың орынсыз, мағынасыз екенін айта келіп, адамдар өз ақыл - парасатымен, білімі, бірлігі арқылы ғана тыныштық пен бақытқа жетеді деп адамдардың ерік жігерін, төзімділігін, мүмкіндігін жоғары бағалаған. Ақылды, парасатты адам ұстамды, сабырлы, жақсылыққа да жамандыққа да төзімді шыдам нәтижесінде мақсат – мүддесіне жетеді. Адам бойындағы мұндай қасиеттердің

болуы - аса маңызды жетістіктердің негізін қалайды. Олай болса, бұл ұғымдар әруақытта құнды және көкейкесті.

Шәкәрімнің пікірлері - рухани әлеуметтік, қоғамдық, саяси, демократиялық және ұлт мәдениетінің ағартушылық бағытындағы ең алғашқы, жаңаша классикалық сипатқа ие болған рухани қазыналары. Оның ұлт мәдениетінің, мемлекеттің ар білімі қойнауында дамитындығын дәлелдеген пайымдаулары күні бүгінге дейін өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Ол қазақи ұғыммен түсіндіргенмен, қазіргі қоғам дамуының жаңа белесіндегі адамгершіліктің мәні ол тек экономикалық мәселелермен шектелмейтігінде, ол сондай-ақ геосаясат, әлеуметтік, діни, демографиялық, мәдени және педагогикалық, этнопедагогикалық мәселелердің түп қазық, ірге тасын қадап, қалаған. өзгермелі әлеуметтік - мәдени жағдайда руханияттың тірегі - адамгершілік десек, қазіргі тәрбиенің басты мақсатын - жас ұрпақты ерікті өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын, білімді, рухани байлығы мен мәдениеттілігі жоғары, адамгершілік, имандылық, ізгілік, мінез - құлқы қалыптасқан, салауатты өмір сүруге дағдыланған, жаңаша ойлау қабілеті дамыған, ұлтаралық достықты құрметтейтін, өз елінің ұлтжанды патриотын тәрбиелейтін этика, мәдениеттану ғылымдарының сөзсіз қажеттілігі мен үлесінің маңыздылығын атап көрсетеміз. Шәкәрімнің ағартушылық идеялары төл ағарту, төл мәдениет бағытындағы қазақтың мәдени өміріне қосылған аса маңызды тарихи үлес. Шәкәрім шығармаларында қазақ қоғамының болмысына үңіле қарап, мінез-құлық кеселдерінен арылғанда елдің ынтымақ берекесі кіреді. «Талап пен ақыл» өлеңінде ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық, намыс, ой-талап тіршілікті оңалтып, адам өмірін шынайы рақатқа бөлейді, онсыз жарық дүниенің мәні жоқ деген түсініктерді насихаттайды.

Сабыр деген әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір қылық.
Қолы жетпей талай жан ізденеді,
Осыдан көп шығады адамшылық. /2.1.130/

Шәкәрім "Дүние мен өмір" өлеңінде бұл екі ұғымның рухани диалектикалық мәнін түсіндіріп берді. Сол арқылы қазақ халқының рухани қазыналарының философиялық - моральдық тереңіне үңілуге және мәдени - рухани деңгейін көрсетуге мүмкіндік туғызады. Шәкәрімнің пікірінше "дүние алдамшы, өмір - қу" деген түсінік тек елірген есерлерге ғана тән.

Дүние алдамшы, өмір қу есерлерге,
Есерлікпен жолығар кеселдерге.
Ол екеуі мінді емес, мін өзінде.
Сөзің бөлек өзгеден десеңдер де - /3.1.42 /

деп, қазақ тұрмысындағы адамның рухани күйі, мұқтаждық, ел өмірі, өтпелі уақыттың тұрлаусыз, мәнсіз кезеңдерінің болуы сияқты құбылыстардың болуы табиғи нәрсе. Өмірде тек қана қуаныш пен сәттілік бола бермейді. Өмір ағыны тоқтаусыз, адамға қажеттісі-табандылық, төзімділік, қанағатшыл ниет қажет. Адам дүниеде қаншалықты мазасыз күйде болса, шарасыздығы да соншалықты, тағдырдың сыйына төзімділікпен қарап, алға жылжу керек деген зиялы кеңес береді. Шәкәрім дүниетанымы, философиясы экзистенциалдық сарында, оның шығармаларына арқау болған адамдық қасиеттің бірі - төзімділік. Оны ұлттық рухани мәдениетпен ұштастыра насихаттауы бүгінгі күн қажетіне қарай атқарылған іс. Шәкәрім жақсы, жаманды бағдарлай білудің ұлттық ұстанымы мен адам болмысындағы төзімділік, сабырлылық қасиеттердің көмескіленіп кетпеу үрдісіне көңіл аудару және жақсы мінезге бастау идеясын аңғартты. Халық

данагөйі Шәкәрім дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі төзімділік құбылысының маңызды орны мен рөлін ғылыми, діни көзқарастарымен пайымдаудағы ұлттық методологияның ерекшелігін білдірсе керек. Адамның рухани өмірінің мәні – қайырлы ісінде, толеранттылық дәстүрдің құндылығында деп түсіндіреді:

Жаралы кісі албырт қой.

Сенемісің дүниеге,

Бізаның арты шалғырт қой.

Ашулы албырт адамның

Қанжарын ептеп, бұғып ал/4.1.148/.

Шәкәрім туындылары ел мінезіне жақын, адам тағдырына ара түсерлік мазмұнымен ұлттық мәдениетте салмақты орынды иленеді, адамдарды қанағатшыл болуға, дүниеге және өмірлік құндылықтарға деген ізгі ниеттері, үгіт - насихаттары ұрпағына үлгі - өнеге ретінде саналды. Оның жақсылық, адамдық, сүйіспеншілік, достық, бірлік, парасаттылық адамдарға әділ болу туралы көзқарастары күллі мұсылман дүниесінде қолдау тауып отыр. Діни философияның негізгі тұжырымдарын, қағидаларын, пікірлерін асқан шеберлікпен пайдаланған. Жеке басында дін мен ғылымның сабақтастығын парасаттылықпен өлшеп біліп, сенім, таным, имандылық ұғымдары - оның ойларының негізі болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Құдайбердиев Ш. Шығармалары. А., 1994. 191-192 б.

2./1.130/.

3./1.142/.

4./1.148/.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармаларындағы төзімділік (толеранттық) ұғымы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие терпимость (толерантность) в произведениях Шакарим Кудайбердиева.

ӘОК 371.380

СУРЕТ САЛУ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕНДЕРІ

Нүсіпов Д.Ә., оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Сурет салуды жетік үйрену үшін тек сурет салудың техникасы мен методикалық жолдарын ғана білу жеткіліксіз. Ол үшін талмай ою-өрнек наброскілерін (долбар) салып, күннен - күнге тәжірбие жинақтап, еңбектеніп тер төгуіміз қажет. Сонда ғана шеберлігіміз ұшталып, ойлаған мақсатымызға жетеміз.

Ою-өрнек қолды жаттықтыруда, суретшінің ойын, қиялын ұштауда таптырмайтын құрал-әдіс, тамаша мектеп. Ою-өрнек суретшінің қолының

икемін, буынының әсем қимылдауын, сызықтың әдемі де айшықты болып сызуын қалыптастырады. Кезеңде суретшілер тіпті әлі күнге дейін өрнек салуға онша көп мән бермейді. Олар бірінші орынға долбар салуды мақсат етіп қойды. Өйткені әсіресе Европада ою-өрнек салу онша дамымаған және оған Орта Азия мен Қазақстандағыдай мән берілмеген еді. Орта Азия мен Қазақстанда сәулет өнерінде де ең негізгі безендіру құралы осы ою-өрнек болды емес пе. Тіпті, шығыс елдерінде де солай. Осыдан сурет өнерінде, қол өнерінде ою-өрнекті сонша жоғары қою адамды ойландырмауы мүкін емес еді. Кейіннен зерделеп, зерттеп қарасақ оның да мәні бар екен. Европада наброск (долбар) сурет салуда алғашқы әліппе болса да ол жалпы халықтық сипат алмады. Мұнымен суретші болуға зауқы бар санаулы адамдар айналысты.

Ал ою-өрнек әсіресе Қазақстанда өркендеді, екіншісі бірі оюшы, он саусағынан өнер тамған шебер болды. Бұл ою-өрнек өнерінің адам қиялын, сезімін қозғайтын қасиеті бар екендігінің дәлелі.

Қазіргі кездегі көптеген тәжірибеге сүйенсек, ою-өрнектің оқушыны сурет салуға баулуда, шеберлігін ұштауда долбарға қарағанда рөлі зор екендігін көреміз. Сондықтан ою-өрнек салуды бағдарламаға кіргізетін уақыт жеткен сияқты. Оқушы сурет салуды үйренгенде осы ою-өрнекті меңгеруден бастағаны дұрыс.

Қазақта оюдың өте көптеген түрлері бар. Қошқар мүйіз, құс тұмсық, түйе табан, балдақ, ирек, су, ит құйрық т.б.

Міне, осы оюларды күніге айшықтап, сызып отырсаң, біраз күннен кейін қолың икемге келіп наброскіні де, суретті де салғанда кездесетін көптеген бейнелеу сызықтары, тамаша пластикалық иірім, шеңбер, доға, толқынды сызықтарды тез меңгересің. Ал, алғаш сурет өнеріне талпыныс жасаған оқушының қол икемі келмей қиналатыны да осы сызықтар. Сондықтан, қазақ ұлттық ою нақыштарының сурет салуда үлкен методикалық рөлі бар.

Ою-өрнекті жақсы меңгерген адам наброскіні де жақсы меңгереді қолы әбден жаттыққан оқушы енді кез-келген жан-жануардың, немесе адамның қимылын, оның күйзеліс бет әлпетін, мінез құлқын әп-сәтте бере алады.

Наброск (долбар) суретшіні шығармашылық ізденіске, ойлылыққа жетелейді. Наброскіні, сонымен бірге ол суретші туындысының алғашқы жобасы.

Долбармен кезінде талай ұлы суретшілер айналысып, еңбектер жазған, олар: Леонардо да Винчи, Рафаэль, Микеланджело т.б. Олар өздерінің өлмес туындыларын осы наброскілер арқылы өмірге келтірген.

Алысқа бармай-ақ, өзіміздің ұлы ғалым атамыз Шоқан Уәлихановтың еңбектерін алайықшы. Оның ұрпағына тастап кеткен ұшан-теңіз тарихы, этнографиялық ғылыми мұрасына қосқан көптеген сурет мұрасы да бар. Олар қазір онша зерттелмеген.

Шоқан Уәлиханов еңбектері ішкі психологиялық сезімге бай, техникасы жоғары, сызылуы нәзік те шебер сурет туындылары. Оның қаламұшпен салынған «Потанин» портреті қандай шебер де, нанымды шыққан. Ондаған сызықтардың толқынды ізі адамның пластикалық пішінін ашып, ішкі психологиялық сезімінің кілтін дөп басып тұр. Сызықтардың өте шебер де әсем қойылуы оның өте білімді суретші екенін дәлелсіз-ақ білдіріп тұр.

Ал «Қырғыздардың ат байлауы» деген долбар суретінде бір дәуірдің ұлттық калоритін, халықтық мінез-құлқын, салт-санасын жоғарғы шеберлікпен жеткізген. Сол кездегі өмір келбетін көрсетеді. Бұл сурет

салудың, осындай адамға өзінің табиғатымен, шыншылдығымен әсер ете білетін наброскілерді айнала ортадан (натурадан) іздеп салу керек. Штрихты, реңді суреттерді салып үйрену үшін алдымен қарапайым заттарды пайдаланған жөн.

Ою-өрнек немесе долбарды (наброскіні) сызып, біраз тәжірбие жинақтағаннан кейін енді реңдік (тоновый рисунок), штрихты суреттерді салуға көшеміз. Бұл ою-өрнек пен наброскі салудан күрделірек, бұрын суреті тек сызықтың өзімен ғана бейнелесек, енді штрихтардың көмегімен жарық пен көлеңкені анықтап, оның қандай материалдан жасалғанын көрсетеміз. Бір сөзбен айтқанда салып отырған затымызды өзінің табиғи формасына келтіре бейнелейміз.

Осындай геометриялық фигуралар немесе басқа да заттардың жиынтығын (екі немесе одан да көп) - натюрморт деп атайды.

«Натюрморт» сөзі - француз сөзінен алынған термин. Қазақша «өлі табиғат» немесе «тыныш, қозғалмайтын зат» деген мағына береді. Натюрморт «өлі табиғат» немесе «өлі зат» аталғанмен, сондағы бейнеленген заттар арқылы табиғи өмірді, заман келбетін тіпті бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, тарихын танып - білуге болады.

Осының куәсі ретінде қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш суретші А.Ғалымбаеваның «Дастархан» атты натюрморттық шығармасын алайық, мұнда суретші ашық жылы түсті бояулармен қазақтың өзіне тән дастархан мәзірін бейнелей отырып, ұлттық ерекшелігімізді, халқымыздың қонақжай, ақжарқын кеңпейілдігін аса бір нәзік сезіммен жеткізе білген. Натюрморт алғаш рет ғасырдың басында Голландияда пайда болды.

Содан көптеген елдерге тарап, әсіресе XVIII ғасырдың ортасында бейнелеу өнеріндегі көп тараған жанрға айналды. Осы кезде натюрморт салудың тамаша шеберлері шықты. Ол голландиялық Ван де Вальде, Винсент-Ван Гог, Францияның ұлы суретшілері П.Сезанн және А.Матис еді. Қазір көптеген суретшілер осы қылқалам шеберлерінің жолын қуып, істерін алға қарай жалғастыруда.

Натюрмортты немесе басқа да заттардан құралған суретті салған кезде оның мағыналы құрылымының өзегі болатын - композицияны біліміз шарт. Онсыз ешқандай қызықты, әсерлі сурет салу мүмкін емес.

Композиция латынның «ойлап шығару» немесе «құрастыру» деген сөзінен шыққан.

Дәлірек айтар болсақ, композиция - суретшінің бейнелегелі отырған натюрмортты немесе картинасын дұрыс, әсерлі құруы, ондағы заттарды, кейіпкерлерді белгілі бір ретпен ыңғайластырып орналастыруы болып табылады. Әдетте, әсіресе үлкен живописьтік шығармаларда, суреттерде оқиғаның өзегі немесе басты кейіпкерлері орналасатын белгілі бір орталығы болады. Оны композициялық орталық деп атайды. Композициялық орталық суретшінің шешіміне қарай картинаның кез-келген жерінде болуы мүмкін. Кейбір суретшілердің туындысының композициялық орталығы тура ортасында орналасса, ал кейбіреуінде ол не оң жағында, не сол жағында орналасады.

Суретті саларда отыратын орнымызды дайындау, ұйымдастыру үлкен рөл атырады.

Алдымызда қойылған натюрморт толық, жан-жанқты көріну үшін одан қашығырақ отырамыз. Ара қашықтық бір жарым, екі метрден кем болмау керек. Отырғанда кез-келген жерге отыра салмай, натюрморттың композициясы

қызықты көрінетіндей жерді таңдау керек. Орнымызды белгілеп алғаннан кейін берілген натюрморттың жан-жағынан қарап, ондағы заттардың жалпы пішінін тұтас көлемін зерттеп, керек болса қолымызбен ұстап көруімізге болады. Сонда бейнелейтін затымыздың ішкі-сыртқы құрлысынан толық мағлұмат алып жете танымыз, бұл сурет салуды көп жеңілдетеді.

Қандай суретті салмайық оның барлығына ортақ белгілі бір жолы, кезеңі болады. Сондықтан, сурет кезеңдермен біртіндеп салынып өрбіп отырады. Зат бейнесінің орналасуын анықтау, құрлымын табу, пішінін айқындау, сондай-ақ түйін немесе суреттің аяқталуы деп аталады. Алдыңғы үш кезең жалпыдан жалқыға әдісімен өрбиді.

Енді осы кезеңдер арқылы, берілген натюрмортты салудың жолдарын қарастырайық. Натюрморт үш геометриялық денеден тұрады.

Зат бейнесінің орналасуын анықтау дегеніміз - бейнелейтін затымыздың жалпы нұсқасын қағаз бетіне дұрыс немесе белгілі бір мөлшерде ықшамдап түсіру болып табылады.

Кейде осы суретті орналастыруды жөнді түсінбеген немесе білмеген бала үлкен қателік жібереді.

Суреттің орналасуына баса көңіл бөліп, натюрморттың жалпы нобайын қағазға түсіреміз. Содан ондағы жеке заттардың пішіндерін мөлшермен білінер-білінбес сызықтармен белгілеп аламыз. Осы жерде көкжиек сызығының қай жерден өтетінін тексеріп білген жөн, өйткені суреттің перспективалық құрылысын салғанда қажет болады. Бұл кезеңде сурет стилизация немесе қатаң геометриялық формалар әдісімен сызылады.

Натюрморттағы заттардың бір-бірінің ара қатынасын тексеріп өлшеп, олардың әрқайсысының сызықтық қаңқасын сызамыз. Мұндағы заттардың ара-қатынасын өлшеу қарындаш арқылы жүргізіледі.

Қарындашпен өлшегенде, қалам ұстаған қолымызды толық созып, бас бармағымызды қаламның бойымен жылжыту арқылы белгілі өлшемді екінші бір заттың ұзына бойына немесе еніне салып ара-қатынасты табамыз. Қай суретті салмайық осы әдісті пайдаланамыз.

Натюрмортта негізгі өлшем етіп цилиндрдің енін аламыз да жаңағы әдіс бойынша қалған заттардың ұзындығы мен енін өлшеп шығамыз. Заттардың бізге көрінбей тұрған қабырғаларын сызып, перспектива заңы бойынша кубтың бергі беті оның арғы-артқы қабырғасынан үлкен болады және кубтың қырларының сызығы көлбей бір-біріне жақындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Толебиев Сурет сала білесің бе? -Алматы "өнер" 1990 ж.
2. В.Б.Розенвассер Беседы об искусстве -Москва "Просвещение"1979 ж.
3. Б.Мекішев Әлемнің жеті кереметі -Алматы 1982 ж.
4. С.Мұқтарұлы Шоқан және өнер -Алматы 1985 ж.
5. А.А.Глдышева Анатомия человека -Москва 1977 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ сурет өнерінің тәрбиелік мәні және оның өрлеу тарихынан мағлұматтар беріледі.

РЕЗИОМЕ

В статье рассмотрены основные периоды становления искусства рисования.

ӘОК 911. 3: 620. 9 (262. 81)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ АКВАТОРИЙ БӨЛУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Өмірова Н.Б., магистрант, Қасенов С.Қ. п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Каспий – Еуразия құрлығында орналасқан, бірде – бір мұхит немесе ашық теңізге табиғи жолмен шыға алмайтын теңіз немесе ірі көл. Каспийдің су беті көлемі 440 000 шаршы шақырым (ұзындығы 1440, ені 278), тереңдігі 1025 метрге дейін барады, су алабы шамамен 78 000 км³ құрайды. Ірі шығанақтары: Маңғыстау, Қазақ, Қара –богаз – гол, және т. б. Жалпы ауданы 350 шаршы шақырымды құрайтын 50 арал бар. Мұнда қызыл балықтың әлемдік қорының 90% - ы, 854 жануарлар түрі тіршілік етіп, 500 – ге тарта өсімдік түрі өседі. Олардың ішінде 30 – ға жуық жануарлар мен 20 – дан астам өсімдік түрлері Қызыл кітапқа енгізілген /6,130/.

Каспий теңізі мен оны қоршаған аумақтар көмірсутекті шикізаттың үлкен қорының жинақталған жері болып табылады. Теңіздегі барланған мұнай қоры 17 – 33 млрд. баррель, табиғи газ қоры 232 трлн. фут³ құрайды. (Энергетикалық ақпарат агенттігі. АҚШ, 2003)

Теңіздегі шекара бұрын Кеңес Одағы мен Иран арасында жүргізілсе, КСРО – ның ыдырауы нәтижесінде теңіз жағалауында бірден бес мемлекет шекара түйістірді.

Каспий теңізінің параметрлері

	Жағалаулық белдеудің ұзындығы		Су айдынының ауданы	
	км	%	мың км. ²	%
барлығы	5990		381	100,0
	100,0			
<i>Соның ішінде секторлар бойынша</i>				
Қазақстандық	2000		113	29,7
Ресейлік	33,4		66	17,3
Түрікменстанды	1250		80	21,0
қ	20,9		78	20,5
Әзербайжандық	1080		44	11,5
Ирандық	18,0			
	880			
	14,7			
	780			
	13,0			

Кеңес Одағының ыдырауы мен осы өңірден мұнай мен газ қорының көптеп табылуынан аймақта әрқандай проблемалар туындап отыр. Солардың ішіндегі шешуін толық таппай келе жатқан мәселе – теңіздің құқықтық мәртебесін айқындау.

XIX ғасырдағы орыс – парсы соғыстары екі мемлекеттің шекараларын белгілеумен қатар, Каспий теңізінің де мәртебесін реттейтін келісімдерге қол қоюмен аяқталды. Гүлістанда жасалған 1813 жылғы келісімге сәйкес, Парсы мемлекетіне теңізде әскери кемелер ұстауға тиым салынды. Ал 1907 жылы Англия мен Ресей арасындағы Ауғанстан, Персия, Тибетті бөлу жөніндегі келісімге сәйкес, Персия екі бөлікке бөлініп, солтүстігі Ресейге, оңтүстік бөлігі Ұлыбританияға қарады. Бұл бітім Ресейдің Каспийдегі үстемдігін нығайтты.

Осы көрсетілген мәртебе 1917 жылға дейін, яғни Ресей империясы құлаған кезге дейін сақталды. Бұдан кейінгі Каспий теңізінің мәртебесі Ресей мен Иран арасындағы 1921 жылғы, және 1940 жылғы КСРО мен Иран арасындағы келісімдер бойынша анықталды. Осы келісімдерге сәйкес, теңіз тек екі мемлекеттің меншігі ретінде қарастырылды, және қандай да бір үшінші мемлекеттің теңізге ешқандай құқығы жоқтығы атап көрсетілді. Бірақ бұл құжаттарда тек сауда, балық аулау мәселелері қамтылды, ал Каспийдің толық көлемдегі құқықтық мәртебесі, теңіз түбіндегі табиғи ресурстар проблемалары реттелген жоқ.

1880 жылдардан бастап Каспий теңізінен өзендер мен каналдар жүйесі арқылы Балтық теңізіне жету мүмкіндігі туды. Ал Дон – Волга каналының құрылысы аяқталғаннан кейін, Каспийден Азов, Қара теңіздеріне жол ашылды.

Каспий теңізі Иран мен КСРО меншігі деп саналғанымен, арадан шекара сызығы заңды түрде жүргізілмеген. Тек 1935 жылы НКВД наркомы Г. Ягоданың құпия бұйрығымен теңіз Астара – Гасан – Кули сызығы бойынша екіге бөлініп, барлық кеңес карталарында КСРО – ның мемлекеттік шекарасы ретінде көрсетілді. Бірақ бұл құқықтық рәсімделмеген шартты шекара болды.

1970 жылы КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігі республикалардың көмірсутекті ресурстарын есептеу мақсатында Каспийдің кеңестік бөлігінің теңіз түбін одақтас республикалар арасында орталық сызықты негізге ала отырып секторларға бөлді.

1991 жылдан кейін пайда болған теңіз жағалауындағы тәуелсіз мемлекеттер алдындағы басты міндеттің бірі - Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны жасау болып табылды. Мұны Каспий жағалауына қатысты мемлекеттер, яғни Әзербайжан, Ресей, Қазақстан, Түрікменстан, Иран белгілеуге тиіс. Құқықтық мәртебеге: кеме қатынасы, биологиялық және минералдық ресурстарды пайдалану, экология, теңіз деңгейінің көтерілуін қоса алғанда, жағалау бойындағы мемлекеттер юрисдикциясының шектерін де белгілеу мәселелерін реттеу кіреді. Каспийді тек бейбіт мақсаттарда ғана пайдалану; осы теңізді бейбітшілік, тату көршілік, достық пен ынтымақтастық аймағы ретінде сақтау; Каспийге байланысты мәселелердің барлығын бейбіт құралдармен шешу; қоршаған ортаны қорғау және Каспий теңізінің ластануын болдырмау, оның биологиялық ресурстарын сақтау, ұдайы өндірісі және оларды ұтымды пайдалану; Каспий жағалауы мемлекеттерінің қоршаған ортаға және бір – біріне теңізді пайдалану және оның ресурстарын игеру жөніндегі қызметінің нәтижесінде келтірген зияны үшін жауапкершілігі; Каспий жағалауы мемлекеттерінің сауда кеме қатынасының еркіндігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету енеді. Бағдарлама бойынша геофизикалық және геологиялық барлау жұмыстарын, көмірсутекті шикізаттардың кен орнын игеруді қоса алғанда, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту туралы нақты ұсыныстармен алмасатын болады. Айта кететін бір жайт, бұл аталған мемлекеттердің осы мәселегеде көзқарастары әртүрлі. Ең алдымен Каспий теңіз бе әлде көл ме, оны бөлу үшін қандай құқықтық режимді қолдану керек деген сауалдар төңірегінде таластар жүргізілді.

Геологтардың айтуынша, көлдер мен теңіздердің бір – бірінен айтарлықтай айырмашылықтарын көлеміне, тұздылығына, тереңдігіне, тіршілік ету уақытына, пайда болу жолдарына, құрлықтық қайраңның бар – жоғына қарап анықтауға болады.

Әлемдік тәжірбиеге сүйенсек, теңіздердің мәртебесін анықтауда 1982 жылғы БҰҰ – ның барлық теңіздер мен мұхиттарға қолданылатын теңіз құқығын реттеу ережелері қолданылады. Бұл ережеге сай, жағалаудағы мемлекеттер теңізді ортақ сызық негізінде делимитациялауға (2 – бап), минералды ресурстарды барлау және игеру үшін айрықша экономикалық зона құруға (56 – бап), және 12 – мильдік территориялық суға иелік етуге құқықтары бар. Ал қалған аумақ барлық елдерге ортақ болады. Аталған конвенцияда ішкі теңіздер жөнінде нақтылы шарттар қарастырылған. Келісімде көрсетілгендей, ішкі теңізбен шекаралас елдер өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бір – бірімен ынтымақтас, әріптес болуы шарт.

Егер Каспий ішкі теңіз ретінде қарастырылатын болса, онда жоғарыдағы конвенцияға сәйкес теңіз барлық жағалаулық елдердің құқықтары сақтала отырып; аумақтық теңізге, айрықша экономикалық зонаға, және құрлықтық қайраңға бөлінуі керек. БҰҰ конвенциясының 15-ші бабына сүйенсек, жағалаудағы мемлекеттер арасындағы территориялық сулар жағалаудың бір жағынан да, қарама – қарсы жақтан да бөліне береді.

Каспий теңізінде материктік қайраң шекараларын анықтау тек жағалаулық сызықтар мен орталық тереңдіктердің шекараларын анықтағаннан кейін ғана мүмкін болады. Осы жағдайда әр елге, басқа жағалаулық елдердің құқықтарын бұзбай қайраң шекарасын анықтауға геологиялық негіз пайда болады. Өткен уақыттарда да жағалаулық елдердің ішкі теңіздерді секторларға бөлу мысалдары кездеседі. Мәселен, Қара теңіз – Украина, Ресей, Румыния, Болгария, Түркия және Грузия мемлекеттері арасындағы келісімдерге сәйкес территориялық суларға бөлінген. Өлі теңіз Израиль мен Иордания арасында бөліске түскен. Бұл екі жағдайда да теңіз шекаралары елдердің құрлықтық шекараларына сәйкес жүргізілген.

Егер Каспий теңіз емес, көл деп анықталатын болса, бұл жағдайда бірнеше мемлекеттермен шекараласатын көлдер туралы халықаралық конвенцияны қолдануға болады. Аталған конвенцияда бірнеше елдермен шектесетін көлдер, мемлекеттер арасындағы келісімдерге сәйкес бөлінуі тиіс, немесе көрсетілген елдердің мемлекеттік шекаралары көлді дәл ортасынан бөлетін жағдайға сәйкес келгенде бөліну керек. Бұл тәртіп Виктория көліне қолданылған, көл британдықтармен германдықтар арасында отарлық басқару кезінде Уганда, Танзания, Кения елдерінің құрлықтық шекаралары арқылы бөлінген. Чад көлі Нигер, Нигерия, Чад елдері арасында бөлінген. Бұл келісім Англия мен Франция арасында отаршылдық басқару кезінде жасалып, кейіннен азаттық алған үш ел тарапынан қабылданған болатын. Альберт және Эдуард көлдері Британия, Германия және Бельгиялықтардың басқару кезінде бөлініске түсіп, қазіргі кезде Уганда мен Заир мемлекеттерінің аумағында. Танганьика көлі Танзания, Заир, Бурунди және Замбия елдерінің арасында бөлінген. Танзания мен Заир арасындағы шекара медиана сызығы бойынша жүргізілсе, қалған екі арал арасындағы меже құрлықтық шекара негізінде жүргізілген.

Солтүстік Америкадағы АҚШ пен Канаданың аралығындағы Жоғарғы көл, Эри, Гурон және Онтарио көлдері 1783 жылы АҚШ пен Ұлыбритания арасында қол қойылған келісімдерге сәйкес, АҚШ пен Канада территорияларына бөлінген. Латын Америкасындағы Аргентина мен Чили шекараларында бірден бес көл бар.

Боливия мен Перу арасындағы Титикака көлі, екі мемлекетпен шекараласатын, бірақ өзара бөлініске түспей, жалпы қолданыстағы жалғыз көл. 1956 жылы аталған елдер арасындағы келіссөздерге сай, көл екі елге де ортақ болып бекітілді. Перу мен Боливия арасындағы шекара 1925 жылы жүргізілген еді, ол кезде Титикака көлі құрлықтағы шекара арқылы екіге бөлінген еді. Кейінгі өзгерту көлдің табиғи ресурстарын бірігіп игеру мақсатынан туған сияқты.

Еуропада Женева көлі Швейцария және Франция арасындағы құрлықтық шекара арқылы бөлінген. Лаго және Маджоре көлдері Швейцария мен Италия аумақтарына бөлінген. Бұл айтылған жағдайларда әр ел өзінің территориясындағы көл аймағынан табылған кез-келген ресурстарды пайдалануға құқылы. Кеңес өкіметі кезінде Арал теңізі 1924 жылы 27-қазандағы Орталық Азия Республикаларының шекараларын айқындау туралы заңына сәйкес, Қазақстан мен Өзбекстан арасында бөлінді. Теоретикалық тұрғыдан алғанда, әр мемлекет өз аумағындағы теңіз байлығын пайдалануға құқылы болды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындаудың екі нұсқасын көрсетеді.

Каспий жағалауында орналасқан бес елдің де теңіздің мәртебесі туралы көзқарастары әртүрлі, бірақ кейбір мәселелерде олардың түйісетін жерлері де баршылық. Әзербайжан Каспийді көл деп танып, судың акваториясын, табаны мен қойнауын ұлттық секторларға бөлу қажет деген позиция ұстануда /7,50/. Каспий көл деп танылатын болса, БҰҰ-ның көлдер туралы конвенциясына сәйкес, мемлекеттік шекаралары негізінде және көлдің орталық нүктесінен өзара бөлісулері қажет. Ал су акваториясының бөлінуі ең алдымен биоресурстарды сақтау мен тиімді пайдалануда қиындықтар туғызары анық, яғни су бетінің ұлттық ресурстарға бөлінуі биоресурстармен теңіз экологиясы үшін қауіпті. Ал екіншіден, бұл теңізді бөлудегі жаңа тартыстарға жол ашады, себебі су бетін бөлу, теңіз табанын бөлуден әлдеқайда күрделі.

Ресей Каспий теңізі жабық теңіз ретінде қаралып, Кеңес – Иран келісімдеріне сәйкес мәртебесі анықталуы керек деген болатын. Ресейдің көзқарасын Иран үкіметі де қолдаған-ды. Бұл келісім бойынша Каспий кондоминиум негізінде ортақ пайдаланыстағы теңіз болуы керек, яғни Каспийдің табиғи ресурстары теңіздегі минералды ресурстармен бірге барлық мемлекетке бірдей таралуы қажет. Бұл ұсынысты басқа үш мемлекет қолдамады. Оның да өзіндік себебі бар, өйткені бір мемлекеттің аумағына теңіз түбінің көп бөлігінің жақын болуы, олардың тәуелсіздік құқығын бұзады және теңіз түбіндегі ресурстарды барлау мен игеру үшін инвестициялар тартуда қиындықтар әкеледі. Осыған қоса кондоминиум идеясы әлемдік тәжірибиеде осыған ұқсас жағдайлар болмағандықтан та оны іске асыру қиынға соқпақ.

Түрікменстан 1993 – жылы Мемлекеттік шекара туралы заң қабылдаған кезде 12 – мильдік территориялық суға өз иелігін орнатты, бұл кадам Ашхабаттың Каспийді тұйық теңіз ретінде қарастыратындығын көрсетуде.

Қазақстан жағы Каспийдің ерекшеліктерін және оның Дон – Волга өзендері жүйесі арқылы ашық теңізбен жалғасып жатқандығын ескере отырып, оны теңіз деп танып, БҰҰ – ның теңіз құқы конвенциясын тарату позициясын ұстанды. 19 – шілде 1994 жылы Қазақстан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы келісімнің жобасын аймақ елдеріне ұсынды. Жоба негізіне Каспийді тұйық теңіз ретінде қарастырып, теңіз құқы ережелерін қабылдап, сонымен қатар теңізді жағалаулық елдер арасында территориялық суға және айрықша экономикалық зоналарға бөлуді қарастыру енді. Аталған жобада теңізде жылжу және балық аулау еркіндігін сақтауға, барлық жағалаулық елдердің мүдделерінің қорғалуына

кепілдік беретін арнайы үйлестіруші органның қажеттілігі атап көрсетілді. Каспий теңізінің мәртебесіне байланысты Қазақстанның ұстанымдарына кеңірек тоқталсақ; теңіз түбі мен ондағы ресурстарды барлық жағалаудағы елдер арасында халықаралық тәсіл және әлемдік тәжірбиелер бойынша ортақ сызық негізінде делимитациялауды ұсынды. Минералды ресурстарды игеру мен барлауды әр мемлекет өз еркінше өз зонасында белгілеуге тиіс. Жағалаудағы мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді түрде қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Каспийде аумақтық теңізді, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін белгілеуді ұсынған болатын /10,568/.

1995 – 1996 жылдардағы халықаралық кездесулер мен конференцияларда, атап айтқанда, 1995 – жылы 30 қаңтар – 2 ақпан аралығындағы Ашхабаттағы, 28 – 29 маусымдағы Тегерандағы, 26 – 27 қыркүйектегі Алматы кездесулері; 1996 жылғы 20 – 22 мамырдағы Тегерандағы, 11 – 12 қарашадағы Ашхабаттағы; 1997 жылғы мамырдағы Алматыдағы басқосулар маңызды прогрессивті нәтижелер әкелмеді.

Каспийдің мәртебесін айқындау ұзақ уақытқа созылғаннан кейін, жекелеген жағалаулық елдер бір – бірімен екі жақты келісімдерге келе бастады. 1997 жылы Қазақстан мен Әзербайжан елдері теңіздің құқықтық мәртебесі айқындалғанша секторларының шекарасын медиана сызығы бойынша ұстануға келісті. Сонымен бірге осы жылы Қазақстан Түрікменстанмен кеңес кезінде қабылданған, Каспийді медиана сызығы арқылы бөлу туралы коммюникеге қол қойды.

Каспий мәселесінің толық шешілу жолында бетбұрыс әкелген қадам Қазақстан мен Ресей басшыларының 1998 жылғы қаңтардағы Каспий түбін әділетті шешу қажеттілігі туралы мәлімдемелері болып табылады. 1998 жылғы ақпандағы Астрахандағы, сәуірдегі Мәскеу кездесулері Каспий проблемасында оң өзгерістер әкелді.

1998 жылы 6-шілде күні Қазақстан мен Ресей президенттерінің Мәскеу кездесуінде теңіздің солтүстік бөлігін орта сызық арқылы түбінен шекараға бөліп пайдалану туралы келісімге қол қойылды. Қазақстан мен Ресей теңіздің түбін ғана шекараға бөлу қажет деп тапты. Бұл жағдайда теңіздегі су, балық, басқа да биоқорлары, оның ішінде мұнай қоры да ортақ болып есептелінетіні белгілі. Каспий орта сызығы арқылы ұлттық секторларға бөлінсе, Қазақстан үлесіне 29% – ы, Ресейге 16% – ы, Әзербайжанға 20% – ы, Иранға 14% – ы, Түрікменстанға 21% – ы тиесілі болады.

Осыған сәйкес екі ел, егер кен орны теңіз түбіндегі шекара анықталған орта аралық тең бөліс сызығы жанынан табылса, онда оны игеру құқығы қаржы жұмсап, барлау жүргізген жаққа берілуі немесе 50/50 түрінде бөлінуі керек деген тоқтамға келісті. Үш даулы кеніш туралы мәселенің тағдыры анықталды. Хвалынское мен Центральное кеніштерін бақылау құқығы Ресейге жүктелді. Ал Құрманғазы кенішінің 50% – ы Қазақстан жағына өтіп, 25% – ы Ресейге, қалған 25% – на коммерциялық мақсаттағы компаниялар иелік ететін болады.

Бұл келісім маңызды оқиға болды, себебі бұл келісім арқылы солтүстік Каспийдің шекара мәселесі шешіліп қана қоймай, теңіздің құқықтық мәртебесін айқындауда негіз жасалды. Енді осы келісім негізге алынып, Каспийдің мәртебесі айқындалар болса, онда Каспий қандай болар еді деген сұрақ туындайды. Әрбір мемлекеттің жағалауынан 12 – мильдік немесе басқалай келіскен ендікте шекаралық, кедендік, санитарлық т.б. бақылаулар жүргізетін зоналар орнайды. Бұл территориялық судың баламасы тәріздес. Тағы да жағалық сызықтан 20-мильдік ендікке дейінгі аралықта балық аулау зонасы қойылады. Бұл көрсетілген зонада тек сол мемлекеттің кемелері ғана аулайды. Ал әрі қарай ешқандай зона

ешқандай шекара қойылмайды, биологиялық ресурстар ортақ, ортақ экологиялық стандарттар, балық аулаудың келісілген шарттары. Теңіз түбі мен қойнауы екі жақты келісімдермен реттеледі. Бұлай шекара жүргізу халықаралық әділеттілік және келісім ұстанымына сәйкес жүргізілуі керек. Бұл жағдайда әлемдік тәжірбиедегі 80 пайыз қолданатын орталық сызық алынады.

Ресеймен Қазақстан арасындағы келісімге сәйкес шекараны анықтау аралдарды, геологиялық құрылымды т.б. ескере ортырып, орталық сызықты негізге ала отырып жүргізілді. Осылай пайда болған теңіз түбі секторлы шегінде екі жағалаулық елдің барлау, игеру, басқару мақсаттарында жұмыстар жүргізуге дербес құқықтары бар.

Шекара сызықтары болашақтағы перспективті көмірсутекті құрылымдарды бөліп өткен жағдайда (Құрманғазы – Ресей мен Қазақстан, Центральное – Ресей - Қазақстан, Ялама – Самур – Ресей - Әзербайжан), аталған кен орындарында барлау және игеру жұмыстары бірлесіп жүргізіледі.

Ал теңіздің түбін бөліп, акваторияны жалпы пайдалануға қалдыру туралы ұсынысты Каспий жағалауындағы өзге елдер қалай қабылдады дегенге келсек, Әзербайжан Ресей мен Қазақстан арасындағы қойнау бөлісуді қолдады, Бірақ бұрынғыша су бетін де бөлуді ұстанып отыр. Түрікменстан 45 – мильдік жағалық зонаның өздеріне тиімдірек екенін білдіре отырып, егер өзге мемлекеттер теңіз түбін ғана бөлуге келіссе осы ұсынысқа қосылатынын айтуда. Каспий секторларға бөлінген жағдайда 14% – дық үлес тиетін Иран бұл нұсқамен келіспейтіндігін көрсетті. Иран өкіметінің ұсынысы теңіз түбі мен су бетін ортақ пайдалану режимін немесе 20% – дық үлес бойынша теңізді бес ұлттық секторларға бөлу.

В. В. Путиннің 2000 жылғы 9 – 10 қазандағы Қазақстанға ресми сапары кезінде «Каспийдегі ынтымақтастық туралы Декларацияға» қол қойылды. Тараптар биоресурстарды сақтау мен қоршаған ортаны қорғау салаларында бірлескен ұстаным белгіледі. 2004 жылы 9 маусымда Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға талдау жасалды. Каспий теңізінің құқықтық режимін реттеу мәселесі күн өткен сайын өзекті болып отыр. Мұның өзі жағалаудағы мемлекеттер үшін Каспий қайраңындағы көмірсутекті шикізатты қоры стратегиялық мәнге ие болуымен байланысты туындап отыр. Оның үстіне энергияның негізгі тұтынушылары болып табылатын ірі елдер мұндағы ресурстарды игеруге және тасымалдауға зор мүдделік танытып келеді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияда Қазақстан жағының пікірінше, бірінші кезекте Каспий акваториясын аймақтарға бөлу және олардың режимін анықтау проблемасын шешу керек. Бұл мәселеде кейбір елдер Каспий теңізін ортақ халықаралық практикаға сәйкес аумақтық теңіздерге, балық айлау аймақтарына және ашық теңізге бөлуді ұсынды.

Балық аулау аймағының режимі іс жүзінде келісілген. Тек бұл аймақты жеке категорияларға бөлу және оның енін анықтау қажеттігі туралы мәселе ашық қалып отыр.

Каспий теңізінің табанын шектеу мәселесінің маңызы айрықша. Қазақстан мұны халықаралық құқықтық жалпыға ортақ нормаларын ескере отырып, қатарлас және қарсы бетте орналасқан мемлекеттердің уағдаластығы негізінде жүзеге асыруды ұсынады. Каспий теңізінің труба құбырларын жүргізу шарттары Қазақстанның пікірі бойынша құбыр учаскесі өтетін тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылуы тиіс /20,265/.

Қазіргі таңда тек Ресей ғана өз секторының шекараларын айқындай алды. Қазақстанда Түрікменстанмен, Түрікменстанда Әзербайжан және Иранмен,

Әзербайжанда Иранмен және Түрікменстанмен Каспий түбінің шекара сызығы анықталмаған.

Каспий мәселесі бойынша арнайы жұмыс тобының 20 отырысы өтсе де, шетелдік сарапшылардың айтуынша Каспийдің мәртебесі әлі де тұманды болып отыр. Жалпы Каспийдің мәртебесін анықтауда ондағы мемлекеттердің ортақ шекара белгілеуге, елдер арасындағы қатынасты толық жандандыруға теңіз түбіндегі мұнай кедергі келтіріп отыр. Соған қарамастан мемлекеттердің ортақ бір шешімге қақтығыстарсыз, дипломатиялық жолмен келісімге келу мүмкіндіктері бар деп айтуға толық негіз бар. Себебі, Каспий - достық пен бейбітшілік теңізі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова Г. и др. – Проблемы обеспечения экономической безопасности стран Центральной Азии и Каспийского региона. Analytic 2005/ 5
2. Ашимбаев М. – Безопасность Казахстана на современном этапе. Алматы, КИСИ, 2002
3. Жулинский М. – Каспийский регион: нефтегазовые проблемы. География в школе. 04. 2006 с.18
4. Зачем приезжал И. Алиев? – Континент. 17 – 30 марта, 2004
5. Карагианнис Э., Сулейменов. У. – Споры по правовому положению Каспия: Позиция Казахстана. Казахстан и современный мир. 2 (9) 2004
6. Касенов.У. – Каспийское море; правовой статус, нефть и международная безопасность. Алматы, КИСИ, 1998
7. Мамедов Р. – Нефтяная дипломатия Баку. Международная жизнь. 2002. №5.
8. Мансұров Т. – Қазақстан – Ресей қатынастары өзгерістер дәуірінде. 1991 – 2001. Алматы, «Қазақстан» 2006
9. Нефтегазовые ресурсы Казахстана в системе мировых и региональных отношений (под. ред. М. С. Ашимбаева) Алматы, КИСИ, 2002
10. Тоқаев Қ. – Қазақстан республикасының дипломатиясы. Алматы, 2002

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, осы тектес проблемалардың әлемдік тәжірибиеде шешілу жолдары және теңіз жағалауындағы мемлекеттердің ортақ шешімге келу мүмкіндіктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается правовой статус Каспийского моря, возможные варианты пути решения проблемы, позиции прикаспийских государств.

ӘОК 42-01

ТІЛДІҢ ӨРКЕНИЕТТІК ҮРДІСТЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сарсенова Ә.Б. оқытушысы
(Алматы қ., Қазмемқызпи).

Кейбір деректерге көз жүгіртсек «өркениет», «мәдениет» түсінігінің мағынасында ХҮІІ ғасырда пайда болған және ХІХ ғасырдан бастап Батыс елдерінде материалдық және рухани мәдениеттің жоғарғы сатысы деп түсіндіріледі.

Мәдениеттанушы Т.Ғабитов осы жоғарыдағы ұғымдарға мынадай түсінік береді: «Мәдениет - халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауыммен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады..., ал өркениет (цивилизация), семантикалық жағынан алғанда, азаматтық дегенді білдіреді, ... » /1/. Ал ғалым Ғ.Есім «өркениет» деген ұғымға мынадай сипаттама береді: «Өркениет - деген бір халықтың міндетті түрде жетіп жығылатын көрініс. Өркениеттіліктің мәні оның даралығында» - дейді.

Бүгінгі қазақ тілінің байлығына, ғылымның ең терең тұнғығына бойлай алатын қабілетіне, көркемділігіне, әдемілігіне, шешендігіне ешкім қарсы дау айтып, таласа алмайды. Біз ана тілімізді қазіргі қазақ өркениетінің қалыптасу үдерісінің басты факторы есебінде қарастырамыз. С.Е.Маловтың қазақ тілі туралы: «Түркі халықтарының ішінде ең суретшіл, образды тіл - қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен де, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты»- деген пікірі бар.

Тіл – қатынас құралы ғана емес, халықтың тәжірибесі жинақталған мол қазынасы, мұрасы. Ұлттық тіл – ұлттық философияның қайнар көзі. Оған қазақтың нақыл сөздері мен мақал-мәтелдеріндегі философиялық ой негіз бола алады. Ал, мәдениет үдерісі кең ұғым есебінде, адамның бүкіл санасын қамтиды. Өз орайында тіл сананың феномендік жағы есебінде қоғамдық жүйенің толымды қызметін қамтамасыз ететін рухани компонент болып табылады. Ол адамның рухани еңбегінің өнімі, қоғамдық өзгерістер жиынтығының маңызды бір бөлігі. Тіл – халықтың тәжірибесі, жинақталаған мол қазынасы, мұрасы, әрбір егемен елдің елдік белгілерінің ішіндегі аса маңыздыларының бірі. Әр елдің, халықтың мәдениеттілігінің сауаттылығының деңгейін айқындайтын оның тілінің қолдану аясы мен сапасы болса керек.

1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң қабылдаған сәттен бастап және Елбасымыз Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын 1998-2000 жылдар аралығында іске асыру барысында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғы шарттар жасалды. Қазіргі уақытта елімізде тілдер қолданысының дамуын табысты іске асырудың құқықтық негіздері қалыптасты. Тіл құрылысының үрдістері қоғамда түсіністік пен қолдау тауып келеді. Алайда, мемлекеттік тілдің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі оның жаңа әлеуметтік-мәдени болмысты бейнелеудегі мүмкіндіктерін кеңейтудің қажеттігі болып отыр. Бұл бағытта нысаналы түрде ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде.

Мәдени және БАҚ салаларында мемлекеттік тілді дамытуда белгілі бір оң ілгерілеуге қол жетті. Қазақ тіліндегі телехабарлардың көлемін ұлғайту бағытында айтарлықтай оң қадамдар жасалды. Бұл ретте мемлекеттік тілде хабар тарататын мамандандырылған телеарнаның ашылғанын атап айтуға болды. 2000

жылы 192 телеарнаның басым көпшілігі – 144-і екі тілде хабар таратты. Алайда бұл салада ерекше назар аудару қажет, бұл кино, мультипликация, телешоу, сазды бағдарламалар, жастар журналдары. Солардың арасында мемлекеттік тілде шығарылатын теле және радио хабарлар, көркем және анимациялық фильмдердің жалпы саны мен сапасы егемен Қазақстанның қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай отыр /2/ .

Білім беру жүйесінде де мемлекеттік тілдің маңызы біртіндеп артып келеді. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің жалпы саны біртіндеп өсіп, 2000 жылы республикадағы мектептердің жалпы санының 43 % шамасына жеткен (Білім және Ғылым министрлігінің мәліметі бойынша). Тіл дамуын табысты жүзеге асырудың неғұрлым маңызды шарттарының бірі қоғамдағы жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын тілдерді оқытудың толыққанды жүйесінің тұрақты қызмет етуін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету болып табылады. Аталған жүйе түрлі деңгейлерде және әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын дара байланысты сабақтас және мүмкіндігінше үздіксіз процесс болуға тиіс. Тіл даярлығын ұйымдастыруда қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Өскелең ұрпақтың рухани-имандылық дамуы және елінің мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын дарыту мақсатында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиетпен, мерзімді басылымдармен толық және сапалы қамтамасыз етуге көңіл бөлу қажет деп ойлаймыз.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы – ана тіліміздің арқасында ұлт болып ұйып келген халқымыздың өміріндегі ұлы оқиға. Елімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, одан әрі дамуына қажетті жағдайлардың бәрі бар. Ендігі мақсат жоғарыда айтып өткендей жас ұрпаққа білім берудің барлық салаларында қазақ тілінде оқытуға кеңінен жол ашу. Еліміздің барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасалуда. Үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік тілдің рөлін арттыру, себебі тіл – еліміздің мемлекеттілігінің басты факторы болып табылады. Мемлекеттік тіл еліміздегі мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс-қағаздарын жүргізу тілі ретінде мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастарының барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі болып табылады.

Халқымыздың барлық азаматтар үшін басты мәселе – ұлты, ұлтының тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт дәстүрі, яғни ұлттық құндылықтары, бұл құндылықтардың дамуы мен өркендеуі келешекте мемлекеттік біртұтастығын күшейтудің басты шарты. Қандайда бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымының кеңдігімен, орамдылығымен және ұтымдылығымен өлшенеді. Сондықтан мемлекетіміз үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі ұлтымыздың мәдени, рухани бірлігінің даму көрсеткіші болу тиіс.

Тіл тағдыры десек – ұлт тағдыры десек, тілі жағынан да ұлттық дәлелі де, дінді, ұлттық мәдениеті мен әдебиеті де, салт-дәстүрі де, әдеп-ғұрпы да, менталитеті де жойылады. Біз мәдениетті тілден бөліп қарастыра алмаймыз. Өйткені, тіл – мәдениет дамуының факторы есебінде өркениеттік дамудың бір көзі болып табылады.

Ал біз өркениетті, дамыған ел болу үшін, қазақ ұлтының ұлт болып сақталып қалуы үшін бір-ақ сүйеніш, бір-ақ тірек бар. Ол – тіл. Егер тіл әлсіресе немесе жоғалса, ұлтқа да, сонан кейін мемлекетке де қатер. Өйткені патриотизм

де, рух та тек тілмен қоректенеді, тілден нәр алады, содан қуаттанады. Тілді сақтау – ұлтты сақтау, мемлекетті сақтау. Тілді дамыту ұлтты дамыту, мемлекетті, өркениетімізді, мәдениетімізді дамыту деп түсінеміз. Өркениет туралы бүгінгі күні көп зерттеуде. Ал қазаққа байланысты өркениеттілікті тек техникалық, экономикалық жағынан қарастырсақ, ауыз толтырып айтарлықтай жағдайымыз бар екен. Сондықтан да қазақ өркениеті, мәдениеті, тілі туралы айту әбден орныды. Бұдан байқайтынымыз, мәдениет пен өркениет бір-біріне байланысты ұғымдар. Мәдениеттанушы Г.Чайлдың пікірінше, өркениетке еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі, қаланың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, азаматтық қоғам мен мемлекеттің орнауы жатады.

«Ұлттық мәдениетте жалпы азаматтық мәдениет, тек оның көріну аймағы, географиясы өзгеше. Әлемдік мәдениет ұлттық мәдениеттің ортақ заңдылықтарын бейнелейтін ұғым» /3/ деп Ғ.Есім айтқандай, ұлттық мәдениетті бүкіл азаматтық өркениеттің құндылықтары мен талаптарын ескергенде ғана жандандыруға болатындығы өмір талабынан туған заңдылық болып табылады.

Күні кешеге дейін ғалымдар «Дала өркениеті» деген терминді қолданып келді. Ендігі жерде «Қазақ өркениеті» деген ұғымды еңгізуді дұрыс деп ойлаймын. Осы жерде Ғ.Есім: «Біз ұлттық мәдениет, менталитет, ұлттық ерекшелік деп айтып та, жазып та жүрміз. Ойлаймын осының бәрінің ұғымын сыйғызып, оны «Қазақстандық өркениет»-дейтін мезгіл жетті», - деген ой тастайды /4/. Менінше, бұл өте орынды айтылған сөз.

Егер әлемдік өркениетке қазақтардың қосқан үлесін тізетін болсақ, онда біз бір мақаламен шектеле алмаймыз. Ұлттық тіл сақталмаса, ұлттық тарихымызды шынайы күйінде кім жазып береді? Мысалы, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы - өз ұлтының ауыз және жазба әдебиетінің құндылықтары. Ұлы Абайда өзінің ана тілінен бастау алған.

Ерте кездің өзінде-ақ біздің бабаларымыз мекендеген жерлерде 400-ге жуық қалалар болған екен. Соншама қалаларды тұрғызған қазақ халқында өркениет болмаған деп айта алмайды. Осының бәрі халқымыздың өркениеттілігін мойындататын бірден-бір айғақ, дәлел. Қазақ өркениетін – қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігі, ұлан байтақ жері бар, ауыз және жазба мәдениеттің даму үрдісі бар ежелгі өркениетті ел деп білеміз.

Сөз соңында қортындылай келе, біз қазақ халқының өркениеттік даму кезеңіндегі басты факторларының бірі есебінде тілдің қызметін талдадық..

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философия және мәдениеттану - Алматы, 1998 ж.
2. Тілдерді қолдау мен дамытудың 2001-2010 жылдарғы арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
3. Ғ.Есім Сана болмысы. –Алматы, 1999 ж.
4. Ғ.Есім Береке басы – бірлік. // Егемен Қазақстан 2002 ж. 12 ақпан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының өркениеттік даму кезеңіндегі басты факторларының бірі есебінде тілдің қызметі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль языка в цивилизации казахского народа.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ

УДК 657.26

А-34

ЕСЕП ЖҮЙЕСІН СТАНДАРТТАУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Акимбаева Қ.Т.-аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Капитал рыногының жаһандану бағытына қарай өрістеуіне, сондай-ақ халықаралық қаржы рыногының дамуына қарай қаржылық есептің бірегейлігі қамтамасыз етілуі қажет. Мұндай бағыт ұстанған жағдайда еліміздегі бухгалтерлік есеп жүйесі халықаралық есеп стандарттары талабына сай жаңаша құруды талап етеді. Егер ұйымдарда жүргізілетін бухгалтерлік есеп жүйесі халықаралық стандарттар талабына сәйкес болмаса, онда халықаралық капитал рыногын құру мен тиімді объектілерді инвестициялау, қаржыландыру процестері өз мәнін таппайды. Сондықтан потенциалды инвесторлар қаржылық ақпараттардың «тұнықтылығын» талап етеді. Компаниялар қызметі жөніндегі және қорытынды есеп жүйесіндегі ақпараттар тұнық және сенімді орындалып, мұның барлығы да халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары талабымен тығыз болған жағдайда, қаржы салымшы инвесторлар өздерінің салған капиталының қалай және қандай тиімділік дәрежесінде жұмсалғандығын біліп, бақылап отырады.

Өз экономикасын нарықтық экономика және базарлы сауда қатынастары деңгейінде жүргізетін жержүзілік экономикалық қауымдасқа қатысушы барлық компаниялар мен корпорациялар өздеріне тән бухгалтерлік есебін халықаралық бухгалтерлік есеп принциптері мен стандарттары талабына сай жүргізіп келеді.

Біздер кейбір компаниялар өзінің халықаралық бизнесін жеке бөлімшелер түрінде құрып, басқада бөлімшелермен байланысты жағдайда ұйымдасатындығын білеміз. Кейбір компаниялар жекелеген еншілес кәсіпорындар құрып, бұлар өз қызметін ішкі және сыртқы рынокта жүргізетін болып та ұйымдастырады.

Қайда және қай елде орналасқандығына қарамастан бірлескен негізгі компаниялардың шаруашылық қызметіне қосымша қызмет көрсету мақсатындағы өндірістік, сату, қаржы процестері орталықтанған түрде ұйымдастырылған үшінші деңгейдегі компаниялар да құрылуы мүмкін. Ұйымдастыру түріне қарамастан барлық салалық экономикалық қатынастар өзара байланыста болады. Өндірістік процестің жоғары деңгейде дамуы мен маңызы жағынан күрделі болуына байланысты бухгалтерлік есеп мәселелерін танып білу процесі бухгалтерлік есепті интернационализациялау жолдарымен шешілетіндігін білуіміз керек. Есеп жүйесіне тән интернационализациялаудың өзектілігі кез келген елде және кез келген жағдайда қолданылатын бірыңғай стандарттар жасау болып табылады.

Әр елдің өз тарихы, өз құндылығы, саяси жүйесі, ұлттық ерекшеліктері айрықша қалыптасандығына байланысты көптеген ұлттық кәсіби бағыттағы бухгалтерлердің халықаралық қауымдастық ұйымдары халықаралық стандарттардың біртұтастығы өрісінде әлі де болса шешімін таппаған мәселелердің бар екендігін, алдағы кезеңдерде мұндай мәселелерді үйлестіру мен икемді жағдайға келтіру керектігін айтып келеді.

Әр ұттың өз заңдарына, өз тіліне, өз ақшасы мен есеп жүргізу принциптеріне байланысты халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарын енгізу мәселелері гармониялық үйлестіру жолымен жүргізілуі керек. Гармониялық үйлестірудің өзектілігі әр елде қабылданған есеп моделін, стандарттар жүйесін, бұларды реттеп отыру жолдарын жүйелендіруге байланысты. Ең негізгі мәселе – жекелеген елдер экономикасында қолданылатын бухгалтерлік есеп стандарттары экономикалық қауымдастыққа мүше елдерінде қабылданған стандарттар жүйесімен қарама-қайшылық жағдайда болмауы керек. Яғни халықаралық стандарттар мазмұны жекелеген елдерде қолданылатын стандарттар мазмұнымен гармониялық үйлесімді байланыста болғаны жөн.

Бухгалтерлік есеп стандарттары беделі жағынан жоғары деңгейдегі ресми құжат. Осы құжатты ары қарай жетілдіріп, халықаралық деңгейде қолдану мәселелеріне бухгалтерлік кәсіп өкілдері, қаржылық қорытынды есеп жасаушылар мен мұның мәліметтерін пайдаланушы кәсіби мамандар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар тартылған. Кейінгі жылдары экономикасы дамыған көптеген елдер назары бухгалтерлік есеп жүйесін халықаралық деңгейде бір ізге салу мәселелеріне аударылып келеді. Мұның өзі нарықтық қатынастар өрісіндегі халықаралық экономикалық одақтардың тұрақты бағытта қызмет атқаруына байланысты қаралған. Алайда әр елдер өз қалауы мен зерделенуіне байланысты халықаралық стандарт жүйесін қабылдаудың жолдарын тандап алу мүмкіндігі болады.

Бухгалтерлік қорытынды есеп экономикалық ақпараттар қалыптастырудағы бірден-бір сенімді ақпарат дайындаушы процесс екендігіне байланысты, жалпы есеп ережелері мен әдістерінің қолданылынуы барлық елдерде бірдей мазмұнда қалыптасатындығын естен шығармау керек.

Әр елдің бухгалтерлік есеп жүргізу ерекшеліктері әр түрлі жағдайда және әр түрлі мақсатқа сай ұйымдастырылатынына, сонымен қатар есеп ақпараттарын пайдаланушы топтар мүддесін қанағаттандыруға байланысты ерекшеліктер болатындығын барлық бухгалтерлер білу керек. Сондықтан іске асырылатын мақсаттардың әр түрлі жағдайда орындалуы әр елдерде әр түрлі мазмұнда қалыптасады. Есеп ақпараттарын пайдаланушылар үшін көптеген белгісіздік факторлар да болуы мүмкін. Осы айтылғандарға байланысты есеп ақпараттарын пайдаланушы жақтар сенімді тұрғыда қанағаттануын қамтамасыз етудің жақсы бағыты үздіксіз зерделеніп отыруы керек. Ол үшін ресурстардың тиімді орналасуы, табыс алу мен бұларды жұмсауға байланысты факторлар, қандай шығындардың бәсекелестік процеспен байланысты болатындығы, бірлесіп ұтымдылықтың қалыптасуы, т.с.с. сұрақтарға байланысты мәселелер толығымен шешілуі керек. Біздің пайымдауымызша халықаралық стандарттар жүйесін еліміздің есеп тәжірибесіне қолданудың көптеген мәселелері әлі де болса өз шешімін таппай отыр. Сондықтан бухгалтерлік есеп стандарттарын қолдану мен ретке келтіру жақтарындағы көптеген мәселелер қосымша зерттеуді қажет етеді.

Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары мазмұнын талдау, бұларды жасау мен қолдану барысында бухгалтерлік есеп жүргізу ісіне тікелей немесе жанама тұрғыда әсер етуші ұлттық және мәдени салт-сана мен дәстүрдің қосымша қаралатындығын да естен шығармаған жөн.

Ұлттық валютаның, пайыздық ставкалардың әр түрлі деңгейде болуына, сондай-ақ салық жүйесінің күрделілігіне, басқа да әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерге, корпорацияларды басқару ерекшеліктеріне байланысты әр елдің құқық жүйесі, капитал рыногындағы үкіметтің рөлі бірдей бола бермейді.

Сондықтан бір елдегі жақсы қабылданған есеп жүйесі міндетті түрде басқа ел есебінің тәжірибесіне бірден енгізіледі деу өте қиын.

Осыған орай халықаралық бухгалтерлік есеп стандартында қаржылық қорытынды есеп жасаудың баламалық бірнеше нұсқаларының тұжырымдамасы берілген. Халықаралық бухгалтерлік есеп принциптерін негізге алып жасаған ақпараттар жүйесі потенциалды пайдаланушылардың жекелеген сұранысын қанағаттандыруға және ішкі есеп жасаудың біртұтастығын қамтамасыз етуге бейімделініп қалыптасуы керек.

Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары қаржылық есептің негізін құраушы халықаралық деңгейдегі ресми құжаттар мазмұнында қаралған. Әр түрлі елдердің есеп жүйесіндегі есеп фактілері мен қаржылық ақпараттары бірегейлік ұқсастықты қамтамасыз ете отырып, сыртқа (экспорт) немесе сырттан (импортқа) қалыптасуы мүмкін. Сонымен қатар бухгалтерлік есеп стандарттарының дәлме-дәл атаулары әр елде әр түрлі берілген.

Дей тұрғанмен кейбір елдер үшін стандарттар мазмұны ұсыныс ретінде қабылданып, ірі компаниялар өз қорытынды есебін жасау мақсатында өз шешімдері мен технологиялық ерекшеліктеріне қарай стандарттарды қабылдау немесе бұларды негізге алу мәселелерін бейтараптық жолдармен шешу мүмкіндігі сақталған. Осы айтылғандарға орай ХҚЕС комитеті және халықаралық деңгейдегі кәсіби бухгалтерлік ұйымдар ХҚЕС-тің барлық аспектілерін барлық ұйымдар мен елдерде сақтауды талап ету жөніндегі өкілеттілігі жоқ екендігін айта кеткен жөн.

Стандарттар қаржылық қорытынды есеп жасау ережелерін гармониялық экономикалық байланысқа түсіру, сондай-ақ бухгалтерлер мен аудиторлар, қаржылық менеджерлер т.б. арасында кәсіби сенімділік туғызу мақсатында жасалынады. Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарының кейбір ережелері мен стандарттарына түсінік беру жақтары тұрақты комитетте дайындалып, мұның мазмұны ХҚЕС Комитетінің Басқармасында қабылданады. Бұл ұйымдар ХҚЕС негізінде дайындалатын қаржылық қорытынды есеп стандарттарының бірегейлігін қамтамасыз ету және қаржылық қорытындыны салыстырудың мәні мен маңызын жоғарылату мақсатында жұмыстар атқарады. Сонымен қатар жоғарыда айтылған комитет пен басқарма стандарттарды тәжірибеде қолдану барысында жіберілген кемшіліктерді түзету, сондай-ақ нарықтық қатынастардың дамуына байланысты бухгалтерлік есеп өрісінде пайда болған жаңа сұрақтарға жауап беру қызметтерін атқарады.

Халықаралық есеп стандарттарының мәселелері мен жекелеген сұрақтары көп жылдар бойы ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың зерттеуі негізінде қаралып, қазіргі кезеңде мәселелердің шешілу жолдары белгіленіп, есеп жүйесіне тән негізгі принциптер қалыптасқан.

Бухгалтерлік есеп стандарттары, қаржылық қорытынды есеп үлгісі мен мазмұны, негізгі есеп принциптері, есеп тәсілдері, қаржылық қорытынды есепті шоғырландыру, бухгалтерлер мен аудиторларға қойылатын кәсіби деңгейдегі талаптар әлемдік деңгейде қойылған мәселелер мен критерийлерге сай ары қарай жетілдірілуі керек.

Халықаралық қорытынды есеп стандарттарын (ХҚЕС) түзу және тура қолдану үшін стандарттардың қандай есеп объектісіне арналғандығын, мұның мәтінін, ресми статусын, қандай құжаттардан тұратындығын, есептің қай түрінде қолданылатындығын, рұқсат етілген негізгі әдістердің мағынасының түсініктілігін, стандарттарды жекелеген ережелерінің мәні сияқты көптеген мәселелерді өз міндетін атқарушы тұлғалар жақсы білуі керек.

«Стандарт» термині ағылшын тілінен аударғанда норма, үлгі деген ұғымға саяды. Бухгалтерлік есепке тән стандарт деп – есеп жүргізудің құжаттарымен рәсімделген кешенді ережелерін айтады.

Кешенді ережелердің (нормалар, үлгілер) әр қайсысы бухгалтерлік есеп жүйесіндегі шаруашылық фактілері мазмұнын көрсету үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді, терминологиялық ұғымдарды, сондай-ақ орын алған шаруашылық операцияларының мәні мен маңызын ашуға арналған.

Халықаралық деңгейге тән қаржылық қорытынды есеп стандарттарының атқаратын міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) Сыртқы мүдделі тұлғаларды пайдалы ақпараттармен қамтамасыз етуге арналған есеп және қорытынды есеп стандарттар жүйесін қалыптастыру;
- 2) Халықаралық деңгейде бухгалтерлік есеп пен стандарттар арасын гармониялық үйлесімділікке салуды қамтамасыз ету;
- 3) Бухгалтерлік есеп жүйесін өз мәнінде түсіну мен жүргізу үшін ұйымдарға әдіснамалық көмек беру.

Қаржылық қорытынды есеп стандарттары ерекшеліктерін анықтаудағы факторларға мыналар жатады:

- Кәсіби бухгалтерлік есеп ұйымдары мен қауымдастықтары ұсынған әдіснамалар мен жетекші ғалымдар еңбегінің әсер етушілігі;
- Есеп тәжірибесінде қолданылатын осы және басқа да принциптер нәтижесін экономикалық тұрғыда сараптамадан өткізу;
- Салық саясаты;
- Ұлттық және аймақтық ерекшеліктер;
- Қаржылық қорытынды есеп ақпараттарын түзу мен зерделеу арқылы ішкі және сыртқы пайдаланушылар талабын қанағаттандыру;
- Заңдар және нормативтік актілер, сондай-ақ басқа елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін кеңінен қолдану.

Бухгалтерлік есеп стандарттары қаржылық қорытынды есептің қолданбалы бағытын, мұның сапалық сипатын сабақтастық жолдармен ашып көрсетуі керек. Бухгалтерлік және қаржылық қорытынды есепке тән маңызы жағынан үлкен мәселе, бухгалтерлік есептің салық есебіне тәуелді болмау жақтарын шешу. Егер салық есебі бухгалтерлік есепке қарағанда басымдылық жағдайда болса, онда қаржылық қорытынды есептің бейтараптық принципінің мәні жойылып, пайдаланушылардың жалпы талабы қанағаттандырылмайды. Сонымен қатар, бухгалтерлік есептің талдаушылық және зерделеушілік қасиеттері төмендейді.

Есеп жүйесін стандарттау жолдары қорытынды есептің негізгі элементтерін: активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, табыстар мен шығындар, пайда және зиян тану мен бағалауды мұқият жүргізуді қамтамасыз етуі керек. Стандарттау процесі осы элементтерді тіркеудің, өлшеудің және осыларға тән ақпараттардың пайдалылығын анықтауға арналған.

Халықаралық стандарттар бухгалтерлік баланстан, табыстар мен шығындар есебінен, меншікті капитал өзгерісі есебінен, ақша қозғалысы есебінен туындайтын ұйымдардың қаржылық қорытынды есебін даярлауға, сондай-ақ дайындалған қаржылық есеп маңызын қосымша түсіндіруге бағытталған сападағы түсіндірме хаттар т.б. қосымша түсіндіруші материалдардың қалай және қандай бағытта қолданылатындығына арналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Программа реформирования бухгалтерского учета в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности. М., 2002.
2. Стуков Л.В. Международная стандартизация и гармонизация учета и отчетности. М., 2005.
3. Нурпеисов Э. Особенности национального учета и МСФО. 2007. А.: Издательский дом «Бико»

ТҮЙІНДЕМЕ

Бухгалтерлік қорытынды есеп экономикалық ақпараттар қалыптастырудағы бірден-бір сенімді ақпарат дайындаушы процесс

РЕЗЮМЕ

Бухгалтерская отчетность является подготовительным процессом одних из достоверных источников в формировании экономической информации

УДК 336.2 А-86

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕГІ САЛЫҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Асылханқызы А.А.- ізденуші, Қалыбекова Д.Б.-аға оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау проблемеларына арналған шетелдік зерттеулер аз емес. Шағын бизнесті қолдау проблемеларын жете зерттеудегі әдістемелік тәсілдердің бірі шағын бизнесті қолдаудың негізгі принциптерін тұжырымдап айтуға болады. Шағын бизнесті қолдаудың бірінші принциптері – протекционизм нарықтық қатынастардың өзімен субъективті түрде қамтамасыз етілген. Бұл принцип шағын кәсіпкерліктің жеке өзі мемлекеттің көмегінсіз ірі бизнеске бәсекелестік жасау үшін көп жағдайда өндірісті ұйымдастыруға қабілетсіз екендігін білдіреді. Екінші принцип - бағдарламалық мақсаттық тәсілдерді ісіне асыруына байланысты осыған сәйкес мемлекеттік әр түрлі бағдарламалар түрінде ш.б-ке көмек көрсетеді. Мемлекеттік қолдаудың объектісі ретінде тек инновациялық қызмет бойынша сипаттайтын жобалар болуы керек. Шағын бизнесті қолдау мақсаттары басқарудың әр түрлі деңгейінде тұжырымдалады. Және уақыт кеңістігі бойынша, мазмұны бойынша да ерекшелінеді. Шағын бизнесті қолдау мақсатының келесі жіктелімін ұсынады:

I. Мазмұны бойынша:

- қолайлы, сыртқы ортамен қамтамасыз ету;
- шағын бизнеске тікелей қолдау көрсету;
- бизнес инфрақұрылымын құру;

II. Басқару деңгейі бойынша:

- мемлекеттік басқару;
- аймақтық;

- жергілікті;

III. Мерзімдері бойынша:

- ұзақ мерзімді;
- орта мерзімді;
- қысқа мерзімді;

Европаға одақтас мүше елдерде және экономикалық ынтымақтастықпен даму ұйымы деңгейінде шағын бизнестің ролінің өсуі көптеген дамыған елдерде арнайы саясат жасау қажеттілігінің туындауына әкеледі. Олардың негізгі мақсаттары мыналар:

- ❖ жаңа жұмыс орындарын құру;
- ❖ ұлттық шағын кәсіпорындардың халықаралық бәсекеге қабілетігін дамыту;
- ❖ шағын кәсіпорындардың экономикалық өсуі;
- ❖ шетелдік компаниялар мен инвестицияларды тарту;
- ❖ өндірісті жандандыру;
- ❖ кәсіпкерлік қызметтің шетелдік тәжірибелерін талдау нарықтық экономика дамыған әр түрлі елдерде шағын бизнесті қолдауда пайдаланылатын мемлекеттік реттеудің жалпы қабылданған нысаны мен әдісінің стандартты жиынтығы бар екендігін көрсетеді.

Осы барлық шағын кәсіпкерлікті қолдаудың әдіс тәсілдер мазмұны мен бағыты бойынша 2 үлкен жіктелім тобына бөлуге болады:

1 – мерзімі бойынша мемлекеттік реттеу; ұйымдық – басқарушылық; экономикалық және институционалды деп аталатын әдістерге бөлінеді.

2 – бағытталуы бойынша мемлекеттік реттеу тікелей және жанама болып бөлінеді.

Ұйымдық – басқарушылық әдіс деп – шектерді анықтау үшін қолданылатын әдістерді айтамыз. Ұйымдастырушылық – басқарушылық әдісте қызметтің белгілі бір стандартын белгілей отырып кәсіпкерлік қызметті реттейді. БҚпал етудің экономикалық әдістеріне мемлекеттің мүдделеріне негізделген әдістері жатады. Оның ішінде оларға несиелік қаржы, салық саясаты, дотациялар, субсидиялар, т.б. кіреді.

Институционалдық әдістерді қолдану шағын бизнес инфрақұрылымын және оған сәйкес басқару органдарын қалыптастыруды жолға қояды.

Мемлекеттік реттеудің тікелей әдістеріне басқару объектісіне тікелей әсер ететін әдістер жатады. Мысалы, шағын кәсіпорындарды қаржыландыру. Жанама әдістер болса алдын ала бағдарланған ортаны қалыптастыруға қолданылады. Мысалы, өнім өндіретін кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер жасау арқылы осындай кәсіпорындардың көбеюін ынталандырады. Кезінде аң шаруашалығы кәсіпкерліктің дамуына әсер еткен және бізде табысты түрде қолдануға болатын негізгі фонды қысқаша былай көрсетуге болады:

- Мемлекетті қорғау;
- Кәсіпкерлікте толық қолайлы жағдай саясатын жүргізу;
- Салық тарифтерін төмендетуі;
- Банк жүйесіндегі өзгерістер;
- Шетел инвесторларын тарту;
- Кәсіпорындар мен корпорацияларды құру және акция шығару жүйелерін жеңілдету.

Шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың 2 түрі болады:

- Негізгі;

- қамтамасыз етуші.

Негізгі бағдарламалардың мақсаты жоспарлау, ұйымдастыру, және кәсіпкерлік қызметті қадағалау. Қамтамасыз етуші бағдарламалар бизнестің тиімді инфрақұрылымын құру және барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз ету жолы арқылы шағын кәсіпорындарға қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қайта құрылған кәсіпорындарға қатысты саясаты мемлекеттік қызмет тарапынан үлкен ұйымдық күш салуды қажет етеді және төмендегі бағыттар бойынша топтастыруға мүмкін:

1. шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету
2. кәсіпкерге қаржылай көмек көрсету
3. кәсіпорындарды басқарудың тиімді жүйесін құруда көмек көрсету
4. бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету
5. тиісті салық жүйесі мен басқа да реттеуші механизмдер арқылы кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру
6. қоғамда кәсіпкерлік орта құру.

Кәсіпкерлікті қолдауда мемлекеттік қызметтің бір бағыты шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету болып табылады. Бірінші бөлімде шағын бизнестің экономикалық дамытудағы мәні мен үлесі қарастырылады. Бұл көмек стратегиялық сипатқа ие. Себебі, шағын және орта бизнесті қолдай отырып, мемлекет ірі кәсіпорындарды дамыту үшін жақсы жағдайды жасайды. Жалпы алғанда, Еуропаға одақтас мүше елдерде шағын және орта бизнеске қатысты саясат экономика министрлігіне немесе сауда мен өнеркәсіп министрлігі арқылы жасалады. Мысалы, Германияда экономика министрлігінде шағын және орта бизнес бөлімдері бар. Францияда арнайы шағын және орта бизнес бөлімдері өнеркәсіп министрлігінде құрылған. Ұлыбританияда шағын кәсіпкерлік министрлігі бар. АҚШ-та шағын бизнесті қолдау және оның мүдделерін қорғау мақсатында 1953 жылы Конгресс шағын кәсіпкерлікті басқарудың арнайы органы құрылды. Жапониялық экономикалық шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдауына байланысты олардың үлесіне елдің жалпы кәсіпорындар санының 99 пайызы экономикадағы жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 80 пайыздан көбі өндіруші өнеркәсіптегі сауда саттық көлемінің 52 пайызы және бөлшектеп сатудың 80 пайызының көбі тиеді.

Іс жүзінде үлкен қаржылай көмек шағын бизнесті дамытудағы жалпы мемлекеттік саясаттың арнасына кіретін кәсіпорынға көрсетіледі. Біздің республикада шағын бизнесті қолдаумен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құруға объективті қажеттілік туды. 1997 жылы мамырда ҚР ның Президентінің жарлығымен экономика және сауда министрлігінің құрамында шағын кәсіпкерлікті арнайы орган шағын кәсіпкерлікті қолдау агенттігі құрылды. ҚР дағы шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттік қызметінің негізгі бағыттары:

- шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі орталық және жергілікті атқару органының іс әрекетін үйлестіру;
- алдымен материалдық өндіріс саласында кәсіпкерліктің даму бағдарламасын дайындау және іске асыруға қатысу;
- шағын кәсіпкерлікке қаржылай және техникалық көмек көрсету мәселері бойынша халықаралық қаржы институттарымен өзара әрекет жасау;
- экономикалық шағын секторына шетел инвесторларын тарту үшін қолайлы жағдайын туғызуға қолдау көрсету;

Республикада кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін мақсатқа сай құрылған орган адвокаттық кеңес болып табылады. Бұл 1976 жылы АҚШ тағы шағын

бизнесті қорғау үшін құрылған адвокаттық кеңеске ұқсас. Оның негізгі міндеттері:

- шағын бизнестің дамуына мемлекеттік заңдардың, бағдарламалардың, нұсқаулардың және салықтардың әсерін зерттеу. Олардың шағын бизнес қажеттіліктеріне сәйкестендірілуі бойынша ұсыныстар дайындау;

- Шағын бизнеске әсер ететін факторларды анықтағанда, экономикалық және статистикалық зерттеулер жүргізу, шағын бизнес жағдайын бағалау, шағын бизнес проблемаларын және қажеттіліктерін зерттеу;

- Шағын бизнес өкілдерімен жұмыс жасау, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету және заңдарды басқа да зерттеуші нұсқауларды қарастыруға көмек көрсету;

- Мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде шағын бизнес өкілдерінің өз ұсынысын айта алу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Шағын бизнестің адвокаттық кеңесі 4 бөлімнен тұрады:

- жалпы бөлімі;
- экономикалық зерттеу бөлімі;
- ақпараттық зерттеу бөлімі;
- аймақтық бөлімі.

Қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудегі көмек. Барлық еуропаға одақтас елдер шағын және орта бизнеске олардың қаржыландыру көздерінің түрлі проблемаларды ұтымдылықпен шеше отырып көмектеседі. Кейбір елдерде негізінен қарыз кепілдігін қамтамасыз ету жүйесіне күш жұмылдырады. Көптеген елдер инвесторларға деген фискалдық жеңілдіктер, жеңілдетілген қарыз және дотациялар арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін ерекше резервтер құрайды.

Кейбір елдерде шағын бизнеске тәуекел қорлар тәжірибесі іске асырылады. Қаржылай көмек 2 бағыт бойынша берілуі мүмкін:

1 бизнесті тікелей қаржыландыру;

2 ғимараттар, қондырғылар, коммуналдық қызмет көрсетулерді, жергілікті төлем ақыларды төмендету арқылы жанама қаржыландыру.

Шетелдік зерттеулер көрсетіп отырғандай, инвесторлық қор есебінен тек пайыз ғана қаржыландырылады. Жаңа фирмаларды мемлекеттік қаржыландыру келесі 4 бағыт бойынша жүзеге асырылады:

-шағын бизнесті инвестициялаудың американдық компаниясына ұқсас, шағын және орта бизнесті қолдау бойынша инвестициялық қор құру;

-қарыз және несиелерді мемлекеттік кепілдіктерімен қамтамасыз ету;

-қоршаған ортаны қорғау құралы ретінде қымбат құрал жабдықтарды қажет ететін шағын бизнесті қаржыландыру;

-инвесторлар мен фирмалар арасында делдалдық қызмет көрсету.

Жоғарыда көрсетілгендей, бизнеске қаржылай қолдау көрсетуден басқа, мемлекет тарапынан ғимарат және құрал жабдықтар ұсыну түріндегі көмектер шағын бизнесте қаржыландыруды күшейтудің басқа да бағыттары бар. Олар шетелде кеңінен тараған. Оларға жататындар:

1. венчурлық қорларды инвестициялауда зейнетақы қорлардың қаражатын пайдалануға рұқсат беріледі

2. жеке инвесторлардың инвестициялық белсенділігін ынталандыру үшін салыққа деген талапты төмендету керек

3. салықтық кірістерді немесе облигациялық механизмдерді жеке компаниялармен және мемлекеттік агенттіктермен басқарылатын венчурлық қорларды құруға пайдалану

Мемлекеттік қызметтің осы бағыты бұл кәсіпорынды басқарудың тиімді жүйесін жасауда көмек көрсету. Жоғарыда көрсетілгендей, кәсіпорын қызметінің тоқталуының басты себебінің біріне менеджерлердің тиімсіздігі атады.

Көрсетілген кәсіпкерлікті қолдау түрлерімен қатар мемлекет тарапынан мынадай қосымша қызметтер көрсетіледі:

- Төмен немесе тегін бағадағы бухгалтерлік көмек
- Заң кеңестері
- Жаңа кәсіпорын ашу жөніндегі кеңестер және басқа қызмет көрсету түрлері.

4. Бизнесі ақпараттық қолдау. Бұл бағыт бизнеске ақпараттық қолдауды кеңінен көрсетуді қарастырады. Олар мыналарды қамтиды:

- нақты нарықтар туралы, тұтынушының қалауы туралы, технологиялық жаңалықтар туралы жетілдіруді қажет ететін өндірістер немесе өнімдер туралы ақпараттар беру. Мұндай ақпарат болашақ кәсіпкерлерге нарықтық жаңадан ашылып келе жатқан орындарын табуға, өнімдерді немесе өндірістерді жетілдіруге бизнесті ұйымдастырудың жаңа тәсілі мен жаңа сапасын табуға мүмкіндік береді.

5. Бұл салық салу және басқа да реттеуші механизмдер арқылы кәсіпкерлік белсенділік қарқынын делдалдық сауда қызметтен өндіріске өзгерте алады

6. Мемлекеттік қолдаудың осы бағыты қоғамдық салада және қоғамдық пікірде үлкен өзгерістерді талап ететін кәсіпкерлік ортаны құру. Бұл кәсіпкерлікке деген қоғамдық теріс пікірлерді тиімді жаққа қарай өзгерту жолымен жүзеге асырылады да, нәтижесінде тұтас кәсіпкерлер тобы құрылады және олар жеке мүшелерімен толықтырылып отырады.

Салықтар – мемлекет белгілейтін, белгілі бір мөлшерде және бір мерзімде алынатын міндетті төлемдер.

Салықтардың экономикалық мәні өз қызметін жүзеге асыру үшін мемлекетте жинақталатын ұлттық табыстың бір бөлігін білдіреді.

Салықтар қаржының маңызды категорияларының бірі болып табылады.

Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды, оның өмір сүруінің негізі болып табылады. Адамзат дамуының барлық тарихында салық нысандары мен әдістері мемлекет сұранысына және қажеттіктеріне қарай өзгеріп, жаңартылады. Салықтар өзінің ең үлкен дамуына тауар–ақша қатынастарының жүйесінде жетілді.

Салық салу қағидаларына мыналар жатады:

- 1) әділдік қағидасы екі түрғыда қарастырылады:
 - горизонталды әділдік – салық төлеушілердің табысына салық бірдей шарттарда, бір түрде салынуы тиіс;
 - вертикалды әділдікті сақтау салық табыстың бөлігін қайта бөлу үшін дифференциалды ставкаларды пайдаланып, прогрессивтік шкаламен салынуы тиіс;
- 2) қарапайымдылық қағидасы. Салық механизмі салық төлеушіге түсінікті әрі қарапайым болуы керек;
- 3) жеңілдіктердің минималды мөлшері. Жеңілдіктер құндық пропорцияларды бұрмалап және біле тұра салық салу субъектілерін тең емес жағдайларға қояды;
- 4) салық салудың экономикалық бейтараптығы. Салықтар экономика мен инвестицияның өсуіне, жұмыс істеуінің жақсаруына кедергі келтірмеуі керек;
- 5) салық ставкаларының осы елдің экономикалық ынтымақтастық жөніндегі елдер салықтарымен негізгі түрлері бойынша салыстырмалылығы;

Салық түрлерінің мемлекеттегі ерекшелігі болып әр түрлі қоғамдық қажеттіліктері үшін бейнесіз пайдалануы табылады.

Салықтардың мәні функциясында көрініс табады:

1) мемлекеттік бюджетке түсімді қамтамасыз ететін тарихи бірінші қызметі салықтың фиксалдық қызметі болып табылады;

2) салықтардың қайта бөлу қызметі мемлекет пайдасына әр түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілер табыстарының бөлігін қайта бөлу болып табылады. Бұл салада қызмет ету масштабы жалпы ұлттық өнімдегі салықтардың үлесімен анықталады: ол ұлттық табыстың мемлекеттендіру деңгейін көрсетеді: бұл үлес 1997 жылы – 79,7%; 1998 жылы – 16,6%; 1999 жылы – 17,4%; 2000 жылы – 20,2% - ды құрады;

3) салықтардың үшінші реттеуші қызметі – мемлекеттің экономикалық қызметін кеңейтумен байланысты пайда болады. Ол мақсатты түрде ұлттық шаруашылық бағдарламаларына сәйкес дамуға әсер етеді. Мұнда салық нысандарын тандау, ставканы өзгерту, жеңілдік алу әдістерін өзгерту пайдаланылады. Бұл реттегіштер қоғамның қайта өндірісінің құрылымы мен пропорциясына, жинақтау және тұтыну көлеміне әсер етеді.

Мемлекет салық саласындағы шаралар жүйесін – экономикалық саясатқа сәйкес әлеуметтік экономикалық және басқа да мақсаттарға, қоғамның әрбір нақты даму кезеңдеріндегі тапсырмаларға байланысты салық саясатын жүргізеді.

Арнайы салық тәртібі бюджетпен есеп айырысудағы салық төлеушілердің жеке категориясына белгіленген, жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеуді және олар бойынша салықтық есеп беруді оңайлатылған тәртіпте беруін білдіреді.

Мыналарға:

- 1) шағын бизнес субъектілеріне;
- 2) шаруа (фермер) қожалықтарына;
- 3) ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға;
- 4) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне қатысты арнаулы салық тәртіптері көзделген.

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнаулы салық тәртібі төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспаған әлеуметтік салық, корпорациялық немесе жеке табыс салығына қатысты белгіленеді.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу, төлеу жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Шағын және орта бизнес саласындағы субъектілерге салықтың оңайтылған түрі бір реттік талон, патент, оңайтылған декларация негізінде жүргізіледі. Әрбір айтылған тәсілдер үшін оларды қолданудың шарттары белгіленеді.

Қызмет орны, кәсіпкерлік қызмет сипаты, табыс көлемі, қызмет түрлерінің жүзеге асатын саны, жалдамалы қызметкерлерді қолдану.

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнаулы салық тәртібі кейбір қызмет түрлеріне қолданылмайды: акциздік өнім өндіру, қаржылық қызмет, жер қойнауын қолдану, мұнай өнімдерін өткізуі, бірқатар лицензияланатын қызмет түрлері заңды тұлғалардың филиалдарына, өкілеттіктерге, еншілес және тәуелді кәсіпорындарына. Эпизодтық сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезінде салықтық есептеу үшін бір реттік талон қолданылады – арнайы салық тәртібін қолдану құқықтығын куәландыратын және бюджетпен есеп айырысу фактісін растайтын құжат.

Оңайтылған декларация бойынша салықты есептеуді шағын бизнес субъектісі өз бетінше салық салу объектісіне заңмен белгіленген салық

мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізеді; салықты төлеу салықтық кезең бойынша бірдей үлеспен кезеңді түрде жүргізіледі.

Жеке кәсіпкерлер үшін арнаулы салық тәртібі патент негізінде рәсімделеді. Бұл жерде сәйкестілік критерийлері болып мыналар табылады:

- 1) жалдамалы еңбек үшін қолданбау;
- 2) бір қызмет түрімен айналысу;
- 3) жылдық айналымды белгілі көлемде шектеу.

Қожалық (фермерлік) шаруашылықтар үшін арнаулы салық тәртібі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде жүзеге асырылады, оның құрамында өндіру бойынша қызметтен төленетін жеке табыс салығы, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу және қайта өңдеу, ҚҚС, жер салығы, көлік құралына және мүлікке салынатын салықтар бар. Бірыңғай жер салығын төлеу объектісі жер учаскесінің бағаланатын құны болып табылады, салық осы құнға 0,1% мөлшерлеме бойынша төленеді.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер басқа қызметтен алынатын жеке табыс салығынан, әлеуметтік салықтан, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы салымдарынан босатылмайды. Төлеуші салықтың жартысын 25 қазаннан кешіктірмей, ал екінші жартысын есептелінетін салық кезеңінен кейінгі жылдың 25 наурызынан кешіктірмей төлеуі керек.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық тәртібі қызметі осындай өнімді өндіру, қайта өңдеу және сату үшін жерді қолдану мен байланысты субъектілерге, сонымен қатар жануар, құс, ара өнімдеріне қатысты жерді қолданумен байланысты субъектілерге, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге, жерді өңдеу, себу және жинау бойынша қызмет көрсетуге байланысты субъектілерге таралған.

Бұл салық тәртібі корпоративті табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлік салығы, көлік құралдарына кіретін патент негізінде жүзеге асырылады. Бұл жерде салық саласы 80% -ға азаяды. Салықты төлеу ағымдағы салық кезеңіндегі мамырға және 20 қарашаға дейін және келесі салық кезеңінің 20 мамырына дейін жүргізіледі. Салық төлеуші декларацияны басқа міндетті төлемдер бойынша көрсетеді. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнайы салық тәртібі ойын бизнесі, боулинг, картинг, бильярд, лото саласында қызмет көрсететін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге (соның ішінде шетелдік жеке және заңды тұлғаларға) тарайды. Аталған қызмет түрлерінің субъектілері бюджетпен бекітілген жиынтық салық негізінде есеп айырысады, төлем көзінен әлеуметтік салық және жеке табыс салығын төлейді.

Бекітілген жиынтық салық былайша бөлінеді: 30% корпоративтік табыс салығы және 70% ҚҚС. Басқа салықтар мен міндетті төлемдер (акцизді қоса алғанда) жалпыға бірдей тәртіпте төленеді. Бекітілген жиынтық салықтың базалық минималды және максималды мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір салық салу объектісі бойынша бекітеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Налоги и налогообложение – Под.ред. Юткиной Т.Ф. – М.: ЮНИТИ 2001г, учебник.
2. Ильясов К.К., Идрисова Э.К. Налоги развитых зарубежных государств. – Алматы: Қаржы –қаражат, 1997.
3. Қаржы –қаражат. Финансы Қазақстана, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің ай сайын шығатын журналы. Индекс 75750

4. Финансы РФ Қаржы Министрлігінің журналы.
5. Конституция Республики Казахстан.
6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая и особенная части).
7. О Парламенте Республики Казахстан.
8. О Президенте Республики Казахстан.
1. О Правительстве Республики Казахстан.
2. О местном государственном управлении в Республике Казахстан.
3. Бюджетный кодекс Республики Казахстан.
4. О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики (на соответствующий год). Ежегодное Послание Президента Республики народу Казахстана.
5. О республиканском бюджете (на соответствующий год).
6. Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс).
7. О приватизации.
8. О земле.
9. О недрах и недропользовании.
10. О государственных закупках.
11. Ермакбаева Б.Ж., Лесбеков Г.А. Салық және салық салу.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шағын және орта бизнестегі салықтың экономикалық мәнін қысқаша сипатталған.

РЕЗЮМЕ

Дается краткая характеристика экономическому значению и содержанию налогов в малом и среднем бизнесе.

УДК 3362 А-86

ШАҒЫН БИЗНЕСТЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ФАКТОРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Асылханқызы А.А. ізденуші, Отарбаева А.Б. оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Қазіргі заманғы бизнес сыртқы, сондай-ақ ішкі факторлар ықпалында болады. Бизнесің ішкі және сыртқы орталарын талдағанда екі факторды ескерген жөн: ішкі және сыртқы әсер етулер саны мен орта өзгеруінің деңгейі. Бизнестегі барлық сыртқы әсерлерді макроэкономикалық және салалық деп бөлуге болады. Ішкі және бақыланушы факторларға жататындар тікелей кәсіпорын қызметімен байланысты факторлар.

Бизнеске ортаның макроәсерін 5 сфераға бөлуге болады: экономикалық факторлар; мемлекеттік қадағалау; әлеуметтік факторлар; ресурстық факторлар; технологиялық факторлар.

Бизнес республиканың экономикалық дамуының шешуші факторларының бірі бола алады, әсіресе әңгіме шағын бизнестің дамуы жайында қозғалса. Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде жұмыс орындарының 90% шағын бизнес кәсіпорындары есебінен құрылады.

Басқа кез-келген процесс секілді бизнестің дамуында міндетті түрде басқару керек. Бизнес басқару объектісі ретінде өзіндік спецификалық ерекшеліктерге ие. Егер де бұл мәселеге басқару функциясы позициясы жағынан келер болсақ, онда басқарудың келесі түрлерін ажыратуға болады:



- жоспарлау (стратегиялық менеджмент, маркетинг стратегиясын дайындау, бизнес жоспарларды дайындау);
- ұйымдастыру (барлық деңгейде бизнесті басқарудың сәйкес құрылымдарын құру);
- себеп (бизнес белсенділігін ынталандыратын механизмді құру);
- бақылау (жоспарланған әрекеттердің сәйкес түзетулерге ауытқуларын анықтау).

Тиімді басқару мақсатында міндетті түрде басқарудың барлық негізгі деңгейлерін қамтитын бизнесті басқарудың көп деңгейлі жүйесін құрған жөн, оның ішінде:

- шағын бизнесті қолдау жөніндегі Агенттіктің басшылығымен бизнесті басқарудың мемлекеттік деңгейі;
- бизнесті басқарудың аймақтық деңгейі. Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан бизнесті дамыту Орталықтарын құру ұсынылып жатыр;
- шағын бизнесті дамытудың облыстық орталықтарын құру түрінде басқарудың локальді деңгейі;
- команданың кәсіпкері түріндегі кәсіпорын деңгейі.

Қазіргі заманғы кәсіпорындарды басқару алуан көлемді ақпаратты өңдеуден негізделеді. Кәсіпорын - жетілуге, ақпарат жинақталуының шамасы бойынша өзін-өзі оқытуға және басқару процестеріне таңба қалдыратын ауыспалы сыртқы орта жағдайларына бейімделгіш өзі ұйымдасқан жүйенің ұқсас мысалы. Сонымен қазіргі заманғы кәсіпорын кибернетикалық жүйенің ұқсас белгілерін иеленеді.

Қазақстан Республикасындағы бизнесті басқарудың көп деңгейлі құрылымы



Қазақстан Республикасындағы бизнесті басқарудың көп деңгейлі құрылымы Кибернетикада ұстанымы жағынан өте мәнді жалпы жүйелік принциптер мынадай:

- Кез-келген күрделі жүйе үшін басқару органы мен басқару объектісінің болуы тән. Бұл, сонымен бірге, өзара қарым-қатынас ақпараттық тікелей және кері байланыс арналары бойынша тікелей-айырбасталатын күрделі жүйелер.

- Басқаратын және басқарылатын жүйенің өзара қарым-қатынасы олардың бірігіп қызмет атқаруынан байқалады. Өндірістік-экономикалық жүйенің ерекшелігі бүкіл жүйенің мақсатына жетуі басқарылатын жүйенің қызмет ету процесінде қамтамасыз етіледі, ал басқарушы және қадағалаушы әсерлерді өңдеу басқаратын жүйенің қызмет ету процесінде жүреді.

- Өндіріс - күрделі алуан контурлы жүйе. Ол тек басқару органының басқарылатын жүйенің сәйкес элементтеріне басқарушы және қадағалаушы әсері байқалғанда ғана тиімді қызмет атқара алады. Тәжірибе жүзінде, ол басқарушы жүйе өндірістің стратегиясын және іс-құлық тактикасын өндiргенде және оның ағымдық ахуалын бақылауды қамтамасыз еткенде байқалады.

- Кез-келген динамикалық жүйеде басқару автоматты қадағалау схемасы бойынша атқарылады. Басқару органы мен объектісі арасындағы қарым-қатынас ақпараттық жүйенің байланыс арналары арқылы қамтамасыз етіледі. Тікелей байланыс объектілері басқару объектілеріне мақсатты қондырғылар мен оперативті нұсқауларды жеткізеді, ал кері байланыс арналары бойынша басқару органы басқару объектісінің ағымдық ахуалы жайлы ақпарат алады. Барлық

ақпаратты иеленбей оңтайлы басқаруға жету мүмкін емес. Алайда ақпарат көлемінің ұлғаюы оны өңдеудегі еңбек сыйымдылығының өсуіне әкеледі.


Ұйымдық құрылым құрудың әр текті түрлері бар. Оларды классикалық және бағдарламалық-мақсатты деп бөлуге болады (сурет 3). Классикалық құрылымдарға жататындар: сызықтық, функционалды және сызықты-функционалды.

Сызықтық құрылымның артықшылығы басшылықтың бірлігі мен бір болуы принциптерінде байқалуы болып табылады. Мұнда бірінші деңгейдің орындаушысы екінші деңгейдің басшысы болып табылады. Кемшіліктер ретінде функционалды мамандардың жоқтығын айтуға болады.

Алғаш У. Тейлор қолданған функционалды құрылымның артықшылығы функцияларды орындаушылар басқарушы қызметін атқаратындығымен байқалады. Әлбетте, орындаушылар басшылық жүргізген кезде басқару ісі біліктірек келеді, бірақ бұл кезде бірлік принципі бұзылады. Бұл жағдай осы құрылым құру схемасының кемшілігі болып табылады.

Сызықты-функционалды құрылымның авторы оны штабтық құрылым ретінде басшы (шешім қабылдайтын тұлға) үшін шешімдерді функционалды орындаушылар дайындайды деп атаған А.Файоль болып табылады. Сызықты және функционалды басшылықтар бірігетін сияқты, алайда мұндай құрылым схемасының қайта байланыс контурында хабарлама өту жолының жоғарылауы салдарынан сезімталдығы жоғалады, мұны әрине, бұл схеманың кемшілігі ретінде қабылдаймыз.

Бағдарламалық-мақсаттық құрылымдар белгілі мақсаттарға белгілі бір бағдарлама арқылы жетуді көздейді, олар өте тиімді, сол себепті бұл осы құрылымның артықшылығы болып табылады. Бірақ мақсатқа жетуде құрылымда байсалды коллектив құру мүмкіндігінің жоқ болуына байланысты түсініспеушіліктер туындайды және бұл кезде орындаушыларда орындалатын жұмысты «созуға» деген талпыныс пайда болады. Бұл осы құрылымның кемшілігі болып табылады.



Бағдарламалық-мақсаттық құрылымдар

Шартты белгілер: *Н* - басшы; «Жобалық басқару» - екі деңгейлі құрылым. Жоғарғы деңгейінде «өткізу тобы» орналасады, жобалық және өндірістік

қуаттылықтар беріледі. «Жобалық басқарудың» артықшылығы принциптік жағдайды өндіруден нақты жобалау және дайындау басталғанға дейін минималды уақытты қажет ететіндігі. Сонымен қатар, «даму тобын» орындаушылардың жобалау және дайындау процесіне тікелей қатысуы өндірілген өнімнің сапасын мейлінше жоғарылататындығын айта кеткен жөн.

«Матрицалық құрылым» тіке және көлденең басқару негізінде қалыптасады. 4-суретте тіке басқаратын басшылар былай белгіленген, мысалы, *нп* - жоспарлау бөлімінің бастығы, *нк* - конструкторлық бөлімінің бастығы және *нт* — технология бөлімінің бастығы, бұлар таза әкімшілік басқарумен айналысады. Функционалды-мақсаттық басқаруды атқарушылар мына мамандар, мысалға айтар болсақ, с 1, с 2 және с 3. Осылайша, әкімшілік және функционалды-мақсаттық басшылықты біріктіру мәселесі шешіледі де, ол орындалатын жұмыстың сапасын жоғарылатуға алып келеді.

Басқару дегенде алдына қойылған мақсаттарына жетуге бағытталған кез-келген ықпал етуді ұйымдастыру процесі деп қабылдаймыз. Басшылық жасау - бұл басқару қызметінің бір бөлігі ғана, атап айтар болсақ, кейбір басқару мәселелерін қол астындағыларға ықпал ету арқылы-шешетін бөлігі. Жетекшілік - бұл ресми қатынастар жүйесінен туындаған адамдарға ықпал ету процесі.

Сонымен, басшылық стилі дегенде, біз басқарушының қол астындағыларға ықпал етуге қолданатын әдістерінің жиынтығы, сондай-ақ осы әдістерді орындау формасы деп түсінеміз. Басқарушылық ықпал етудің нақты әдістері алуан түрлі. Талдау мақсаты, әдетте, үш негізгі түрін ажыратады:

- әкімшілік (командалық);
- экономикалық (келісімді);
- әлеуметтік-психологиялық.

Әрбір келтірілген типтердің басқару әдістерінің өзіндік қолданыс облыстары бар, өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Олар жұмыс тобының нақты жағдайларына қатысты пайда болады.

- повысить научно-технический уровень производства с помощью новой техники и технологий, методов управления и сбыта продукции;
- увеличить налоговые поступления в государственный бюджет;
- содействовать развитию отсталых и депрессивных районов и создать новые рабочие места в национальной экономике;
- использовать современный производственный и управленческий опыт через обучение и переподготовку кадров;
- достигнуть экономической самостоятельности Казахстана.

Таким образом, зарубежное инвестирование выступает как объективно необходимый процесс для Казахстана, т.к. он способствует обузданию кризиса и, одновременно, финансовой стабилизации экономики, решает стратегические и тактические задачи макроэкономического характера, такие как борьба с инфляцией, структурная перестройка, искоренение технологической и управленческой отсталости экономики. То есть все эти факторы доказывают важность привлечения и использования внешних капитальных вложений.

Самым главным фактором, препятствующим притоку портфельных инвестиций в республику, является то, что в Казахстане отсутствует нормально функционирующий рынок ценных бумаг - реальная основа для привлечения подобных инвестиций в эту область. Несмотря на успешный дебют казахстанских еврооблигаций на мировом рынке капиталов (их выпуск произошел в декабре 1996 г. в Амстердаме) и на мнения специалистов о том, что Казахстан сделал свой первый удачный шаг в развитии интеграции в международный рынок ценных бумаг, внутренний фондовый рынок республики развит недостаточно. Он функционирует на относительно низком уровне и пока не признан на мировом фондовом рынке. Законодательство, регулирующее эту область экономики, находится в стадии становления, нестабильно. Остальные факторы непосредственно вытекают из предыдущего: неопределенность, "непрозрачность" рынка ценных бумаг республики, огромные риски, сопряженные с ними, - все это сдерживает иностранного инвестора от вложения денег в ценные бумаги Казахстана.

Для Казахстана наиболее целесообразным и безболезненным, с точки зрения влияния на инфляцию и внешний долг, является привлечение прямых иностранных инвестиций, так как прямые инвестиции, будучи привлеченные

под собственные гарантии заемщиков, снижают финансовые обязательства государства по заимствованию средств на структуризацию экономики.

Наша позиция крупного межрегионального транспортного центра требует установления более либерального режима для иностранных инвестиций. Это позволит нам привлечь необходимый приток финансов и знаний, развить наши возможности и регулярные торговые обмены с зарубежными странами. Открытая и либеральная инвестиционная политика с ясными, эффективными и строго соблюдаемыми законами, исполняемыми беспристрастной администрацией, - это наиболее мощный стимул к привлечению иностранных инвестиций. Выработка такой политики должна стать одной из наших основных задач, поскольку трудно представить себе, как Казахстан может добиться быстрого экономического роста и модернизации без иностранного капитала, технологии и опыта.

Чтобы наш инвестиционный климат стал более благоприятным, а Казахстан вышел в лидеры по объему и качеству привлеченных иностранных инвестиций, нам нужны политическая воля и реальные действия. Необходимо также проявить высочайшее мастерство в использовании инструментов, необходимых для привлечения как можно большего количества известных миру инвесторов".

Поэтому иностранные инвестиции рассматриваются как универсальное средство решения всех проблем, связанных с преодолением инвестиционного кризиса, и должны сыграть роль достаточно сильного катализатора в инвестиционном процессе. Тем не менее, обладая определенными привлекательными чертами - богатыми природными ресурсами, наличием достаточно квалифицированной рабочей силы, высоким научно-техническим потенциалом, Казахстан еще не прошел стадию ресурсосбережения, и прежде всего энергосбережения. По этой причине цены внутреннего рынка превышают мировые цены. В связи с этим, правительством республики принимаются меры по ориентации инвестиций на решение задач ресурсосбережения. Реализация

этой политики предусмотрена в "Стратегии развития Казахстана до 2030 года", где в пункте "Наиболее важные задачи, стоящие перед местной властью в 1998 году и до 2030 года" к числу приоритетных целей относится "создание

благоприятного инвестиционного климата, в том числе в энергетическом секторе" (6). Она позволит снизить ресурсоемкость экономики, традиционное преобладание сырьевых и топливно-энергетических отраслей, что даст возможность переключить инвестиции в пользу обрабатывающих и конечных отраслей, освоения высоких и трудо сберегающих технологий.

Между тем процесс широкомасштабной интеграции международного капитала протекает по законам избирательной системы, ориентированной на подготовленную почву, т. е., где созданы или действуют цивилизованные стандарты экономического развития. В тех случаях, когда позиции реформируемой экономики не отвечают этим требованиям, встает задача реформирование основных институциональных структур, обеспечивающих доступ иностранных компаний.

Текущее состояние экономики и уровень жизни населения показывают, что эти меры не дали того социального эффекта, которого от них ожидали. Основные индикаторы, показывающие объемы производства, величину ВВП и другие агрегированные показатели экономики страны, до последнего в основном снижались. С каждым годом задача восстановления утраченных позиции становится все более сложной, требующей более дорогой цены. Объемы предполагаемых затрат на проведение структурных реформ, направленных на повышение эффективности экономики республики и создание рынка потребительских товаров становится непомерно большими.

Ситуация требует смены подходов к реформам. При существенном отставании институциональных и социальных реформ достигать макроэкономических целей становится все сложнее. В итоге, сложное положение с бюджетом заставляет выдвигать фискальные цели на передний план в ущерб инвестиционным. Многие хозяйствующие субъекты в этих условиях повели себя совершенно адекватно, наращивая неплатежи, бартер и неучтенный наличный оборот.

Сегодня критически настроенные по поводу прошедшего этапа реформ экономисты считают, что проведение либерализации внешнеэкономической деятельности и приватизации как основы изменения структуры экономики и приспособления к потребностям рыночных реформ было неправомерным шагом. Но при этом они упускают из виду, что большая часть созданного потенциала в стране периода начала реформ оказалась не задействованной. Потенциал таких важных индустриальных отраслей, как машиностроение, легкая промышленность и часть агропромышленного комплекса тогда оказался невостребованным.

Тогда же неопределенность будущего сильно деформировала мотивы и поведение многих экономических агентов, поэтому инвестиционный механизм не работал. Он и теперь плохо работает, и в этих условиях теперь задачей номер один становится использование в качестве инвестиции сбережение и производительное использование уже имеющихся накоплений. Думается, что комплекс мер для возрождения инвестиционной сферы и активного привлечения имеющихся накоплений в виде инвестиций является одним из приоритетных направлений предстоящих реформ в стране.

Если обратиться к основе функционирования экономики многих развитых стран, то их определяют итоги деятельности крупных научно промышленных корпораций. При этом тенденции дальнейшего развития складываются таким образом, что и в будущем именно они будут определять процветание экономик ведущих стран. В этой связи возникает вполне резонный вопрос о наших научно-производственных объединениях, которые хотя и не имели многих черт,

присущих аналогичным объединениям на Западе, все же имели свои налаженные связи и созданные наработки в части научных разработок. Теперь теряют накопленный опыт, а самое главное, перспективные научные разработки. Было бы слишком расточительно.

Настало время переосмысления упрощенного подхода к приоритетности для рыночных реформ создания фондовых, валютных бирж и банков в качестве основы. Анализ проблем роста современной экономики показывает, что недоучет производственных проблем, связанных с научно-производственными структурами, на практике приводит к отставанию отечественной промышленности. Более того, в условиях нашей страны рост финансовых и банковских структур пока не способствовал резкому росту инвестиционной активности в производственной сфере. Стало ясно, что для кардинальных изменений экономики доктрины макроэкономических рекомендаций МВФ недостаточно.

Усиленное внимание всех развитых стран, к технологическому развитию основ экономик связано с тем, что наукоемкий продукт становится определяющим фактором развития в XXI веке и главным источником пополнения бюджетных средств. Это оказывается очевидным из следующего соотношения цен на промышленную продукцию (по расчетам российских ученых):

- продажа одной тонны, сырой нефти приносит до 20-25 долл. прибыли; один килограмм бытовой техники дает 50 долл. прибыли; - средняя норма прибыли от реализации одного килограмма авиационной техники составляет 1000 долл.;

- один килограмм наукоемкого продукта в информатике и электронике позволяет извлекать до 5000 долл. прибыли.

Эти экономические показатели наглядно демонстрируют потенциальные возможности технологического прорыва и служат своеобразным индикатором в разработке промышленной политики на перспективу. Проработка вопросов фундаментальной основы экономической организации национальных компаний и перспектив их развития требует учета вышеуказанных цифр. Без них сложно будет проводить реформы и в сфере социальных инноваций.

В масштабе страны необходимы меры по изменению мотивации всех экономических агентов.

Среди приоритетных задач, направленных на активизацию рыночных реформ, эти вопросы могут занять место в качестве первоочередных. Прежде всего, необходимы изменения в хозяйственной среде, направленные на усиление роли научно-промышленных объединений наряду с модернизацией их структуры. Нужен поиск нетрадиционных форм взаимодействия частных фирм и тех научных структур, которые работают и накопили определенный багаж прикладных идей для малого производства. Таким малым предприятиям и хозяйствующим субъектам, при наличии у них задела производства, основанного на научных разработках перспективного характера, а также жизнеспособности в рыночных условиях, необходима государственная помощь для становления у стран с развитой экономикой инвестиционная активность взаимосвязана с понятием интеллектуальной экономики. Движущей основой такой экономики все более выступает "человеческий капитал" и информационные технологии. Их продвижение и развитие происходят на основе соответствующих перестроек в организационных структурах управления. Замечено, что характер выполняемых функций в международном разделении труда важнее факта окончательной сборки сложных наукоемких изделий.

Теперь и у нас господствующей должна быть тенденция, даже при сохранении на определенный период времени роли сырьевого сектора, неуклонного повышения доли наукоемких производств.

Общемировой процесс смены технологических укладов с изменением характера и структуры общественного потребления, сдвигом потребительских предпочтений в пользу образования, информационных услуг и здоровой окружающей среды должен касаться и структурной перестройки нашей промышленности.

Происходящие в мире обесценение технологий добывающей промышленности и ухудшение конъюнктуры на сырьевых рынках с общей тенденцией снижения цен на сырье и продукты сигнализируют о необходимости учета новых ориентиров. С позиции доминирующей тенденции мирового развития принципиальные задачи реформирования национальной экономики и ее научно-промышленного комплекса потребуют смещения акцентов на следующие направления. Прежде всего, нужен постепенный переход на наукоемкие производства и широкое распространение информационных технологий. Радикальные преобразования системы управления социально-экономическим и научно-культурным развитием страны необходимо подчинить нуждам времени. Пользуясь сегодняшними переменами на корпоративном и государственном уровне, можно обеспечивать переход от властно координируемых структур к производственно-творческим ассоциациям, построенным на добровольном сотрудничестве.

Зарубежный опыт развития современных крупных научно производственных конгломератов показывает, что технологическую модернизацию достаточно успешно проводят те, кто ориентирован на использование возможностей международного разделения труда. И в этом направлении многообразные связи с Россией и другими странами СНГ, которые сохранились, дадут возможность провести такую структурную перестройку, которая органически учитывала бы сильные и слабые стороны ранее созданного потенциала. Ввиду того, что многие производственные мощности могут быть переориентированы и загружены путем кооперации с учетом взаимных возможностей и потребностей на их базе есть возможность создать крупные производственно-научные концерны.

В этой связи есть вопрос, связанный с эффективным освоением и использованием нефтяных запасов страны. Однозначное предпочтение долгосрочной стратегии, связанной с транспортировкой нефти для реализаций на внешнем рынке, некоторыми специалистами-нефтяниками рассматривается как не совсем оптимальный шаг. В перспективе вполне возможны изменения структуры потребления углеводородного сырья. При структурных изменениях, связанных с изменениями технологий и техники, спрос на нефтепродукты может пойти на понижение, провоцируя снижение цен. Вместе с тем при развитии нефтехимии и продуктов переработки нефти страна имеет возможность получить дополнительные доходы в виде прибыли от переработки. И это не считая развития машиностроения и других сфер, которые могли бы быть втянуты для работы с данной сферой.

Особого подхода потребует инвестиционная политика, где будут сконцентрированы вопросы развития приоритетных производств, выявление и поддержка производств которых экономически целесообразно восстановить с применением ускоренного банкротства и перепрофилирования по выпуску конкурентно способной продукции.

Эта весьма сложные проблемы, затрагивают не только чисто научные вопросы, но и практические аспекты реформ. Несовпадение теоретических воззрений в обществе с практическими условиями проведения реформ оказывает на его результативность не менее серьезное влияние.

Таким образом, нами была сделана попытка определить и выявить основную цель политики привлечения иностранных инвестиций - это преодоление экономической отсталости, обеспечение высокого качества жизни населения страны на основе использования зарубежных капиталов в модернизации и структурных преобразованиях национальной экономики. Достижение данной стратегической цели обеспечит решение следующих задач:

- развитие экспортного потенциала;
- развитие импортозамещающих производств; - увеличение налоговых поступлений;
- создание новых рабочих мест и т.д.

Для стимулирования притока иностранных инвестиций и финансового контроля за их использованием необходимо совершенствовать действенность механизма государственного регулирования процесса привлечения внешней помощи, включающего организационную структуру управления иностранными инвестициями и широкий арсенал правовых и экономических средств, используемых специалистами этой структуры; совершенствовать систему страхования и перестрахования рисков; налаживать качественное и своевременное информационное обеспечение иностранных инвесторов; осуществлять целый ряд других мер, но главное - инвестиционная политика Республики Казахстан должна быть гибкой, прагматичной и соответствующей происходящим внутренним и внешним экономическим реалиям.

Главная цель привлечения и использования иностранных инвестиций - инвестирование реального сектора экономики - не достигнута. Основными причинами низкой эффективности реализуемой ныне модели внешнего инвестирования, на наш взгляд, являются:

- незначительные объемы иностранных инвестиций, привлеченных в реальный сектор экономики;
- несовершенная структура инвестиционных ресурсов;
- чрезмерное использование внешних заимствований главным образом на финансирование бюджетного дефицита и нужд потребительской сферы, т.е. на непроизводственные цели;
- преимущественное использование прямых иностранных инвестиций в торгово-коммерческой сфере и сфере услуг, а не в реальном секторе экономики;
- тенденция преобладающего привлечения иностранных инвестиций в добывающие отрасли, что создает деформированную структуру экономики;
- преобладающая репатриация капитала и перевод прибыли за рубеж.

Все названные выше причины свидетельствуют о необходимости совершенствования механизма реализации инвестиционной политики. Главным направлением должна быть ориентация не на увеличение объема привлекаемых средств, а, прежде всего, на качественное, эффективное их использование. Именно об этом говорил Президент страны Н.А. Назарбаев, выступая перед членами нового правительства: "Нам нужны инвестиции. Весь предыдущий опыт свидетельствует о том, что правительства гнались за количеством, а не за качеством. Поэтому за громкими рапортами зачастую мы не получали достойной отдачи".

На современном этапе развития Казахстана как нового независимого государства, ориентирующегося на рыночные отношения, главным направлением экономических реформ становится выработка и реализация инвестиционной политики государства, нацеленной на обеспечение высоких темпов экономического роста и повышение эффективности экономики. В сложившихся условиях для обеспечения структурных преобразований экономики на основе программы действий правительства по углублению реформ и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает привлечение иностранного капитала в экономику республики.

В заключение следует отметить, что рациональное использование инвестиций требует:

- 1) принятия протекционистских мер для оживления отечественного производства, что соответственно уменьшит импорт иностранных товаров;
- 2) разработки механизмов поощрения инвестирования в отечественное производство свободных средств отечественного бизнеса;
- 3) пересмотра системы налогообложения с тем, чтобы оно работало на создание условий для привлечения отечественного капитала в сферу производства, установив определенные льготы в налогообложении;
- 4) выработки механизмов сглаживания существующих резких диспропорций в ценах промышленной и сельскохозяйственной продукции, создания с помощью цен и других льгот возможности для оживления сельскохозяйственного производства;
- 5) обеспечения за счет роста производства отечественных товаров развития внутреннего рынка.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Казахстан 2030. Послание Президента страны народу Казахстана. А., 1997.
2. Инвестиционная деятельность в Республике Казахстан: Стат.сб./ Агентство Респ.Казахстан по статистике. -Алматы, 2001.
3. Нурсеитова Р. А.Механизм регулирования инвестиционного процесса в Казахстане:финансово-банковский аспект.Спец.08.00.1 0 Финансы,денежное обращение и кредит: Автореф.дис.на соиск.учен.степ.канд.экон.наукI Раушан Айткалиевна Нурсеитова. Алматы,2000. 5. Статистический ежегодник Казахстана за 1999 г. А., Панорама.2000. NQ9.

РЕЗЮМЕ

Регулирование привлечения иностранных инвестиций в экономику РК.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел инвесторларын тартуды реттеу.

УДК 336.714(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Оразалиев Б. -а/ш.ғ.к., доцент м.а., (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Дауылбаев К.Б.- э.ғ.к., доцент ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстанда және дүние жүзінің басқа елдеріндегі салаларды дамыту беталысын талдау негізінде, бәсекеге қабілетті салалар мен кластерлерді құру мақсатындағы инвестициялаудың басымды бағыттары анықталды, атап айтқанда: ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу (консервілік, жүнді және мақтаны қайта өңдеу өнеркәсібі мен басқа салаларды есептегенде агроөнеркәсіптік кешен); құрылыс материалдарының өндірісі (алғашқысынан бастап құрылыс материалдарының шығарылуы мен қаптауына дейінгі өндірісіне дейін); әйнек өнеркәсібі; химия және мұнай химия өнеркәсібі; металлургия; машина жасау; орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі; балық өнеркәсібі; инфрақұрылым (энергетика және көлік) /1/.

Қазіргі уақытта Қор қызметінің түйіні құрылымды құрайтын мәні бар және экономикалық кластерлерді жаңадан құру мен құрастырылғандарын толықтыруға жағдай жасайтын ірі және келешегі бар маңызды жобаларды кезеңмен қаржыландыруға ауыстырылды.

Инвестициялық декларация Қордың инвестициялық қызметінде негізгі құжат болып табылады. Қазақстанның инвестициялық қоры акционерлік қоғамының инвестициялық декларациясы «Қазақстанның инвестициялық қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және инвестициялаудың мақсатын, стратегиясын, бағыттарын, тәуекелдерді басқару саясатын, бағалы қағаздардың әр түрі бойынша бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру нормаларын және Қордың инвестициялық жобаларға қатысуын тоқтату шарттарын айқындайды /2/.

Қор жүзеге асыратын инвестициялаудың мақсаты жаңадан құрылатын және жұмыс істеп ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу жолымен экономиканың шикізаттық емес секторындағы бәсекеге қабілетті өндірістерді құру жөніндегі жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету болып табылады. Қор жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуге, қайта жаңартуға және техникалық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ тауарлар шығару және қызметтер көрсету жөніндегі перспективалы жаңа өндірістерді құруға бағытталған ақталатын және тиімді инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысады. Инвестициялық жоба - Қордың инвестицияларын көздейтін іс-шаралар кешені болып табылады.

Қордың инвестициялауға қатысуы үшін инвестициялық жоба мына бағыттарда бағытталу керек:

- 1) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келсе;
- 2) экономикалық және қаржылық параметрлері бойынша тартымды болып табылса;
- 3) ұйымдардың технологиялық әлеуетін ұлғайтуға, өнім өндірудің және қызметтер көрсетудің сапасы мен көлемінің өсуін арттыруға, шикізат пен материалдарды қайта өңдеуді тереңдетуге, жоғары технологиялық өнім шығаруға бағытталған жағдайда.

Инвестициялық жобаларды қарау мен іріктеу тәртібі Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. Қордың инвестицияларын ұйымның жарғылық капиталына жүзеге асыру үшін ірі акционер ретінде жобаны орындауды ұйымдастырудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін, жобаның техникалық-технологиялық жағын жүзеге асыру үшін жеткілікті тәжірибесі бар стратегиялық инвестор қатысады. Стратегиялық инвестор ретінде бір инвестор да, сол сияқты инвесторлар тобы да қатысу мүмкіндігі бар. Негізінен, инвестициялық жобаны іске асыруда саласына салым салу тәжірибесі бар институционалды инвесторлардың қатысуы орынды болып табылады.

Қор бәсекеге қабілетті салалар мен кластерлерді қалыптастыратын өзара байланысты кәсіпорындардың; экспорттық бағыттылығы басым қосылған құны жоғары өнімдер өндірісіне және халықаралық еңбек бөлінісінде қазақстандық ұйымдардың қатысуын ұлғайтуға бағытталған инвестициялық жобаларға бағдарланады. Қордың қаражаты салынған акциялар құнының өсімі мен ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесі Қордың табыс табуының негізгі нысаны болып табылады. Дивиденд нысанындағы ағымдық кірістердің өсуін Қор өз қызметінің басымдығы ретінде қарастырмайды.

Қор уақытша бос ақшаны ішкі және сыртқы рыноктардағы мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қоса алғанда, Қордың осы инвестициялық декларациясы айқындайтын шекте және тәртіппен өтімді активтерге орналастыруды жүзеге асырады. Қор уақытша бос ақшаны дербес не сенімді басқарушы арқылы басқаруға құқылы болып табылады.

Қор Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатына сәйкес экономиканың шикізаттық емес секторындағы отандық және шетелдік ұйымдар арасындағы өзара тиімді өндірістік кооперацияны дамыту үшін шетелде инвестициялауды жүзеге асырады /3/.

Шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Қор өздігінен немесе қазақстандық инвестормен бірлесіп, инвестиция жүзеге асырылатын елдің заңнамасына сәйкес олар қабылдаған шешімді және тосқауыл болатын акциялар пакетін айқындауға мүмкіндік беретін шетелдік заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесті сатып алады. Қор ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін инвестицияларды салалық және аумақтық әртараптандыру негізінде инвестициялық тәуекелдерді басқарудың ұтымды саясатын жүргізеді. Қордың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саясатының өзекті мәселелерін ашатын құжатты бекітеді.

Қор өзінің инвестициялық қызметінде инвестициялық жобаларды дамытуға (қаржыландыруға) мынадай кезеңдік әдісті ұстанады:

- 1) инвестициялық жобалар бойынша ақпараттарды алдын ала талдау, жинау және өңдеу;
- 2) техникалық-экономикалық негіздемені (бизнес-жоспарды) дайындау;
- 3) жоспарлы-болжамдық құжаттаманы әзірлеу;
- 4) маркетингтік, инжинирингтік және өзге де зерттеулер жүргізу;
- 5) жарғылық капиталға қатысу;
- 6) инвестицияларға бақылауды ұйымдастыру және жоспарлы кірістілік деңгейін қамтамасыз ете отырып, Қордың жобаға қатысуын тоқтату.

Ұйымның жарғылық капиталына Қордың бақылаусыз қатысуы 49 пайыздан аспауы тиіс. Бұл ретте ұйымның жарғылық капиталына Қордың 700 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде қатысуы туралы шешімді Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды. Қор басқармасы ұйымның жарғылық капиталына 700 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде қатысуы туралы шешім қабылдауға құқылы. Қор

ұйымдардың жарғылық капиталдарына өзінің қатысу үлесін 49 пайыз шегінде ұтымды етуге құқылы, бұл үшін Қор басқа акционерлермен жасалған келісімдердің және инвестициялық жобаларды іске асырудың шарттары негізінде ұйымның акцияларын портфельді инвесторларға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да сатып алушыларға сатуға құқылы.

Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар ірі инвестициялық жобалар үшін жобаның бастапқы кезеңін қаржыландыру үшін жоба бастамашысының қаражаты жеткіліксіз болған кезде техникалық экономикалық негіздемені (ТЭН) әзірлеу.

Қордың ТЭН-ді әзірлеуге байланысты шығыстары инвестициялық жоба бойынша шығындарға күрделендіруге жатады және орналастырылатын акцияларға ақы төлеу және жаңадан құрылатын және жұмыс істеп тұрған ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестер ретінде ескеріледі.

Ұйымдардың акцияларына Қордың ақы төлеу мерзімдері мен мөлшері ұйымдардың жасалған келісім-шарттар (жеткізілімдер, мердігерлік және басқалары) жөніндегі төлемдер кестелерін ескере отырып, ұйымдармен жасалған Инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру туралы шарттарға сәйкес айқындалады.

Қор ол жарғылық капиталына қатысатын ұйымдарды басқарудың мониторингін, сондай-ақ электрондық түрде ұсынылатын есеп беру негізінде жүйелі және жоспарлы байқау арқылы инвестициялық жобалардың мониторингін жүзеге асырады. Мониторинг мыналарды қамтиды:

- инвестициялық жобаны іске асыру және инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану туралы ақпаратты жинау және жүйелі таңдау;
- ұйымдардың қаржы-экономикалық және өндірістік-техникалық жай-күйін және олардың қызметінің саланы, өңірді және республиканы тұтастай дамытуға әсерін талдау;
- ұйымдардың басқару сапасын бағалау және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу /4/.

Қор ұйымдардың ашықтығын қолдауға ықпал етеді және олардың қызметінің аудитіне қатысады. Инвестициялардың салалық және аумақтық құрылымдары ұйымдардың бағалы қағаздар портфельін әртараптандыру нормаларының негізінде инвестициялық портфельдің сапасына қойылатын мынадай талаптарды ескере отырып айқындалады:

— Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына инвестициялар үлесі Қордың меншікті капиталының кемінде 70 пайызын құрауы тиіс;

— ЭҚЖЖ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші) номенклатурасы бойынша салалардың біріне инвестициялардың үлесі Қордың меншікті капиталының 25 пайызынан аспауы тиіс;

— Қорды 50 млрд. теңгеге дейін күрделендіру кезінде бір ұйымға және онымен тіркелген құрылымға инвестициялар үлесі меншікті капиталдың 20 пайызынан, 100 млрд. теңгеге дейін меншікті капиталдың 15 пайызынан аспауы тиіс.

Ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акциялар мен қатысу үлестері құнының жоспарланатын өсімін қамтамасыз ету шамасына қарай Қор оларды басқа ұйымдарға сатудан алынған капиталды кейіннен қайта инвестициялау үшін ұйымдардың акционерлеріне де, сол сияқты бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногына да оның иелігіндегі акциялар мен қатысу үлестерін сатуды жүзеге асыратын болады. Қордың инвестициялық жобаға қатысуын тоқтату шарттары әрбір жекелеген жағдайда ұйымдармен жасалатын

Инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру туралы шарттармен айқындалады /26/. Ал, Қордың инвестициялық жобаға қатысу мерзімі жобаның бизнес жоспарына сәйкес айқындалады. Қор акционерлерді және инвестициялық жобалардың өзге де мүдделі қатысушыларын Қорға тиесілі акцияларды сату ниеті туралы алдын ала хабардар етеді. Қорға тиесілі қаржы құралдарын сатудың мерзімдері мен тәртібін Директорлар кеңесінің шешімі айқындайды.

«Қазақстанның Инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының 2006-2008 жж. арналған дамуының негізгі бағыттары:

— ҚИҚ-ң 2006-2008 жж. арналған инвестициялық бағдарламасы ҚИҚ-ты кейіннен капитализациялауды қарастырады және түрлі масштабтағы отандық және шетел инвестициялық ресурстарының 40-50-ден кем емес тартымды жобаларын тартуымен оның қызметін шоғырландыру, Қазақстанда, сонымен бірге шетелде бәсекеге қабілетті ірі және тиімді өндірістерді құруға ерекше көңіл аударады;

— 2006-2008 жж. ҚИҚ 2004-2005 жж. бастаған мына салалардағы жобаларды, қара және түсті металлургия, негізгі химия, микробиология, фармацевтика, медициналық өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен көліктік машина құрылысы, қабырғалық және керамикалық материалдар, цемент, әйнек өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп және тағы басқаларды іске асыруды жалғастырады.

— ҚИҚ-ң 2006-2008 жж. арналған инвестициялық (инновациялық) саясаты мынадай үш бағыттармен анықталатын болады:

1) 2004-2005 жж. қаржыландыруға қабылданған жобаларға сай еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары үшін сенімді төлеу ағынын қолдау қажеттілігімен. Мұндай жағдайда акцияларды төлеу инвестициялық жобалар бойынша бекітілген сметалар шеңберінде шығын төлеуінің қажеттілігі туындаған шараларда ғана жүргізілетін болады;

2) Жаңа ірі жобаларды қаржыландыруға дайындығымен. Аса ірі, қиын жобалар бойынша қаржыландыру жоба алдындағы құжаттамаларды әзірлеуге қатысу жолымен жүргізілетін болады. Осылай кейінгі жылдары жобаларды дамыту үшін дайындама құрылады;

3) Кәсіпорынның жарғылық капиталында ҚИҚ-ң қатысуын ұйымдастыруымен. 2008 жж. ҚИҚ жылсайын 20-дан кем емес жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл жобалар жаңа өндірісті құрумен, немесе мына салаларда жұмыс істеп тұрғандарды кеңейтуге байланысты: құрылыс материалдары өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешенде, химиялық, жеңіл, металлургиялық өнеркәсіпте, машина жасау және басқа салаларда. ҚИҚ 2008 ж. арналған қажетті инвестициялау бағдарламасы бойынша жобаларға қатысу үшін 850 млн. аса АҚШ доллары қажет. Жоғарыда аталған есептеулер инвестициялық нарықта қазіргі кездегі жағдайлардың сақталуымен және тұрақты валютаны сатып алу қабілеттілігімен жүргізілген.

ӘДЕБЕТТЕР

1. Крутик А.Б., Никольская Е.Г. Инвестиции и экономический рост предпринимательства. // Серия «Учебники для ВУЗов. Спец.литература» // СПб: Лань, 2000, 544с.
2. Борисов Е.С. Хрестоматия по экономической теории. Москва, изд. «Юрист», 2002 г. 536 с.
3. Масленников И.Б. Институционализм инвестиционной привлекательности // ЭКО, №8, 2005. С. 18
4. Массе П. Критерии и методы оптимального определения капиталовложений. Москва, 1971г. С. 27

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорларын дамыту жолдарының негізгі принциптері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Основные принципы развития инвестиционных фондов РК.

УДК 336.714(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Оразалиев Б.М.- а/ш.ғ.к., доцент. (Алматы қ., Қазмемқизи)

К.Б.Дауылбаев.- э.ғ.к., доцент (ал-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Инвесторлар қызметінің активті болуы елдегі «Оңтайлы инвестициялық климатқа» байланысты. Бастапқыда инвестициялық климат әр түрлі елдегі экономикалық жағдайына, даму деңгейіне, және экономикалық саясатына байланысты ерекшеленді. Уақыт өте, инвестициялық климат әлемдік экономиканың ғаламдануында халықаралық өндіріс сферасының өсуіне негізделі, ХХ-ғасырдың соңғы тоқсанында ұлттық инвестициялық режимнің тегістелуінің тұрақты тенденциясында көрінді.

Қазақстан Республикасы Президентінің үкімі бойынша (30.06.1998 ж.) Қазақстанда алғаш шетел инвесторларының одағы құрылды және «Қазақстанда қызмет етуші шетел инвесторларының этикасы Кодексінің Декларациясы» (8.12.2000 ж.) қабылданды. Ел президентінің «Қазақстан-2030» жолдауында шетел инвестициясын тартудағы негізгі стимул болып табылатын ашық және либералды инвестициялық саясаттың нақты, тиімді және қабылданған заңдардың қатаң сақталуы мен әкімшілік орындалуына байланысты туралы айтылды. Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тарту мәселелері әрдайым экономикалық және саяси көзқарастардағы негізгі мақсат болып табылады. Негізгі себеп болып соңғы он жылдықтағы тікелей шетел инвестициялары мөлшерінің кең көлемде өсуі болып табылады. Инвестиция мөлшерінің кең ауқымды өсуі Қазақстандағы үкімет басшылығының ұстанған отандық экономикалық саясатының нәтижесі болып табылады. Шетел инвесторларына құқықтық және экономикалық талаптар құру ел экономикасының жандануына мүмкіндік берді.

Құқықтық көзқарас бойынша шетел инвестициясын тарту шеңберіндегі заңның бірнеше даму этаптары бар. Бірінші этап (1990-1994 жж.) КазССР-дің 7.12.1999 жылғы алғашқы «Қазақ ССР-нің шетел инвестициясы туралы» заңының қабылдауынан басталады. Екінші этап (1994-1997 жж.) Қазақстан Республикасының 28.02.1997 жылғы қабылданған «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңымен аяқталады. Үшінші этап (1997-2002 жж.) шетел инвестициялар туралы заңдардың дамуы мен толықтыруларына негізделеді. Төртінші этап (2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін) инвестиция шеңберіндегі соңғы қабылданған нормативтік актіден басталады /28/.

Эксперттердың бағалауы бойынша Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициясы туралы» заңы ТМД елдеріндегі ең маңыздысы болып табылады. Бұған себеп, заң құрылымындағы шетел инвестицияларына берілетін кепіл болып табылады:

– заң өзгерістерінен кепіл; мемлекет органдары мен міндетті тұлғалардың заңсыз қызметінен кепіл;

– шетел инвесторларының шығындарына компенсация;

– табыстарды пайдалану кепілі;

– өздерінің валюта құралдарын пайдалану кепілі;

– шетел инвесторлар қызметіндегі нақтылық;

– мемлекеттік тексерудегі кепіл.

Сонымен қатар, Қазақстан инвесторлармен туындайтын халықаралық арбитражды органдарда шешу мүмкіндігін қарастырған: ИКСИД (Инвестициялық дауларды реттеу орталығы); ЮНСИТРАЛ (БҰҰ-ның арбитражды органдары); Стокгольм қаласының сауда палатасының арбитражды институты /27/.

Енді Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тарту қажеттілігі мен негізгі талаптарын анықтайық.

Бірінші қажеттілік Қазақстанның инвестициялық потенциалының шектеулігіне, ішкі ресурстардың төмен деңгейіне, жеке сектор және екінші деңгейлі банктердің капиталдарының қорлануын қамтамасыз ету және инвестиция деңгейін қолдауға негізделеді, бұл 1992-1999 жылдарда аса көрінді.

Екінші қажеттілік Қазақстан кәсіпорындарының мемлекеттік бюджет алдында міндеттерінің орындалуы мен қарыздарының бар болуымен түсіндіріледі. Сондықтан үкімет бюджет алдында қарыздарды өтеу мақсатында кәсіпорынның негізгі акция үлесін шетел инвесторларына портфельді инвестиция түрінде сатты, ол шетел инвесторларының Қазақстан меншіктеріне иелік ететін бағалы қағаздарды сатып алу жолымен жүзеге асырылды.

Үшінші қажеттілік прогрессивті технологияларды енгізу мен айналыс құралдарын толықтыруға байланысты. Бұл кәсіпорынды шетел инвесторының басқаруына бергенде ғана орындалады. Осы тұрғыда ұйымдық-құқықтық форма бірлескен кәсіпорын немесе толығымен шетел инвесторының меншігіндегі кәсіпорын құруға негізделді.


Төртінші қажеттілік шетел инвесторларының қатысуымен бәсекелестік ортаны құру және оны қамтамасыз ету, сонымен қатар ссудалық капиталдың әлемдік нарыққа оңай қол жеткізуін қамтамасыз етумен байланысты. Бұл тұрғыда, шетел инвесторларына өздерінің шаруашылық немесе өндірістік қызметімен айналысуына және ұзақ мерзімді жалға беру талаптарына сәйкес, инвестиция тарту жалға немесе концессия түрінде жүргізіледі. Құқықтық базасы болып Қазақстан Республикасын «Концессия туралы» заңы табылады.

Бесінші қажеттілік осы мерзімдегі операциялардың есебі бойынша төлем балансының теріс сальдосының үлкен масштабының ұзақ мерзімді сақталуымен байланысты. Бұған байланысты осы мерзімдегі есептегі жетіспеушілікті толтыратын негізгі альтернативті көзі болып табылатын шетел инвестициясының қозғалысын көрсететін капитал және қаржымен байланысты операцияларды айтуға болады.

Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы үшін шетел капиталы, әсіресе тікелей шетел инвестициялары маңызды роль ойнады. Қазақстан Республикасының статистика Агентігінің көрсеткіші бойынша тәуелсіздік алғанға дейінгі жылдары Қазақстандағы тікелей шетел инвестиция көлемі Орталық Азиядағы тікелей инвестиция салымының жалпы көлемінің 80 пайызын және кеңес үкіметі мемлекеттерінде 7,1 пайызды құраған. 1993 жылдан бастап Қазақстан экономикасына тартылған шетел инвестициясының жалпы көлемі 28,4 млрд. АҚШ долларына жетті.

Қазақстан Республикасының статистика Агентігінің көрсеткіші бойынша соңғы бес жылдағы негізгі капиталдағы инвестицияның жылдық көрсеткіші орта жылдық есеп бойынша 28,4 пайызды құрайды. Соңғы 4 жылда ЖҰӨ-ді 1 пайызға өсіру үшін, негізгі капиталдың инвестиция өсімі 3,7 пайызға өсу керек болатын.

Негізгі капиталдағы қаржыландыру көзі бойынша инвестицияның жылдық көрсеткіші



Қазақстан бұрынғы Кеңес елдерінің арасында Ресейден кейінгі екінші халықаралық несие рейтингі атағы берілген мемлекет болып табылады. Бұл әрине, Қазақстанның ұлттық нарығына шетел инвестициясының келуіне байланысты. Қазақстан экономикасында өндіріс көлемін арттыруда инвестиция жалғыз маңызды фактор болып қала береді. Шикізат секторы мен өндірісті тиімді пайдалануға негізделген экономиканың дамуы және бәсекеге қабілеттілігі инвестициялық процесс арқылы анықталады. Ұлттық өндірісте интеллектуалды еңбек және жаңа жұмыс күшін қамтамасыз ететін инвестиция экономикалық өсудің тұрақтылығын сақтауда елеулі роль атқарады. Қазіргі кезде елдің ұлттық құрылымында шетел инвестициясының мұнай-газ салаларына жиі салынатынын көруге болады. Қазақстанға келетін инвестицияның қайнар көзі болып Нидерланды, АҚШ және Франция елдері болып табылады.

2005 жылы тікелей шетел инвестициясының жалпы көлемі 2004 жылмен (8,3 млрд. доллар) салыстырғанда 6,4 млрд. долларға төмендеді. 2005 жылғы инвестиция көлемінің қысқаруы 2004 жылдағы көрсеткіштің жоғары болуымен байланысты, ал ол өз кезегінде шетел инвесторларының ірі мұнай саласына маңызды Солтүстік Каспий жобасының үлесін сатып алуына байланысты болатын. Сонымен қатар, шетел инвесторлары кәсіпорындарының экспорттық табысының өсуі шетел инвесторларының алдында қарыздық міндеттемелерді қайтару көлемінде өсіреді. Қазақстан кәсіпорындарының тікелей шетел инвестициясы бойынша қарыздық міндеттемелерді қайтару 2003 жылы 2,3 млрд. доллардан 2005 жылы 4,4 млрд. долларға дейін өсті.

Портфельді инвестиция балансының теріс сальдосын сақтау қарыздық бағалы қарыздармен байланысты. Бұндай жағдай мұнай қорының, жинақтаушы зейнетақы қоры және екінші денгейлі банктердің активтерінің өсуіне байланысты, портфельді резидент инвестицияның шетелдерге шығу жағдайын айтады, ол 2005 жылы 5,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2004 жылмен салыстырғанда 4,7 есе көп.

Геология комитеті мен Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің көрсеткіші бойынша минералды шикізат кешенінде инвестиция көлемі 2005 жылы 12646,9 млн. АҚШ долларын құрады,

соның ішінде: іздеуге – 2188,3 млн. АҚШ доллары (жалпы инвестиция көлемінің 17 пайызы), өндеуге – 10458,6 млн. АҚШ доллары (жалпы инвестиция көлемінің 83 пайызы). Өндеуге кеткен инвестицияның көп бөлігі- 76 пайызы көмірқышқыл шикізатын объектілерін (7954,1 млн АҚШ доллары) пайдалануға бағытталды.

Қазіргі заңнама бойынша қаржыландырудың жалпы көлеміндегі шетел инвестициясының үлесі азайып, керісінше трансұлттық және ұлттық компаниялардың инвестициясының ролі артуда. Қазақстан әлі де шетел инвестициясын қажет етеді, сондықтан оларды тартуда әлі де қызығушылық бар.

Шетел капиталының келуіне шетел инвестициясын қорғау механизмінің жоқтығы мен коррупция негізгі кедергі болып табылады. Осыған байланысты инвестициялық климатты жақсарту мақсатында көптеген шаралар қарастырылады:

- инвестициялық заңнаманы дамыту;
- салықтық жеңілдіктер;
- банктік жүйені қайта құру;
- әкімшілік кедергілерді қысқарту.

Соңғы екі жыл ішінде бұл шаралардың өсу темпі ЕврАзЭС бойынша 12 пайызға тең болды, ең жоғарғы көрсеткіш, әсіресе, Қазақстан мен Беларусь мемлекеттерінде болды. Инвесторлардың қалайтын негізгі салалары болып өндірілетін өндіріс, көлік және байланыс салалары қала береді.

Экономиканың инновациялық дамуының деңгейі, ең алдымен трансұлттық компаниялар, ғылыми-техникалық ұйымдар, технологиялық альянстар қызметінің түрі мен саны арқылы анықталады. Бірақ Қазақстанда арнайы инновациялық жүйенің негізгі звенолары болып табылатын ғылыми зерттеу ұйымдары мен шағын инновациялық кәсіпорындарының және инфрақұрылымның арасында тұрақты байланыс жоқ.

Инвестициялық климатқа шетел фирмаларының заңнамаға сәйкес қызметін тікелей шектеу ғана емес, сонымен қатар тараптардың қабылдаған заңнамаларының нақты емес және тұрақсыз болуы кері әсерін тигізеді, өйткені тұрақсыздық инвестор мүмкіндігін болжауға кедергі болады, әрине ол салым рентабельділігінің төмендеуіне әкеледі.

Қазақстан Үкіметінің және «Қазына» қорының саясатындағы негізгі мақсат Қазақстан инвестициясын шет елдерге шығару. Бұл барлық ТМД ел нарықтарына, және Азия, Еуропа, Америкаға қатысты. Егер Қазақстанның коммерциялық банктері мен инвестициялық компаниялары Қырғызстан, Украина, Грузия және Ресей нарықтарын шығатын болса, онда «Қазына» қоры сыртқы нарықтағы Қазақстан компанияларына шынайы қолдау көрсету қажет. «Қазына» қорының құрамындағы ЖШС «Казинвест» әлемдік нарықта экономика секторлары мен жеке компаниялар туралы ақпараттарды жинау және өндеумен айналысып, кейін оларды шетелдерде жұмыс жасайтын Қазақстандық кәсіпорындарға тапсырумен айналысады.

ТМД елдерінде 1999 жылдағы жүйелі кризистің салдарынан инвестициялық қызметтің масштабы әлі толық қалыптасқан жоқ. ТМД елдеріндегі жалпы инвестиция көлемі орта есеппен 2004 жылы 1991 жылғы деңгейінен 50 пайызға ғана жоғары болды, ал ЖҰӨ- 89 пайыз, Беларуссияда сәйкесінше 74 және 117 пайыз, Қазақстанда 62 және 116 пайыз, Қырғызстанда 52 және 87 пайыз, Молдавада 15 және 55 пайызға, ал Ресейде 43 және 90 пайыз тең болды.

Қазақстан шетел инвесторлары үшін үлкен қызығушылық тудыруда. Соңғы он жыл ішінде Қазақстан экономикасындағы неміс инвестициясы 500 млн. АҚШ долларын құрады. Германияның инвестициялық белсенділігі әлі де артады,

өйткені индустриалды даму машина жасау және шикізаттық емес секторларда жұмыс жасайтын фирмаларға үлкен мүмкіндік беруде. Қазақстандағы индустриалды-инновациялық процестердің дамуы Германия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымын арттырады, өйткені қазіргі жаңа технологияларсыз кластерлердің дамуы мүмкін емес. Қазақстан нарығының инвестицияның тартымдылығы табиғи ресурстарға қол жеткізуді, нарықтың кеңдігін, оның стратегиялық орналасуын, ішкі саяси тұрақтылық және сәйкес заңдық базаның болуын қамтамасыз етеді.

Қазір Қазақстан бәсекеге қабілеттілік потенциалын жинақтаудың алғашқы кезеңінде. Кластерлердің дамуы қазіргі инфрақұрылымды, жоғары квалификациялы және білімді персонал, ғылыми потенциал, инновацияны қажет етеді, және де осы факторлардың әрдайым даму үстінде болуын қажет етеді. Әрине бұл кластерлерден бас тарту дегенді білдірмейді. Қазір елде кластерлердің мүмкін «нүктелері» анықталуда, мысалы Оңтүстік Қазақстанда мақта кластері және Алматыдағы Алатау ауылында ақпараттық технологиялар паркі құрылуда.

Қазір Қазақстанның инвестициялық қоры жалпы сомасы 900 млрд. теңгеге тең портфельді инвестициялық сұранымдарға(арыз) ие. Олардың 120 жоба бойынша түскен 330 арыз 450 млрд. теңгеге бағаланады. Қазақстан Республикасы индустрия және өндіріс Министрлігінің мәліметтері бойынша институттардың жарғылық капиталы 2005 жылдың 1 қазанында 141,3 млрд. теңгені құрады. Қаржылық даму институттарының инвестициялық жобаларының жинағы (Қазақстан даму банкінің экспорттық операцияларын, венчурлық қор және Ұлттық инвестициялық қорының технопарктерін қоспағанда) 2,5 млрд АҚШ долларына бағаланған 116 қабылданған инвестициялық жобалардан тұрады. Қазіргі кезде даму институттарымен 1220,1 млн. АҚШ долларына бағаланатын 75 жоба қаржыландырылуда. Бұл жобалардың көбісі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті салалар мен жеті алғашқы пилоттық кластерлерді анықтауға бағытталады. Үкіметпен аталмыш кластерлердің даму жоспары былай анықталуда:

- 1) берілген кластердің дамуын анықтайтын заңнама;
- 2) инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру және кадрларды дайындау;
- 3) кластерлер ішінде белсенділігі жоғары нақты жобаларды қарастыру.

Мемлекет инвестициялық қызметте өзінің арнайы саясатын жүргізеді. Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды тартудағы мемлекеттің инвестициялық саясаты келесідей қағидалардың орындалуына негізделу керек:

- 1) экономикалық қауіпсіздік;
- 2) мемлекеттің инвестициялық мақсаттарын іске асыру;
- 3) шетел капиталын пайдалану бағыттарының кезеңдігі мен басымдықтары;
- 4) инвестицияны пайдаланудың жобалық әдіс қағидасы;
- 5) ішкі жинақ нормасының шетел инвестициялары құнынан асып түсуі;
- 6) халықаралық қаржыландыру;
- 7) инвестициялық жобаларды таңдау конкурс жүзінде болу қағидасы;
- 8) инвестициялық климатты арттыру қағидасы;
- 9) басым салаларға шетел капиталының қол жеткізуінің шектеулігі;
- 10) шетел және ұлттық инвесторлардың талаптардың тең құқықтылығы.

Қазіргі кезде инвестицияның басым бағыттары болып мыналар есептеледі: жанармай-энергетикалық кешен; ауыл шаруашылық кешен; көлік, телекоммуникация және әлеуметтік инфрақұрылым.

Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығына сәйкес шетел инвестицияларын мемлекеттік реттеудің келесідей негізгі басымдықтарын көрсетуге болады:

- өндірістік құрылым – темір жол, көлік, әуе жолдары, теңіз және өзен порттары, телекоммуникациялық жүйе;
- өңдеу өндірісі – жоғары сапалы киім, аяқ киім, кожалық бұйымдар шығару, жоғары сапалы жиһаз өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өндірісі, көлік түрлерінің барлық түрін өндіру, электроника өндірісі және т.б.;
- Астана қаласының объектілері;
- жоғарғы деңгейлі астық шаруашылығы, аңдар мен құстардың жоғары өнімді түрлерін құру, жоғары сапалы экологиялық таза тамақ өндірісі;
- әлеуметтік деңгейдегі тұрғынүй объектілері және туризм – коммерциялық тұрғынүй, денсаулық сақтау және білім объектілері, жалпы спорттық объектілер, демалыс, мәдениет және туризм орталықтары.

Сонымен, Қазақстан өзінің инвестициялық даму үстінде. Нарықтық талаптарға сай ұлттық экономиканы қаржыландыру үшін инвестициялық қор, лизингтік және сақтандыру компаниялары, әр түрлі биржалар және т.б. пайдаланушы инструменттер арқылы өз шеңберін кеңейту керек. Ал мұның бәрі инвестициялық климаттың тартымдылығын арттыруға, инвестициялық бөлу процедурасын жақсартуға және инвестициялық объектілерді таңдауға жол ашады.

ӘДЕБЕТТЕР

1. Никифорова В.Д. Денежно-кредитное регулирование инвестиций. Санкт-Петербург, Изд-во СПбУЭФ, 1993. С.6
2. Завлин П.Н., Васильев А.В., Кноль А.И. Оценка экономической эффективности проектов (современные подходы). Санкт-Петербург, Наука, 1995. С.30
3. Закон Республики Казахстан «Об иностранных инвестициях» от 27 декабря 1994г.
4. Закон РК от 8 января 2003 г. №373-11 «Об инвестициях».
5. Оспанов М.Т., Мухамбетов Т.К. Иностранный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования // Алматы, 1997.
6. Бочаров В.В. Финансово-кредитные методы регулирования рынка инвестиций. Москва, Финансы и статистика, 1993. С.7
7. Нурланова Н.К. Формирование и использование инвестиций в экономике Казахстана: стратегии и механизм. Алматы, Гылым, 1998, 192 с.
8. Кульман А. Экономические механизмы: Пер. с фр. // общ. Ред. Н. И. Хрустальной. Москва, А/О Издательская группа "Прогресс", "Универс", 1993. С.56
9. Столяров И.И. Государственное регулирование рыночной экономики. Отв.ред., Москва, 2001. С. 125.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының инвестициялық климатын дамыту жолдары қарастылыған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути развития инвестиционного климата РК.